В современном научном познании происходит переосмысление роли истории Центральной Азии как науки и ее методологических основ. Важным является обратить внимание на новые идеи, подходы, парадигмы в рамках дальнейшего развития мировой и национальной истории в XXI веке. В последние десятилетия актуализируется проблема возрождения и интереса к национальным историям, в том числе к истории Казахстана. Ее непростая судьба в предыдущем столетии в условиях политизированности и диктата советской идеологии способствовала кризису методов и способов изучения истории, однобокости оценивания и продвижения исторических фактов и событий, а также возможности использования альтернативных взглядов на развитие исторического процесса с позиций опыта и достижений, методов познания как мировой так и национальной исторической практики. Сегодня в нашей истории не в полной мере используются концепты междисциплинарного, цивилизационного подходов, не достаточно изучены вопросы роли индивидуального и массового мышления, ментальности, антропоцентризма, гуманизма.

Огромный потенциал родной истории открывается лишь в условиях государственного суверенитета Казахстана, когда происходит качественное переосмысление ее потенциала, отказ от периферийности, открываются для исследования «белые и темные пятна» в исторической науке, расширяются границы включения ее в мировую, глобальную историю. На современном этапе приходит понимание того, что ни одна страна и народ не могут существовать и развиваться без уважения и знания своего прошлого так и истории стран других народов [1, с.1179]. Сегодня актуализируется проблема использвания идей, взглядов на национальную историю ученых мировой исторической мысли в рамках дискурса, критического анализа событий и процессов.

Представления о сущности истории должны расширяться. Традиционно, с древнегреческих времен история воспринималась как рассказывание или повествование о прошлом. Так на протяжении развития глобального мира, человечество с древнейших времен было погружено в историческую социальную реальность, которая отражалась в событиях и

фактах, представлявшие жизненные ситуации в определенные исторические периоды развития различных цивилизаций. Но в тоже время история связана с добыванием, расспрашиванием, установлением и исследованием знаний, которые превращались в рассказы о случаях и событиях, они были вымышленными или достоверными.

На современном этапе в исторической науке восприятие категории времени меняется, а временные рамки истории расширяются. Прошлые исторические факты как опыт человеческой жизнедеятельности несут в себе огромный потенциал влияния на настоящее и будущее время. Человечество всегда желает заглянуть в перспективу. Поэтому история в XXI веке представляет науку, которая включает три времени – прошлое, настоящее и будущее, так называемый исторический опыт, на котором человечество должно учиться и историческую перспективу как умение прогнозировать дальнейшее развитие народов, обществ, государств и цивилизаций. Интерес вызывает рассмотрение национальной истории не только с позиции социального опыта прошлого, а как процесс конструирования социальной реальности в котором играют роль личности, люди, события, жизненные ситуации в условиях других временных рамок.

В этом смысле вызывают интерес идеи французского историка XX Люсьена Февра, который произвел качественный переворот в методологии изучения истории и создании «новой исторической науки», отраженные в книге «Бои за историю». Символично введение автором термина «битвы за историю» как стремление кардинального пересмотра историками ценностей к критическому восприятию исторической науки [2, с.121]. Он также вместе с Марком Блоком основал знаменитый журнал «Анналы экономической и социальной истории», заложив основы будущей школы «Анналов». Его идеи и восприятие истории отражены в таких трудах как «Судьба Мартина Лютера», «Проблема неверия в XVI: религия Рабле» и другие.

Французский историк по существу дал уроки истории, позволяющие возродить интерес к ней, потому что современное состояние мировой и отечественной истории, которое можно выразить словами формулой древнегреческой мудрости «Познай самого себя» в рамках исторической перспективы понимания сущности взаимосвязи времен прошлого, настоящего и будущего определяет те гражданские чувства, которые мы испытываем в поисках ответа на вопросы: «Кто я?» и «Где мои истоки?».

Он называл историю «аристократкой по рождению» так как впервые поднимал вопрос об объекте изучения истории, выявляя дихотомию исторического исследования, которая была направлена на изучение жизни знаменитых людей, но не «безымянных, человеческих масс», обреченных выполнять черную работу в истории. Его идея роли антропоцентризма представляло определенный качественный переворот о предназначении человека в истории или «науки о человеке» как стремление оживить и очеловечить историю. Сегодня антропоцентризм в истории Казахстана актуален, он позволяет понять исторические события и сюжеты с позиции такого явления как миссия человека и людей как созидателей человеческой жизни, а также ценностей человеческой жизни. История отличается от других гуманитарных дисциплин тем, что в ней нет абстрактного, беспредметного, но есть человек и люди, создающие ее. Он отмечал, что «история как наука о человеке, о прошлом человечества, а не о вещах или явлениях» [3, с.19].

Автор книги считал, что история является историей людей, то и человек как творение, которое обладает мыслями, чувствами, психикой должен быть в центре исследования ученого – историка. Поэтому человек в истории не пассивный участник событий, а его сознание и социальное поведение выступает важной частью жизнедеятельности социальных групп. Таким образом история является наукой о живых людях и коллективах. Умение историка заключается в том, чтобы понять людей, которые некогда были свидетелями

событий и объективно их объяснить. Именно люди выступают подлинными объектами истории, которые в процессе своей деятельности создают некий образ жизни «Modus vivendi». Л. Февр также ввел в историческую науку понимание человеческих текстов как отражение человеческой сущности со своей историей и эпохой. Он считал, необходимо найти подход и методы к источнику, чтобы он заговорил, раскрыл историку тайны минувших времен, где основным условием выступает исследовательская пытливость и умение задавать вопросы. Формула Февра в изучении исторических источников так и звучит: «Всегда в начале – пытливый дух» [3, с.521].

Именно он продвинул идею междисциплинарного подхода в истории, преодолевая преграды ее изолированности с другими научными направлениями, психологией, социологией, религией, лингвистикой, историей цивилизаций. История для Февра выступает чувствительным инструментарием глубинного понимания мироощущения человека и цивилизации. Поэтому он активно исследовал все стороны человеческой жизнедеятельности с позиции исторической психологии или исторической ментальности [4].

Огромное внимание Л. Февр уделял роли историка, поднимая вопрос: «В чем заключается смысл исторического ремесла?». На первой странице книги «Проблема неверия в XVI веке: религия Рабле» ученый отмечал, что «историк не тот, кто знает. Историк тот, кто ищет» [3, с.507]. Он критически относился к пониманию роли личностей в истории, предостерегая нас от анахронизма, где исторические события и люди рассматриваются в рамках искаженного, статичного восприятия исторического времени. Ученый писал, что судить об эпохе невозможно только на основе деяний и высказываний известных исторических персонажей. Историк должен подвергнуть глубинному критическому анализу навыки сознания и образы мироощущения, чтобы достичь глубины понимания изучаемого исторического времени, которое определяется социальным поведением людей, а значит «подслушать» то, о чем эти люди «проговаривались» независимо от своей воли, «заставить заговорить немые вещи, для того чтобы они рассказали своих создателях то, чего сами они о себе не рассказывали» [3, с.509]. Следовательно, поведение и мышление людей заключаются в образе жизни эпохи.

В своей книге «Бои за историю» Л. Февр рассматривал также категорию «цивилизация» в историческом познании, которая вызывает интерес в рамках переоценки методологии изучения истории Казахстана. Доминирование формационного подхода в исторической науке прошлого века не позволяло объективно оценить те события и факты, которые в ней происходили, мы не можем судить об эпохе только на основе заявлений ее идеологов, разрабатывавших «ложное сознание» [3, с.509]. Сегодня цивилизационный подход применяется в методологии изучения исторической науки, позволяющий рассматривать национальную историю как уникальную, своеобразную систему социального, политического, экономического, культурного опыта народа со своей формой ментальности и восприятия окружающего мира. Февр воспринимал цивилизацию как общность всех сторон духовной и материальной жизни, но при этом, каждая цивилизация качественно отличается, обладая неповторимым своеобразием и своей неповторимой системой миросозерцания.

В процессе исторического изучения цивилизации. важно понять ее своеобразие и поведение людей, таким образом реконструировать присущий только им способ восприятия действительности и возможностями постижения себя и окружающего мира, который Л. Февр назвал понятием «outillage mental» (духовное оснащение) человека [3, с.510]. Духовная жизнь, психология людей в историческую эпоху влияют на то, как ощущается ими окружающий мир, при этом материальные явления, как отмечал автор, например, труд, богатство выступают «психологическими феноменами» как «факты верований и убеждений» [3, с.512]. Каждая цивилизация имеет психологический аппарат. Л.Февр огромное значение

уделял сущности понимания культуры как творческого процесса в развитии цивилизации. Он продвигал ее элитарное осмысление, где культура выступает субстанцией, способствующей эволюции цивилизации от низших форм к высшим.

Интерес вызывает и понятие «outillage mental» (ментальность) Л. Февра, представлявший историзм, распространенный на область эмоций и миросозерцания. Для каждой цивилизации характерна своя ментальность, которая представляет индивидуальное и коллективное сознание – матрицу со своей культурой, традицией, языком, образом жизни и религиозности. Историческая эпоха отставляет неизгладимый след на мировосприятие, поведение и формы психических реакций в коллективном сознании социальных групп и толп, а также в индивидуальном сознании великих людей. По существу, ученый расширил предмет исследования ментальности, обращая внимание на массовое сознание и чувства людей в прошлом, где рассматривались интересные идеи представлений о сакральном, об окружающем мире, фобиях, предрассудках и т.д. Поэтому важно понимать, что исследование сменяющихся картин мира как в мировой так и национальной истории надо изучать не только в рамках внешнего объекта, а прежде всего рассматривать предмет истории в роли чувствующегося и мыслящего субъекта, участника диалога между прошлым и настоящим [3, с.532].

В целом «новая историческая наука» Люсьена Февра включает основные достижения западной исторической мысли, которые позволяют переосмыслить методологию изучения истории Центральной Азии, применить интересные идеи и способы критического анализа исторических свидетельств цивилизаций, по-новому понять роль человека и массы, их ментальность в исторической перспективе, а также исследовать образ жизни исторических эпох с позиций междисциплинарного подхода.

Список использованной литературы и данных:

1. Хасенова Ж.О., Садыков Т.С. Проблемы изучения истории Казахстана в контексте мировой истории//Молодой ученый. - №11(91). – Июнь 2015. - С.1179.
2.Трубникова Н.В. Анри Берр и «Журнал синтеза», Люсьен Февр и «Движение Анналов». Сходства и различия двух программ обновления гуманитарных наук//Известия Томского политехнического университета. - 2008. - Т. 313. - № 6. - С. 121.
3. Февр Л. Бои за историю. М.:Наука, 1991. - 632 с.
4. Александров О.А. Л. Февр – историк ментальности//Проза.ру 2017. https://proza.ru/2017/08/30/1147

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Алпысбес М.А. т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Қазақстан тарихы кафедрасы

Елдің бүгінгі дамуы үшін шешуші роль атқарған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мазмұны «*көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін*» деп, қазақ қоғамының бүгінгі өмірі үшін маңызды әлеуметтік саладағы модернизация процестерінің тарамдары жайында аманат етілді [1]. Себебі Қазақстанның Жаңғыруы аясында өтіп жатқан саяси реформа мен экономикалық жаңғырумен қатар өзекті мәселе – ұлттық рухани жаңғыру, қоғамдық сананың жаңаруы деп анық айтылды. Рухани Жаңғыру институты мекемесі жабылып, мемлекеттің қаржыландыру тоқтатылса да, қазақ қоғамының рухани даму процестері үздіксіз жалғаса беретін болады. Рухани Жаңғыру бастапқы алғышарты болып табылатын 2004 жылы жүзеге асырылған

«Мәдени мұра» жобасы Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштері мен нысандары жаңғыртылды, ал 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасының жоспарымен әлемнің төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі зерттеп, жинап берілді. Сондай-ақ, «Архив - 2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ғылыми ізденіс жұмыстары жалғасын тауып, ауқымды, іргелі шаралар атқарды.

Мәні жоғары сол «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы «*Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі*» екені жайында өлкетанулық істер үшін қажет ұстаным, басты парадигма қайта қойылып, өлкетану ізденістері, оқыту және өлке тарихын насихаттау қайта өзекті етілді. Қазақ жерлерінің өлкелері жайында – Қазақстанның «қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтаныштың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік, біздің мәдени өзін өзі тану іргелі негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз» - деген бағыт берді.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбындағы мақаласында Президент Қ.К.Тоқаев «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр» деген қағида, ұсынымын айтты [2].

Мектеп бағдарламаларына енгізілген «Өлкетану» пәнінің жаңартылған мазмұндары жаңа міндеттерді атқарады. «Қазақстан тарихы» пәні осы елдің, жердің тарихи иесі қазақ халқы болған соң, «Қазақ тарихы деп аталуы тиіс» және оны толықтыруға кіріктірілген «Өлкетану» оқу курсы туған өлкенің жер-су атын, тарихын, мәдениетін оқуға ықпал етеді, оның мақсаты – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын тарихи, мәдени, және басқа да ықпал етер факторлар туралы білім қалыптастыру, туған жерге, елге, ұлтқа сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу болып табылады.

Өлкетану пәні оқыту мәселесін құқықтық негіздерін реттейтін «Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері» әдістік ұсынымында елдегі өлкетану бастаулары Махмұт Қашқаридің «Диуани Луғат ат-түрік» еңбектерінен, «Оғыз-нама» дастандарынан, «Қорқыт ата кітабынан», Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресінен», Асан Қайғының «Жерұйық» концепциясынан бастау алатыны жайлы айтылған [4].

Қазір жүзеге асырылып жатқан «Өлкетану» оқу курсы бойынша: 5-сыныпта – оқу жылында - 5; 6-сыныпта – оқу жылында - 7; 7-сыныпта – оқу жылында – 8, барлығы – 20 сағатты қамтиды. Бұл курстың материалдары 5-7-сыныптардағы «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» оқу пәндерінің аясында оқытыла бастады. Осы сағат көлемі аясындағы мазмұн тақырыптарын дайындаған Ы. Алтынсарин ұлттық білім Академиясының тарихшылары өзекті өлкетанулық мәселелердің бәрін қамтыған.

«Өлкетану» курсын қазақ тарихы сабақтарында қосымша оқытуда қойылатын оқу пәнінің міндеттері - алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету, ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру, туған өлкенің тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту, туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы

білімдерін кеңейту, туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу, оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруды көздейді.

«Оқулық» орталығында Қазақстанның облыстары бойынша «Өлкетану» оқулықтары сараптамадан өтіп, олардың мазмұнына қатысты ұсыныстар айтылып, орталықтың білікті ғалым мамандары мен мұғалімдері жасақталған сараптама тобы оқулық жобаларын «Қазақстан тарихы», «Музыка», «Қазақ әдебиеті», «География» пәндеріне кіріктіріп оқытуға арналған бөлімдерін жан-жақты талдаулар жасады. Пәнді кіріктіру мағынасы – мектеп оқушысына оқытудың басқа құралдары арқылы іргелес ғылымдардан қосымша ақпарат алуға көмектесу болды. Қазақстанның облыстары мен мегаполис-қалалары оқулық жобалары сараптамалардан соң айналымға түсті.

«Өлкетану» оқулықтарының жаңаша даярлануы үлкен еңбекті қажет етті, құрастырушылар мен авторлық ұжымдарға оқулық жобасы мәтіндері бойынша кемшіліктері туралы ескертпелер жасалды. Сын-пікірлер мен ескертпелер оның ішкі мазмұны мен рәсімделуін жетілдіру мәселесі туралы ұсыныстар келтірілді. Дайындалған «Өлкетану» оқулығы жобалары мазмұнының бекітілген үлгілік оқу бағдарлама мен жаңартылған заманауи оқулықтарға қойылатын талаптарға сәйкестігі, мектеп оқушыларының жас ерекшелігі ескерілуі, оқушыға берілетін, үйретілетін тарихи, мәдени, топонимикалық, географиялық жалпы өлкетанулық білімнің ұғынықты, ғылыми әрі айғақты баяндалуы, білім мазмұнының толық болуы, қисындылығы, патриоттық тәрбие, оқулықтың материалдарында ұлттық құндылықтардың дәріптелуі, ұлттық код мәселесінің ескерілуі, және тағы басқа мәселелер қаралды.

Пән оқулығын дайындаудағы авторлар тәжірибесі, ізденісі, біліктілігі, материалдарды дамыту деңгейі әртүрлі болғанымен, көбіне өлкетану ісімен шұғылдану тәжірибесі бар мектеп мұғалімдерінің осыған дейін жинаған материалдарды оқулыққа тоғыстыру, қалалық және облыстық білім беру бөлімдері әдіскер мамандары атсалысуымен іске асырылып жатты. Кейбір оқулықтардың авторлары тәжірибелі зерттеуші мамандар, есімі елге әйгілі тарихшы ғалымдар. Оқулықтарды дайындауға үлкенді-кіші авторлық топтар ұйымдастырылды. Жергілікті жерлерде оқулық жобаларына пікір білдірген жеке тұлғалар, авторлар ұжымында немесе оқулыққа басшылық ететін редакциялық алқадағы ғылыми кеңесші ретінде белгілі ғалым – тарихшылар, этнограф, археолог, географ, биолог, ботаник, мәдениеттанушы, музей, кітапхана, мұрағат өкілдері болуы құп шаруа болды. Ғалымдардың өзі бірі дәріс оқу, студенттердің өлкелік археологиялық-этнографиялық, музей-мұрағаттық практикадан өткізетін университет ұстазы ретінде үлкен тәжірибесі болса, енді бірі ғылыми мекеме, зерттеушілік институт қызметкері ретінде үлкен теория жағынан дайындығы бар мамандар. «Өлкетану» оқулық материалдары тарихи хронология ұстанымы, деректілік негізінде жүйелі берілуі керек болды [3].

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс» деп «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында Президент Қ.Тоқаев атап өтті [4]. Әсіресе, білім беру сапасына қатысы бар мәселе ол оқулықтың бағдарламалардың мазмұнына сай келетіндей дұрыс жазылуы. Мысалы, оқулық басылым кітаптарын, соның ішінде «Өлкетану» оқулықтарын даярлап жатқан қазіргі негізгі баспалар: Алматы қаласынан – «Білім» - 1, «Жазушы» - 2, «Атамұра» - 4, «Арман-ПВ» - 6, «Келешек - 2030» - 6, «Алматыкітап» - 14, барлығы - 32 кітап басылып шықты. Сонымен бірге, «Өлкетану (Қызылорда облысы)», «Өлкетану (Маңғыстау облысы)», «Өлкетану (Атырау облысы)».

Баспаханалар «Өлкетану» оқулығының сапалы басылуында үлкен үлесін қосты. Олардың талдауға ұсынған оқулық жобаларының дизайны жағынан әртүрлі болып, кейбірі брошюра түрінде, кейбірі қалың мұқабада жобалады, ал форматы жарнамалық брошюра,

альманах, дайджест, журналдық үлгіге келетін жасалды, бірақ мектеп оқулығы стандартына сай реттелді. Дизайн тұрғысынан осы уақытқа дейін жасалған бүкіл өлкетанулық оқулықтар ішінде Ақмола облысының өлкетану оқулығы жобасы үздік тұрды. Басты үш ерекшелігі: бірінші, оқулықтың 3 бөлімнен тұратын мектептің 5, 6, 7 сыныптарына жеке жазылуы, екінші – оқулықта қосымша Хрестоматия тарауы берілуі, оның өлкетану оқытуға қажет қосымша материалдардың жинақталуы, үшінші – оқу басылымының мәтіні, кітаптың мұқабасы мен суреттері сапалы болуы жақсы үлгіге тәжірибе болды.

Бірінші параграф «Туған өлкенің аңыз-ертегілері»: оқушы туған өлке туралы аңыз-ертегілерді білуі, аңыз-ертегілердің мән-мағанасын түсіну және талдау, өткен ұрпақтың тарихи-мәдени мұрасын сақтау, ұғынуы керек. «Өлкетану» оқулығы облыстардың жер аумағын толық қамтитын елдің үлкен әкімшілік-аумақтық іргелі бөліктерін, оның аудандық, ауылдық елді мекенді өлкелеріндегі жергілікті тарих, мәдениет, табиғат ескерткіштеріне байланысты қалыптасқан көптеген аңыздары бар. Өзен-су, тау-төбелері туралы айтылатын жерге, қоныстарға байланысты аңыз-әпсаналар мазмұнын жеткізді. «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» мақаласында: «*Қазақ «туған жерге туыңды тік*» деп бекер айтпаған» деген ұстаным негізге алынды.

Сол сияқты Қазақстанның жер жерлерін, шекараларын, найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батырлардың есіміне байланысты тарихи және батырлық жырлар мен аңыздар бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы «*прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу»* деді. Тарихи аңыздар, топономикалық әпсаналар, батырлар жыры, түркілік діни хикаялар, мифтер – осының барлығы да ұлттық байлығымыз, рухани қазынамыз. Сондықтан, олар оқулықтар мазмұнында қамтылды.

Екінші параграф «Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер»: оқушы туған өлке ескерткіштерін білуі, маңызды тарихи ескерткіштердің тарихын түсіндіріп айта білуі, құндылығын түсінуі керек. Қазақстан жеріндегі ежелгі елді мекен тұрақ орындары, «дың» мұнара, қамал-қорымдар, қорған қоныстар, қалашық орындары тарихи екерткіштер ретінде айтылды. Облыс аумағындағы археологиялық ескерткіштердің ашылғаны, сәулет және қала құрылысы ескерткіштерінің ресми тіркелгені, олардың облыс аудандары бойынша нақты қай жерлерде орналасқаны, қашан, қалай және қандай жағдайда табылғаны, қашан зерттелгені туралы өлкетанулық ақпараттар және карталар келтірілді.

Соған сай, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы: «*жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек*» деп атап өтті. Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті көне заманнан өз атамекен жерінде сақа, ғұндар мен түркілік дәуірі сабақтастығымен жалғасқан. Облыстардың аумақтарындағы көптеп кездесетін таңбалы тастар, сынтастар, ізтастар – петроглифтер, түрік балбалдары, кейінгі заманда шымнан және тастан соғылған қазақ мазарларының көріністері тегі бір тұтас шөл, саһара - далалық мәдениетті көрсетеді, олардың мәліметтері мен суреттері қамтылуы мақсат етілген.

Үшінші параграфтың тақырыбы «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, палуандар»: оқушыға туған өлке тарихына кірген билер, ақын, батырлар мен палуандарды, туған өлке тарихына олардың бекер кірмегенін дәлелдей білуі үшін керек. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» ұстанымы бойынша «біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ, олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» - деп «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап өтті. Тақырып атына сай тарихи ұстаным және бірізділік сақталды.

Бұл тарау ең алдымен Абылай хан және Кенесары хан заманында болған қазақ батырлары мен билері туралы айтылуы керек. Шоқанның еңбектерінде: «Қазақ жерінде Абылайдың даңқы аса зор. Абылай заманы оларда қазақта қазақтың ерлік заманы болып саналады» деп бағаланды. Бұл материалдардың толық болуы өте маңызды, яғни өлкеден шыққан әйгілі батырлардың есімдері ұмытылмауы керек, олардың ерлігі қай кезеңге тиесілі екені анық айтылып, жауға шапқан шайқастары, бақилық орын тапқан мекені, ерен ерлігі дәріптелетін батырлық жырлары, құрметіне тұрғызылған ескерткіштері, мазар орны, болса, күзет қылатын шырақшысы көрсетілді [5].

Батырлардың өмір сүрген жылдары көрсетіліп, бүгінгі ұрпақтарының шежірелері көрсетіліп, батырлардың ерліктері жайында тарихи тұрғыдағы мәліметтері жанжақты баяндалғаны қажет. Батырлар, беделді рубасылары мен билердің қазақ жерін, шекарасын қорғап, дұшпанмен ұстасқан жерлерін, шолу жасап жау қолынан күзеткен өлкелері аталғаны керек. Билердің шешендік сөз үлгілері оқулықта мысалға келтірілуі керек. Батырлар тарихын, олардың ерліктерін зерттеген жергілікті өлкетанушылар, шежіреші қариялар, олардың қолжазбалық мұралары, айтылған әңгімелері, баяндалған тарихы, қазақ қоғамындағы қазақша күрес палуандары туралы мағлұматтар қамтылады [6].

Төртінші параграф «Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)»: оқушы тарихи жәдігердің не екендігін, оның тарихи мұраны жеткізудегі рөлін және жәдігерлер нақты нені білдіретінін түсіндіре білуі керек. Оқулықта музейдің қазақтың көне мәдениеті мен мемлекеттілігін сан ғасырлық тарихын айғақтайтын ұлттық қор екені, музей экспозициясы жайында тиянақты айтылған, жаңа буын жасөспірім оқушылардың тарихи санасына нық орнықтыратын, ұлттық рухты асқақтатын, ұлттық патриоттық сезім тәрбиелейтін баяндаулар болғаны қажет, сәулет ескерткіштері мен далалық ашық аспан астында археологиялық немесе әдеби музейлер мен галереялар туралы жан-жақты материалдар берілді.

«Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» көздегені «идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» - деді [1].

Сол сияқты Есіл бойындағы Ботай мәдениеті, Қызылжардағы хан Абылай сарайы, Ертістегі Қалабалғасын кешені, Тобылдағы Екідың, Жайықтағы Сарайшық, Сыр бойындағы Жанкент, Жетісудағы Қойлық, Ұлытаудағы Орда-Базар, Басқамыр мен Аяққамыр, және т.б. әрбір облыстағы аса маңызды деп танылған тарихи-мәдени ескерткіштер жайында тарихи жады ескерткіштері айтылады [7].

Қазақстанның облыс орталықтарында орналасқан әдеби, тарихи-өлкетану музейінінің құрылуындағы өлкетанушылардың сіңірген еңбегі де айтылуы керек. Рухани мұралар құндылығы мағынасы мен маңызы мағынасында «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» бағыт беруіне сай - «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар қазақ халқының рухани мәдениетінің бір парасы ғана» - деген сөзіне «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы мағыналы сөзге назар аударылды.

«Өлкетану» оқулығы музейдің қазақтың көне мәдениеті мен мемлекеттілігін сан ғасырлық тарихын айғақтайтын ұлттық қор екені, музей экспозициясы жайында тиянақты айтылған, жаңа буын жасөспірім оқушылардың тарихи санасына нық орнықтыратын, ұлттық рухты асқақтатын, ұлттық патриоттық сезім тәрбиелейтін баяндаулар, сәулет ескерткіштері

мен далалық ашық аспан астында археологиялық немесе әдеби музейлер мен галереялар туралы жан-жақты материалдар берілді.

Алтыншы параграф тақырыбы «Топонимдер-өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)»: оқушылар жергілікті жер, қала, өзен, көл, таулар атаулар нені білдіретінін, бұл атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре білуі қажет. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» сілтеген жол - «өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу, онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай, жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс» деген ұстанымына сай болды.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық код сақтау айтылған: топонимика да сол ұлттық кодтың маңызды бір үлгісі! «Жердің аты – тарихтың хаты» деген халық даналығы, осы ақиқатқа орай, жер аты өшсе, ұмытылса, ол нәтижесінде ұлт тарихын халық жадынан өшуіне соқтырады. Қазақ халқының ономастикалық мәдени дәстүрінде жер аты әдетте жеке адам атымен аталмай, жер бедері, географиялық ерекшеліктеріне, топырақ сипатына қарай атау қалыптасқан. Бұл дәстүрді патшалық Ресей және Кеңес Одағы тұсында бұзылғандығы, көптеген жер атаулары сырттан келген жатжұрт тарапынан саналы түрде өзгертілді. Оның зардап тигізетіні жайында ұғындырылып, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген мезгілде тарихи шындық қалпына келтіріліп, қазақ халқының жер-су атаулары, елді мекен аттары дәстүрге сай байырғы мағыналы қалпына қайта келтіріліп жатқандығы туралы байыбымен түсіндіріліп, батыл айтылды.

Жер-су ономастикалық атауларына – топонимдерге байланысты өте мағыналы және жанжақты анықтамалар берілуі керек. Мысалы, қаланың өлкетануы (қалатану) оқулығы болғандықтан, оқулық өлкені емес, қаланы және оның айналасын сөйлетуіне қарай қалатану (градоведение, урбанистика) ретінде қарастыруы керек. Қала төңірегіне тиесілі барша археологиялық, тарихи, мәдени, этнографиялық, және т.б. құнды деректерді кешенді түрде тұтас қарастыруы тиіс. Бұл қалалық мектеп оқушыларына туған жерге байланысты отаншылдық сезім мен мемлекетшілдік елдік сана тәрбиелеу үшін аса маңызды.

Топонимикалық атауларды талдау, топонимдерді сыныптау мәселесінде, құрастырушылар өлкелердің топонимикасын жүйелеп, *хороним* – аймақ аттары, *гидроним* – өзен-су аттары, *ороним* – таулардың аты, *спелеоним* – үңгір аты, мәселесінде мұнда әсіресе урбанонимдерге назару аудару қажет, ал оның қала ономастикасы турасында - *ойконим* - қала жері аты*, годоимдер* – қаланың көше мен даңғыл аттары, *агороним* - алаңдар мен маркет, базар аттары, *хоронимдер* – жеке ғимараттар аттары, *эргоним, ойкодомоним прагматоним* – қалалық мекемелер, ұйымдар, жарнамалық кешендер аттары, және т.б. ескерілуі керек. Қала объектілері атауларының мәдениетін қалыптастыру мәселесі үшін бұл өте маңызды. Оқулықтарда облыстардың аудандарындағы көптеген елді мекен аттарының мысалдары тізімге келтіріліп, мағыналары толық ашылып, топонимикалық тізімдер мен карталар оқулық мәтінінде келтірілуі қажет.

Жетінші параграф «Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері»: оқушылар жергілікті жерге тән қандай дәстүрлі қолөнер түрі бар екенін, көркем мәдениет жандануына үлес қосқан ісмерлерді білулері керек. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы»: «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды», «ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді» деген тұжырымдарды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атады, «ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту» деген мәселені айтты. Оқулықта облыстар бойынша қазақ жерінде көнеден жалғасқан мәдени даму жолы, зергерлік өнері, тоқымашылық, ағашшылар туралы өте жақсы материалдар толық қамтылуы тиіс. Бүгінгі күнде дәстүр жолын сақтаған

қолөнер сақтаушылардың, ісмерлердің есімдері аталуы қажет. Сондай-ақ, мұнда ұсталық өнер, ұстаханалық, жазу, сызу, сурет пен ұлттық сәулет өнері туралы айтылуы керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деді. Ұлттық рухтың бір көрініс қазақтың ұлттық қолөнері, көркем мәдениетінде сақталған, жалғасқан.

Сегізінші параграфтың мазмұны «Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары): оқушылар туған өлкенің тұрғылықты халқы қалыптасу тарихын, туған жерінде тұрып жатқан әртүрлі этнос өкілдерінің салт-дәстүрін білуі және құрметпен қабылдауы қажет. Қазақстанда бір халық бар – ол қазақстандық халық, яғни мемлекеттің иесі, құрамына диаспора өкілдерін бауырына басқан қазақ халқы. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» деді. Қазақ халқының тарихи қалыптасуы ұзақ мерзім аралығында, басы сонау оғыз-ғұндардан бастап, одан көк түркілер, одан кейін Ұла Дала Елі – Алтын Орданың жұрты тоқсан баулы қыпшақ, отыз екі баулы өзбек болып, ноғайлы-қазақ болып, Алаш Мыңы артынан Қазақ хандығын жариялап, төрт ғасыр қазақ атын берік ұстанып келді. Осы тұрғыда қазақ халқының, оның этногенезі, шығу тегі, рулық туыс қауымдары негізіндегі тарихи қалыптасуы, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлері, руханияты туралы айтылуы өте маңызды.

Қазіргі заманда қазақ елі полиэтникалық құрамды қоғамы бар біртұтас ұлттық мемлекет болып табылады. Қазақ жерінде қазақ халқымен қатар көптеген этнос өкілдері, әртүрлі диаспоралар жасап жатыр. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, халықтарда «өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктері» бар, «ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» қажет деп, қазақ халқының дамуы керекті айтылды. Соның ішінде, мақалада: «жершілдікті алайық, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен әрине дұрыс, бірақ, одан да маңыздырақ мәселе – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытпау» керек деген ұстаным берілді.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан идеологиялық ескі көзқарастар мен ұстанымдардан Тәуелсіз Қазақстанның Рухани Жалпыұлттық жаңғыру жолына түсу мәселесінде ұлттық құндылыққа бірте-бірте бетбұрыс жасалынуы тиіс. Қазіргі жастар үшін Ұлы Отан – Қазақстан екенін ескеру қажет. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» жариялаған Қазақстанның басты идеологиялық саясаты «Мәңгілік ел – Патриоттық Акт» құжаты аясында айшықталған, «Өлкетану» оқулығы сол ұстанымға сай болуы тиіс. Мұнда «Мәңгілік Ел – Патриоттық Акт» ұстанымдары көрініс табуы керек. Оның 8-ші тұғырында: "Мәңгілік Ел, бұл – Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Біз өз жетістіктерімізді қорғауға тиіспіз. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту әрбір азаматтың, өз елі патриотының қасиетті парызы болып саналады. Біз бейбітшілік пен келісім идеясын ілгерілете отырып, еліміздің халықаралық аренада мойындалған беделін нығайта түсетін боламыз» - деп айтылды.

Н. Назарбаев құрған Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеті – советтік кезеңде жапа шеккен көптеген диаспора өкілдерінің жойылып кете жаздаған этностық бірегейлігін қалпына келтіру мәселесіне байланысты. Қазақстанға патша өкіметі тұсында отарлау саясаты саналы түрде жүргізілді, ол казачество күшімен жүргізілді, және артынан бұған «переселен крестьян» жаппай көші-қоны мен қоныстандырылуына ұласты. Қазақ халқы революция мен азаматтық соғыс жылдары аштық пен ақтар мен қызылдар халықты қынадай қырды, халықты зорлық-зомбылықтан қорғауға Алаш милициясы құрылды.

Сондықтан, қазақ халқының өткен ХХ-шы ғасыр басындағы көші-қон саясатына орай жүргізілген зомбылық қасіреті, өлке-өлкелер бойынша 1921, 1932 жылдардағы басынан өткерген ашаршылық тауқыметінің ауыр кезеңі туралы материалдар берілуі керек. «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» бағдарламасы «ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады, санасезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ» болмайды деді. Жаңа экономикалық саясат жылдарынан кейін кеңестендіру, колхоздастыру саясаты жүрді, кәмпеске науқаны орнады, аштық геноциді ұйымдастырылды, мен қуғын-сүргін, репрессиялар жүргізілді.

«Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы» бұл туралы: «ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды» деп жазды. Тоталитарлық кеңес өкіметі қазақ жеріне халықтың келісім ықыласын сұрамай-ақ көптеген халықтарды өздерінің тарихи мекендерінен қазақ жеріне жер аударды, күштеп депортация жасап, жер аударды, соның ішінде соғысқа дейін депортацияға ұшыраған поляктар болды [8].

Соғыс жылдары Еділ бойы немістері мен қалмақтар, қарашай-балкар, шешен-ингуш сияқты көптеген кавказ халықтары, ал Қырым мен Молдавиядан румын, венгрлер, итальяндар жер аударылды, ал соғыс жылдарынан кейін тың игеруге деп әртүрлі ұлт өкілдері әкелінді. Сондықтан, ашаршылық, депортация, қуғын-сүргін тарихына қатысты өлкетанушылық материалдар қамтылуы керек, олардың құрбандарын еске алу кешендері мен ескерткіштері туралы айтылады. Атылған алаштықтар мен қазақ зиялылары туралы материалдар қосылды [9].

«Невада-Семей» қозғалысы ядролық қарудан бас тартудағы елдің ерлігі көрсетілуі еді. «Өлкетану» мектеп оқулығында «Мәңгілік Ел – Патриоттық Акт» ұстанымдары көрініс тапты. Мысалы, Ақттың 7-ші тұғырында: «Мәңгілік Ел, бұл – Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы. Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз. Біз Қазақстан халқының мәдени әралуандығын арттыра түсеміз. Біз мемлекеттік тілді қоғамды біріктірудің негізі, полиглот болу ұстанымы Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде дамыту қағидатын ұсынады [10]. Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасымыз» - деген қағида айтылған. Бұл сөз тәрбие құралына айналуы керек деген парадигмалық ұстанымын ұсынды [11].

Тоғызыншы параграф мазмұны «Туған өлке тарихының тірі куәгерлері: оқушыларға туған өлке тарихының тірі куәгерлері санатындағы соғыс, тыл, еңбек ардагерлерінің ерліктерін саралау, тың игерушілердің, еңбегін сіңірген педагогтер мен дәрігерлердің, құрметті тұрғындардың өлке тарихына жасаған еңбегін білуі оқытылуы керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруда» - ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымызбен қатар, бүгін өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз аталуы тиіс деді. Яғни, бұл жерде осы кейінгі Тәуелсіздік кезеңдегі жиырма бес жыл ішінде өлкенің дамуына үлес қосқан бүгінгі тірі ұрпақтың еңбегі еш болмауы керек, айтылуы керек, мысалдар келтіріліп тәрбие құралына айналдырылуы керек.

Он үшінші параграф «Туристік маршруттар»: оқушыларға туристік бағыт не екенін, сол туристтік маршрут құрастыру дағдыларын меңгеруге үйретуді көздеді. Оқулықта облыстар бойынша демалыс-саяхат жолдарына дайындақ жасау туралы жан-жақты материалдар беріледі. Туристік маршруттардың бірі спорттық мағынада, енді бірі мәдени-тарихи мазмұндағы маршруттар болуы тиіс, оның ішінде қазақ тарихы үшін құнды елді мекен, киелі жерлерге де қатысы бағыт болады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу» жайында айтты. Өлкелік тарихты білу, мәдени және рухани жәдігерлерімен жақын

таныс, етене жақын болу, оларды білу, туған жерге деген іңкәрлік сезімді тәрбиелейтін маңызды құрал [12].

Он төртінші параграф «Жомарт жүрек»: оқушыларға демеушілік және меценаттық қызмет, қайырымдылық қасиеттер не екенін, нақты адамдардың істеген жақсылықтары, қайырымды істері туралы және өзінің туған жерін қолдау үшін не істеуге болатынын білуі керек. Оқулықтағы материалдарда облыстарда өңір бойынша тарихта болған «Жомарт Жүрек» қайырымды жандар туралы айтылуы керек. Қазақ жерінде қай заманда болмасын қайырымды жандар көп болғаны белгілі. Оқулықта жеке кәсіпкерлер мен бизнес өкілдерінің қайырымдылық істері мен жасаған изгілікті істері мен шаралары айтылуы керек, қайырымдылықтың қазақ халқында, мұсылмандық дәстүрде, адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі орны мен маңызы түсіндірілуі керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншілік» жайында мәселе қозғады [1]. Меценаттар туралы біржақты жазылмай, тарауда қазақ халқына тән қайырымдылық дәстүр түрлері, мұсылмандық дәстүрдегі бұл мәселенің көрініс табуы, жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі орны мен маңызы түсіндірілуі керек. Қазір бар тұлғаларды дәріптеуде этика мәселесі ескерілуі керек.

Он бесінші параграф «Туған өлкенің жылнамасы»: оқушылар деректер негізінде өлке дамуының маңызды тарихи кезеңдерін анықтауы, туған өлке шежіресін білуі, мұражай, мұрағат, кітапхана, интернеттен туған өлкеге ақпаратты табу, тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыра білуі қажет. Өлкелердің қалыптасуындағы сақалар, савромат, массагет дәуіріндегі тарихи мұралардан бастап, түркілік мәдени мирастар, қазақ дәуірі тарихи жәдігерлерінің маңызы көрсетілген. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруда» бастысы «бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет**».** Сондай тарих пен қоғам сырларын өткен заманнан бастап осы күнге дейін түсіне алатын азаматтарды тәрбиелеу мектеп іргесінен басталуы керек.

Он алтыншы параграф «Менің мектебімнің тарихы»: оқушыларды түрлі дерек көздерден қажетті ақпаратты табу, сұхбаттасуға қажетті сұрақтар қою мен сұхбат жүргізуге баулу, өз мектебінің тарихын әңгімелей білуге үйрету. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Білім салтанаты жобасында көзі ашық, сауатты және білімді ұрпақ мәселесі өзекті болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, - 2017. - 12 сәуір.
2 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан, - 2021. - 05 қаңтар / https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat
3 Мамирова К.Н., Киясова Л.Ш. Өлкетану. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014. – 129 бет.
4 Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333
5 «Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38925326&pos=16;-58#pos=16;-58
6 Алпысбес М.А. Тарихи білім мен қоғамдық сана қалыптастырудағы мәдени-өркениет жады қызмет мен орны // «Тұрақты даму мүддесіне сәйкес үздіксіз білім беру: жаңа міндеттер» / VII Халықар. ғыл.-практ. конф. матер. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 ж.– 1092 б.– Б.748-752.
7 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Астана: BG-Print, 2013. – 380 б.
8 Алпысбес М.А. Халықтарды Қазақстанға жер аудару: Нұр-Сұлтан қаласы архивінің кейбір деректері // Архив хабаршысы. - 1. - 2022.- Б. 24-29

9 Алпысбес М.А. Қуғын-сүргін, ашаршылық құрбандарын еске алуға жеке-жеке күндерді белгілеу керек // Архив хабаршысы. - 2022.- Б. 23-24.
10 Орта мектепте «Өлкетану» курсын оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин Ұлттық білім академиясы, 2013. –44б.
11 Алпысбес М.А. Абайдың шығармашылық мұрасының тарихи-танымдық негіздері. Монография. – Нұр-Сұлтан, БиКА, 2021. – 351б.
12 Раимханова К. Тарихи өлкетану. – Алматы, 2004. -184б.
13 Алпысбес М.А., Еришева Т. Ұлттық ұжымдық жады феномені тұрғысындағы тарихи персоналистика мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. - № 2. – 2020. – Б.154-159.

«РЫСКУЛОВСКОЕ СОВЕЩАНИЕ» 1926 Г. И ДИСКУССИИ О СОВЕТСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Аманжолова Д.А., д.и.н., профессор
Главный научный сотрудник Института российской истории РАН

Федерализация и нациестроительство в СССР и самой крупной ее республике – РСФСР – в 1920-е гг. сопровождались активными дебатами с участием органов власти и управления в центре и регионах. Для РСФСР, получавшей наиболее сложную иерархическую систему из губерний, областей, краев, автономных республик, областей, округов, районов и национальных сельсоветов, упорядочение управленческих связей, достижение баланса прав и обязанностей, оптимизация в распределении полномочий ведомств имели принципиальный смысл – без этого государственный механизм не мог работать достаточно результативно. Объективные обстоятельства, как и вынужденный компромисс с национальными элитами предопределили на долгое время сложный баланс отношений центра и национальных единиц. Позиция лидеров национально-государственных образований и их отношения с центральной властью в советской истории и современности представляют важнейшую часть комплекса мер по обеспечению целостности страны со сложным этносоциальным составом населения, устойчивости ее политической системы, эффективности внутренней и внешней политики, межкультурной интеграции и гражданской консолидации общества.

Большой интерес вызывает череда мероприятий и событий 1925-1926 гг., когда в процессе реорганизации административно-территориального формата страны, изменения статуса некоторых субъектов федерации и разработки конституций автономных республик, наряду с продолжавшимися коренизацией, хозяйственным строительством, этнополитические элиты предприняли ряд попыток реализовать собственные представления о существе и условиях функционирования самоопределившихся единиц. Создание разноуровневой системы управления с подчинявшимися союзному центру, общероссийским структурам и самим автономиям институтами наряду с масштабными социально-экономическими преобразованиями проходило достаточно сложно, а налаживание работы органов власти и управления и их взаимодействия повсеместно составляло одну из центральных задач. Весьма чувствительными оставались вопросы финансирования автономий, где развертывалось строительство новых объектов, велась подготовка кадров, требовалось радикально улучшать образование, медицинское обслуживание, инфраструктуру. Центр в то же время стремился наладить согласованную и управляемую разноуровневую государственную систему таким образом, чтобы обеспечить выполнение принятых программ социалистической модернизации национальных регионов и укрепить социально-политическое единство поликультурного общества трудящихся на классовой основе. Ряд важных аспектов этих процессов получил освещение [1], однако представляется

необходимым уточнить определенные детали, связанные с известным частным совещанием национальных работников 12 и 14 ноября 1926 г. [2, с.44-70].

К середине 1920-х гг. наладка механизма управления была далеко не завершена. 8 сентября 1925 г. при Оргбюро ЦК РКП(б) состоялось совещание комиссии по советскому строительству в национальных областях и республиках, которое констатировало сохранение существенных проблем в партийном руководстве советами и сильного влияния традиционных этносоциальных иерархий. На сессии ВЦИК XII созыва (октябрь 1925 г.) представители автономий попытались отстоять свои представления о советском типе управления в национальных регионах и укрепить полномочия при обсуждении проекта годового госбюджета. Главы ЦИК Дагестана Н.П. Самурский (Эфендиев) и правительства автономии немцев Поволжья В.А. Курц обратились в ЦК партии, его Секретариат и к И.В. Сталину с предложениями внести изменения в Положение о наркоматах РСФСР, касающиеся взаимоотношений союзных и автономных ведомств. Они протестовали против расширения полномочий Президиума ВЦИК и СНК РСФСР в этой области, пытаясь оставить ее в ведении съездов советов. Но 31 октября 1925 г. ВЦИК и СНК РСФСР приняли Общее положение о наркоматах РСФСР, обозначившее тенденцию к централизации. «Необъединенные народные комиссариаты РСФСР … непосредственно подчиняются ВЦИК, его президиуму и Совету народных комиссаров Российской Федерации и осуществляют в своей деятельности их постановления и директивы». ЦИКи автономных республик, краевые и облисполкомы могли в исключительных случаях под свою ответственность приостанавливать распоряжения наркоматов РСФСР, предварительно известив Президиум ВЦИК [3, 2.1-3; 4, с. 346-350].

2 января 1926 г. состоялось в ЦК ВКП(б) совещание под председательством секретаря ЦК партии В.М. Молотова, где руководители партийных организаций регионов с тюркоязычным населением – Казахстана, Средней Азии, в т.ч. Узбекистана, Киргизии и Туркмении, а также других автономий в составе РСФСР (Крыма, Башкирии, Татарстана и Дагестана) – обсуждали важные проблемы формирования национального политического класса в республиках с мусульманским коренным населением, а также реализации советской этнополитики, прежде всего, с точки зрения укрепления влияния власти в этносоциальных общностях на основе их классового расслоения [5].

Продолжавшиеся дискуссии, в том числе о полномочиях и компетенции субъектов РСФСР, привели к тому, что 12 и 14 ноября 1926 г. по инициативе Отдела национальностей ВЦИК и заместителя председателя СНК РСФСР Т.Р. Рыскулова в Москве состоялось «Частное совещание националов – членов ВЦИК и ЦИК СССР и других представителей национальных окраин» [2].

По итогам Рыскулову, председателю СНК автономии немцев Поволжья В.А. Курцу, председателю ЦИК Дагестана Н. Самурскому, наркому соцобеспечения РСФСР И.А. Наговицыну и С.Д. Асфендиарову было поручено встретиться со Сталиным и доложить о результатах работы. Указанные руководители подготовили свои предложения, Самурский и Наговицын, подписывая документ, оставили рукописные уточнения по отдельным пунктам. Асфендиаров и Самурский подготовили и свои предложения к совещанию, причем первый повторил в них идеи, высказанные в апреле 1926 г. Самурский был единственным, кто отстаивал интересы центра. Он считал невыгодным повышение статуса автономий до союзных республик, на чем настаивали другие руководители автономий. Он подчеркивал значение общероссийского фактора для борьбы с «великодержавным уклоном госаппарата», поскольку участие «представителей малых национальностей в управлении РСФСР» считал способом закрепить их влияние в законодательных и управляющих органах власти;

Этот опыт критически осмысляется на основе ранее недоступных источников, новых теорий и исследовательских технологий. В последнее время деконструкция базовых идей империи с помощью модной ныне археологии знания о них позволяет отчетливей видеть результаты успехов в заимствовании политических практик. Принцип свободной организации обществ, дающий возможность быть «на равных», археология знания позволяет использовать как инструмент борьбы за ту или иную политику, программу, проект и пр. Так концепция евразийства, феноменальных проектов интеллектуалов русского зарубежья первой половины XX века, специфического движения общественно-политической мысли, возникнув в 1920-е гг. прежде всего как ответ на экспансию западных держав и попытки навязать этническим культурам либеральные ценности и стереотипы мировосприятия, на самом деле является неоколониальным дискурсом эмигрантских элит. Притязаний на их удел – на этнокультурное российское множество, которым после 1917 года распоряжались, считалось, новые советские хозяева. С укреплением советского режима и разработкой советского метаязыка евразийство предприняло попытку занять на пространстве этой культурной сложности идеологическую нишу, причем не всегда безуспешно. Евразийцы, настаивая на равенстве народов Евразии, провозглашали участие неславянских народов в общей государственной и политической жизни Евразии чтобы повернуть Россию на путь современного мультикультурализма в целях сохранения единого государственного пространства. Но современная оценка алашевцев «брокерами» и «производителями знаний о степи» субъективно-обидна. На Северном Кавказе имеются аналогичные факты сформулированных в ранние сроки оценок вернувшихся в горы «гостей в пиджаках, принесшие гостинцы горцам». Речь шла о всех, кто не понял неотвратимости сделать судьбоносный выбор: их ожидает то, что «лоно матери» забудет их. Их ждет «хаос без просвета», «гроб, уготованный историей», «могила» с «трупным запахом» и пр. [10].

Культурные нарративы играют огромную конститутивную роль, но вклад в антиколониальные подходы не более чем побочные эффекты рядом с первостепенной задачей: создавать и укреплять доказательные точки зрения на историю цивилизационного развития на просторах в данном случае Центральной Азии.

Постколониальная теория и ее базовые нарративы могут упрощать сложные истории, требующие альтернативных прочтений. Постколониалистская модель, созданная для исследования отношений угнетения и сопротивления (или их гибридного взаимодействия) не предоставляет аналитических инструментов для интерпретации более сложных мотиваций. Высказывается мысль об обоюдном недоверии языка и репрезентации, неизбежном в ситуации, когда политическая (включая постколониальную) риторика и идеологические дискурсы оказываются бесконечно далеки от личного травматического опыта отдельных людей и целых народов.

Постколониализм превращается в своего рода интеллектуальное поветрие, становится расхожим модным словом, а сработанные нарративы находят путь к сердцу современных брокеров научной биржи, терминология быстро проделывает путь от специфической научной (политологической и культурологической, далеких от конкретно-исторических) до популярной нехудожественной литературы, медиа и массовой культуры — нередко в донельзя упрощенном виде, теоретический вокабуляр распространяется и семантически расширяется.

Научная интеграция постколониальной теории в евразийские конкретно-исторические исследования еще не породила сопоставимых по сложности дискуссий. На данный момент мы пользуемся этим дискурсом без должной строгой самокритичности. Общий консенсус сводится к тому, что постколониальная теория потенциально продуктивна для нашей области, но только в том случае, если воспринимать ее критически и адаптировать к специфике материала.

В частности, Илья Кукулин предположил, что величайший риск внедрения постколониальной методологии может заключаться в повторной ориентализации бывших российских колоний, на сей раз при помощи нового и якобы заслуживающего доверия методологического аппарата [11]. Клавдия Смола описывает постколониализм как «мультидискурсивный и порой противоречивый академический нарратив, в рамках которого атрибут "постколониальный" часто используется как троп политического и культурного неравенства и тем самым как категория чистой риторики» [12]. Преувеличенное внимание к постколониальному дискурсу в постсоветском Казахстане показывает: постколониальная риторика больше используется политическими элитами.

«Синкретизм» евразийства своим смешением практик различных школ мысли умножал стремление к целостности имперского пространства. Неоколониальный мотив своей исторической миссии в строительстве Новой России евразийцы видели во включении происшедшего в революции — в рамки русской и евразийской исторической традиции, не будучи консерваторами, поскольку мыслили в категориях прежде всего народов как живых существ, а не «элит», иногда заинтересованных и даже пытающихся «остановить историю».

«Мы, - справедливо указывает В.Тишков, оценивая неоколониалистские подходы, - привыкли говорить о пользе истории, но редко, когда - о злоупотреблении историческими аргументами». Он разбирает пример с Чечней, неадекватное и амбициозное обращение с историей и этнографией как «кардинальное расхождение с тезисом о "российской интервенции как об ошибке колониальной этнографии", под которой Анатоль Ливен имеет в виду прежде всего незнание, непонимание или игнорирование культурной природы чеченского общества» [13]. Неоколониальная по своей сути «симпатизирующая этнография» делает плохую услугу народу, который становился предметом демонстративной любви внешних сил.

В настоящей статье попробуем увидеть новые нюансы практик лидеров общефедерального уровня, рассмотреть причины, побудившие большевиков привлечь опыт авангардистских практик, использовать их мощный протест против имперских проектов колонизации нерусских этносов. Любопытно, что историки стыдливо обходят как имперский колониальный российский опыт, так и авангардизм культурной политики первых революционных лет, обходясь и в том, и в другом случае разными эвфемизмами. Российское общественное сознание к 1917 году представляло собой духовно-интеллектуальный сплав идей разной степени радикализма: символистской «третьей духовной революции», «нового религиозного сознания» Д.Мережковского, богостроительства А.Луначарского и М.Горького, философии «общего дела» Н.Федорова, теософии Е.Блаватской, христианского социализма С.Булгакова, экуменизма В.Соловьева, космогонических фантазий Э.Циолковского, христианского анархизма Л.Толстого и, конечно, марксизма в разных изводах его исповедовавших. Немало разнообразных идей накопили теоретики джадидизма в тюркском сообществе. Авангардизм впитывал идеи, которыми жила культура того времени, ее веру в особую миссию и предназначение России, которая была в равной степени свойственна как представителям культуры Серебряного века, так и леворадикальным политикам во главе с В.Лениным. Широкое культурное движение авангарда захватило все искусства, философию, богословие и науку, затронув и социальную жизнь, и ноаое

государственное устройство. Большевики и деятели русского авангарда разными путями шли к одной цели: к кардинальному разрушению старого (общества, искусства), чтобы на его руинах строить новый мир. Авангардизм представлял собой совокупность движений в культуре, для которой характерны разрыв с предшествующей традицией, экспериментальный поиск новых форм и путей.

Конечно, авангардизм вышел из той общественно-политической и художественной ситуации, которая сложилась в конце XIX века. Из плавильного котла Великих реформ 1860-х годов, в котором имперство доживало последние дни. Доминировавшее до них утверждение об унифицирующей и репрессивной имперской колониальной стратегии этнокультурных практик на окраинах создавало ложное представление о привилегированной метрополии и неизбежно ущемленной в правах периферии. Установка на эксперимент и новизну, оригинальность - одна из отличительных черт авангарда. В нем отсутствовала выстроенная система эстетических постулатов (правил, законов), но была характерна подвижность границ и плюрализм, множественность подходов к осмыслению сути бытия, картин мира, притязание на уникальность предложенного пути. Все эти постулаты, правила и законы давали в руки средства борьбы с колониальным прошлым.

Осмелев к 1917 году, авангард нес в себе жажду жизнестроительства, бескомпромиссность, пафос борьбы, устремленность к новому в образе гордого пророка-творца. Большевикам нравилась мессианская роль, они выступали посредником между наднациональной целью коммунистической революции (областью трансцендентного) и потребностью в локальной, привычной культуре (наличной действительностью). Этот род творческой деятельности, являлся и искусством, и политикой, и философией, и публицистикой, и наукой, и религией и еще много чем. Цель ее – построить новое общество путем радикального изменения мира, для чего нужно радикально изменить сознание населения. Движение стремилось к борьбе за свободу в реальности, за право свободно мыслить.

Требовался концептуальный аппарат для перевода конструкций пространства, времени, вещного фона, point of view (точек зрения), ролевой структуры героев, норм репрезентации реальности — в практики, на которые можно опираться. Национальные и партийные лозунги и темы: «человек с творческим потенциалом», новое общество, нации, национальная идентичность преобладали. Это политическое поле после 1917 года занял Наркомнац И.Сталина, за «организационные» его плоды в культуре отвечал Наркомпрос А.Луначарского.

Опыт двух стратегий советских наркомов: по просвещению (А.В.Луначарского) и по национальным делам (И.В.Сталина) важен для понимания использования авангарда в исследуемом контексте, тем более он лишь по традиции называется русским (определение появилось в 1950-х годах). Авангард открывался политикам, если смотреть на него не только как на искусство, как совсем не на искусство, а как на практики людей, работающих в суровом политическом жанре. От руководителей советских наркоматов, призванных упорядочить и освоить «проблемные» поля, за которые они несли ответственность, требовалась огромная эрудиция, знание исторических, ментально-культурных, языковых и религиозных подоплек и причин формирования или отказа от тех или иных управленческих конструкций. Должностные обязанности наркомов, отвечающих за стратегию развития государства, пересекались в поле сложных этнокультурных проблем. Через кабинеты возглавляемых и Сталиным, и Луначарским наркоматов проходили разнообразные сотрудники, прибывавшие со всех концов разрушаемого (в том числе и ими самими или их соплеменниками) государства. Среди них были как образованные и умные, так и те, у которых на лбу написана святая наивность.

После Октябрьской революции российский авангард состоял из радикальных представителей культурной элиты разных этносов, резко политизированной. «Левые» деятели культуры шли на службу новой власти, становясь ее сообщающимися сосудами, наполняя их содержание даровитостью, талантом политических практик в атмосфере бурного развития этнокультурных процессов, их авангардных импульсов.

С первых лет советской политической риторики освобождение угнетенных народов служило одним из главных тропов новой власти. В 1917 году Совнарком опубликовал ряд деклараций и обращений, например, Декларацию прав народов России, «Ко всем трудящимся мусульманам России и Востока», в последней говорилось: «…Отныне ваши верования и обычаи, ваши национальные и культурные учреждения объявляются свободными и неприкосновенными. Устраивайте свою национальную жизнь свободно и беспрепятственно». Власти появлявшихся республик провозглашали право угнетенных народов на самоопределение своим безусловным приоритетом: «Вы сами должны быть хозяевами вашей страны! Вы сами должны устроить свою жизнь по образу своему и подобию! Вы имеете на это право, ибо ваша судьба в собственных руках».

Национализм и интернационализм - две версии западнической прогрессистской парадигмы модерна - противостояли друг другу, активно обсуждались в кругах партийных и этнических элит, представлений народов о себе и о других. Национальную политику "отец народов" (это название в данном контексте далеко не случайно) мыслил именно в категориях прав народов, хотя декреты большевиков не считались окончательными или даже долговременными — они содержали больше вопросов, чем ответов.

Механизм успеха взаимодействия с этнокультурными пространствами и их ресурсами коренился в многослойном комплексе идентичностей. Большевики с энтузиазмом подхватили знамя российского континентального экспансионизма, придав ему коммунистическую окраску и глобальный масштаб. Менялись системы коммуникаций, очертания административных и государственных границ, ареалы расселения, ментальные ориентиры и поведенческие стратегии народов и их элит. Заявленное право самоопределения наций вовсе не прекрасный лозунг, но границы цивилизации были довольно размытыми. Казалось, на глазах стремительно стирались границы между «цивилизованным» и «нецивилизованным» мирами, но каждый в 1920-е годы оставался странным и многоукладным в переходном, подвешенном состоянии. Люди вне зависимости от конкретных судеб и политических убеждений, были уроженцами старого мира.

Для наркома просвещения А.Луначарского важным было наполнить новыми ресурсами политическую модернизацию сложного этнокультурного пространства. Ему предстояло «перекроить» амбициозные традиционные ресурсы и, перекроив их, встроить в вариант европоцентристской культурно-образовательной модели. За границей он видел: широкое движение авангарда захватило все сферы искусства, философии, даже богословия, науки, высшей школы, педагогики школы, затронуло и социальную жизнь.

У каждой этнической группы элит имелись представления и проекты встраивания своих интересов в обновляемое не только государственное пространство, в новую картину мира. Но повсеместно элиты выдвигали требования сохранить локальную самобытность народов. Идеологическим обоснованием служил тезис (усилен революционными движениями 1917 года) о том, что только народ страны образует законный источник суверенной власти, его решения являются приоритетными. Этой позиции соответствовала форма федерации как союз государств. Авангардисты, их ресурсы меняли мировой канон главным требованием: во-первых, изменить историческую динамику (лозунг авангарда: «Время, вперед!»), предъявить современные продукты, во-вторых, изменить язык времени, отразить в нем новые вызовы. Авангард предложил себя инструментом, при помощи

которого можно менять общество. Деятелей авангарда сближала с политиками общая цель, но разными путями шли они к ней.

Список использованной литературы и данных:

1. Тлостанова М. Деколониальный проект: от политической деколонизации к деколонизации мышления и сознания // Личность. Культура. Общество. 2008. Т. X, № 5—6.
2. Тлостанова М. Постколониальный удел и деколониальный выбор: постсоциалистическая медиация // НЛО. 2020. № 1.
3. Эткинд А. Внутренняя колонизация. Имперский опыт России. М.: НЛО, 2013.
4. Бисенова А., Мукашева А. Колониальные интеллектуалы: между просвещенческой и представительской ролью // НЛО. 2020. № 6.
5. Красовицкая Т.Ю. Этнокультурный дискурс в революционном контексте февраля — октября 1917 г. М.: Новый хронограф, 2015.
6. Красовицкая Т.Ю. Идеи и практики в советской национально-культурной политике. 1917—1929 гг. М.: Кучково поле, Музеон. 2023.
7. Аманжолова Д.А., Красовицкая Т.Ю. Культурная сложность Советской России. Идеология и практики управления 1917—1941 гг. — М.: Новый хронограф, 2020.
8. Аманжолова Д. А., Дроздов К. С., Красовицкая Т.Ю., Тихонов В.В. Советский национальный проект в 1920–1940-е гг.: идеология и практика. — М.: Новый хронограф, 2021.
9. Аманжолова Д.А., Дроздов К.С., Костырченко Г.В., Красовицкая Т.Ю. Советская федерация: от империи к модерности, 1917—1941 гг. — М.: Центр гуманитарных инициатив, 2022.
10. Алаг Ирский. Путь горской интеллигенции: беглые очерки анализа // Горская мысль. 1922. № 2.
11. Кукулин И. Внутренняя постколонизация: Формирование постколониального сознания в русской литературе 1970—2000-х годов // Там, внутри. Практики внутренней колонизации в культурной истории России. М.: Новое литературное обозрение, 2012.
12. Смола К., Уффельманн Д. Постколониальность постсоветских литератур: конструкции этнического / Новое литературное обозрение. 2017. № 2.
13. Тишков В. Конструирование чеченцев из этнографического мусора / Общество в вооруженном конфликте (этнография чеченской войны). М.: Наука. 2001.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ УЕЗІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қарағұл Б., 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: **Исмаилов С.С.**, т.ғ.к.
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында XIX ғасырдың екінші жартысымен салыстырғанда едәуір өзгерістер болды. Халықтың демографиялық өсуі мен құрамында да айтарлықтай өзгерістер болып өтті. Ғасыр басында Қазақстан аумағы алты облыстан тұрды. Орталығы Ташкент болған Түркістан генерал-губернаторларына Сырдария және Жетісу облыстары, орталығы Омбы қаласы болған Дала генерал-губернаторлығына Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары енді. Бөкей Ордасының аумағы Астрахань губерниясына, Маңғыстау Закаспий облысына қарады.

Патша өкіметі өзінің ең қиын түйінді мәселелерінің бірі аграрлық саясатын орталық губерниялардан Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы шешуге тырысты. Қазақтардың артық, бос жерлерін алу деген сылтаумен патша өкіметі олардың ғасырлар бойы көшіп қонған жерлерін, ата қоныстарын, жайылымдарын басып алды. Бұл жағдай, әсіресе XX ғасырдың басында әлдеқайда күшейе түсті.

XIX ғасырдың соңғы он жылдығы мен XX ғасырдың басында Қазақстан шаруашылығының бүкілресейлік жүйеге енуі күшейе түсті. Өлкенің табиғи байлықтарын тағылықпен тонау, халықтың отарлық езгіге ұшырауы және әлеуметтік қайшылықтар

тереңдей түсті. Экономикалық өмірдегі жаңа құбылыс қазақ өлкесіне сыртқы капиталдың енуі болды. Сыртқы капитал, әсіресе, өндірістің шикізат азық-түлік өнімдерін елдің орталық аудандарына әкетуге мүмкіндік беретін салаларына көбірек жұмсалды.

Орыс және шетел капиталы негізінен тау-кен өнеркәсібіне салынды. Қазақстанның кең байтақ аумағы, табиғи байлықтарының молдығы, арзан жұмыс күші, темір жол салу мүмкіндігі және тағы басқалар капитал салуға өте қолайлы еді. Сондықтан да ірі империалистік мемлекеттерге қарызға белшесінен батқан патша өкіметі Қазақстанға шетел капиталының еркін енуіне мүмкіндік берді. Шетел капиталы негізінен пайда көбірек түсетін тау-кен өнекәсібіне ұмтылды. Оларды әсіресе түсті металл, алтын, көмір, мұнай салалары көбірек қызықтырды.

Түсті металл, көмір, мұнай, кен орындары шетел кәсіпкерлеріне арзан бағаға сатылды. 1896 жылы Зырян кен орны француз кәсіпкерлеріне берілді. 1904 жылы Австрия князі Тури-Такма Алтай кен орнын пайдалануға алды. Успен мыс кеншісі мен Спасск мыс балқыту зауыты француздарға, Риддер қорғасын кеншісі американдықтарға пайдалануға берілді. Сонымен бірге ағылшындар, немістер, шведтер де Қазақстанның ер байлығынан үлес алудан қалыспады. Қостанай уезінде түсті металл, көмір кендері зерттелді.

XX ғасырдың бас кезіндегі тау-кен өнеркәсібінің басты салаларының бірі мыс және алтын өндіру болды. Қарағандыда, Екібастұзда, Саранда көмір кен орындары жұмыс істеді. Қазақстанның батыс және солтүстік-шығысаймақтарында жұмыс істеген тұз өндіру кәсіпшіліктерінің маңызы зор болды. Тұз жергілікті рынокпен қатар сыртқа шығару үшін де өндірілді. Қостанай өлкесінде Орқаш, Ебелей көлдерінде тұз өндірілді. С.Бобылев көпестің өз өндірісі болды. Қазақтарды мерзімдік жұмысқа пайдаланып, С.Бобылев тұзды сырт жақтарға саудаға шығарып, қазақтардың қздеріне тұзды бір пұты 4-5 сомға сатып отырды [1].

Дегенмен, XX ғасырдың бас кезінде өлке өнеркәсібінде ауыл шаруашылық шикізаттарын өңдейтін былғары жасау, сабын қайнату, май шайқау, арақ-шарап жасайтын және тағы басқа кәсіпорындар басым болды. Оңтүстік Қазақстанда мақта тазарту өнеркәсібі дамыды. Бұл кезде Шымкентте төрт, Түркістанда екі мақта тазартатын зауыт жұмыс істейді.

Өлкедегі жұмысшылар саны 1913 жылы 75 мыңға дейін жетті. Оның 20 мыңы ірі кәсіпорындарда жұмыс істеді. Барлық жұмысшылардың 60-70 % қазақтар болды, алтын өндіру, тұз шығару кәсіпорындары мен шахталар және кен орындарындағы олардың үлес салмағы 90 % дейін жетті. Теміржол және су транспортында 25 мыңнан астам адам жұмыс істесе, олардың 20 % қазақтар құрады. Қазақтар негізінен ауыр және лас жұмыстарды атқарды. Жоғары біліктілікті қажет ететін арнайы мамандықтарға қазақтар жіберілмейді. Бұндай мамандықтар негізінен орыстарға тапсырылады.

Жұмысшылардың, әсіресе, қазақ жұмысшыларының жағдайы өте ауыр болды. Жұмыс уақыты 14-16 сағатқа дейін созылды және қауіпсіздік ережелері сақталына бермеді. Жұмыс орнында жұмысшылардың мертігуі және қаза болуы көбірек ұшырасты. Жұмысшылар жалақысы Ресейдің орталық аудандарына қарағанда 3-4 есе кем төленді. Сонымен бірге, жалақаның бір бөлігі азық-түлікпен және тауарлармен берген кезде алдаумен және кем есептеуден одан сайын кеміп отырды.

Кейбір кәсіпорындарда тендей жұмыс атқарғандарға қарамастан, қазақ жұмысшыларына орыстарға қарағанда жалақы әлдеқайда аз төленді. Құрастырмалы лашықтарда, зауыт барақтарында тұрған жұмысшылардың көпшілігінң тұрғын үйлері, баспанасы болмады. Дәрігерлік көмектің жоқтығынан және санитарлық-тазалық жағдайының сақталмауынан жұмысшылар мен олардың отбасыларында жұқпалы аурулар жиі ұшырасып тұрды.

Ресей мемлекетінің осал және қайшылығы мол тұстарының бірі аграрлық мәселе еді. 1861 жылғы реформа жер мәселесін түпкілікті шеше алмады. Помещиктің жер иелену жойылмады, жерсіз шаруалардың саны жылдан жылға арта түсті. Шаруалар наразылығы ментолқулары патша өкіметін үнемі алаңдатуда болды. Сондықтан да патша өкіметі жер мәселесін Сібір мен Қазақстандағы отарлық саясаты арқылы шешуге тырысты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығында орталық губерниялардан Қазақстанға қоныс аударушылар легі көбейе түсті. 1901 жылы патша өкіметі қазына жерлерінен жеке тұлғаларға жер бөліп беру туралы заң қабылданды. 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша бүкіл қазақ елінің жері де мемлекеттік меншік болып жарияланған еді. 1904 жылы Ресейдің орталық аудандарынан шеткері аймақтарға қоныс аударатын шаруалар ісін басқаратын қоныс аудару басқармасы құрылды. Жаңадан құрылған қоныс аудару басқармасының басты міндеті қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып қоныс аудару қорына аудару арқылы келімсек шаруаларға бөліп беру еді.

XX ғасырдың алғағқы жылдарында қазақтарды ғасырлар бойы қоныстанған жерлерінен, жайылымдарынан ығыстыру саясаты жаңа белсенділікпен жүргізіле бастады. 1870 жылдан 1906 жылға дейін Ресейдің орталық аудандарынан Қазақстанға қоныс аударғандардың саны 521 мың адам болса, 1907 жылдан 1914 жылға дейін, яғни тоғыз жылдан қоныс аударғандар саны 714 мың адамға жетті. Патша өкіметі қазақ жерлерін жеделдетіп отарлауға ерекше мән берді. Үкімет жерге орналастыру және егіншілік туралы бас басқармада қазақ даласын отарлауды тездетудің әдістері мен мүмкіндіктерін үнемі талқылап отырды[2].

1905-1907 жылдардағы орыс революциясының басты міндеттерінің бірі аграрлық мәселе болатын. Жеңіліске ұшыраған орыс революциясы бұл мәселені түпкілікті шеше алмады. Сондықтан да, патша өкіметі бұл мәселені реформа жасау арқылы шешуге ұмытылды. Помещиктік жер иеленуді сақтай отырып, аграрлық мәселедегі дағдарыстың есептерін жою мақсатында Ресейдің ауыл шаруашылығы министрі Столыпиннің аграрлық реформасы қабылданды.

Столыпин реформасы селолық қауымды ыдыратуға және патша өкіметінің деревнядағы тірегі болып табылатын жаңа қауым-кулактарды қалыптастыруға бағытталды. Помещиктік жер иеленудің мұртын да бұзбай бұл шараны жүзеге асыру үшін жаңа жерлер қажет болды. Сондықтан да Столыпин реформасын жүзеге асыру үшін қазақ өлкесіне орыс және украин шаруаларының қоныс аударуының жаңа толқыны басталды.

1906 жылдан 1913 жылға дейін Ақмола, Торғай, Орал, Семей облыстарына 430 мың шаруашылық қоныстанды. Столыпиннің аграрлық саясаты орталық аудандарындағы шаруалар толқуын болдырмауды және шығыс аудандарға әсіресе, Қазақстанға қоныс аударған шаруалар арасынан өзінің жер саясатын және отарлық мүддесін одан әрі тереңдету үшін кулак топтары арқылы тірек табуды да ойлады. 1917 жылға қазан төңкерісінің қарсаңында Қазақстанда жергілікті халықтан тартып алынған жалпы жер көлемі 45 млн. десятинадан асты. Патша өкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде қазақ шаруаларының күйзелісі мен отарлық езгі саясатының нәтижесінде қазақ шаруаларының күйзелісі мен отарлық езгі бұрынғыдан да күшейіп, жер мәселесінің дағдарысы тереңдей түсті.

1904 жылы Қостанай уезінде жаппай экспедициялық зерттей жүргізілді. 14190 қоныс аударған шаруашылық анықталды, оның 13342 поселкелерде орналасқан, ал 848 хуторларда мекендеген еді. Қоныс аудару партиясы материалдарының деректері бойынша 1905 жылдың 1 қаңтарына қарай жоғарыда аталғандардың 11000 жанұясы өкімет басшыларының рұқсаты бойынша, ал қалған 2342 шаруашылық өз еркімен келіп орналасқан болды. Сол деректер бойынша тек 1906 жылы өзінде 999 жанұя, ал 1907 жылы- 1178 жанұя келіп орналасты. Бұл

деректерге өз еркімен келіп орналасқан жаңұя қосылмаған, бірақ олар уезге келгендердің 30% құрастырғанын білеміз [3, 190-б]

Ішкі істер министрлігі 1902 жылдың 5 қазанында шаруалар мекендеген жер иеліктерінде шаруа қожалықтарын құру жөнінде бұйрық шығарды. Осы бұйрық бойынша Торғай облысында, соның ішінде Қостанай уезінде де шаруалар бастығы институты (лауазымы) енгізілді.

Министр жарлығы бойынша уезде 4 шаруа жер иеліктері құрылып, оларға бастықтар тағайындалды.

І-ші шаруа жер иелігі (бастығы Лихачев, Қостанай қаласында тұрды) келесі болыстардан құрылды: Арақарағай, Обаған, Боровской, Александровский, Затобольский (44000 адам);

ІІ-ші жер иелік – (бастығы уезден шет мекенде, Троицкіде тұрды) құрамында Сарной, Шұбар, Кенарал, Мендіқара, Қарабалық болыстары болды (41000 адам);

ІІІ-ші жер иелік (бастығы п.Семиозерный тұрды) құрамында Аманқарағай, Дамбар, Аят, Бестөбе, Семиозер болыстары болды (33000 адам);

ІV-ші жер иелік (бастығы Харченко уезден шет аймақта Орск қаласында тұрды) құрамына Жетіғара, Құмақ, Жылқуар, Сүйіндік болыстары кірді. Сонымен қатар Қостанай уезі 6 (алты) аудан- аймақтарға бөлінді. Оларды құру барысында тарихи-табиғи жағдай ескерілсе, сонымен қатар 75-100 шақырым көлемді аймақ және 5-7 мың адам сыйымдылығы да айқындалып ескерілді. Аудан- аймақтардың басшылығы Қостанай қаласында мекендеді. [3, 191-б.].

Болыстарды құру барысында көптеген қайшылықтар туындап отырды. Әсіресе болыстардың орталығын таңдау барысында, орталықтың экономикалық жағдайы мен оның сырт қалпы ескерілді, ал ондай жағдай «ескі», яғни бұрын келі орналасқан келімсектер поселкелерінде болған. Соның салдарынан Чернигов земства қызметкері А.Свечиннің айтқанындай жаңа поселкелер «ескі» селолардың «құлы, салықшысы» болғысы келмеді.

Аудан-аймақтарды игеру бірнеше кезең өтті, кейбіреулерінде тек зерттеу жүргізілсе, басқаларында жерді бөлу және иелікке беру қоныс аударушыларды орналастырумен ұштасып жатты, ал үшіншілерде тек қана келімсектерді орналастыру белгіленіп отырды. В.Купчновтың пікірі бойынша аудан-аймақ «міндетті түрде қоныс аударушымен байланысты: ол қоныс аудару ісінде маңызды өміршеңдік байланыс жүйесі болып табылады»[3, 195-196-бб.].

Қонысаударушы шаруалар мен қазақ шаруаларының бой көрсетулерін басып-жаныштау үшін гарнизондардан қазақтардың жазалау отрядтары жіберілді. Мәселен, 1909 жылдың сәуірінде телеграф арқылы сұрау салу бойынша Пермьнен Қостанайға патша өкіметінің қоныс аудару саясатына қарсы шыққан қазақтардың наразылығын басып тұншықтыру үшін қазақтар жүздігі жіберілді [2, 623-б.]

Реформаны жүргізудің алғашқы жылдарында Ресейдің еуропалық бөлігі шаруаларының бірқатары өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуға деген үміттерін Қазақстанға көшумен байланыстырғаны көрінеді. Қоныс аударушылар санының қысқаруы реформаның сәтсіз қортындысын көрсетеді. Қоныс аударушылардың едәуір кері қайтуы да нақ осы білдіреді. Мәселен, 1906-1915 жылдарда жыл сайын қоныс аударушылардың 20%-ынан 34%-ына дейін кері қайтып кеткен.

П.А.Столыпин реформасының бірі де сәтсіздікке ұшырады. Елде фермерлік шаруашылықты дамыту туралы ой дұрыс айтылған болатын. Бірақ Қазақстан жағдайларында, игерілмеген жерлерде шаруалар арасында, керісінше, тірі қалу кепілі ретінде қауымдардың рөлі арта түсті.

Қазақ халқының жаппай жерсіз қалуы, қайыршылануы және соның салдары ретінде әлеуметтік шиеленістің өсуі реформаның күйініште қорытындысы болды. Қарсылықтың стихиялық көріністері қожайындарды, өкімет өкілдерін соққыға жығудан, салықтар төлеуден бас тартудан, малды айдап әкетуден, егістіктерді аптаудан және басқаларынан көрінді. Ежелгі жерінен айырылған байырғы тұрғындар өз құқықтарын заңды әдістермен-өтініштер беру арқылы қорғауға тырысты, оларды көп мөлшерде мұрағат қорларында кездестіруге болады. 1913 жылдың қаңтарында Есімболат Досбаев пен Ғали Оспанов өз ауылының атынан Торғай-Орал ауданы қоныс аудару ісінің меңгерушісіне «Шыңғырлау болысының № 4 ауылы қырғыздарының ең жақсы шұрайлы жерлері қоныс аудару қорына тартып алынды, ал бізге жарамсыз жерлер ғана қалдырылды» деп шағым жасап, учаскелер кесіп беруді сұрады. Іс жүзінде қалған өтініштер сияқты, бұл өтінішке де бас тартылған жауап қайтарылды [2, 590-б.].

Қорыта келгенде, жер пайдалану үшін қоныс аударушылар мен қазақтар арасында да, жергілікті халық арасында да даулар мен қақтығыстар пайда болды. Мәселен, Белоярск және Каменск поселкелерінің шаруалары Қостанай уезінің Кенарал болысы қазақтарының жерлеріне өз бетімен қоныстанып алып, бастапқыда олардан жерді жалға алды, ал сонан соң 1905-1907 жылдар кезеңінде Ресейде шаруалардың жерді басы алуы жөнінде естіп, жергілікті тұрғындардан өздері ұнатқан учаскелерді күштеп басып алуға тырысты. Олар Луганск поселкесі қазақтарының жерлеріне де осындай ниетте болды. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру үшін олар Ресейден әлі де бір «өте батыл адамдардың» келуін күтті.

Жерін тартып алып қысым көрсету және дәстүрлі көшу жолдарынан айыру көшпелі халық арасында да толып жатқан жанжалдар туғызды. Олар көбінесе қайғылы аяқталып отырды, мысалы, 1907 жылы Торғай облысының Ырғыз уезінде солай болды, онда күзеу ретінде пайдаланылатын Қаракөл алқабы үшін даудың салдарынан екі адам қаза тапты.

Қазақстан қалалары отырықшы және көшпелі халықтың тұрақты өзара байланыс орталықтары бола отырып және әлбетте, айналасындағы ауылдық өмірге әсер етіп, малмен тікелей сауда жасаудың және осы тірі тауарды сыртқа шығарудың, дұрысырақ айтқанда, шектес аудандарға жіберудің объективті түрде орталықтарына айналды. Мұндай орталық ретінде Қостанай қаласын айтуға болды қалада сатып алынған мал мен шикізат Камышин, Шадрин, Троицкий, Исецкий, Орал, Орск уездеріне, Екатеринбург губерниясына, Мәскеуге, Қазанға, Ревелге, Берлинге, Венаға жіберіп отырды [4].

Өмір біртіндеп өз дегенін істеді және жекелеген уездер жөнінде кешегі көшпелілердің егіншіктегі табыстары айтарлықтай болды: мысалы, 1897-1901 жылдар ішінде қазақтардың пайдаланған жері Қостанай уезінде -84490 бесятина болған. Әрине, егіншілік үшін қолайлы мүмкіндіктері бар уездерде табиғи-географиялық жағдайлар кең жол ашып берді. Мысалы, Торғай облысына қатысты, егіс алқабының мөлшері бір ғана Қостанай уезінде «түгелдей дерлік» егіншілікке байланысты болды: 217749 десятинадан, яғни қазақтардың өңдейтін жері жалпы алаңның 97 пайызына жуығы келді [5, 47-б.]

1904 жылы құрылған Қоныс аудару басқармасы қазақтардың жерін тартып алып, қоныс аудару жер қорын осылайша толықтырды. 1899 жылдан 1902 жылға дейін Қостанай уезінде 98 қоныс аудару учаскелер құрылып, оларда 91 700 ерлер тіркелгені ресми тұрғында бекітілген еді. Айта кету қажет, Қостанай уезі кірген Торғай облысы қоныс аударушыларды орналастыру үшін ресми түрде тек 1904 жылы ғана ашылған еді және Торғай облысының екі уезінде (Қостанай және Ақтөбе) ғана қоныс аударушылар басымырақ болды.

1907 жылы Қостанай уезіне 64600 адам, 1908 жылы- 11900 адам, 1909 жылы-18300 адам, 1910 жылы- 34100 адам, 1911 жылы-44000 адам, 1912 жылы-10500 адам қоныс аударды. Неюәрі 6 жыл ішінде- 183300 адам келген екен. Бұл оқиғалардың салдары ретінде аймақтағы әлеуметтік-демографикалық жағдайдың өзгерісін айқындаймыз. Орыстар мен

укараиндердің халықтың арасындағы үлес салмаңы көбейді. Мысалы, 1917 жылы Қостанай уезінде 80100 орыс (21,2 %), 126900 украиндер (33,53 %), 133900 қазақтар (35,1 %) тұрып жатты. Айта кетерлік жағдай, 1897 жылы Қостанай уезіндегі халықтың арасындағы қазақтардың үлес салмағы 77 % болғандығын айқындай отырып, небәрі он ішінде үлкен өзгеріс болғандығын айғақтаймыз [6].

Алайда егіс алқаптарының көлемі- уездердегі егіншілік дамуы деңгейінің айқындаушы факторы бола алмайды. Мәселен, Торғай облысының уездері бойынша қазақ және орыс отбасыларының жеке қожалықтарына қатысты орташа деректерді салыстырар болсақ, жер қоры едәуір ауқымды болған автономдық тұрғындар қоныстаушы отбасыларынан едәуір кем түсіп отырған: 1900 жылы орыс егістіктерінде пұт есебімен алғанда 184451 пұт дәнді дақыл, қазақтарда- 371297 пұт себілген және орыс халқының бір отбасына орта есеппен 30,3 пұт дәнді дақыл егілген, ал қазақтарда ол 5,3 пұт[7].

Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторларының құрамдас бөлігі жәрмеңкелер болды. XX ғасырдың басында олар көшпелілер мен отырықшылар арасындағы делдалдық міндеттері жүзеге асырды. Жәрменкелік сауданың тұрақтылығын немен түсіндіруге болады. Ең алдымен рынокты малмен қамтамасыз етуші-қазақтар мен малмен сауда жасаушылар арасында неғұрлым тұрақты сауда байланыстарын орнатуға кедергі жасаған қатынас жолдарының жеткілікті дамытылмауымен түсіндіруге болады; екіншіден, бұл- жәрмеңке саудасының қалыптасқан дәстүрлері талаптарымен көшпелілердің жеткілікті түрде таныс болуымен; үшіншіден, сол кездегі статистикада атап өтілгеніндей даладағы байырғы мекендеушілердің көшпелі тұрмыс-салтымен түсіндіріледі; төртіншіден, жәрмеңкеде көшпелі халыққа өте қажетті күнделікті тұтынатын тауарларды сатып алуға болатын еді.

Жәрмеңкеге көпестер әкелетін тауарлардың сипатын зерттегенде сауда жасалатын заттарды мынадай санаттарға бөлуге болады; мал, шикізат, жергілікті жерде өңделген мал «өнімдері-тері, қой терісі, жүн, қыл, киіз және т.б.»; еуропалық үлгідегі тауарлар-ағаш ыдыстар, ұн, шай, қант, балауыз, сабын, фарфор және темір бұйымдар; азиялық тауарлар-шапандар, кілемдер, жібек және мақта маталар, ер-тұрман әбзелдері, кептірілген жемістер.

Жәрмеңкелердің жұмыс істеу уақыты туралы айтқанда, олардың қызметінің іс жүзінде басталуы мен аяқталуының әрдайым сәйкес келуі сирек кездесетінін ескеру керек, ол толып жатқан факторларға және негізінен алғанда малдың қысты қандай жағдайларда өткізгеніне және қыстаудан кейін қолданып үлгіруіне байланысты болды.

П.Хворостанский «Қазақ шаруашылығына отарлаудың әсері» атты кітапбында келесі деректер келтірілді: «Қостанай уезінінің Арақарағай болысындағы қазақтар басқаларға қарағанда жиі шағымданды, өйткені 1898 жылдың өзінде егін шаруашылығы бар 72 % қоныс аудару учаскелеріне тәркіленсе, 1905 жылы 94,4 % жетіп, әрбіршаруашылыққа 8,5 десятина бұйырды». Осы кітапта Қостанай уезі бойынша 100 адамға келетін дәнді-дақылдар көлемдері белгіленді [8, 50-б.].

% дән-дақыл егетін шаруашылық		Бидай десятинасы		Тары десятинасы	
1898-1899 жж	1909-1910 жж	1898-1899 жж	1909-1910 жж	1898-1899 жж	1909-1910 жж
78	87,6	34	64	8	23

1912 жылы Қостанай уезінде 129 ауыл және 228 село болған және оларда 148958 көшпелі мен 212822 отырықшы халық өмір сүрді. Қостанай қаласында 28299 адам тұрды. Қостанай және Торғай уездерінде осы жылы 73782 шаруа қожалықтаы болды, олардың 60 % мал шаруашылығымен айналысқан көшпелілер болды.

1912 жылы Қостанай уезінің егін алқабының көлемі 296,8 мың гектар еді, оның 234,1 мың га отырықшы халық, ал 61,7 мың га көшпелі халық игерді. 222 мың га жерде бидай өсіріліп, қалғанына басқа дән-дақыл өсірілді.

1911 және 1912 жылдары егін салуға жайсыз жылдарда болғандығын ескерсек, Қостанай Ақтөбе уездерінде 1912 жылы жарық көрген № 21 «Верхнеуральский вестник» келесі деректерді жазған еді: «Қостанай және Ақтөбе уездерінде орын алған құрғақшылықтың арқасында астық шықпай қалып, отырықшы халықпен бірге көшпелі қазақ жұртта азап шегуде, өйткені қосымша егіншілікпен оларда айналысуда. Екі уез бойынша 113072 жан адамы бар 23700 түтін иесі зардап шекті. Басқаша айтқанда, аштық осы уездерде жаппай орын алған.

Өнеркәсіп саласына келсек, негізін ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін салалары дамып, шикізат орындары ғана кеңінен дамыған. 1912 жылы Торғай облысында 569 өнеркәсіп орындары болды, оның 80 % диірмендер, ал қалғандары тері илейтін, жүн және т.б. шикізат өңдейтін өнеркәсіп орталықтары болды. Мұнда небәрі 839 жұмысшы болды, бір кәсіпорынға 1,5 жұмысшы есебінен келген. Әрбір кәсіпорын 472 сомға жетерлік өнім өндірген. Бір сөзбен айтқанда төмен деңгейдегі өнеркәсіп.

Қостанай уезінде «Ресей» атты Оңтүстік- Орал серіктестігі қазіргі Жетіғара ауданында алтын өндірді, ал Орқаш, Әбелей көлдерінде троицк көпесі өз кәсіпорынын ашып, мол өнім алып отырды. Алтын өндіру кәсіпорында 191 жұмысшы қызмет атқарды, олар сырттан жалданды. Ал тұз кәсіпорында көбінесе мерзімдік жұмысшылар тартылды. Сонымен, Қостанай уезінде өндірістің даму қарқыны баяу болды.

Революцияға дейінгі Қостанайда қолөнершілер тобы көп болғандығы жөнінде архив деректері мәлімдеді, әсіресе құрылысшылар көп болған екен. 1912 жылғы дерек бойынша Қостанайда 170 ағаш ұстасы, 75 арамен кесушілер, 56 столяр, 36 айна ұстасы, 20 кірпішші, 16 сылақшы, 35 пеш ұстасы болған екен. Тігіншілер, етікшілер, пима жасаушылардың өнімі үнемі сұранысы жоғары болған. Әдетте, жанұямен жұмыс істеген, ал байығандар жұмысшы жалдаған. Қаланың ең көп халқы-мещандар еді, олар бүкіл қала халқының 2/3 болған. Олар азды-көпті саудамен айналысып, егін салды, үй кәсіпшілігімен айналысты.

XX ғасырдың басында жәрмеңке жақсы дамыды тек Қостанай уезінің өзінде бір жылда 2-7 күндей өтетін 140 жәрмеңке өтеді екен. Тек 1913 жылдың өзінде Торғай облысының төрт негізгі жәрмеңкесінде мал өнімдерін 2,9 млн. сомға, ал тірідей малды- 4,8 млн.сомға, сонымен қатар егін өнімдерін- 5,9 млн.сомға сатылған екен. Мал мен ет өнімдері Мәскеу мен Петербургке іш майы (сало)- Ревель мен Владимирге, ішек-қарындар Берлин мен Венаға дейін жіберілген. XX ғасырда алғашқы он жылдың ішінде малдың өзі 14 млн.сомға сыртқа сатылды. Ал астық өнімдері Ресей губерниялары мен шет елдерге жіберіліп отырды.

Тұрақты сауда Қостанайда Боровое, Семиозерное, Денисовка поселкелерде болған. 1914 жылдың басында уезде 917 тұрақты сауда орындары болды. Қостанайдағы Яушевтер мен Стахеевтердің ірі «пассаждарын» есептемегенде, басқалары кішігірім сауда нүктелері еді. Осы сауда орталықтардың 125 сыраханалар мен трактирлер еді[9].

Сонымен, Қостанай уезінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі сан-салалы болды. Аграрлық мәселелердің шиеленісуі қоныс аудару процесінің үрдісі қазақтардың шаруашылығын өзгеріске ұшыратты. Қолайлы географиялық аймақ, пайдалы қазбалары, сауда-саттықтың дамуы Ресейдің ішкі аймақтарының маңызды экономикалық орталығына айналдырды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Обзоры Тургайской области. 1912 ж. Ведомость.- Оренбург, 1913
2. Қазақстан тарихы.- Алматы, 2003, 152-153-б

3. Костанайская область: прошлое и настоящее. – Костанай, 2003, 190-б
4. Қосымбаев Ж.Қ. О торговых взаимосвязах городов северо-восточного Казахстана с русскими крестьянскими селениями и казахским аулам /60-90-е годы XIX в/ XXIV съезд КПСС и проблемы аграрной истории СССР.- Уфа, 1984, 313-б
5. Район железной дороги: Петропавловск- Спасский завод в экономическом отношении,- СПб., 1913, 47-бү
6. Костанайская область, Энциклопедия.- 45-б
7. Тургайские областные ведомости. 18,28. IV 1901, Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последний трети XIX- начала XX веков.- А., 1963.
8. Черныш П.М. Очерки истории Кустанайской области.- Кустанай, 1995. 50-б
9. Полферов Я.Я. Земледелие в Тургайской области.- Оренбург, 1896. 10-12-б

УДК 947

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРДІҢ РӨЛІ

Қожабаев А.Е.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты

Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Семей облысының коммерциялық өмірінде жәрмеңкелер ерекше орын алды. Жәрмеңкелердің аздап кездесуі жол торабтарының жеткіліксіздігі, сонымен қатар халықтың көп бөлігінің көшпенді өмір сүруіне байланысты болды. Бұл жәрмеңкелер әдетте керуендік жолдарда және даланың әртүрлі шеткі бөліктерінен жиналған жазғы жайылымдарда орналасты. Жәрмеңкелік сауданың дамуына сонымен қатар Ресейдің орталық аймақтарының малшаруашылық шикізатта өсіп жатқан қажеттілік көмектесті. Жәрмеңкелер Ресейден қырдың терең жерлеріне тауарларды жіберетін пункттер ретінде үлкен маңызға ие болды. Сауданың бұл түрінің дамуына тағы бір маңызды жағдай көмектесті - бұл Ертіс өңірінің территориясы бойынша мал айдайтын жолдардың өтуі болды. Ең бастысы жәрмеңкелер алыс сапарларсыз қалалық және ауылдық халыққа жергілікті өндірістің өнімдерін сатуға және қажет нәрселердің барлығын арзан сатып алуға мүмкіндік берді. Егер болыстық саудагер қымбатқа сатқан жағдайда шепке өз тауарын сату үшін бару керек емес еді немесе өтіп жатқан керуенге көтерме сатып алуды жасау үшін бару керек емес еді, себебі оның жанында жаңа нарық ашылды. Бұнда ол сатып алмаса да, қазіргі жағдайдағы тауардың бағасын біле отырып, болыстық саудагерімен айырбас жасап, жаңсаққа түспейтін [1, с.24].

Жәрмеңкелік сауда ұзақ уақыт бойы XIX ғасырдың екінші жартысында өлкенің шеткі аймақтарында сақталып айырбас сипатқа ие болды. Қазақтар «сатын қой» деп, ал орыстар «сатовка» деп атайтын ақшасыз сауда және онда 1 жылдық қой жалпы эквивалент рөлін атқаратын сауда XIX ғасырдың I жартысында Ертіс шебінің бүкіл жерінде кең тарады. «Сатовка» барысында тауарды несиеге 1-4 жылға және одан да көпке берді. «Сатовкаларды» жасауға тек сұлтандар, бай қазақтар және кейбір беделді билер жасай алды [1, с.25].

Уақыт өткеннен кейін бұндай айырбас сауданың маңызы құлады, оның орнына жәрмеңкелік сауда дамыды. Жәрмеңкелерде әртүрлі тауарларды кездестіруге болады. Негізінен жәрмеңкелерге болыстардан өткен кезде сатылмаған транзиттік тауардың қалғаны түсті. Жәрмеңкелік айналымның 4/5 қазақ малшаруашылығының өнімдерне және 1/5 өндірістің өнімдеріне тиді. Тауарлық айналымдардың барлық жұмыс істеп жатқан жәрмеңкелерде бірдей болған жоқ. Олардың кейбіреулері жәрмеңке түрінде мәнге ие болса, басқалары керісінше, біртіндеп дамып және күшейіп, олардың бір ауданның шекараларын

басатын ықпалға ие болады. Ірі жәрмеңкелерге тек жергілікті саудагерлер ғана емес, сонымен қатар Ресей мен Орта Азияның ішкі губернияларының көпестері келді. Ертіс өңіріндегі бүкіл ірі жәрмеңкелердің іс-әрекеті Нижегородтықпен (15 маусымнан 10 қыркүйекке дейін) және Ірбіттік (25 қаңтардан басталды, 35 күн жалғасты) жәрмеңкелермен байланысты болды. Бізге белгілі, жылына 25-30 млн. рубль айналымы бар Ірбіт сияқты ірі жәрмеңкеде «Ірбіт Шапкан» деп аталған қазақтар да қатысты. Солтүстік-Шығыс Қазақстанда жұмыс істеген ірі жәрмеңкелердің айналымдары он млн.-дық руб. болды [2, с.49] .

Өлкелік жәрмеңкелердің қатарына Қарқаралы уезінің Қоянды ауылының маңындағы Ботов-Қоянды жәрмеңкесі жатты. Бұл Семей Ертіс өңірінің ең ірі жәрмеңкесі болды. Оның айналымдары әдетте 1,5 млн. руб. жетті, яғни облыс айналымының 4/5 құрады. Мұнда уақытша мемлекеттік банктің бөлімшесі ашылды, ортаазиялық және орыс саудагерлер мен мәскеулік фирмалардың өкілдері жиналды. Ялуторлық көпес В. Ботов Петропавлға қарағанда арзан бағамен малды сатып алып, бұл ауданда бірінші болып айырбас сауданы енгізген болатын [3, с.57].

Қоянды жәрмеңкесінің басты тауары мал болды. 25 мамырдан 25 маусымға дейін 1 айдың ішінде жыл сайын жарты млн-нан аса қойларды және 200 мыңға дейін ірі қара малды сатты. Қасымов пен Маманов сияқты байлар жыл сайын жәрмеңкеге 50 мыңнан -100 мыңға дейін мал басын әкелді. Малдан басқа бұл жәрмеңкеде 117,5 мың пұт былғарылар, 53 мың пұт қой терісі мен ешкі терісі, 110 мың пұт жүндер және 30 мың пұт басқа мал өнімдері сатып алынды. Ботовтың көрсетуінше жәрмеңкеде 200 мың мануфактура, 50 мың пұт шәй, 10 мың пұт былғары тауарлар, 100 мың пұт темір, азиаттық тауарлар 20 мың пұтты құрады. Жәрмеңке территориясында 300-ге жуық құрылыстар орналасты, ең маңызды объектісі 30-35 дүкеннен (лавка) тұратын құрылыс ошақтары. Мысалға, мұнда павлодарлық көпес Деровтың, Омбылық Козьмина, ағайынды Волковтардың, ағайынды Петропавлдық Акчуриндердің, Қарқаралық Халиұлы Бекметевтің, Семейлік – Кәрімованың дүкендері (лавка) орналасты. Жергілікті қазақтар болса өз бизнесін киіз үйлерді жәрмеңкеге келген саудагерлерге жалға берумен айналысты. Киіз үйлер Ақсары болысының қазақтарынан жалға алынды, олар өз монопольді жағдайын жасау үшін бағаларды көтеруден бастады. Ең арзан киіз үй 1 айға 3 руб., ал 4 керегелі асхана ретінде пайдалануға келетін киіз үй - 8-12 руб. Киіз үйге бағалардың өсуі кереге санына байланысты болды. Ең қымбат киіз үйлердің бағасы 25 руб. жетті.

Қоянды жәрмеңкесінің айналымдары жылдан жылға ұлғайды. Егер 1880 ж. олар 1368 мың. руб. құраса, онда 1913 ж. – 4953 мың руб. болды. Сауда айналымдары бойынша екінші орынды Семей облысында Қарамола маңында орналасқан Шар жәрмеңкесі алды. Бұл жәрмеңкеде сауданың басты тауары: мал және май өнімдері болды. Мұнда жергілікті тұрғындардан басқа Семей, Павлодар, Омбы және Бийск қалаларының саудагерлері мануфактуралық тауарларды әкеліп, қайтарда ірі қара малдарды сатып алды. Маңызы бойынша келесі жәрмеңкелер орын алды: Өскемен уезінде Алтай станциясындағы Никольская (154115 р.), Павлодар уезінің Песчаная станциясындағы Златоусовская (152470 р.), Семей уезінің Семияр станциясындағы Екатерининская (133440 р.), Павлодар уезінің Ямышев ауылында Спиридоновская (119400 р.). Қалған жәрмеңкелердің айналымдары 200-ден 57535 руб. дейін жетті [2, с.36] .

Көптеген орыстар және қазақтар шаруашылық өнімдерінің айырбасын жергілікті жәрмеңкелерде жүргізді, олар сонымен қатар казактық станицалар мен ауылдарда жүрді. Ертістің оң жағында Семейден 154 ½ верстте және Павлодардан 184 ½ верст жерде орналасқан Семиярлық станицалық қоныста, яғни бұл қалаларды біріктіретін пошта жолының ортасында 24 қараша мен 9 желтоқсан аралығында 130-170 рубль айналымы бар жәрмеңке өтеді. 2 жәрмеңкесі бар Мешіт сауда қонысы ірі нарықтық пункт болды. Бірінші

жәрмеңке көктемде мамыр айынан маусым айына дейін және қысқы қарашадан желтоқсанға дейін өтті. Бұдан бөлек Өскемен уезінде Ботинск станицасында тағы Рождественская жәрмеңкесі (25.12-нан 7.01-ға дейін) болды. Алтайск станицасы мен Большенарым станицасында (21.11-нан 4.12-ға дейін), Никольская жәрмеңкесі (6.12.-нан 20.12-ға дейін) өтті. Бұл жәрмеңкелердің барлығында үлкен көлемде мал және малшаруашылық өнімдері көп мөлшерде әртүрлі қалалардан келген саудагерлерге сатылды [3, с.75].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Семей облысында тау-кен өнеркәсібі дами бастады. Сондай-ақ, Александровский күміс балқыту зауытының (1849), Богославский (1857), Николаевский (1859) және Спасский мыс балқыту зауытының іске қосылуы дала саудасының дамуын жеделдетті.

1855-1862 жылдары Қазақстанда мал басының азаюына қарамастан, Қоянды жәрмеңкесінің сауда айналымы 1869 жылы жарты миллион рубльден асты.

Көрші елдермен сауданы дамыту мақсатында Патша үкіметінің қадамдары Қазақстандағы сауданың дамуына да әсер етті. Мысалы, Сібір желісіндегі салықтарды жою азиялық саудагерлерге өз тауарларын Сібірде куәліксіз сатуға мүмкіндік берді. Алдымен 1852 жылы бес жыл, содан кейін 1857 жылы 7 жылға дейін ұзартылды, осындай жеңілдіктер Қоянды жәрмеңкесінің дамуына әсер етті [4, с. 89] .

1869 жылы Семей губернаторлығының әскери губернаторы Полтарацкий мен Қарқаралы уезінің штабс-капитаны Тихонов Қояндығы ресми түрде жәрмеңке деп санауға бұйрық шығарды. 1868 жылы 12 қыркүйекте Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесі жыл сайын Қояндыда 15 мамырдан 15 шілдеге дейін жәрмеңке ұйымдастыруға шешім қабылдады. Жәрмеңке орыс көпесінің, оның негізін қалаушының құрметіне Ботов деп аталды. Қоянды жәрмеңкесі жыл сайын кеңейе түсті. Әр маусымда жәрмеңкеге әкелінген малдың саны өсті. Осыған байланысты 1871 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығымен жәрмеңкеде мал жаю үшін 55 шаршы шақырым бөлінді . Жәрмеңкенің бірнеше жылдық есептерін қарап, жергілікті тұрғындар тарапынан мал мен одан жасалған бұйымдар (терілер, қой жүні, ешкі жүні) және басқа да заттар сатылымға шығарылғанына көз жеткізуге болады. Мал шаруашылығы өнімдерінің маңыздылығы соншалық, жыл сайын тек 700 мыңнан 1 250 мың рубльге дейін мал әкелінді. Жәрмеңкенің 40-60 пайызын ірі қара, ешкі және қой иеленді. Екінші орынды мал шаруашылығы өнімдері, өңделмеген терілер, ешкі жүні, жылқы жалы айналымның 8-22 пайызын құрады [1, с.41].

Семей облысының сауда балансында маңызды орынды Петропавлск және Омск иеленді. Бұл қалалардың сауда орталықтары сияқты маңызы жайлы олардың теміржол станцияларының тауар айналымынан білуге болады. Кейбір ірі сауда фирмаларының филиалы Семейде болды, бұл жыл сайынғы стационарлы сауданы жүргізуге және фабрикалық-зауыттық өндірістің тауарларын - мақта-маталарын, металдан жасалған бұйымдарды және т.б. көп көлемде сатуға мүмкіндік берді. Тұрақты түрде саудагерлер арасында бәсекелестіктің дамуына байланысты, олар өз тауарын нарықтағы бағасынан 10 - 15 % арзан сатты. XX ғасырдың басында көпестік қала саудасына деген құштарлық өсе түсті, үлкен қоймалары және тауар түрлері бар әмбебап дүкендерін сала бастады. Бұндай сауда мекемелердің мысалы ретінде Павлодар қаласындағы Жексен Бекжігіттің, Өскемендегі Савва Семеновтың дүкендері бола алады [4, с.43].

Үлкен дүкендер, әдетте қала территориясы бойынша шашылған жоқ, керісінше орталық бөлікке жиналды. Дүкендердің ассортиментінде маталар және киім, шаруашылық тауарлар және ауылшаруашылық техника, зергерлік бұйымдар және жиһаз болды. Дүкендердің әмбебап сипаты халықтың қажеттіліктеріне жауап берді, сонымен қатар олардың қожайындарының бәсекелестік мүмкіндігін қамтамасыз етті. Ертіс өңірінің көп қалаларында «Зингер» компаниясының және мұнай өнімдерін сататын «Нобель»

Әрине, заң жүзінде малды сойып жеуге тосқауыл қойылғанмен де малдардың қырылу фактісі тоқтамады. Оларды тек сойып жеу ғана емес, ортақтастыру мақсатында айдап әкетіп, барған жерде оларды жем-шөппен қамтамасыз етпей, ақырында ортақтастырылған малдардың өзі аштықтан қырылған фактілер бар. Оған мысал ретінде Қарқаралы аудандық архиві құжатында «Хорошевск ауданы бойынша 60 ірі қара мал, 100 қой дайындалды, Союзмясо ұйымына 5 рет осы малдары алуы туралы өтініш еткенде олар бас тартты. Малдар өз салмағын жоғалтып жатыр. 5 бас мал аурудан өлді. Хорошевскіде Союзмясо үшін дайындалған тағы да 150 бас мал бар, одан да бас тартып отыр. Малдың қырылуы жалғасып жатыр. Малды азықтандыруға шөп те, қора да жоқ»- деген мәлімет келтіріледі [10,81].

Осындай ұжымдастырудың стихиялы түрде жүруі, ет дайындау науқандарының нәтижесінде 1930-1933 жылдар кезеңінде Қазақстанда мал шаруашылығы шығынның 90% -ға жуық зиян шеккен. Қазақстандық зерттеушілердің деректері бойынша ұжымдастыру кезеңінде мал саны 40,5 млн.мал басынан 4,5 млн. мал басына дейін қысқарған. Қазақ халқының негізгі күнкөріс көзі малдың қырылуы өз кезегінде қазақ халқының жаппай босып, қырылуына әкелген болатын.

Мал басының қысқаруы туралы мәліметтерге бірқатар тарихшылардың еңбектерінде салыстырмалы талдаулар жасалған. Соның ішінде Орталық Қазақстандағы көшпелі аумақтың бірі - Қарқаралы ауданындағы малдың түрлері бойынша шығын қаншалықты деңгейде болғанын түсінуге 1 кесте мүмкіндік береді [11, 212].

Кесте 1

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы мал басы саны 1928-1934 жж. (мың.бас)

Мал басы	1929 ж. 100%	1930 ж.	%	1931 ж.	%	1932 ж.	%	1933 ж.	%	1934 ж.	%
Жылқы	112,246	42,246	37,6	28,378	25,3	3,646	3,2	1,001	0,9	1,286	1,1
Өгіз	54,728	51,728	94,5	22,506	41,1	5,047	9,2	2,492	4,5	2,918	5,3

Түйе	2,609	2,603	99,7	1,877	71,9	0,312	11,9	0,074	2,8	0,124	4,7
Қой, ешкі	146,875	146,375	99,6	57,737	39,3	8,260	5,6	2,253	1,5	11,375	7,7
Барлығы	316,458	242,952	76,7	110,488	34,9	17,265	5,4	5,82	1,8	15,703	4,9

Кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында 1929 жылдан 1933 жылға дейін мал басы 54 есеге жуық азайған, егер мал түрлері бойынша қарайтын болсақ: жылқы - 112 есеге; ірі қара мал-22 есеге жуық; түйе - 35 есеге; қой - 65 есеге жуық азайған екен [12, 122]. Негізгі тіршілік көзі мен өмір салты мал шаруашылығына негізделген Қарқаралы ауданында мал басының осыншама деңгейде қысқаруының салдары жаппай аштық пен халықтың қырылуына алып келді.

Көп жағдайда архив құжаттары 1931-1933 жылдардағы Орталық Қазақстанда орын алған қайғылы оқиғаның, сонымен қатар аштыққа ұшыраған аудандардағы партиялық және әкімшілік ұйымдары өткізген іс-шаралардың түрлі жақтарын ашып көрсетеді.

Сонымен қорыта айтатын болсақ, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық мәселелері бойынша Қарағанды облыстық мемлекеттік архивы мен Қарақаралы аудандық мемлекеттік архивы қорларындағы құжаттар осы тарихи оқиғаны егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді. Демек, жоғарыда аталған архив қорлары мен істерін одан әрі анықтау, зерделеу және ғылыми айналымға енгізу Қазақстан аумағындағы оның ішіндегі Орталық Қазақстан аудандарындағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың өңірлік ерекшеліктерін неғұрлым егжей-тегжейлі талдауға, сондай-ақ осы апатқа қарсы күресте жергілікті партиялық және әкімшілік ұйымдардың қызметінің әдістері мен нысандарын сипаттауға ықпал етеді. Осы архив құжаттары бізге 1931-33 жылдардағы Орталық Қазақстан өңірін шарпыған ашаршылықтың себептері, барысы, зардаптарын жою амалдары бойынша жасалған шаралардың толыққанды картинасын береді деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Тоқаев Қ. К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. [Электронный ресурс] - Режим доступа:// https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat

2 ГАКО. Путеводитель. Ч. 1. – Караганда, 1998. – С. 165.

3 Страницы истории коллективизации Центрального Казахстана [Электронный ресурс] - Режим доступа:// https://cyberleninka.ru/article/n/stranitsy-istorii-kollektivizatsii-tsentralnogo-kazahstana

4 ГАКО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 92. Л. 26.

5 ГАКО. Ф. 76 Оп. 1 Д. 4. Л.170.

6 ГАКО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 92. Л. 26.

7 ГАКО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 92. Л. 32-35.

8 ГАКР. Ф.17. Оп. 4. Д. 3а. Л. 54.

9 ГАКО. Ф 98. Оп.1. Д. 3. Л. 52.

10 ГАКР. Ф 17. Оп. 4. Д. 3а. Л. 81.

11 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения(1928–1945 гг.) / И. Огайон. — Алма-Ата: Санат, 2009. — 368 с.

12 Сактаганова З.Г. «Ашаршылық - Великий джут» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к постановке проблемы//Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2021 – № 2 (102). – С. 117-128.

МАХМҰД ӘЛ-ҚАШҚАРИ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ НЕГІЗІНДЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ АУМАҚТЫҚ БӨЛІНУІ

Сыздық С.Қ., гуманитарлық ғылымдар магистрі
Астана қ. НЗМ, тарих мұғалімі

Түркі мемлекеттілігінің тарихын тануда ортағасырлық карталардың алатын орны зор. Бұл кезеңдегі карталар бүгінгі біз білетіндей нақты географиялық бейнені бере алмаса да, олар түркілердің ортағасырлық кезеңдегі саяси, мәдени және аумақтық аспектілері туралы құнды мәліметтер береді. Махмұд әл-Қашқари еңбегінің ажырамас бөлігі оның дөңгелек картасы болып табылады. IX-XI ғғ. араб географтарының карталарынан өзгешелігі географиялық және этнонимиялық объектілердің атауларын түркі тілінде беруі және түркілердің төл туындысы болуы. Осы ерекшеліктері оны Орталық және Орта Азияны, атап айтқанда осы аумақтағы түркі тайпалары туралы зерттеулер үшін құнды еңбектер қатарына қосады. Әлемнің дөңгелек пішінді картасын беру арқылы Махмұд әл-Қашқари өз кезеңіндегі түркілердің жайғасқан аймағы мен Шығыс Түркістандағы мұсылман иеліктерінің шекарасын көрсетеді. Автор мағлұматы түркі тайпаларының шекаралары мен ірі қалаларын көрсетіп, түркі әлемінің геосаяси динамикасы мен биліктің ауысуын талдауға мүмкіндік береді. Осы кезеңнің технологиялық және картографиялық шектеулеріне байланысты әл-Қашқари картасының дәлдігі мен көлемі жағынан шектеулер болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Дегенмен, олар түркі мемлекеттілігінің тарихи контексті мен динамикасына құнды түсінік береді.

Махмұд әл-Қашқаридың картасы еңбектің бізге жеткен нұсқасының 22-23 беттерінде орналасқан [1, 68-69 бб.]. Бұл нұсқа Савада туылып Шамда өмір сүрген Мухаммед ибн Аби Бакр ибн Аби-л-Фатхас-Савидың (кейін ад-Димашки) тарапынан көшірілген. Көшірме 1266 жылы 1 тамызда аяқталған. Бұл мәліметтер ад-Димашки көшірмесінің колофонында берілген. Бізге жеткен осы көшірме Түркия Республикасы Стамбул қаласында орналасқан Ұлттық қолжазба кітапханасының қорында сақтаулы. Бір том, 319 парақ, 638 беттен тұрады. Мәтін мен картаның жазу стилі бірдей. Картадағы жазбалар харакатсыз жазылған. Карта дөңгелек қалыпта сызылған. Картада сары түспен құмдар, қызыл түспен таулар, жасыл түспен теңіздер, көк түспен өзендер белгіленген. Қалалар мен елдер дөңгелекпен көрсетілген. Бағдарлар солдан оңға қарай дөңгелектің бойымен араб тілінде жазылған. Жоғарыда – шығыс, төменде – батыс, сол жағында – солтүстік, оң жағында – оңтүстік белгіленген. Түркі дүниетанымының белгісі ретінде бағдарлардың көрсетілуі ортағасырлық араб картография дәстүрінен ерекше болып табылады. Орхон жазбаларында да түркілер иелігінің шекарасы мен жорықтарын көрсеткенде бағдарлар осылай қойылған. Бұдан түркілік дүниетанымның сабақтастығын байқаймыз. Карта Орталық Азияда жасалған ең көне әрі жалғыз түркілік картографиялық ескерткіш болып табылады. Сонымен де құнды.

Картаға алғаш рет неміс шығыстанушысы Жозев Маркварт назар аударды. Оның ұсынысымен картаға Конрад Миллер зерттеу жұмысын жүргізді. Махмұд әл-Қашқаридың картасы алғаш рет сол қалпында «Қытайдың коммерциялық атласында» жарияланады. Кейін осы карта 1931 жылы «Mappae Arabica» сериясының бесінші томында Конрад Миллер және Генрих Ханслер тарапынан «Türkische Weltkarte von al-Kasc'hgari» деген атпен аз түсіндірмемен бірге жарық көреді. Әлемнің түркі картасын алғаш толыққанды зерттеген Германн Альберт болды. Ол 1935 жылы «Die Aelteste Türkische Weltkarte» деген мақаласын жазды [2, 101 б.].

Одан соң картаға қатысты талдау жасап, онда берілген географиялық нысандарды мәтінмен салыстырып, арасындағы айырмашылықтарды анықтап үлкен зерттеу жүргізген И.Умняков болды. Ол өзінің 1940 жылы жарияланған мақаласында картаға ортағасырлық түркі картографиясының құнды әрі жалғыз ескерткіші ретінде баға берді. Махмұд әл-Қашқари мәтінінде берілген тайпалардың картада толық көрсетілмеуі (солтүстік топтардан Йабаку мен қыргыз, оңтүстік топтардан жумул мен уйгур ғана көрсетілген) және де мәтінде бірнеше рет айтылған Румның белгіленбеуі салдарынан И.Умняков карта түспнұсқадан көшіруші тарапынан өзгертуге ұшыраған деп анықтады. Картада берілген нысандарды

мәтінмен салыстыра келе, И. Умняков Махмұд әл-Қашқари шығармасының мәтінімен қоса, картасы да қолжазбадан көшірілгендігін, және де көшіру барысында алынған және толықтырылған деген пікірге келді. Алайда оған қарамастан Махмұд әл-Қашқари картасы Орталық Азияда жасалған жеке картографиялық шығарма ретінде үлкен маңызға ие деп бағалады [3].

Картаға қатысты келесі бір жан-жақты талдау неміс ғалымы Андреас Каплониға тиесілі. Мәтін мен картадағы географиялық атауларды салыстыра келе, көшіруші тарапынан ақпараттың қосылғанын да, қалдырылғанын да нақтылайды. Сонымен қоса, араб географтарының еңбектерінен басты ерекшеліктерін де көрсетеді [4].

Әлемнің түркілік картасын зерттеу нәтижесінде ортағасырлық мұсылман картографиясында өзіндік орны бар екені анықталады. Себебі картаның жасалуы барысында араб, қытай, үнді картографиясының әсері өте қатты байқалмайды. Дегенмен Сейлондағы «Адамның шыңы» (Пик Адама) және «Зұл-Қарнайн қабырғасы», «Йаджудж және Маджудж елдері» көрсетілуінде араб географиялық әдебиетінің ықпалы көрінеді [3, 106-107 бб.]. Әл-Қашқаридың картасы ортағасырлық әлемді және оның географиясын түсінуге көмектеседі. Ол сол кезеңдегі белгілі әлемді, оның ішінде Таяу Шығыс, Орталық Азия, Үндістан, Қытай, Жапония және Еуропаның бөліктері сияқты аймақтарды бейнелейді. Бұл ақпараттар сол дәуірдің географиялық түсінігі мен алыс жерлер туралы білімінің көлемі туралы көрсетеді. Әлемнің түркі картасының батысында Андалусия, оңтүстік батысында өте қатты ыстықтан адамдар тұра алмайтын жер көрсетіледі. Оңтүстігі Эфиопия, шығысында Йажудж бен Мажудж, Жапония, солтүстігінде күннің суық болуына байланысты адамдар тұрмайтын жер ретінде белгіленген. Және де әлемнің әр тарапы теңіз суымен қоршалған. Міне, ортағасырлық түркі дүниесі үшін әлемнің географиялық бейнесі осылай болатын. Картаның жартысынан көп бөлігін түркілердің қоныстанған аумағы алып жатыр. Карта XI ғ. өмір сүрген мемлекеттердің аумағын көрсету арқылы ортағасырлық саяси ландшафтты ұсынады. Бұл осы кезеңдегі биліктің динамикасын, саяси шекараларды және әртүрлі басқарушы субъектілердің таралуын түсінуге көмектеседі. Бұл мәліметтер аймақтың саяси тарихын зерделеу үшін өте маңызды.

Карта дөңгелек қалыпта сызылған. Картада бағдарлар сағат тіліне кері ретпен солдан оңға қарай дөңгелектің бойына араб тілінде жазылған. Жоғарыда Шығыс, төменде – батыс, сол жағында – солтүстік, оң жағында – оңтүстік белгіленген. Түркі дүниетанымының белгісі ретінде бағдарлар орналасуының ерекшелігі бар. Бұл ортағасырлық араб картография дәстүрінен өзгеше. Түркілік дәстүр негізінде жоғарыда Шығыс орналасқан. Орхон жазбаларында да түркілер иелігінің шекарасы мен жорықтарын көрсеткенде бағдарлар осылай қойылған. Бұдан түркілік дүниетанымның сабақтастығын байқаймыз. Картада сары түспен құмдар, қызыл түспен таулар, жасыл түспен теңіздер, көк түспен өзендер белгіленген. Қалалар мен елдер дөңгелекпен көрсетілген.

Картада ерекше атап өтілетін жайт, алғаш рет әлемдік карта тарихында Жапонияның көрсетілуі болатын. Бұл факті де Махмұд әл-Қашқари картасының ортағасырлық түркі картографиясының мұрасы ретінде құнын арттырады. Картада Жабарка деген атаумен шығыста орналасқан, және де мәтінде Жабарканың тілі алыста орналасуына және Масинмен арасындағы Ұлы теңіздің кедергі болуына байланысты бізге белгісіз деген мәлімет берілген. Бізге жеткен нұсқадағы мәтін мен картаның жазу стилі бір болғандықтан, екеуінің де түпнұсқадан көшірме екені анық. Бірақ Махмұд әл-Қашғаридың өз жазбасы әлі күнге дейін табылмағандығынан көшіру барысында қаншалықты өзгерістер енгізілгенін дәл айту қиын. Әлемнің түркілік картасын зерттеу нәтижесінде ортағасырлық мұсылман картографиясында өзіндік орны бар екені анықталады. Себебі картаның жасалуы барысында араб, тіпті қытай, үнді картографиясының да әсері байқалмайтыны анық. Дегенмен Сейлондағы «Адамның

шыңы» (Пик Адама) және «Зұл-Қарнайн қабырғасы», «Йаджудж және Маджудж елдері» көрсетілуінде араб әдебиетінің ықпалы көрінеді.

Әл-Қашқаридың еңбекті жазудағы түпкі мақсаты барлық түркі тайпаларының тілін,, яғни барлық түркі диалектілерін біріктіру болып табылады. Ол еңбектегі барлық мысалдарды жаттап, ережелерді қолданған оқырман кез келген түркі тілін түсіне алатынын баса айтады. Сондықтан ережелерді түсінуге және оларды қолдануға шақырады. Ал белгілі бір тайпаның мүшелеріне жүгіну үшін оқырман тиісті сөздер мен сөз тіркестерін үйренуі керек, сондықтан әл-Қашқари толық ережелерді меңгеруді талап етеді. Осыған орай картадағы сары нүктелердің мақсаты – барлық түркі тілдерінің географиялық таралуын көрсету. Әл-Қашқари мәтіні мен картасы бір-біріне сәйкес келетін тілдік белгілердің таралуын көрсететін қазіргі диалект атласымен бірдей ақпаратты береді. Араб-мұсылман географтары сызбалық карталарында ислам әлемінің қалаларын жинақтаса, әл-Қашқари еңбегінде түркі тайпаларын басты назарға алған. Оның картасының басты мақсаты тілдік ерекшеліктердің таралуын көрсету, сол арқылы оқырман өзіне қажетті түркі диалектін оқи алады [4, 5 б.].

Еңбек мәліметтеріне сүйенсек, автор түркі әлемін Баласағұн маңына орналасқан Қарахан әулеті және Бағдад билеушілеріне жақын болып жүрген түркімендер мен оғыздар тілі деп тілдік негізде бөледі. Қарахандарды және олардың тілін (Хакан тілі) ең көркем деп көрсетеді де картаның орталығына Қарахандар әулетінің астанасы болған Баласағұн, Барсхан қалалары орналастырған. Алайда Баласағұн қаласының ортада орналасуы жердің орталығы деген мағынаны бермейді. Картаның негізгі мақсаты арабтардың түркі тілін меңгеруіне қолайлы болу үшін мұсылман түркілердің қоныстанған аймағымен көрсету болған. Кітап мазмұнына сәйкес бұл өлкелер түркі тайпаларының мекендеген ортасы болған. Карта түркілерге, онымен шекараласатын өлкелерге арналғандықтан Түркілердің мекені картаның орталығына орналасқан. Автор еңбегінде түркі тайпаларын тізіп жазғаннан соң, оларды дөңгелек картада көрсеткенін айтады [1, 70 б.].

Тау, шөл, өзен, көл мен тоғандардан Ислам аумағында орналасқандарын ғана келтірген. Өйткені олар өте жиі айтылады және танымал. Көпқұдайшылық аумақтардан тек кейбірін ғана атап өттім.

Сонымен қоса түркілердің шығу тегін көрсетеді. Және олардың жиырма тайпадан екенін атап өтеді. Тайпалардың үлкендеріне тоқталып, кішілерін қалдырамын. Тек қана оғыз-түрікмендердің бұтақтары мен малға салатын таңбасымен көрсетеді. Өйткені оны адамдар білуі қажет.

Әрбір түркі тайпасының орналасуын батыстан, Румнан Машрикқа дейін орналасқан пұтқа табынушы мен мұсылмандарын қоса белгілеп көрсетемін. Олар Бажанақ, сосын Кифжақ, Угуз, Йамақ, Башгирт, Йасмил, Кай, Йабаку, Татар, Киркиз. Соңғысы Синге жақын. Осы тайпалардың бәрі де Румнан шығысқа қарай созылып жатыр.

Арымен қарай, Жикил, Тухси, Йагма, Уграк, Жарук, Жумул, Уйгур, Таңут, Хитай – бұл Син, сосын Тавгаж – бұл Масин. Бұл тайпалар оңтүстік пен солтүстік арасында орналасқан. Олардың әрқайсысын осы дөңгелекте көрсеттім делінген. Бұл мәтіндегі алғаш карта туралы айтылған жазба. Келесі карта туралы мәлімет түркі тайпаларының қоныстанған аумағының көлемін көрсеткенде айтылады. Румнан Масинге дейін алып жатқан түркі жерлерінің негізгі бөлігі ұзындығы бес мың фарсах, ені үш мың фарсахты, жалпы сегіз мың фарсахты алып жатыр. Осының бәрін түсінікті болу үшін Жердің формасы секілді дөңгелекке түсірдім дейді. Ғалым еңбегінде карта мағынасында дөңгелек сөзін қолданады. Әл-Қашқаридың мәліметіне сәйкес XI ғ. түркілердің саяси ландшафты көптеген тайпалық одақтар негізінде ұйымдасуымен сипатталады.

Әл-Қашқари картада Ұйғыр, Оғыз, Қыпшақ сияқты сол кезеңдегі ірі саяси құрылымдарды белгілеген. Еңбектің мәліметіне сәйкес бұлар өз билеушілері мен әкімшілігі

бар күшті саяси құрылымдар болды. Картада осы мемлекеттерден басқа, әрқайсысының өз территориясы мен басшылығы бар әртүрлі түркі тайпалары мен рулары да бейнеленген.

Қыпшақ тайпасы жөнінде әл-Қашқари мәтінінде түркі тайпасы екені айтылады. Картада қыпшақтар оғыздармен бірге Арал теңізімен теңестірілген су бассейнінің шығысында, және де Еділ өзенінің батыс аумағында, оған қоса қыпшақтардың бір бөлігі Мұғалжар тауымен сәйкестендірілген аумақта орналастырылған. Мәтінде қыпшақтардың орналасуына қатысты негізгі мәлімет Еділ өзеніне қатысты түсіндірмеде кездеседі. Әл-Қашқари ақпараты бойынша Еділ – қыпшақтардың жерінде ағатын және Бұлғар теңізіне құятын өзен [1, 106 б.].

Оғыз тайпалары жөніндегі Махмұд әл-Қашқари мәліметі маңызды деректер қатарына жатады. Оған себеп осы дәуірде оғыздардың саяси белсенділігінің өсуінде болып тұр. Әл-Қашқари оғыз тайпасының жиырма екі ру-тайпасын атап өтеді. Және де әр рудың малына соғатын таңбасымен қоса берген. Тек қана жаруқлуқ тайпасының таңбасы берілмеген. Олар аз және таңбасы белгісіз деп түсіндірген. Оның ішінде ең маңыздысы қынық, себебі сұлтандар осы тайпадан шығатыны айтылған. Бұл тайпалардың атаулары моңғол дәуірінде жазылған Рашид ад-Диннің мәліметтерімен ұқсас [5, 88]. Тек Махмұд әл-Қашқарида берілген оғыз тайпаларының атаулары ескі нұсқаларында беріледі. Мәселен, сұлтандар шыққан «қайығ» тайпасы, «йазғир» тайпасының атаулары.

Бұл рулардың атауы мен таңбасын беру себебі, адамдар мұны білуі қажет деп есептейді. Берілген рулар негізгілері және олардың тармақтары да бар. Алайда қысқа жазу үшін тармақтарын жазбайды. Атаулары рулардың қалыптасуының бастамасында тұрған ата-бабаларының есімімен байланысты екенін атап өтеді. Және де еңбек араб тілді оқырманға бағытталуы себепті, арабтардың «Бану Сүлейм, Бану Хафаж» сынды тіркестерімен ұқсастық келтіреді [1, 75 б.].

Картада оғыз қалалары деген географиялық белгі берілген. Олар Арал теңізімен теңестірілген су бассейнінің оңтүстігіне қарай, Қаражук тауының батысына қарай орналасқан. Махмұд әл-Қашқари мәтінде Сабран, Ситкун, Суғнақ, Қарнақ сынды оғыз қалаларының атауын келтіреді, және де Қаражуқ – Фараб қаласының атауы деген мәлімет береді. Сондай-ақ картада Арал теңізі деп сәйкестендірілген су бассейнінің шығысында оғыз-қыпшақ қыстақтары белгіленген. Және де картада қыпшақтар мен оғыздардың қонысы Арал теңізімен сәйкестендірілген су көзінің шығысында, басмыл даласының батысына қарай орналасқан. Оғыздар ағынды өзен мағынасындағы укуз сөзін Вади Банакат өзеніне қатысты қолданады. Бұл өзеннің бойында олардың қалалары орналасқан, ал көшпелілері оның жағасына қоныстанады деп мәлімет береді. Соған сәйкес Вади Банакат бұл Сырдария өзенімен сәйкестендірілген. Және де картада оғыз қалалары деген географиялық белгілер мәтіндегі мәліметпен сәйкес келеді. Араб географтарының мәліметінше оғыздар Маңғышлақ түбегін мекен еткенін айтады. Бұл XI ғ. әл-Қашқари дерегімен расталады. Себебі ман қишлағ – оғыздардың аумағындағы жердің атауы деп берілген. Бұл XI ғ. оғыздардың батысқа және ішінара оңтүстікке көш етуі салдарынан болуы мүмкін [4, 94 б.].

Сондай-ақ әл-Қашқари түркімендерді оғыздар деп мәлімет береді. Түркімендердің бұлай аталу себебін түсіндіретін оқиғаны баяндайды. Алайда әл-Қашқари өзінің ақпарат берушісін келтірмейді. Зу-л-Қарнайынның түркі еліне шабуылы кезінде түркілерді Шу есімді жас жігіт басқарған. Мәтінде берілген оғыздардың жиырма екі тайпасы осы Зу-л-Қарнайынмен болған шайқаста шығысқа көш етпей қалып қойған тайпалар болып табылады. Осы орайда араб географтарында кездесетін Амударияның оңтүстігіндегі алғашқы түркі тайпалары калачтар болып есептеледі. Бұл атаудың шығу төркіні туралы Рашид ад-Дин жазбасындағы әңгіме әл-Қашқарида да айтылады. Рашид ад-Дин оғыздардың жиырма төрт тайпасын айтса, Махмұд әл-Қашқари оғыздардың басында жиырма төрт болғанын, кейін

халажд атпен белгілі болған екі тайпаның өзгешеленуіне орай бөлініп кеткенін айтып, жиырма екі тайпа туралы айтады. Жоғарыдағы Зу-л-Қарнайынмен шайқас Алтун хан тауы (бүгінгі күні Алтай тауымен теңестіріледі) маңында болып, Шу бастаған әскер жеңіске жетеді. Кейін ол Баласағұн маңындағы Шу бекінісін салады. Ал араб және қытай деректерінде Шу өзені алқабында басты қала ретінде Суяб айтылады. Ал Баласағұн тек қана Ал-Макдисиде (X ғ.) кездеседі. Алайда нақты орналасқан жері көрсетілмеген. Туманский жазбасында, не Гардизиде ол туралы мәлімет бермейді [4, 69 б.].

Кимек тайпасы туралы әл-Қашқари мәтінінде түркі тайпаларының бірі ретінде мәлімет береді. Автор мәліметінше олар қыпшақтарға жатады, алайда түркі-қыпшақтар өздерін басқа топқа жатқызатынын айтқан. Бұл VIII-X ғғ. қыпшақтар тарихының кимектар тарихымен тығыз болуына байланысты. Қыпшақтар кимектердің саяси тәуелділігінде болған. Бастапқыда тайпалық одаққа кірген, содан соң кимак мемлекетінің құрамында болады. Кейіннен қыпшақтар кимектердан жеке дара бөлініп шығады [10, 5 б.]. Әл-Қашқарида кимектар «йамак» деп берілген. П.Пеллиот түркі тілдерінде (қыпшақ тілінде де) «К» әрпінің түсіріліп айтылуы, немесе «й» әрпімен айтылу заңдылығын дәлелдеді. Содан былай әл-Қашқари еңбегіндегі йамактар кимектермен сәйкестендірілген. Картада Ертіс өзенінің оңтүстік-батысы кимек даласы деп көрсетіледі. Оған қоса, мәтінде Ертіс өзені кимек даласында ағатын өзен деп берілген. Ал араб географтары Ертіс маңын кимектер мекен етеді деп көрсетеді. Сондай-ақ әл-Қашқари ержүрек, намысқой адамды сипаттағанда «Ертісті мекен ететін кимектер білектерін түрген, ержүрек әрі мықты. Олар бізге келгелі жатыр» деген мәлімет ұсынған [1, 127 б.]. Бұл мәліметтер XI ғасырда кимектердің географиялық таралу аумағын анықтауға мүмкіндік береді.

Әл-Қашқари мәліметінше ұйғыр бес қаладан тұратын аймақтың атауы. Бұл қалалардың салынуы Зұл-Қарнайынмен байланысты. Түркі ханымен келісімге келіп, Сулма, Кужу, Жанбалық, Бишбалық және Йаңибалық қалаларын салған. Бұл бес қаланың тұрғындары ержүрек және дінсіздер болған. Осы тұста автор өзінің ақпарат берушісін атап өтеді. Бұл мәліметтерді оған Мұхаммад Жақир Тунқа Ханның баласы Низам ад-Дин Исрафил Туған Тикин берген. Оның айтуынша Зу-л-Қарнайын Ұйғыр аумағына жақындағанда, түркі қағаны оған қарсы төрт мың әскер жібереді. Олар артқа қарай да, алдыға да оқ ататын мерген болған. Оны көріп Зу-л-Қарнайын таңданып, түркілерге ешкімнің көмегі, тамағы қажет емес екендігін айтқан (парсы тілінде «инан хуз хуранд»). Содан бұл аумақ «Хузхур» аталып кеткен. Алайда уақыт өте келе, «х» әріпі «а»-ға ауысады. Бұл әріптердің дыбысталуына қатысты заңдылықты түсіндіргенде әл-Қашқари тағы да бір қажетті мағлұмат береді. Осы заңдылыққа сәйкес, біздің «амир» ата-бабаларымызды «хамир» деп атаған. Мәселен, Саманидтерден түркі жерлерін жаулап алған әл-Қашқаридың бабасын Амир Бухра Тикин деп атайды, мұнда «а»-ның алдына «х» жалғанған. Бұдан біз ғалымның жеке басына қатысты, яғни оның шығу тегіне қатысты мәліметпен қоса, Саманидтердің билігінде болған Бұхараны жаулап алған Бұғра Хан Харун ал-Хасан жайында ақпарат алып отырмыз. Картада ұйғырларға қатысты географиялық белгілер мәтіннің мәліметімен сәйкес келеді. Жапониямен теңестірілген Жабарканың, Қытайдың (Масин) батысына қарай Ұйғыр елі деп көрсетілген. Және де Сулма, Кужу, Жанбалик, Биш Балик қалалары Тянь-Шань тау желісін бойлай солтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

Әл-Қашқари еңбек мәтінінде қарлұқтарды оғыздарға жатпайтын, бірақ түркімендерге жататын көшпелі түркі тайпасы ретінде сипаттайды. Алайда мәтінде де, картада да қарлұқтардың орналасуына қатысты мәлімет берілмеген. Бұл қарлұқтардың XI ғ. саяси рөлінің бәсеңдеуінен болу керек. Туманский жазбасы мен Гардизи мәліметіне сәйкес, қарлұқтар мұсылман иеліктеріне жақын, Тараздың шығысына қарай орналасқан. Сондай-ақ Туманскийдің қолжазбасында Шығыс Түркістандағы қалалар (Пенчул қ.) қарлұқтардың

иелігінде болғанын жазады. Әл-Қашқари мәтінінде қарлұқтар түркімендердің бір тайпасы екені айтылады. Бұл олардың ислам дінін қабылдағанға дейін парсы ықпалына түскенін аңғартады. Себебі түркімендер түркілерден басқаша, парсыларға жақынырақ болған [4, 66 б.]. Дегенмен, әл-Қашқари қарлұқтардың басқару жүйесіне қатысты маңызды терминдер ұсынады. Мәселен, «иркин» сөзінің мағынасы бір жерде жинақталған су қорын білдіреді. Сәйкесінше ақыл-ойы терең деген мағынаға сәйкес, қарлұқтардың көсемін «күл еркін» деп атайды. Сондай-ақ «сағун» термині де қарлұқтардың көсеміне қолданылатын титул деген мағлұмат берілген. Және де қарлұқ көсемдері иеленген жуғлан атауын ұсынады. Алайда Туманский жазбасында кездестін қарлұқтардың билеушілеріне қатысты жабғу термині туралы әл-Қашқари мәлімет бермеген. Бұл да жоғарыда айтқанымыздай, қарлұқтардың XI ғ. саяси маңыздылығын жоғалтуы себепті.

Қорыта айтқанда әл-Қашқари еңбегі негізінен түркі тілі мен диалектісіне арналған болса да, сол дәуірдегі түркі қоғамдарындағы мемлекеттілік белгілері туралы біршама түсінік береді. Әл-Қашқари еңбегінде түркі тайпалары мекендеген әртүрлі аймақтар жиі айтылады. Белгілі бір аумаққа бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі мемлекеттіліктің маңызды сипаты болып табылады. Түркі тайпаларының нақты белгіленген аумағының болуы шекаралардың әлеуетті белгіленуі мен жерге иелік етудің немесе бақылаудың ұйымдасқан жүйесін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-Турк // Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М. Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. Алматы: Дайк-пресс, 2005. С. 1081.
2. M. Şakir Ülkütaşır. Büyük türk dilçisi Kaşgarlı Mahmut. Ankara üniversitesi basımevi – Ankara, 1972 s.222.
3. Умняков И.И. Самая старая турецкая карта мира (XI в.) [Журнал] // Труды Сам. ГПИ. - Самарканд : [б.н.], 1940 г.. - 1 : Т. 1
4. Kaplony Andreas. Comparing Al-Kashgari's map to his text: on the visiual language, purpose, and transmission of arabic-islamic maps [Book Section] // The journey of Maps and Images on the Silk Road / book auth. Philippe Foret Kaplony Andreas. - Leiden, The Netherlands. : Koninklijke Brill NV, 2008
5. Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии [Книга]. - Москва : Ломоносовъ, 2017. - стр. 240.
6. Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. T.IY. Арабская географическая литература. Москва-Ленинград. Издательство Академии Наук СССР, 1957. С.268.
7. Тоқтабай Ахмет. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2010. -496 б., суретті.
8. Faruk Sumer. Oguzlar (Turkmenlar). Turk dunyasi arastirmalari vakfi. Istanbul. 19997 -484 s.
9. Reşat Genç. Kaşgarlı Mahmuda göre XI yüzyılda Türk dünyası. Türk Kültürü Araştırma Merkezi. Ankara. 1997. - 412 s.
10. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – С. 39-40;

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕП ҚАЙТА ҚҰРУДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Тапалова А.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты

Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Коммерцияландыру және шағын гранттар басқармасының бас сарапшысы

Отан соғысының бастапқы күндерінен-ақ КСРО-ға басып кірген Фашистік Германия оның маңызды экономикалық өлкелері болып табылатын Украина, Белоруссия, Прибалтика, Молдова және Ресейдің басым бөлігін жаулап алады. Соның салдарынан Кеңестік билік жауға қарсы екпінді қарсылық көрсету мақсатында елдің барлық күшін біртұтас әскери елге

айналдыруға тырысты. Әсіресе, майданның тылыңдағы экономика мен шаруашылықты соғыс қажетілігіне лайықтап қайта жасақтауды ең басты мәселе етіп қойды. Өйткені майдан даласына негізінен азаматтардың ең жастары қабілетті бөлігі жіберілгендіктен, 1941 жылының маусым айынан бастап жылдың аяғына дейін елдің шаруашылығында еңбек еткендердің саны 31,8 миллион адамнан 22,8 миллионға дейін кеміп кетеді де, майданның тылыңдағы жұмыс күшіне зор тапшылық туғызады [1, с.108]. Өз кезегінде осы мәселені өз уақытында шешпеген жағдайда ол Кеңес Одағының алып экономикасын мүлдем жойып жіберер еді. Осыған байланысты Кеңес билігі ерлердің негізгі бөлігі соғысқа кетіп, тыл жұмысында негізінен қыз-келіншектер қауымы қалғандықтан, экономиканы қайта жасаудағы басты рөлді негізінен осы әйелдер жүзеге асыратынын соғыс басталған кезден-ақ жақсы ұғынды. Соғыстың бастапқы күні маусымның 22-сі күні Кеңес Одағының Халық Комисарлар Кеңесінің Төрағасы орынбасары В.М. Молотов таратқан радиодағы мәлімдемесінде «еліміздің барлық халқы, соның ішінде қыз-келіншектер Қызыл Армия және флот пен авиацияның бүкіл мұқтажын қамтамасыз етуде өздерінің еңбектеріне ерекше түрде саналылықпен қарайды» деп айтқан сөздерінен, майдан тылыңдағы экономиканы жасақтаудың барлық қиыншылықты тікелей әйелдердің күшіне түсетінін меңзегеннен байқай аламыз [2].

Көп кешікпей Молотовтың жасаған мәлімдемесінің негізінде КСРО-ның басты баспасөзі «Правда» газетінің 1941 жылғы 29 маусымындағы нөмірінде: «Әйелдеріміз халқымыздың 200 миллионнан астамының жартысын құрап, Отан соғысы кезінде әрбір отаның сүйетін әйелдің өз күшіне сәйкес жұмыстар жоспарлы түрде жасалуы тиіс, мұндай істерде мүмкіндіктер зор», - делініп әйелдердің соғысқа деген бейімделген экономикаының міндеттері және мақсаттарын нақты көрсетсе, 1941 жылғы қараша айының 6-шы күнінде Қазан революциясының 24 жылдығына арнаған салтанатты жиналыста Кеңес Одағының басшысы И.В. Сталиннің сөйлеген сөзінде, - «...Біздің еңбекшілеріміз мен қызметкерлеріміз, еркектер пен әйелдер өндіріс орындарында бел шешпестен еңбек жасаулары керек, соғысқа танктер, танктерді қирататын атқыштар мен қарулардың түрлерін, ұшақтар мен минометтер, пулеметтер мен винтовкалар, оқтарды неғұрлым көбірек жасаулары қажет. Біздің еңбеккерлер, ерлер мен әйелдер колхоздың далаларында екпінді жұмыс жасап, майдан мен өндіріс орындарын шикізатпен, астық және ет өнімдерімен қамтамасыз жасаулары керек», - деп Кеңес Одағының біріншісі басшысы нақты түрде өз тапсырмаларын береді [3, с.35]. Сталиннің мұндай нұсқауын негіздеген Кеңес басшылығы мемлекеттің экономикасын соғыс мүддесіне сай қайта құруда нұсқаулар таратып, өз тапсырмаларын берумен шектелген жоқ, сондай-ақ, азамат соғысының кезіндегі және 20-30 жылдары қолданылған аяусыз әдістерді одан әрі күшейтіп, тылдағы жұмысшыларға еңбектен жалтарғандары үшін қатал шараларды қолдануға жаппай көшеді. Мәселен, 1941 жылы 26 маусымда «Еңбекшілер мен қызметкерлердің соғыс уақытындағы жұмыс уақытының тәртібі» мен 1941 жылы 26 желтоқсанда «Әскери өндіріс орындарының еңбекшілері және қызметкерлерінің кәсіпорындарды еш себепсіз тастағандары үшін жауапкершіліктері» атты КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы шығарған жарлықтары күшіне енеді. Еңбек және демалыс күндері тоқтатылып, қосымша жұмыс күндері енгізіледі.

Мұндай қатал заңдардан соң жаппай еңбекшілердің мобилизациясы жүзеге асып, жұмыс орындарын өз еріктерімен тастағандарға қатал қылмыстық істерге қолданылды. Колхоздар, совхоздар, өнеркәсіп орындары және теміржол салаларында бұрыңғы саяси бөлімдер қайта ашылады. КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы «Соғыс уақытында еңбекке жарамдыі тұрғындарды кәсіпорындар мен құрылыстарға жұмысқа жұмылдыру» атты Жарлығы бойынша 16 мен 45 жастардағы қыз – келіншектер міндетті түрде еңбекке жұмылдырылып, одан бас тартқандар тікелей қылмыстық істерге тартылды. 1942 жылы қыркүйектен бастап, жұмысқа жұмылдырылған әйелдердің жасы 50 жасқа дейін өсіп, еңбектен жалтарғандар сотталды [4, с.68-70].

Соғыс жағдайы кезінде Кеңес билігі барлық саяси және көпшілік жұмыстарды түпкілікті өзгертіп, оған тәртіптің қатал түрін орнатуға мәжбүрленді. Майдан мен тылдың тығыз байланыста қимыл көрсетудің барлық тетіктерін іске қосты, соның ішінде қоғамдық ұйымдар арқылы еңбекшіл әйелдердің арасында саяси жұмыстар жедел жүргізіліп, олардың барлық күш-мүмкіндіктерін Отанды қорғауға жұмылдырды.

Жоғарғы билік тылдағы еңбеккерлерге қатаң тәртіп орнатумен ғана шектелмей, Кеңес әйелдерінің майдан үшін жасайтын қызметтерін жан-жақты насихаттап, оған қолдау көрсетіп те отырған. Осы мақсатта соғыстың алғашқы айларынан бастап Кеңес еліндегі барлық мерзімді баспасөз басылымдарының әр номерінде әйелдердің өнеркәсіпке келуінің мысалдары, фотосуреттері мен сандық көрсеткіштері тұрақты жариялауларға көшіп, тіпті газеттерде арнайы рубрикалар да енгізіледі. Мәселен БК(б)П ОК 1942 жылғы 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні туралы Қаулысында, - «Майданға көмектесу әрбір кеңес әйелінің қасиетті парызы болып табылады. Қалада болсын, ауылда болсын әрбір әйел қоғамдық пайдалы істен тыс болмауы тиіс», - деп атап көрсетті [5].

Жасалып жатқан жанкешті еңбегінің жауды жоюда зор көмек беріп жатқанын жақсы ұғынған Кеңестік әйелдердің басым бөлігі мұны дұрыс қабылдап, Отанды, отбасы мен балаларының тәуелсіздігі үшін күреске дайын екендіктерін көрсетіп, шаруашылық өндірістерге жаппай қызметке келді. Олар майданға аттанған еркектердің бейбіт кезеңде атқарған жұмыстарынан да артық еңбектенуге тырысты және қиыншылдық пен өте ауыр кезеңдерді бастан өткізгеніне қарамастан, 1941 жылы маусымнан бастап еш тынбастан жұмыс жасады. Уақытында тамақ ішпей, демалысты мүлдем ұмытқан қыз-келіншектер өндірістегі ерлерінің, әке мен ағаларының орнына барды. 1941 жылдың 29 маусымында партиялық, кеңес ұйымдары және бүкіл халыққа жасаған қабылдаған БК(б)П ОК мен Кеңес Одағының ХКК арнайы Директивасыында «немқұрайлық және жалқаулықты толығымен жоюымыз қажет, еліміздің барлық ұйымдарымыз мен халықтың барлық күш-қуатын жауды жоюға жұмылдыруымыз керек» деген ұрадар жасалады. Осы ұранның шеңберінде тұтастай кеңестік халық, солардың ішінде Батыс Қазақстандық еңбекшілердің ұжымдары да митингілер жасап, үкіметтің кез-келген тапсырмаларын жүзеге асыруда қашанда дайындығын білдіріп, «өздерінің зор дауыстарын бүкіл Кеңестік халықтың үніне қосады» [6].

Бұған ерекше үндерін қосқан Батыс Қазақстан облысының ауылдың әйелдері: «Ендігі кезекте, біздің тарапынан әйелдерге деген бұрынғыдан да жақсы жұмыс жасауымыз керек», - деген мәлімдемелер жібереді [7]. Соның жалғасы ретінде соғыстың алғашқы айларында Жәнібек ауданында өткен 400-ден астам әйелдердің митингісінде бірінші болып жарыссөзге шығып сөйлеген Еркина: «Әйел жолдастар, жауынгерлеріміз соғыста қандай ерлік көрсетіп жүрген болса, біздер де өз жұмыстарымызда сондай ерлік көрсете білуіміз керек, машинист, комбайншы, трактортшы болып істеп, Армия мен флотымызға тылдан керек заттың бәрін де жеткізіп тұруымыз керек», - десе, одан кейін сөйлеген Едилова Ақзилаш: «Бүгінгі таңда, еліміздің әйелдері мен қыздары әскерге кеткен туысқандарына және жақын-жуықтарының орнына жұмыс істеумен герман фашистерінің шабуылына жауап береді.

Қазірдің өзінде-ақ, бұрын үй шаруасында болған әйелдердің, жас оқушылардың комбайн, трактор сияқты ауыл шаруашылық машиналарын жүргізуді меңгеріп, онымен колхоздарымыздың пішен шабу, егін ору жұмыстарында жұмысты қызу түрде істеп жүргенін көреміз. Бүгін біздер талқылап отырған үндеуге бірауыздан қосылумен қатар, ауылшаруашылық жұмыстарының әр алуан салаларында жұмыс істеп, сапалы өнімді мол алуға көмектесуіміз керек», - деп өз үнін жеткізеді. Митингіде бұлардан басқада Лантаева, Бейғалиева және тағы басқа да белсенді қыз-келіншектер сөз сөйлеп, облыстағы барлық ауданның еңбекші әйелдерін үн қосуға шақыратын қаулы қабылдайды [8].

Бұдан басқа Тасқала ауданының бір совхозында, 29 колхозында және 2 МТС-сында жиналыстар өткізіліп, мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындау, өнімді еңбек етуді қамтамасыз жасау жөнінде шешімдер шығарады. Элеваторға жаңа өнімнің астығын тиеген колхоздардың көлік арбалары топ-тобымен келіп, ауданда мемлекетке ет, май, басқа да ауылшаруашылығы өнімдерін тапсыру қарқын алған. Жәнібек ауданында да сол жылы мемлекетке ет тапсырудың көтеріңкі тапсырмасын 1 қазанға дейін 107 пайызға орындап шықса, Жәнібек стансасы соғысқа дейін тәулігіне 12 эшелон өткізсе, соғыс жылдарында олардың санын екі есеге дейін арттырады [9].

Мұндай үндеулер бойынша Ұлы Отан соғысы басталған бойда-ақ Батыс Қазақстан облыстық ауданның партия комитеттерінің бүкіл белсенділері жиналып майдандағы әскерге көмектесу мақсатында тылдағы ұмысты шебер ұйымдастыру үшін штабтарды құрайды [10]. Солардың күшінің негізінде кезінде тек бейбітшілікке бейімделген майданның тылындағы экономика соғыстың қажеттілігіне сай қайта жасақталады. Өңірдегі шаруашылық байланыстары да осы процесстің жүйесіне толыққанды енгізіліп, облыстың әйелдері соғыстың бастапқы кезінен-ақ өндірістік пен әртүрлі шаруашылық міндеттерді зор абыроймен орындап, жанкешті жұмыстарымен майданға барынша көмек беруге ұмтылды. Облыстағы басшылардың жоғары жаққа жіберген мәлімдемелері бойынша өнеркәсіп орындары «ең алғашқы кезекте қыз-келіншектерімен толығуда» екендігін әрдайым атап тұрған.

Соғыстың басталған жылының соңына қарай бүкіл Одақ бойынша әйелдер жұмыс істемеген бірде – бір еңбек саласы, әйелдер игермеген бірде – бір кәсіп қалмады. Мұның аяғы халық шаруашылығында еңбек еткен ерлер мен әйелдердің арасалмағын күрт өзгертіп, әйелдер үлкен басымдықты иеленеді. Отан соғысына белсенді түрде араласқан Батыс Қазақстанның мыңдаған отансүйгіш әйелдері жеңістің жолында, тылдағы санитарлық жасақтарда, мейірбикелік топтарда, әуеге қарсы қорғаныстарда өз-өздерін көрсетіп қана қоймай ерен еңбектерімен тылды күшейтіп, кез-келген өндірісте немесе заводтардың барлық цехтарында, фабрикаларда, деполар мен паровоздарда, фермалар мен егін шаруашылығында жұмыстар атқарып, өте қиын да ауыр кәсіптерді игерді. Әйелдер еңбегінің арқасында майдан қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешектермен тоқтаусыз қамтамасыз етілді.

Қыз-келіншектердің күшімен 1941 жылғы маусым-шілдесінде майдандағы әскерлерге азық-түлік түрлерін шығару мақсатында облыстың аудандарында жұмыс жасаған өндіріс комбинаттарының 7-і жаңадан ашылса, 4-і қайтадан жасақталып, кейіннен тағы да 3 сабын қайнату, 3 киім, 7 темекі фабрикасы, 7 шұжық, 8 нан-кондитерлік, 5 ағаш өңдейтін, сондай-ақ бірнеше аяқ-киім тігетін өндіріс орындары секілді жаңадан цехтар өз жұмысын бастап, өнімдерін бере бастайды. Сол мезгілде облыстағы қыз-келіншектердің күшімен 37 тоннадан астам шұжық, 868 гектолитрге жуық алкоголсыз сусындар, 12 центнерден астам шаруашылық сабынды өндіреді.

Бұл өнімдерді өндіруде қыз-келіншектер 1941 жылы маусым айынан бастап-ақ еңбек күндерін күнделікті уақыттан 2-3 сағатқа дейін өсіріп қана қоймай, демалыссыз мен қосымша ауысымға көшеді. Соның арқасында олар берілген жоспарды артығымен орындайды. Мәселен, Орда ауданының өндіріс комбинатындағы әйелдер жылдық жоспарды артығымен аяқтаса, Тайпақ, Каменск, Чапаев және тағы басқа аудандарындағы әйел жұмысшылар желтоқсандағы жоспарды қиыншылықтарға бой берместен артығымен орындаған. Оралдағы ет-консерві комбинатындағы жұмыс істейтін Ермұқанова, Абдулова, Шурыгина, Лызлова, Рубцова, Мұқашова, Курышкина, Садықова, Санкереева, және Брухнова сияқты жұмысшылар бекітілген жоспарды 110-140 пайызға жеткізеді [11].

Негізінен еркектер атқаратын жұмыстарға араласқан облыстың қыз-келіншектері соғыс басталған кезде-ақ арба жасайтын кәсіпті жолға қойып, жылдың соңына дейін 269 шана мен 216 фургонды жасап шығарады. Облыстың әйелдері 1941 жылы жиһаз шығаратын фабриканың

ішінен күкірт жасайтын цехты да жүзеге асырады [12]. Оралдағы мия шығаратын зауыттың емдік сығынды цехында әйелдер ұжымының жұмыстары да өте қарқынды жүреді. «Отанымыз қанша сұраса да, соған лайық өнім береміз» деген ұранның негізінде ортақ мақсатқа еңбек еткен бұл цехтың қыз-келіншек жұмысшылары уақыт өткен сайын өнімділікті арттырып, жоспарды артығымен орындайды және сегіз айлық жоспарды 112 пайызбен орындап тастайды. Дегенмен қыз-келіншектердің күшін барынша пайдалануды ойлаған басшылық бұл табысқа тоқтамай, тамыз айында жоспарды одан әрі тағы да 17 пайызға көбейтеп тастайды. Жергіліктің билігіне асыра сілтеуіне мойынсынбаған қыз-келіншектер жоспарды тағы да толығымен жүзеге асырып шығады. Орал мия зауытының жастары мен комсомол қыздары да белгіленген жоспарды артығымен орындау туралы міндеттеме алған. Мысалға, И.Козлова белгіленген жоспар бойынша орындалатын мөлшерді 150 пайызға дейін көбейтсе, ал А.Косарева болса көптеген комсомолдардың басын қосып, өндірілген заттардың сапасын күшейтіп, өндірісті жылдам жұмыс жасауына күш салады [13].

Осы зауыттағы жұмыстардың бәрі де қыз-келіншектердің күшімен үзеге асқаны соншалықты, ер адамдардың соғысқа кеткендіктен агрегаттардың бәрі де әйелдер жүргізеді. Әсіресе әйелдер екі ауысымда еңбек жасап, оны табысты түрде атқарады. Жоспарды жүйелі түрде жүзеге асыруда ерекшелік танытқан А. Маслова, Т. Елисеева, Е. Рытова және басқа да әйелдер жоғары табыстарға жетеді. Тіпті, күйеуі соғысқа аттанғандықтан оның орнына келіп, вакуум аппаратының ауа соратын машинистік қызметті атқарған А. Маслова мен С.Кузнецова арнайы техникалық білімдері болмаса да сальниктерды тығындауға, ваккумды-соруға, белдіктерді тігу және сол сияқты басқа да аппараттарды жөндеген. Мұнымен қатар зауыттағы қыз-келіншектер өндірісті дұрыс жолға қоюда аз энергия шығаруға қол жеткізеді. Егер шілде айында сығынды өнімдерді шығару үшін 223 сағатты жұмсаса, тамыз айында одан көп өнімді жасауға 144 машиналық сағатты шығындаған. Зауыттағы қорғаныс іс-шаралары да дұрыс жолға қойылып, бүкіл қыз-келіншектер әуе шабуылынан қорғанатын нормаларды тапсырады [14].

Отан соғысының мұқтажы үшін тыл майданындағы шаруашылықтың бүкіл салалары қыз-келіншектердің күшімен бейімдеу арқылы қайта құрған партия мен комсомолдың бастауыш ұйымдары өңірдің аумағына жау басып алған аймақтардан көшірілген өнеркәсіптерге басты назарын аударады. Оларды орналастыруда және оларды іске қосуда да тағы да әйелдердің күш-қуатын пайдаланады. Мәселен, Оралға көшіп келген Усмань механикалық зауытында қайта қалпына келтіруде де әйелдер жүзеге асырған. Өкінішке орай, бастапқы кезде әйелдердің шамасы келмегендіктен зауытты жедел қалпына келтіру және оны пайдалануға берілу уақыты кешіктіріле берген. Зауыттың толық іске қосылу уақыты келген кезде механикалық цех бойынша монтаждалуы тиіс 46 станоктың тек 19-ы жөнделсе, ал зауыттағы барлық металл кесетін 81 станоктың 39-ы ғана толық қалпына келтіріліп, қалған жабдықтардың зауыт ауласында шашылып жатуы көп нәрсені аңғартса керек. Орын алған кемшілікті жоюда басшылық қыз келіншектерден құралған қосымша жұмысшы күшін жақын маңайдағы колхоз пен совхоздардан зауытқа алдырады. Зауыттың қорғаныс саласы үшін маңызды болып табылатын өніміне үлкен мән бергені соншалықтыр ҚК(б)П Батыс Қазақстан облыстық комитеті елде орын алған қиыншылықтарға қарамастан, зауыттың басшылығына тез арада жұмысшы қызметкерлерін, қыз-келіншектерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге және зооветтехникум директорына Усмань зауытындағы жатақханаға тұрып жатқан қыз-келіншектер үшін 100 керуерт пен 100 төсек-орын жабдығын бөлуге нұсқауларын берсе, облыстық сауда мекемесіне зауыттың жұмысшылары мен қызметкерлеріне арнайы асхана ашып, оны қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырады [15, 126-128 пп].

Майдан жанындағы өңірден әкелінген малдарды қабылдап, оларды орналастыру да әйелдердің ерен еңбектерін қажет еткен. Өйткені басқа өңірден көшірілген малдар және облыстың өзіндегі малдарды өсіру арқылы майданды толыққанды ет, тамақ, киім сияқты

заттармен қамтамасыз ете алатын. Сондықтан сол кездегі Кеңес үкіметі шаруашылықтың осы саласына ерекше назар аударды. Бұл маңызды жұмыстың барлық ауыртпалығын да Батыс Қазақстанның қыз-келіншектері көтерді.

Көшірілген малдарды қабылдаған аудандар әйелдердің күшімен жаңа мал қораларын салды және қосымша шөп шабуды ұйымдастырды. Мәселен, Жақсыбай ауыл советіне қарасты «Свердлов» колхозының мүшелері эвакуациядан келген малдардың хал-жағдайын жақсарта беру ісіне ерекше көңіл қойып, оның өнімділігін арттырып, бірде-бір малды шығынға ұшыратпау жолында күрескен. Соның ішінде, колхоздың шаруашылық меңгерушісі Садықова жұмысты жан-тәнімен істеп, малды уақытымен суарып, тамақтандырып, бірде-бір мал басының шығын болмауына қамқорлық жасап, өзінің істерімен басқа колхозшыларға үлгілі ісін көрсеткен [16].

Өз міндеттеріне адал және жауапкершілікпен қараған Батыс Қазақстан облысының әйелдері азық-түліктің, киім-кешектің қорын жасауда дайындық түрінің барлық жоспарларын асыра орындап отырды. Өйткені, соғыс басталысымен-ақ және оның аяғына дейін халық шаруашылығында аянбай еңбек еткен әйелдердің ең басты міндеттерінің бірі майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету болып қала берді. Тіпті жаңа егіннің өнімінен майданға үздіксіз азық-түлік аттандыру облыстағы әйел еңбеккерлерінің дағдылы ісіне айналды. Еңбеккерлер арасында күндік тапсырмаларын орындамайтындар болған емес. Рекордтық көрсеткіштерге жеткендер де аз болмады. «Ұмтыл» колхозында еңбек еткен В.Жолобованың еңбектегі табыстары ауыздан-ауызға тарап, дәнді-дақылдар егістігінің әр гектарынан 15 центнерден өнім алу арқылы мемлекеттік жоспарды асыра орындаған. Әйелдердің күшімен облыстағы қажетті тұқым қоры толық жасақталып, егін ысырапсыз жиналып алынған. Колхозшы әйелдер егін ору аяқтаған бойда-ақ, еш демалыссыз мал азығын дайындауға кірісіп, таңның атысынан күннің батысына дейін тынымсыз еңбекті бір-біріне жалғастырған. Соның нәтижесінде облыстарда мал азығының жеткілікті қоры да жасақталып, мемлекетке тапсырылатын ет өнімдерінің жоспары асыра жөнетілген [17].

Ауыл шаруашылығы науқандарын бір сәт те тоқтатпаған аудандардың комсомол комитеті да өз жұмыстарын осы бағытта жүргізеді. Қолы бос жастар мен мектеп оқушыларын жинап колхоздарға шөп шабуға, масақ теруге жіберілсе, ал, сенбі, жексенбі күндері аудан орталықтарындағы мекемелерде істейтіндерді ауыл шаруашылығына көмекке жіберу игі дәстүрге айналады. Демалыс күндері аудандық комсомол комитетінің жауапты қызметкерлері де сенбіліктер мен жексенбіліктерге шығып, жүздеген центнер шөп үйісетін. Аудандардағы комсомол қыздар эшелон-эшелон жаралыларды қабылдап, оларды госпитальға жеткізумен айналысқан және күтімге алған. Комсомол қыздар госпитальдерды жабдықтап қана қоймай ыдыс-аяқтарға дейін өз үйлерінен тасыған. Солардың ішінен «Тегісшіл» колхозынан Қапиза Исқақованың, «Бірінші Май» колхозынан Катя Сахарованың, «Ұмтыл» колхозынан Минаш Есімованың, «Ленин жолы» колхозынан Клара Бекованың есімдері ерекше аталды. Олар қандай жұмыс болса да бас тартып көрген емес. Трактормен жер жыртты, шөп шапты, егін піскен кезде комбайн штурвалына отырған. «Свердлов» колхозы жанындағы бастауыш комсомол ұйымының комсомолдары түгелдей колхоздың өндіріс жұмысында қолдап еңбек еткен. Арыстанова мен Батталова сияқты комсомолдар өздерінің күнделікті жұмыс нормасын 150 пайызға орындаған. Сонымен қатар, комсомолдар большевиктік үгіт жұмысын колхозшылар арасында үзбестен және жұмыс нормасының орындалуына байланысты жүргізеді [18]. Жалпы алғанда аудандардағы комсомол комитеттері көптеген қиыншылықтарды ойдағыдай шешіп, жастар мен комсомолецтердің ұйымдастырушы және жетекшісі бола білді. Сөйтіп, олар Ұлы Отан соғысы кезінде ұлы жеңіске өздерінің барынша үлестерін қосады. Сонымен, Ұлы Отан соғысы уақытында қыз-келіншектер ерлерге ғана тән күрделі де маңызды кәсіптерді игеру арқылы еңбек етудің жарқын беттерін үлгі етті. Ұлы Отан соғысы кезінде өңір әйелдерінің

табысқа жетуінің келесі басты себебі – олардың соғыстың алғашқы күндерінен-ақ патриоттық сезімдерінің күшеюінде жатты. Бұл бір жағынан отбасын, туған жерін қорғаудың ғасырлар бойы қалыптасқан сезімінің айғағы болса, екінші жағынан Кеңес өкіметі жылдарында жүргізілген идеологиялық іс-шаралардың жемісі еді. Сондықтан әйелдерді еңбекке тартудың бұрын-соңды болмаған үрдісі Кеңес Одағында басталды. Жалпы қыз-келіншектерді қоғамдық жұмысқа жаппай тарту процесі көлемі бойынша да, құрылымдық жағынан да маңызды кезеңдерден тұрды. Оған еңбекші әйелдердің патриоттық қозғалысы, қоғамдық ұйымдарды қолдау, мәжбүрлі еңбек, еңбек тәртібі, мақсатты идеологиялық жұмыс, жұмысшылар арасындағы бәсекелестік енді. Әйелдер өздерінің неге қабілетті екенін соғыста айқын дәлелдеп, өздерін көрсете білді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Вознесенский Н.А. Военная экономика СССР в период Отечественной войны. – М.: Госполитиздат, 1948. - 192 с.

2 КСРО ХКК Председательнің орынбасары және Сыртқы істер Халық комиссары В.М.Молотов жолдастың радио арқылы сөйлеген сөзі // Коммунист, 1941. - 27 маусым.

3 Сталин И.В. О Великой Отечественной войне Советского Союза. - М., 1947. - 207 с.

4 Коммунистическая партия в Великой Отечественной войне. Москва: Воениздат, 1958. - 238 с.

5 О международном женском дне - 8 Марта: Постановление ЦК ВКП(б) от 7 марта 1942 года // Правда, 1942. - 7 марта.

6 Екпінді құрылыс, 1941. - 24 маусым.

7 Голос труда, 1941. -28 июня.

8 Әйелдер митингісінде // 1941 жыл Коммунист, 1941. - 29 шілде.

9 Құсайынов А. Аудан соғыс жылдарында // Шұғыла, 2005. – 21сәуір.

10 Ұ.О.С. жылдарында. Аудан аты-Жәнібек // Октябрь туы, 1987. - 1 қазан.

11 Приуральская правда, 1942. - 30 января.

12 Пороскурин П. Усиленно развивать местную промышленность // Приуральская правда, 1941. - 9 января

13 Приуральская правда, 1941. - 20 января.

14 Приуральская правда, 1941. - 5 сентября.

15 БҚОММ. 37-қ., 11-т., 6-іс.

16 Бимашев Н. Эвакуациядан келген малдарға қамқорлық күшейтіле бастады // Коммунист, 1942. - 2 ақпан.

17 Ауданымыз ҰОС жылдарында // Октябрь туы, 1984. – 25 қыркүйек.

18 Молдағалиев С. Комсомолдықтар өндірісте // Коммунист, 1941. – 16 қыркүйек.

ТРУД ЭМИРА РУКН АД-ДИНА БАЙБАРСА АЛЬ-МАНСУРИ АД-ДАУАДАРА «ЗУБДАТ АЛЬ-ФИКРА ФИ ТАРИХ АЛЬ-ХИДЖРА» КАК ВАЖНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ПРАВЛЕНИЯ СУЛТАНА БАЙБАРСА

Тулеубаева С.А.

профессор кафедры востоковедения, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Аннотация. В статье предпринимается попытка представить труд яркого представителя мамлюкской эпохи – эмира Рукн ад-Дина Байбарса аль-Мансури ад-Дауадара (умер в 1325 г.) «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра» («Сливки мыслей по летоисчислению хиджры»), важную историческую хронику XIV в. по раннемамлюкскому периоду. Ценность сочинения заключается в том, что автор сам является очевидцем многих событий. Занимая высокие посты в мамлюкском государстве, он владел складывающейся ситуацией на внутренней и внешней арене, имел прямой доступ к информации.

Сочинение имеет широкое хождение среди мамлюковедов различных стран и служит одним из основных источников по мамлюкской эпохе. Как следует из названия, излагаемые сведения расположены в хронологическом порядке и основываются на мусульманском календаре – хиджре. Они включают известия о смерти известных личностей мусульманского мира, ключевых событиях, имевших место в описываемый период в регионе Северной Африки, Ближнего Востока, а также кратко охватывают историю Хулагуидов, Золотой Орды и др.

Ключевые слова: историческая хроника, мамлюки, раннебахритский период, средневековье.

В становлении и развитии средневековой арабо-мусульманской государственности, науки, культуры и образования принимали участие представители самых различных этносов (в том числе – персы, греки, сирийцы, сабии, евреи, курды, черкесы, индийцы и др.) и конфессий (иудеи, христиане разных толков, зороастрийцы и др.) [1, с. 342-365]. Тюрки, или тюркоязычные народы также заняли достойное место в различных сферах жизни халифата. После проникновения ислама на земли тюрков этот регион вовлекается в орбиту влияния арабо-мусульманской цивилизации и становится ее неотъемлемой частью. Тюрки сыграли важную роль в деле защиты и распространения ислама, как в качестве отважных воинов, так и ярких представителей мусульманской истории, науки, культуры и образования.

Возможно, определенные контакты между исконными землями тюрков и арабским миром имели место и до ислама. Вместе с тем, это взаимодействие определяется, прежде всего, религиозным аспектом. Переломным моментом в определении будущего духовного и цивилизационного развития региона стала Атлахская, или Таласская битва, которая произошла в 751 г.

С VIII-IX вв., тюркский мир, находясь на периферии мусульманского мира, продолжает свое духовное развитие в лоне ислама и его ценностей. До начала XX в. все его наследие, традиции, обычаи, культура, наука и литература получали претворение либо на арабском языке, либо с использованием арабской графики. Более того, из региона современной Центральной Азии вышли многочисленные ученые, внесшие большой вклад в развитие арабо-мусульманской цивилизации. Одна лишь казахская земля подарила таких выдающихся личностей, как «Второй учитель» аль-Фараби, аль-Джаухари, автор словаря «ас-Сыхах» и мн. др. Имеется еще большое количество имен, канувших в лету и которые предстоит вновь «открывать» будущим поколениям.

Тюркское присутствие в халифате усиливается с эпохи правления Аббасидов. Подобно другим народам и государствам (Китай, Киевская Русь, Византийская империя, Персия и др.), арабы также формировали свои воинские подразделения из числа представителей тюркского этноса, которых называли «гулямами», «мамлюками» и др. К.Э. Босворт отмечает, что к началу XI в. тюрки проникли в военные и государственные институты почти всех мусульманских стран к востоку от Египта [2, с. 238]. О повсеместном господстве тюрков пишет и Ибн Халдун. Именно тюрки смогли противостоять крестоносцам и монгольскому нашествию и спасти мусульманский мир. В этой связи особо следует отметить достижения Султана Захира Байбарса (1223-1277), 800-летие которого отмечается в текущем году.

Тюрки, испокон веков отличающиеся воинственным духом, имеющие богатый опыт военного искусства, постепенно начали входить в наемную гвардию арабов (гулямы, мамлюки). Со временем укрепив свои позиции, они стали создавать целые династии, существовавшие за пределами традиционной территории расселения тюрков, и править в различных частях мусульманского мира, как в Северной Африке, так и на Ближнем Востоке (в т.ч. династии Тулунидов, Ихшидидов, Караманидов, Газневидов, Ильдегизидов, Ша-Арменидов, Салгуридов, Астраханских, Казанских, Касимовских, Крымских ханов,

Сельджукидов, мамлюков, Ак Коюнлу, Кара Коюнлу, Кызылбашей, Расулидов, Зангидов, Артукидов, Афшаридов, Сефевидов, Делийских султанов, Османов, Аргунов, Кутб-шахов, Великих Моголов, Каджаров, Ногайская Орда и др.).

Важную роль в укреплении тюркского элемента в истории мусульманской цивилизации сыграли мамлюки.

Однако задолго до этого присутствие тюрков в арабо-мусульманской цивилизации началось с духовной сферы – на поприще науки и знаний, с деятельности так называемых «людей пера». Ввиду сложившейся исторической ситуации, когда каждый, независимо от происхождения и вероисповедания, мог созидать на поприще науки, культуры и знаний, появилась целая плеяда ученых из числа завоеванных народов, которые в совершенстве освоили арабский язык, ставший к тому времени государственным, более того превратившийся в язык науки: «Когда язык арабской поэзии, религии и государственности обрел статус языка науки, его престиж поднялся еще выше, воплощенные в нем знания увеличили его привлекательность для изучающих; тем успешнее он конкурировал с другими языками» [3, с. 72-73].

После эпохи Абу Насра аль-Фараби тюркский элемент постепенно начнет укрепляться в военной сфере и политике. Таким образом, «люди пера» из числа выходцев из Средней Азии и Казахстана хронологически предшествовали появлению «людей меча» в исламской цивилизации. Сначала тюрки войдут в состав наемной гвардии халифата, затем их позиции усилятся, и они станут регулировать политическую ситуацию, сами приводить к власти и свергать халифов, которые часто превращались в марионеток в их руках. Так, в результате дворцового переворота к власти в Египте в 1250 г. придут мамлюки, которые распространят свою власть на большую часть Ближнего Востока и Северной Африки.

Через 310 лет после смерти «Второго учителя», похороненого в Дамаске на кладбище «аль-Баб ас-Сагир» («Малые ворота»), в Сирии вновь зазвучит тюркское имя, но уже на другом поприще – Султан аз-Захир Байбарс осенью 1260 г. в решительной схватке нанесет сокрушительное поражение монголам, что позволит мамлюкам утвердиться в Шаме, где они подчинят себе многие города, включая Алеппо. Султан Байбарс Рукн ад-Дин завоевал себе славу не только многочисленными победами над армиями монголов и крестоносцев (1250, 1260 и 1277 гг.), но и как мудрый правитель и дипломат. Считается, что ему принадлежит большая роль в изменении военной и политической карты Средиземноморья. Также он провел ряд реформ на подвластных ему территориях, создал новые административные системы. Ему удалось подавить имевшие место бунты, смуты и междоусобицы, повысить благосостояние народа путем развития торговли и земледелия. Он укрепил все города и крепости на пути между Египтом и Сирией, в том числе знаменитую крепость в г. Карак, создал регулярную армию, военный флот (начал кампанию по строительству военных судов), суд для рассмотрения жалоб – «Дар аль-адль», почтовую службу с использованием лошадей. В его бытность началась реставрация многих святынь исламского мира – Мечети аль-Азхар в Каире, Мечети Пророка в Медине, Мечети Ибрахима в Халиле, Мечети Купола скалы в Иерусалиме и др. Его правление отмечено большим подъемом и в области строительства: были возведены новые мечети, здания, мосты и стены, прорыты каналы и заливы, построен купол над «нилометром» и др.

Что же касается собственно Сирии, то здесь по его приказу было осуществлено расширение Мечети сподвижника Пророка – Халида Ибн Уалида в г. Хомс. Султан Байбарс уделял большое внимание развитию науки и образования. Среди многочисленных школ и объектов образования, созданных в его правление, особо следует отметить исламскую школу (медресе) и библиотеку «аз-Захирия» в Дамаске. Этот научно-образовательный проект,

инициатором которого выступил Султан Байбарс, был реализован после его смерти его сыновьями, в частности, Саидом. Комплекс сохранился по сей день, находится в старой части Дамаска и является одним из важных и замечательных памятников истории и архитектуры средневековой Сирии. На его территории и возведен мавзолей, где похоронен Султан Байбарс и его сыновья. Сейчас в Захирии находится филиал Национальной библиотеки Министерства вакуфов. Не одно поколение сирийцев было воспитано на традициях медресе и библиотеки комплекса «Захирия», который выполнял функции культурно-просветительского учреждения. Его духом пронизана жизнь многих представителей интеллигенции Сирии. В 1878 г. на его базе была открыта первая публичная библиотека Сирии, под тем же названием, получившая в 1880 г. статус национальной. В ее фонде в настоящее время находится более 100 тысяч печатных изданий по различным отраслям науки, 13 тысяч рукописей на восточных языках и 50 тысяч периодических изданий.

Так имя Султана Байбарса на века было увековечено в Шам, продолжая служить его жителям, которые когда-то приняли его в качестве завоевателя и правителя.

Место тюрков в мусульманской цивилизации не ограничивается лишь интеллектуальной и военной сферой, а также славой защитников ислама. Так, в правление мамлюков на территории Египта и Машрика был возведен ряд архитектурных сооружений, сохранившихся до наших дней. По большей части, это были целые комплексы социального и культурно-просветительского назначения (многочисленные памятники мамлюкской эпохи в старой части Каира, архитектурный комплекс султана Калауна, включающий в себя мечети, мавзолеи, маристан (больница) и медресе; цитадель Кайтбая в г. Александрия, караван-сараи, бани и др.).

Эпоха правления мамлюков в Египте и на Ближнем Востоке продолжает привлекать к себе внимание представителей академических кругов различных стран в силу своей временной протяженности и сопричастности к истории многих народов. Тем более, если учесть то обстоятельство, что мамлюки в период своего правления играли решающую роль в ключевых событиях в мировом и региональном масштабе (отпор монгольским войскам, борьба с крестоносцами). Мамлюки определили последующий ход развития как мусульманского, так и отчасти христианского мира.

К мамлюкской теме обращаются в самых различных аспектах (политический, военный, дипломатический, социально-экономический, культурный и др.). При этом исследователи опираются на первичные и вторичные источники. Первые, несомненно, представляют особую важность. Среди них – труд яркого представителя мамлюкской эпохи – эмира Рукн ад-Дина Байбарса аль-Мансури ад-Дауадара (умер в 1325 г.) «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра» («Сливки мыслей по летоисчислению хиджры»), важная историческая хроника XIV в. по раннемамлюкскому периоду. Ценность сочинения заключается в том, что сам автор является очевидцем многих описываемых событий. Занимая высокие посты в мамлюкском государстве, он владел складывающейся ситуацией на внутренней и внешней арене, имел прямой доступ к информации.

Полное имя автора – Рукн ад-Дин Байбарс аль-Мансури ан-Насыри альХата’и ад-Дауадар аль-Мисри (ركن الدين المنصوري الناصري الخطائي الدوادار المصري). Родился около 645 г. по хиджре (1247 г. по григорианскому летоисчислению). Еще ребенком в 659 г. по хиджре (1261 г. по григорианскому летоисчислению) он попал в Египет вместе с евнухом Муджахид ад-Дином Каймазом аль-Маусыли, который был слугой у правителя Мосула Бадр ад-Дина Лю’лю’. Там его определили к мамлюкам эмира Каляуна аль-Альфи, и он жил в каирском районе аль-Бундуканиййин. В 666 г. по хиджре (1272 г. по григорианскому летоисчислению) он возвышается от мамлюка, получающего жалование (***аль-джамикия***), до мамлюка,

наделенного ***икта‘***. Позже он был назначен ответственным за «***шарабхану***» во дворце эмира Зейн ад-Дина Кетбуги. В 681 г./1283 г. он был удостоен чина эмира, а через год поднялся до «***эмира табльханы***» (эмир второй степени, у ворот которого бьют в барабаны и дуют в трубы). Затем он был назначен заместителем султана в аль-Караке.

Во время правления султана ан-Насыра Мухаммада он становится эмиром высшей инстанции – эмиром первой степени (эмир сотников и один из предводителей тысячников). В его подчинении находились сто или тысяча всадников из числа эмиров ниже чином. В это же время он назначается смотрителем делопроизводства (***назыр диуан аль-инша’***). Полагаем, что такого авторитета он достиг благодаря своим достижениям на военном поприще, стретегическому видению и аналитическому складу ума. В указе о его назначении также упоминались его выдающиеся литературные способности как человека пера.

Так укреплялись позиции аль-Мансури на государственной службе, он привлекался к принятию важных политических решений. Не случайно, что ему было доверено стать мамлюкским историком и вести хронику происходящих событий внутри государства, а также освещать то, что происходило в близлежащих странах. Как отмечалось выше, для этого имелась благодатная почва – правление мамлюков пришлось на весьма богатый историей период, когда вершились судьбы целых регионов и различных народов, когда шла борьба между религиями, цивилизациями, разворачивалось ожесточенное противостояние за гегемонию на Ближнем Востоке.

Аль-Мансури за свое относительно долгое пребывание во дворце мамлюков стал свидетелем многочисленных событий.

В 1311 г. он занимает самый высокий пост в государстве после султана – должность заместителя султана (***наиб ас-сальтана***). Он пользуется любовью и большим почетом у правителя ан-Насыра, однако последний в августе 1312 г. приказывает схватить его вместе с другими эмирами по обвинению в причастности к эмиру Кара Сункуру, который поднял бунт в Шаме, и заключает его под стражу в крепости аль-Джабаль. Затем он отправляет его в тюрьму в аль-Караке, где он проводит около пяти лет. После этого он был освобожден и возвращен во дворец в 1318 г. Аль-Мансури прожил довольно долгую жизнь и умер в 725 г. по хиджре (1325 г. по григорианскому летоисчислению), в возрасте около восьмидесяти лет [4].

Что касается труда Б. ад-Дауадара «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра», то он служит важным достоверным источником для историков последующих поколений, которые основываясь на нем, могли интерпретировать события прошлых лет и веков. Все они отмечают высокий слог автора, выдающиеся языковые способности, его мастерство историка в подаче материала. Ад-Дауадар был современником девяти султанов, лично принимал участие в многочисленных войнах и битвах, что позволяет рассматривать его как живого очевидца тех дней. По мнению крупнейшего мамлюкского историка Ибн Тугри, труд «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра» считается лучшим источником по эпохе правления Султана аз-Захира Бейбарса.

«Сливки мысли» включают 11 частей и охватывают период с 650 по 709 гг. по хиджре. Автор писал свой труд до самой своей смерти. Исследователи отмечают, что он резко обрывается. Рукопись сочинения хранится в Британской библиотеке в Лондоне.

Труд «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра» впервые был отредактирован известным востоковедом Д.С. Ричардзом и издан Ассоциацией немецких востоковедов в полном объеме в оригинале на арабском языке в 1998 г. [5]. На данный момент он практически не переведен на другие языки мира. Осуществлен перевод отдельных его фрагментов на русский язык. Так, в конце XIX в. вышел перевод его последних частей, осуществленный В.Г. Тизенгаузеном [6]. В сети Интернет можно обнаружить и другие

анонимные переводы, возможно, осуществленные посредством различных электронных служб перевода, но все они носят незавершенный характер. Несмотря на данное обстоятельство, сочинение имеет широкое хождение среди мамлюковедов различных стран и служит одним из основных источников по мамлюкской эпохе. Как следует из названия, излагаемые сведения расположены в хронологическом порядке и основываются на мусульманском календаре – хиджре. Они включают известия о смерти известных личностей мусульманского мира, ключевых событиях, имевших место в описываемый период в регионе Северной Африки, Ближнего Востока, а также кратко охватывают историю Хулагуидов, Золотой Орды и др.

К «Сливкам мысли» в своих исследованиях обращаются все современные мамлюковеды. Сегодня источник введен в научный оборот и на постсоветском пространстве. Его упоминание мы находим в трудах казахстанских, российских, украинских и беларусских авторов. А. Филиппов, давая оценку сочинению, отмечает: «Данный источник занимает особое место, так как это единственная историческая хроника по раннебахритскому периоду, написанная представителем мамлюкской элиты, занимавшим высшие посты в государственном аппарате… хроника описывает значительный временной период… Вместе с тем описываемый в «Сливках мысли» хронологический период практически полностью соответствует времени жизни автора, что существенно снижает искажения, которые возникают в мамлюкских хрониках при переносе реалий времени автора на отдаленные от его жизни исторические события» [7, с. 13-14].

В Казахстане в текущем году планируется подготовить и издать перевод «Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра» на казахском и русском языках, что, несомненно, позволит глубже понять события и реалии мамлюкского периода, прежде всего – эпоху правления Султана аз-Захира Байбарса.

Список использованной литературы и источников:

1. Фильштинский И.М. История арабов и халифата (750-1517 гг.) – М., 1999. – 384 с.
2. Босворт К.Э. Мусульманские династии. Справочник по хронологии и генеалогии. Пер. с англ. П.А. Грязневича. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1971. – 324 с.
3. Очерки истории арабской культуры V – XV вв. – М., 1982. – 440 с.
4. Байбарс ад-Дауадар (на ар.яз.) // https://ar.wikipedia.org/wiki/بيبرس_الدوادار [Дата обращения: 10.01.2022]
5. аль-Амир Рукн ад-Дин Байбарс аль-Мансури ад-Дауадар. Зубдат аль-фикра фи тарих аль-хиджра (на ар.яз.). – Издание первое: Д.С. Ричардз. – Бейрут, 1998. – 509 с.
6. Рукн эд-Дин Бейбарс аль-Мансури аль-Масри. Сливки размышления по части летописания хиждры. V. Из летописи Рукнеддина Бейбарса. Перевод В.Г. Тизенгаузена // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, том I. Извлечения из сочинений арабских. – СПб, 1884. // http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Baibars_al_mansuri/text1.phtml?id=12577 [Дата обращения: 15.02.2023]
7. Филиппов А. Становление государства мамлюков в Египте во второй половине XIII века. – Минск, 2021. – 352 с.

БАТЫРЛЫҚ БОЛМЫС БЕДЕРЛЕРІ: ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ

Тұрысбек Р.С. ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада Қыпшақ династиясының негізін қалаушы Байбарыс сұлтанның өмір-тарихы, күрделі де сындарлы күрес жолы кең түрде сөз етіледі. Әсіресе, Байбарыс батырдың Мысыр сұлтаны ТураншаҺты, Кетбұқа ноянның түмендерін, Хулагу ханның қосындарын біржола тізе бүктіргені, кресшілерге қарсы жорық-шайқастары, мәмлүк

билігіндегі қаһармандық даңқы, елдік һәм ерлік шежіресі жан-жақты қарастырылады. Мұсылман тарихында ислам дінін насихаттап, бұл бағытта көптеген мешіт-медреселер салып, керуен сарайлар тұрғызған. Зиярат орындарын айқындап, еңселі ескерткіштер қойып, мәмлүк құндылықтарына маңыз береді. Алтын Ордамен дипломатиялық, мәдени-сауда ісін жолға қойып, дәстүр мен дүниетаным, дін мен діл, тарих пен таным арналарының кең өріс алып, жүйелі дамуына өлшеусіз үлес қосуымен де жұрт жадында қалады. Автор, негізінен осы жайттарды дипломат, шығыстанушы-ғалым Қ. Сәкидің «Сұлтан Байбарыс» (2022) кітабы арқылы байытып, жан-жақты зерттеп-зерделейді. Кеше мен бүгін байланысына, біліми-ғылыми қырларына жіті назар аударады.

Түйін сөздер: мәмлүк, елші, тархан, сұлтан, түркі, кресші, шежіре

Рельефы героического бытия: летопись страны и мужества.

Аннотация. В статье подробно рассказывается об истории жизни Султана Бейбарса, основателя кыпчакской династии, его сложной и конструктивной борьбе. Особенно подробно рассматриваются разгром Бейбарыс-батыром египетского султана Тураншаха, Кетбука Нояна, войска Хулагу-хана, его походы против крестоносцев, героическая слава султана Бейбарса во время правления мамлюков, история героизма народа.

В мусульманской истории, пропагандируя исламскую религию, он построил множество мечетей-медресе и построил караванные дворцы.Определяя места паломничества, воздвигая памятники, придавал значение мамлюкским ценностям. Султан Бейбаоыс останется в памяти народа за его неоценимый вклад в укрепление дипломатических, культурно-торговых взаимосвязей с Алтын Ордой, планомерное развитие традиций и мировоззрения, религии и менталитета, истории и знания. Авторразвивает и всесторонне изучает эти нюансы,в основном, через книгу дипломата, ученого-востоковеда К. Саки «Султан Байбарыс " (2022). Пристальное внимание он уделяет взаимосвязям прошлого и настоящего, образовательному и научному аспектам.

Ключевые слова: мамлюк, посол, тархан, султан, тюрк, кресси, генеалогия.

Embosses of heroic existence: nationhood and the heroism genealogy

Annotation. In the article, the life history of Baibarys Sultan, the founder of the Kypchak dynasty and the complex and constructive struggle are discussed in details. Especially Baibarys Batyr's defeat of the Egyptian sultan Turanshah, Ketbuka Noyan's districts, Hulagu Khan's forces, his campaigns against the Crusaders, his heroic glory during the Mamluk rule, and the history of the heroism of the nation are considered in detail. In Muslim history he propagated the Islamic religion, built many mosques, madrasahs and caravan palaces in this direction. Places of pilgrimage are determined, monuments are erected, and Mamluk values are greatlyemphasized.

He will be remembered by the people for his immeasurable contribution to the systematic development of the channels of tradition and worldview, religion and world knowledge, history and knowledge. The author, mainly diplomat, orientalist-scientist K. Saki'sthrough the book "Sultan Baibarys" (2022), he enriches it and studies it comprehensively. He pays close attention to the connection between yesterday and today, educational and scientific aspects.

Key words: Mamluk, ambassador, tarkhan, sultan, Turk, Kresshi, genealogy

Отандық тарихнамада елдік пен ерлік шежіресі кең орын алады. Халық әдебиеті нұсқаларынан бастап, елдік шежіренің арғы-бергі кезеңдерінде даңқты тұлғалар шоғыры көптеп кездеседі. Ел-жерді қорғап, азаттық аңсаған елбасылар мен қолбасылар, батырлық болмысымен жұрт жадында қалған танымал тұлғалар – елдік пен ерлік шежіресіне адалдық танытты. Осы орайда, ұлт руханияты тарихнамасында – Мысырдағы мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған, Дешті Қыпшақ даласының даңқты тұлғасы – Сұлтан Байбарыс есімі мен ерлігі айрықша аталады. Биылғы жылдың мерейтойлық жылнамасының бастапқы тұсында – сұлтан Байбарыстың 800 жылдығының ұлттық маңызы, әдеби-тарихи һәм мәдени-рухани мәні айрықша болып табылады [1].

Алғашқы басқосу-жиындар, мәдени-рухани іс-шаралар алыс-жақын елдерде жүйелі түрде аталып, елдік мүдде, руханият өрісі тұрғысынан мәнді сипат ала бастады [2].

Байбарыс сұлтанның Дешті Қыпшақ пен Алтын Ордаға қатысты тұстары, крестшілерге қарсы күресі, Кіші Армения мен Кіші Азия селжүктеріне бағытталған жорықтары, Хулағу әулеті үстемдігіне тойтарыс беруі, бұдан басқа Мысыр мен Қыпшақ даласы арасындағы қарым-қатнас, сыйластық сипаттары да жүйелі сөз етіліп келеді [3].

Бұдан басқа, Сұлтан Байбарыс туралы арнаулы еңбектер мен анықтамалықтарда да орын берілген. Еске алсақ, «Шәкәрім» энциклопедиясында: «Байбарыс – түркі тектес мәмлүктер арасынан шыққан, Мысырды билеген сұлтан, ортағасырлық Мысырдың аса ірі әскери және мемлекет қайраткері...Медреселер салуға көп күш жұмсады. Оның билік еткен тұсында елдің әлеум.-экон. жағдайы ілгері басты»,-деп жазды [4, 229 б]. «Бейбарыс сұлтан» көркемфильмі түсіріліп (сценарий авторлары – М. Симашко, Б. Мансұров; Бейбарыс бейнесінде – Н. Жантөрин ойнайды), онда билік мәні мен өлшемі, құлдық пен махаббаттың, сатқындық пен опасыздықтың айырмасы, қыр-сыры айқындалады [5, 140 б].

Жазушы-драматург Р. Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарыс» спектаклінен дәуір дидары, кезең құбылыстары мен заман шындығы, басты тұлғаның билік пен халық арасындағы көшбасшылық орны, елдік мүдденің сыр-сипаттары, батырлық болмысы мен қабілет-қарымы, қасиет-көзқарасы мен ар-намысы, ұстаным жүйесі кеңінен көрінеді [6, 247 б].

Осы орайда, дипломат, шығыстанушы-ғалым Қ. Сакидің «Сұлтан Байбарыс» атты зерттеу еңбегі - Қыпшақ династиясының негізін қалаушы Байбарыстың өмір жолы мен қилы тарихын, талайлы тағдырын, әскери бағыттағы әрекет-қимылдарын, ел-жерге құрметі мен сағыныш-сүйіспеншілігін, мәдени-рухани һәм имандылық қырларын кең түрде сөз етеді [7, 352 б]. Бұл бағытта, әсіресе құлдық шеңберінен шығып, сұлтандық кеңістіктегі жаңа бағыт, кең өрісті әрекет-қимылдары назар аудартады. Мәселен, Мысыр сұлтаны ТураншаһТы тізе бүктіріп, кіресшілердің басшысы Франция корольдігін тұтқынға алып, Кетбұқа нояннның түменін талқандап, Хулагу ханның қаһарлы қосындарының бетін қайтарып, Батыс пен Шығыс билеушілері – асасиндерді жан-жақты қыспаққа алып, тығырыққа тіреген көрнекті қолбасшы һәм қайраткер Сұлтан Байбарыстың ерен ерлігі мен өшпес рухы, үлгі-ғибраттық қырлары жан-жақты ашылып, кең көлемде сөз етіледі. Оның өзі, көбінде алуан дереккөздері, көптеген тарихи мәліметтер, түпнұсқалық құжаттар мен құнды кітаптар, шежірелік жазбалар арқылы анық-қанық қарастырылып, өз ара салыстыру-салғастырулар жасалып, нақтылы талдау-зерделеулер негізінде жұртқа жетеді. Баһадүр һәм біртуар Байбарыстың құлдықтан – сұлтандыққа көтерілген кезеңі, қиын уақыт, сындарлы сәттердегі жауапкершілік жүгі, елдік-ерлік шежірелері, даналығы мен даралығы, өнеге өрнектері де әр алуан әрекет-қимыл, елдік-отандық қабілет-қасиеттерімен көрініс тауып, жаңа бағыт, кең өріс, мәнді орын алады. Бұл, әсіресе кітаптың – «Алғы сөзі» мен «Кіріспе» бөлігінде кең түрде айтылып, Көне Мысыр мен Каир қаласындағы арғытарихтан жеткен, тастан қашалып жасалған сансыз ескерткіш, бірқатар мазарлар мен мешіт-медресе, түркі тайпаларын құраған – жалайыр, қыпшақ, найман, қоңырат, қораластармен сабақтастықта сөз етіледі. Әсіресе, қыпшақтардың арасындағы мәмлүктердің көсемі – Байбарыстың өмір жолы, есею-өсу кезеңдері, белгілі һәм беймәлім мағлұматтар мәні, Мысыр мен Шамдағы биліктің бел-белестері, құл базарына қатысты қилы көзқарас, мың сан танымтүсініктер жүйесі талайлы тарих, тағдырлар тартысы мен талқысы арқылы кең арна алып, мәнді-нәрлі сипаттармен беріледі. Әрі қазіргі қыпшақ мәмлүктер тарихы – Қазақстан мен Мысыр арасындағы қарым-қатнастың басым бағыттарын, маңызды бөліктерін құрайтыны да кеше-бүгін байланысы арқылы өз ара сабақтастықта кең өріс алады. Каир қаласындағы сұлтан Байбарыстың мешітін қайта қалпына келтіру ісіндегі батыл қадамдар мен ұнамды көріністер төңірегіндегі әрекет-қимылдар да жүйелі жеткізіледі. Бастысы, Египеттің (Мысыр) астанасы – Каир мен Көне Мысырдың кеше мен бүгінгі тынысы, арғы-бергі тарихы мәмлүктердің табиғаты мен тағылымын кең түрде ашып, жан-жақты біліп-тануға, зерттеп-зерделеу ісіне кең жол ашады. Ақын һәм қайраткер О.

Сүлейменовтың Мысырға сапары тұсында (1999) қыпшақ мәмлүктер тақырыбын кең көлемде қозғауы, бұл бағыттағы ізденіс пен зерттеу жүйесіне жаңа жол ашты. Бастысы, «Алғы сөз» мәйегінде айтылғанындай, автор: «...Кітапта ұлы қолбасшы хақында жан-жақты, толық әрі ең керекті мәлімет жинақталып берілген. Зерттеуші кез-келгеннің қолына түсе бермейтін, түссе де тісі бата бермейтін сирек, том-том ауыр кітаптарды тауып, парақтап, бағалы мәліметтерді қалауынша ой елегінде екшеп алған. Әрі осы салада қалам тартып жүрген араб ғалымдарымен жолығып, пікірлесіп, Байбарысқа қатысты тарихи жерлерді, Каирде әлі күнге дейін сақталған өткеннің белгісіндей ескерткіш жәдігерліктерді емін-еркін аралап көрген» (5 бет). Оның үстіне: «Автор араб жылнамашыларының шежірелік жазбалары мен батыс ориенталистерінің тұжырымдарын мол келтіріп, пайдаланса да, тілге тиек етілген мәмлүктерге қатысты факті мен толғамдарға түркілік, көшпелілік сынды өмір салтынан туындаған мінез, қасиеттерді, белгі-нышандарды, тілдік айғақтарды қатар алып, сабақтастыра пайымдайды, ой түйеді» (6 бет). Байбарыс әлемінің мың қыры, батырлық болмысқа тән әр алуан әрекет-қимылы, жан құбылысы, сан салалы сыры да осында.

«Кіріспе» бөліктің бастапқы тұсында: «Египеттің (Мысыр) астанасы Каир қаласын күн астындағы ашық мұражай десе де болады. Көне Мысыр заманынан қалған тастан қашалып жасалған сансыз ескерткіштерді айтпағанның өзінде, мұсылман, оның ішінде мәмлүк дәуірінен қалған жәдігерлерден көз сүрінеді. Каир қаласы мұсылман дәуірінің ескерткіштеріне ең бай қалалар саналатын Стамбұл, Алеппо қалаларының алдында тұр. Ескі Каирдың әртүрлі бөліктерінде орналасқан мешіт, медресе, мазар, көше және аудандардың Байбарыс, Бұлақ, Лашын, Санжар және басқа да түркі есімдерімен аталуы адамды елең еткізіп, көз алдыңа түркі заманының айбарлы елесін әкеледі"- деп қыпшақ мәмлүктерінің айбынды қолбасшысы, даңқты тұғырлы тұлғасы – Байбарыстың өмір жолының басым бағыттарының елдікке негізделген, ерлік шежіресіне толы маңызды қырларына байыпты барлау, терең талдау жасайды (7 бет). Анығында, осы кезеңдегі: «...Қыпшақтардың бір бөлігі әскери қызметке жастай алынған жас құлдар, келесі бір бөлігі халифа мен бай тұрғындардың жеке шаруашылығында қызмет ететін құл базарлары арқылы түскен еріксіздер еді. Соған қарамастан, олардың аттары тарихта өшпестей жазылып қалды», - дегенді де батыл айтып, арғы арналардың қыр-сырын ашады (8 бет).

Кітап құрылымы бірнеше бөліктер мен қосымшадан тұрады («Сұлтан Байбарыс өмірінің зерттелуі туралы», «Пирамида үстіндегі киіз үй», «Мәмлүктер», «Байбарыс Аюб әулеті сұлтандарының кезінде», «Биліктің мәмлүктерге көшуі», «Байбарыс сұлтандығы», «Сұлтан Байбарыстың қазасы», «Сұлтан Байбарыс мемлекетінің құрылымы», «Сұлтан Байбарыс мемлекетінің әскери жүйесі», «Байбарыс билігі кезіндегі әлеуметтік өмір», «Байбарыс мұрасы» т.т.). Әр бөлікте - Байбарыс бейнесі мен өмір-тарихының өрнекті жолы, елдік мүддесі мен ерлік шежіресі, адами мұраттары мен азаматтық Һәм қайраткерлік қырлары, қысқасы батырлық болмысы кең көлемде айқындала түседі.

«Сұлтан Байбарыс өмірінің зерттелуі туралы» атты алғашқы материалдан қыпшақ мәмлүктерінің дәуіріне қатысты арғы-бергі тарихтың жиынтығы төңірегінде бірқатар зерттеушілердің еңбектері аталып, белгі-ерекшеліктері, маңыз-мәні көрсетіледі (В. Тизенгаузен «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдардың жинағы», М. Симашко «Емшан» повесі, Б. Көмеков «Государство кимаков IX-XI в.в. по арабским источникам», С. Ақынжанов «Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар», Б. Батыршаұлы «Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары» т.с.с.). Әсіресе, 1890-1904 жылдары жарық көрген «Брокгауз мен Ефронның энциклопедиялық сөздігінен» орын алған Байбарыс сұлтан төңірегіндегі қысқа мағлұматтардың кең мағынасы, терең тарихы, маңыз-мәні айқындалады. Бұдан басқа, Ортағасырлық қыпшақтардың тарихнамасы төңірегіндегі араб-парсы тілдеріндегі қолжазбалар мәні (10 бет), Қыпшақ тақырыбына қатысты бұрынғы-соңғы

жазбалар жөніндегі ақпараттық-танымдық материалдар жүйесі (11 бет) зерттеу бағытын, маңызды тұстарын, өзекті қырларын айқындай түседі. Таяу Шығыс елдеріндегі (Каир, Стамбұл, Бағдат, Дамаск) және Еуропа елдеріндегі кітапханалар жүйесіндегі қолжазбалар, құжат-материалдар топтамасы да жүйелі беріледі. Ислам тарихнамасындағы Байбарыс туралы еңбектер, елхан мен кресшілер жорығына қатысты материалдар жиынтығы, сондай-ақ саяси-әскери һәм әлеуметтік бағыттағы тарихшылардың ізденіс-зерттеулерінен де даңқты тұлғаның адами мұраттары, елдік-ерлік бағытындағы іргелі істері кең түрде орын алады. Естелік-әңгіме, оқиғалар желісінен де Байбарыс бейнесі, қоғамдық һәм қайраткерлік қырлары, жұртқа жақындығы, қарапайым істері сөз етіледі. Бұдан бөлек, Ы. Палтөре бастаған отандық мамандар тобы дайындаған – «Сұлтан Захир Байбарыстың өмірбаяны» атты араб тілінен тікелей қазақ тіліне аударылған еңбек мәні, мәмлүк тарихы мен Байбарыстың сұлтандығы туралы Ибн Шаддад, Ибн Абдузахир, Ибн Уасил, Ибн Шафиғ, Ибн Айбек, Ибн Шакир, Ибн Касир т.б. дерек, қолжазбаларының маңызы атап өтіледі (13 бет). Атап өткен жөн, Байбарыс заманында өмір сүріп, оның өмірбаянын, мәмлүк мемлекетінің жүйесінде қызмет еткен – Ибн Абдузаһир, Ибн Шаддад, Ибн Уасилдер бөлекше сөз етіледі. Анығында: "Олар мәмлүктер, кресшілер мен елхандар арасындағы текетірес барынша шиеленіскен кезде сұлтан Байбарыстың қасында еңбек етті» (14 бет). Кресшілердің қасиетті жерлерге жорықтары тұсындағы хроникалық материалдар, Дамаскідегі арнаулы институттардағы жүйелі зерттеулер мазмұнынан, мұрағаттық дереккөздерінен түркі, мәмлүк тақырыбы кең орын алады. Өмірбаяндық һәм оқиғалық желілер негізіндегі туындылар табиғатынан да Байбарыс сұлтанның адами әлемі, елмен байланысы, саяси-әскери ұстанымы, қарапайым қағидаттары, тұлғалық қырлары кеңінен көрініс береді. Сондай-ақ, арғы-бергі тарих мәні, әсіресе: «Осы заманғы араб тарихшылары да мәмлүк тарихын зерттеуді жалғастырып отыр. С. Ашур, М. Сурур секілді мысырлық тарихшылардың сұлтан Байбарыс туралы зерттеу кітаптары жоғарыда аталған ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінің негізінде жазылған. Даңқты тұлға туралы 2019 жылы жарық көрген А. Абдулуахид деген мысырлықтың кітабы да сол санатқа жатады», - деген зерттеу жүйесі мен көзқарастар нәтижесіндегі мәнді тұстар, зейінді зерделеу жайы, пайымды-орамды ойлар тоғысы да маңызды екендігі анық (17 бет).

Бұдан басқа, Ортағасырлық тарихшылардың Байбарыс туралы айтып-жазғандары, әсіресе жеңімпаз тұлға, ержүрек батыр, қарапайым да қайырымды, қайсар да өжет, өршіл рух иесі, аңыз-адам болғаны дереккөздері мен жазбалар, естелік-әңгімелер негізінде беріледі (40-45 беттер). Ал, Мәмлүк мемлекеті тұсындағы – қыпшақ тілінің қолданыс аясы, ғылыми-лингвистикалық мәні (45-47 беттер), Ислам тарихнамасындағы – мәмлүктердің мән-мағынасы мен мемлекеттік құрылымы, сұлтандар жүйесі мен құл базарларының өзіндік қыр-сырлары айқындалады (50-51 бет). Автор бұл тұстарда да арғы-бергі кезең материалдарына жіті назар аударып, Мәмлүк мемлекеті тарихнамасына, Қыпшақ жұртының қоғамдық-әлеуметтік жайына, дәуір дидарына, өмір-тұрмыс сырларына, заманауи мәселелерге көп көңіл бөледі. Байбарыстың адами мұраттарын, батырлық болмысын, даңқты жорық пен жеңістерін жүйелі сөз етіп, байыпты баяндайды.

«Дүние анасы – Мысыр» атты бөлікте түркі мәмлүктері, талайлы тарихы, дәстүрі мен діні, кәсіп-дағдысы мен дүниетаным арналары, мешіт-медресе, сәулет ескерткіштері, табиғаты мен жыл мезгілдері кең орын алады. Сондай-ақ, Аюб әулеті, Крест жорықтары, Мансура шайқасы, Байбарыс жеңісі мен сұлтан Тұраншах өлімі (78-80 беттер) кезең кестелерін, елдік-ерлік шежіресін нақты сөз етеді. Дәуір дидары, заман шындығы, уақыт рухы мәнді-нәрлі сипаттарымен, дәйек-дерек көздерімен назар аудартады.

«Байбарыс сұлтандығы» тұсында салық жүйесі өзгереді, мемлекеттік мансап-дәрежелер айқындалады. Ішкі-сыртқы жағдайларға, келіссөздерге, жаңа халифатқа, Алтын

Ордамен дипломатиялық байланыс орнатуға, Еуропа патшалығымен қарым-қатнас мәселелеріне мән беріледі. Байбарыстың кресшілерге қарсы жорығы (158-191 беттер), Елхан-селжүк қолын талқандауы (189-191 беттер), Қайсария қаласын басып алуы әр алуан жорық, шайқастар негізінде нанымды сөз етіліп, мәнді-нәрлі әсер қалдырады.

«Пирамида үстіндегі киіз үй» - Мәмлүктер тарихы, Байбарысқа қатысты жазбалар, жалпы пирамидалардың арғы-бергі дәуірлердегі орын-үлесі, ақпарат-материалдары көптеп келтіріледі. Қыпшақ мәмлүктер құрған мемлекет – Түркі мемлекеті болғандықтан, осы жолдағы сұлтан Байбарыстың мемлекет басқарудағы басым бағыттары, қабілет-қасиеттері, елдік қызметі мен қайраткерлігі, елмен байланысы, жорықтары әр қырынан көрініс береді. Әсіресе, Каир қаласының қарсы бетіндегі Нілдің батыс жағына орналасқан Гиза пирамидалар тобының өзіндік ерекшелігі бар-ды. Қорғандардың маңызды бөлігі – Хеопс, Хефрен, Микерин пирамидалары. Ең биігі – Хеопс пирамидасы назар аудартады. Оның ұшар басында он екі қанат киіз үй орнатуға болатын алаңша бар-ды. «...дәл сол жерге қыпшақтар киіз үй орнатып, биіктіктен жан-жақты тамашалаған» (19 бет). Бұл кезең елдік істерге, ерлік шежіресіне толы болғанын айтқан жөн. Кресшілер жорығы, Мансура шайқасы, Туранша̀тың билігінен құлату, Кетбұқа ноянның түменін талқандау, Хулагу ханның қосындарын қирату сынды жағдаяттар осы тұста орын алды (20 бет). Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда байланыстарына кең өріс ашылды. Он жеті жыл сұлтандық құрған – Ұлы даланың қа̀рман перзенті Байбарыстың даңқты жолы, батырлық болмысы, адами мұраттары кең түрде айқындалады (20 бет).

Автор қыпшақ мәмлүктер құрған мемлекет – Түркі мемлекеті дегенге басымдық береді (21 бет). Мысыр тарихшыларының дереккөздері, маңызды материалдары назарға алынады (21 бет). Негізінен: «...түркі мемлекеті мәмлүк билігін құқықтық жағынан негіздеуге бағытталған саяси идеологиялық жұмыстар жүргізіп отырған. Оны біз Байбарыстың құл базарларынан қыпшақ, түркі жастарын сатып алуынан және алпыс мың түрікменге Палестинаның шырайлы да шұрайлы жерлерін мырзалықпен кесіп бергенінен көреміз»,- деген тұжырымдары нақты беріледі (22 бет). Оның үстіне тарихшы Ибн Тәңірбердінің: «Байбарыс мемлекет басқару ісінде Шыңғыс ханның «Ясасын» және түркінің «Турасын» басшылыққа алатын. Тура түрікше жол, бағыт дегенді білдіреді», -дегенін тілге тиек етеді (22 бет). Осының негізінде, мемлекет пен оны басқару жайына да кең орын береді. Түркі Турасын Орхон ескерткіштеріндегі бірқатар жазбалармен де дәйектейді. Анығында: «Күлтегін жәдігерінде «Қағандыққа отырып, олар түркі елін құрды, Турасын орнатты»,- деген жолдармен тиянақтай түседі (23 бет). Бұл тұстардан бірқатар ізденіс, батыл болжам, ұстаным танылады. Азаттық жолы, мұраттары көрінеді.

Ал, «Байбарыстың шыққан тегі» - Қыпшақ даласы, Түркі тайпасы деп көрсетіледі. Арғы-бергі кезеңдердегі құжат, материалдар жүйесі талдау, салыстырулар өзегі етіледі. Айталық, тарихшы Ибн Йияс Қыпшақ даласында өмірге келген, түркі нәсілді, десе (23 бет), қыпшақтанушы Б. Көмеков «XII-XIII ғасырдың басындағы Батыс Дешті-Қыпшақ қыпшақ конфедерациясының этнонимиясы туралы» мақаласында: «...Бөрілі тайпасы Шығыс Дешті-Қыпшақта, яғни қазіргі Қазақстанның жерінде, барынша биік мәртебені иеленген. Қыпшақ хандары олардан шығатын»,-деп жазады (23 бет). Басқа да тарихшылар мен дереккөздері, бірқатар жазбаларда: Байбарыс – түркі, қыпшақ екенін бекітіп, зерттеп-зерделеп, тереңдете түседі. Біліми-ғылыми арналар мәні де кеңінен көрініс береді.

«Байбарыстың құлдыққа түсуі» - құл базарына қатысты өріс алады. Оның өзі көптеген дереккөздері, бірқатар жазбалар негізінде нанымды беріледі. Бір жазбада – Хама қаласы көрсетілсе, келесісінде – Дамаск құл базары аталады. Туған жылы, титульдары (қа̀жир, аз-за̀жир, рукнуддин, айбатты арыстан т.т.) туралы да әр алуан талдау-салыстырулар орын алады. Жауынгер-жѝангер, дін тірегі, халық қамқоры ретіндегі орын-үлесі де тиісінше жан-

жақты көрсетіледі. Арғы-бергі тарихнамаларға ден қояды. Байбарыстың қарапайым отбасында өмірге келгені, әр алуан жанама мәлімет, деректер бола тұра, ғылыми айналыстағы нақты уақыты – 1223 жылы деп көрсетіледі (27 бет).

«Байбарыс па, Бейбарыс па?» деген бөліктен адам есімі мен мәніне ден қойылады. Байбарыс есімінің көп уақыттар бойы – Бейбарыс аталуының мән-жайы, қыр-сыры айқындалады. Ал, Байбарыс ретінде мәмлүктер арасында кең тарағаны, тарихшылар еңбектерінде де тиісінше орын алуына назар аударылады. Бірнеше нұсқалары, айтылуы мен жазылуы, естілуі сынды басқа да мән-сыры айқындалады (Байбарыс, Бейбарыс, Бибарс т.т.). Анықтамалық пен сөздіктер жүйесіндегі орын-үлесі де назарға алынады. Тіпті: «...Он төрт жасында Үрімге сатылған Байбарыс, ислам дініне өткенде әке-шешесі берген атты сақтап қалған» (35 бет). Оның үстіне, ағылшын, неміс, француз тілдеріндегі еңбектерде – Байбарыс атауы қабылданған (36 бет). Еуропа, орыс тілдеріндегі әдебиеттердегі аталуы, араб әліппесіндегі кірме сөздер жүйесі, этимологиялық мәні мен сипаты да назарға алынады (38 бет). Бастысы, Байбарыс атын дұрыс атап, жазу қажеттілігіне назар аударылады (192 бет). Түйінді тұста: «...сұлтанның дұрыс аты Байбарыс деп санаймыз»,-деп батыл байлам, берік қорытындыға келеді (38 бет).

Бұдан басқа, «Ортағасырлық тарихшылар сұлтан Байбарыс туралы», «Байбарыстың тілі туралы»,-деген бөліктерден бірқатар тарихшылар ізденістері мен зерттеулері кең орын алып, онда мәмлүк мемлекеті, қыпшақ тілі төңірегінде жаңашыл бағыттар, көзқарастар беріледі. «Қыпшақ тілі – мәмлүк мемлекетінің түркілерін біріктіруші үстем тіл»,-дегенді анық-қанық айтып, әдеби Һәм ғылыми әдебиеттер жарық көріп, басқа да іс-қағаздары осы тілде жүзеге асып отырғаны бірқатар дәлелдермен кең түрде көрініс береді (45-47 беттер).

«Мәмлүктер» атты көлемді бөліктен ислам тарихнамасы, арғы-бергі кезеңі кең орын алады. Ал, ақиқатында: «Мәмлүктер – ислам тарихында өшпес із қалдырған, негізінен, түркілерден тұрған әскери билеуші топ»,-делініп мән-мағынасы, құрылымдық жүйесі, ресми титульдары кең орын алады (48 бет). Сондай-ақ, Шейх сұлтан көріпкелдігі, Байбарыс өмірі мен қазасына қатысты болжаулары (199 бет), Қайсария қаласын алуы (204 бет), бес рет үйлену (211 бет), он перзент көруі (212 бет), Дамаск қаласында жерленуі (205 бет), келесі кезекте Байбарысұлы Беркеханның сұлтандығы мен басты ұстанымы (207 бет) т.т. тарихшылар еңбектері мен шежірелік жазбалар негізінде кеңінен көрініс тауып, мәнді сипатымен өріс алады. Әдеби-тарихи Һәм мәдени-рухани әсері, өрісі айқындалады.

«Сұлтан Байбарыс мемлекетінің құрылымы», алдымен сұлтан, сосын – мыңбасы, бектер мен онбасы, бесбасылар, қатардағы мәмлүктер ретінде жүйе құрайды (218 бет). Мәжіліс бегі, қару-жарақ бегі сынды жауапты қызметтер мәні, одан кейінгі санат-сатылар өлшемдері айқындалады. Әсіресе, Байбарыс өмірінің басым бөлігі ат үстінде, алапат айқас пен жойқын жорықтар ортасында өтуі, негізінен мәмлүктердің елхандар мен кіресшілерге қарсы соғысы, басқа да ішкі-сыртқы жағдаяттар мәні – мемлекет басқару ісімен сабақтастықта өріс алады. Ал, Мәмлүк династиясы тұсындағы – сұлтан орны, билік иесі ретіндегі қызметі, арнайы таңбасы болатыны, басқа да билік рәмізі, алтыннан жасалған тоқымы мен арнайы байрағы, өзге де тиісті титульдары кезең-заман шындығы тұрғысынан байыпты сараланып, нақтылы айтылып, жүйелі сөз етіледі (215-217 беттер).

Сұлтанның таққа отыруы (238 бет), балаларды сүндетке отырғызу (239 бет), саят құру (240 бет) ісіне айрықша мән беріледі. Сот және жазалау жүйесі (243 бет), соғыс пен оның қырлары, тәртібі, қару-жарақ жайы (266 бет), барлау мен байланыс мәні (273 бет), киім үлгісі (278 бет), әйел орны мен сипаты, жылқыға қатысты тұжырымдар т.т. кең орын алады. Ал, «Сұлтан Байбарыс мемлекетінің әскери жүйесі» бастапқы дайындықтан көрініс тауып, кейінгі кезекте бас қолбасшы - сұлтанның байрақты берік қолға алып, дауылпаздар үнін жаңғыртып, түмендерді бастауынан анық аңғарылады. Мәмлүк әскерін – онбасы, жүзбасы,

мыңбасы және атабек басқарады (253 бет). Жас мәмлүктер дайындығы – атқа міну, садақ ату, найзаласу, қылышпен шабу, шоқпарды қолдану ісіне де мән беріледі (254 бет). Бірқатар ұтымды тактика мен әскери тәртіп, тәрбие мәселесі де басты назарға алынады. Маңызды қырларына ден қояды. Бұдан бөлек, анығында: «...Мәмлүк әскері шайқас алдында бес бөліктен тұратын. Бірінші бөлігі – жалыш, яғни авангард, екінші бөлігі – арьергард, яғни әскердің соңы. Үшінші бөлігі – маймана, оң жағы, төртінші бөлігі –майсара, сол жағы және бесінші бөлігі – әскердің ортасы, есауыл» (260 бет).

«Байбарыс мұрасы» атты бөлікте Мысыр мен Шамдағы мәдени-рухани орындар мәніне, Каир қаласындағы – аз-Заһирдің маңызды қырларына, материалдық игіліктердің сыр-сипатына кең түрде тоқталады. Байбарыс салдырған – мешіт, ғибадатхана, дабылхана, монша, салтанат сарайлары, күмбез, білім-ғылым һәм зиярат орындары, каллиграфия өнері, кілем орталықтары, металдан бұйым жасау т.т. мәнді сипат алады. Бұл, әсіресе Мысыр мен Шам арасындағы ауыл мен қала көріністерінен, бекініс пен қамалдардың қырлы-сырлы сипаттарынан да жан-жақты танылады (296 бет). Каир қаласының сыртына орналасқан - Байбарыс мешіті, медресе мәні мен күмбездер сипаты да арғы-бергі тарихтан терең сыр ашады. Байбарыстың ықпалымен салынған – Египет жеріндегі Алтын үй, қызыл мұнара, күмбездер жүйесі, Беркеханға арнап салынған мұнаралы күмбездер, сәулетті сарайлар, арнаулы залдар, зиярат орындары, дабылхана мен монша т.т. өзіндік өзгешеліктері бары анық. Атап өтер жайт: «...Байбарыс сұлтан, жалпы алғанда, түркі мәмлүктері артына бір белгі қалдыруға ұмтылып отырған. Әрине, Мысыр мен Шам елдерінде шашырай орналасқан мәмлүк дәуірінің ескерткіштері мәдениеттің түрлі салаларына жататын қисапсыз мұра. Сұлтандармен қатар бас бектер, мыңбасылар, жүзбасылар да кем дегенде мешіт салып немесе өз басына, Байбарыстың сөзімен айтқанда: «алыс замандарға жететін белгі қоюға» тырысқан» (315 бет). Бастысы, автор ізденісінен, әсіресе түркі мәмлүктері мен Байбарысқа қатысты арғы-бергі кезеңнің дерек көздері, материалдар жүйесінен айқындық пен тереңдік, қорыту мұраттары айқын.

Бұдан басқа, Байбарыс сұлтан дәуіріндегі мәмлүктердің өмірі, дәстүрі мен тұрмысы, тарихы мен танымы, кәсіп-дағдылары, қарым-қатнас жүйесі т.т. кең орын алады.

Кітаптың соңғы бөлігінен орын алған – «Қосымша», «Мәмлүк дәуірінде қолданылған сөздердің және діни ұғымдардың түсіндірме сөздігі», «Қыпшақ мәмлүк мемлекетінің сұлтандары» (1250-1382), «Библиографиялық тізім» т.т. аталған еңбектің табиғатын, Байбарыстың өмір-тарихы мен кезеңдерін, заман шындығына қатысты белесті тұстарды, қоғам мен дәуір дидарын жіті зерделеп, терең тануға оңды әсер-ықпал етеді.

Жинақтап айтқанда, қыпшақ мәмлүктердің арғы-бергі тарихы, әсіресе кресшілер мен елхандар арасындағы қилы қақтығыс, мың сан жорық, шешуші шайқастар – XIII ғасырдың екінші жартысындағы күрделі кезеңді, сол тұстағы даңқты тұлға Байбарыстың елшіл-отаншыл қасиеті мен қырларын кең түрде көрсетеді. Оның өзі, әсіресе ортағасырлық тарихшылардың еңбектері мен қолжазба, шежірелік мұралары негізінде жұртшылыққа жетті. Мәмлүктер тарихнамасы мен Байбарыс сұлтанға қатысты дереккөздері мен материалдар жиынтығы – зерттеу еңбектің нрегізін құрайды. Байбарыстың Дамаск қаласындағы мазары мен Каирдегі мешітіне жөндеу жұмыстары – 2008 жылдан басталған-ды. Осы мәселе де назарға алынады. Бұдан басқа, автордың «Қыпшақ мәмлүктер» (2006), «Бағдаттағы Жалайыр билігі» (2007), «Мәмлүктер – соғыс өнері» (2015), «Ер қаруы – бес қару»(2020) т.т. еңбектерінде де Мәмлүктер әлемі, сұлтандар бағыты мен ұстанымы, осы тұстағы өмір-тұрмыс сырлары айқын аңғарылады.

Сайып келгенде, дипломат, шығыстанушы-ғалым Қ. Сакидің «Сұлтан Байбарыс» атты зерттеу еңбегі - Мәмлүк қыпшақтардың тарихнамасы мен Байбарыстың батырлық

болмысын, даңқты жолын, елдік Һәм ерлік қасиеттерін, дәстүрі мен дүниетанымын, тәлімдік қырларын, өмір тағылымын кең көлемде көрсетуімен маңызды болып табылады.

Тұтастай алғанда, Байбарыс сұлтанның өмір-тарихы мен жүріп өткен жолы, адами мұраттары мен адамгершілік қасиет-қырлары, батырлық болмыс бедерлері, елдік мүдде тұрғысынан атқарған игілікті де ізгілікті әрекет-қимылдары, мешіт-медреселер салдырып, Алла елшісінің ақиқат жолына адалдық танытуы, ататарих пен дәстүрге берілгендік пен шынайылық көрсетуі, сөз жоқ даңқты тұлғаның бейнесін биіктете түседі. Мұның, әсіресе Қазақстан мен Мысыр арасындағы қарым-қатнастың беки түсуіне де айрықша әсері бар.

Байбарыс сұлтанның өмір-тарихы мен тағылымы, елдік Һәм ерлік өнегесі осы.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Есалы А. Сұлтан Бейбарыстың 800жылдығы тойланады.- «Егемен Қазақстан», 2022, 18 қазан
2. Сәрсенхан Б. Бейбарыс сұлтан есімі ұлықталды. – «Егемен Қазақстан», 2023, 27 ақпан; Есалы А. Мысыр елінен мың сәлем. – «Егемен Қазақстан», 2023, 1 наурыз
3. Әлімгерейұлы Ө. Байбарыс және Алтын Орда. – «Егемен Қазақстан», 2023, 6 ақпан
4. Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей, 2008.- 229 бет
5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.- 140 бет
6. Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004.- 247 бет
7. Саки Қ. Ұ. Сұлтан Байбарыс.-Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 352 бет

РИТУАЛЬНЫЕ ЦЕРЕМОНИИ И ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ЭПОХИ БРОНЗЫ В ЗАРАФШАНСКОМ ОАЗИСЕ

Хасанов М.

Ферганский государственный университет

Аннотация

В статье впервые выводится в научный оборот новые археологические материалы эпохи бронзы, найденные при разведке Зарафшанской долины. На основе современного радиоуглеродного анализа уточнена хронологическая дата захоронений андроновской культуры. Отмечено, что у скотоводов Афанесовской и Андроновской степей и носителей оседло-земледельческой культуры существовали давние культурно–хозяйственные связи в погребальном обряде.

Annotation

The article for the first time brings into scientific circulation new archaeological materials of the Bronze Age, found during the exploration of the Zarafshan Valley. On the basis of modern radiocarbon analysis, the chronological date of the burials of the Andronovo culture has been clarified. It is noted that the pastoralists of the Afanesovskaya and Andronovskaya steppes and the bearers of the settled agricultural culture had long-standing cultural and economic ties in the funeral rite.

Ключевые слова: Зарафшанский оазис, эпоха бронзы, Афанесеово, Андроново, погребение, Средняя Азия, Бактрия, сапаллинская культура.

Key words; Zarafshan oasis, Bronze Age, Afaneseovo, Andronovo, burial, Central Asia, Bactria, Sapallin culture.

В Средней Азии ранний бронзовый век (IV - III тысячелетия до н.э.) считается периодом большого социального роста, образования первых этнических общностей, производства и изобретения новых технологий.

Скотоводческие общины Тазабагьябской и Андроновой культуры, входившие в систему евразийских культурных единиц, между двумя реками Амударьей и Сырдарьей, были строго разделены на две историко-культурные области: степные пустынные районы Тянь-Шаня: в южных районах Средней Азии, у подножия ручьев, берущих начало с гор Копетдаг, Таджен. В оазисах, на территориях Южного Узбекистана и Таджикистана формировались древние земледельческие культуры.

Ресейлік мәдениеттануда күнделікті өмір феноменін теорияландыруға өзіндік үлес қосқан зерттеуші Ю.М. Лотман болып табылады. Өз зерттеулерінің бірқатарында ол жоғары идеялар әлемі, күнделікті шынайылықта өз-өзін ойлайтын адамдар әлемінен бөлек емес деген қорытындыға келеді. Адам өмірінің тұрмыстық жағы индивидтің әлеуметтік позициясын анықтауға мүмкіндік беретін жасырын мәнге, мәдени кодқа ие. Ю.М. Лотман бойынша күнделікті өмір үстемдікке ие мәдениеттің құндылықтары мен нормаларынан қалыптасады. Зерттеуші үшін күнделікті өмір жалпы мәдениет секілді, семиотикалық құбылыс және оның мәнін тек тұрмыстық мәдениетті зерттеу арқылы түсінуге болады.

Күнделікті өмір революцияға дейінгі Ресей тарихшыларының да назарын аударған. Күнделікті өмірді зерттеудің классикалық үлгісі ретінде Н.И. Костомаров, Е.И. Забелин, А.В. Терещенко жұмыстарын санауға болады. Олар өз жұмыстарында орыс халқының дәстүрлі адамгершілік құндылықтарына баса назар аударады: әйелдің бағынышты жағдайы, отбасы мен тұрмыстағы жүріс-тұрыс, отбасылық қатынастар, шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері және т.б. Авторлар өмірдің материалды-тұрмыстық жағын сипаттауға басымдық беріп, тұрмыстық жүріс-тұрыс мотивтеріне көңіл бөлмейді. Күнделікті өмірді бұлай түсіну жағдайында, М.М. Кром атап өткендей, өткен өмір адамдары әрекет еркіндігінен айырылған, ешқандай ойлары болмай, берілген шындық жағдайларында белгілі сценариймен өмір сүріп, заттар мен жағдайлар шеңберінен шыға алмай қалған секілді.

Күнделікті өмір феномені мен тарихына қызығушылықтың күрт артуы посткеңестік ғылымда 1990-шы жж. басталады. Мысалы, И.Т. Касавин мен С.П. Щавелин күнделікті өмірді пәнаралық байланыс тарапынан зерттеуге әрекет жасады. Олар бұл феноменнен әрекеттік-оқиғалық, пәндік-заттық, тәндік-жүріс-тұрыстық аспектілерді анықтады. И.В. Утехин күнделікті өмір тарихи процесс динамикасын түсінуге шешуші ақпарат бере

алмайды, тек қоғамдық жүйені қарастырудың шешуші бір қыры болып табылады. Күнделікті өмір заттар әлемі мен сананың өзара әрекеттестігі арқылы Б.В. Марковтың «Культура повседневности» жұмысында қарастырылған. Автор үшін киім, баспана, туыстық қатынас жүйесі күнделікті өмір кеңістігінің «адам қалыптасуы жүретін» маңызды элементтері болып табылады. Күнделікті өмірдің өзі адамдардың ойлары мен бастан кешкендерімен ғана шартталмайды, сонымен қатар нормалар және институттармен реттеледі. Феноменологиялық дәстүрге қарсы Б.В. Марков күнделікті өмір «ерекше сипатпен құрастырылған кеңістіктердің желісі» деп есептейді. Бұл желіге күнделікті өмір құрылымындағы тәндік және рухани, экономикалық және этикалық құрамдас бөліктер жатады.

Күнделікті өмір тарихының кеңістігін қалыптастырудағы басты әдіснамалық тәсіл тарихилық принципі болып табылады. Бұл принцип бойынша оқиғалар мен құбылыстар уақыт бойында өзара өзара күрделі байланыста дамиды. Тарихи себеп-салдарлық тізбек аса ұзын болуы мүмкін, себебі қолда бар артефактілерге тек олардың алдындағы мәдени құбылыстар ғана әсер етпейді, сонымен қатар өте ертедегі жағдайлар өз ізін қалдырады немесе барлығынң туындатушы түп-тамыр болып табылады [8]. Сондықтан зерттеудің хронологиялық шеңберін шектеудің өзінде, егер мәдени-тарихи типтердің өзгерісін қарастыратын болсақ, белгілі бір құбылыстардың түп-тамырын анықтау үшін ерте дәуірлерге саяхат жасау қажет болады. Бұл әсер ету, қабылдап алу және мұраға алудың зор ролімен байланысты, себебі белгілі бір құбылыстар трансформацияланған күйде кейінгі дәуірлерде байқалуы мүмкін. Мәдениеттің мәні осы жаңа жағдайларға мұраға қалу мен интерпретацияда жатыр.

Сонымен, күнделікті өмір, яғни, өткен мен бүгінді бастан кешу арқылы қалыптасқан іс-әрекеттер мен өмір сипаты мәдениеттің барлық әртүрлі көріністерін ортақ тарихи-мәдени мәтінге біріктіретін элемент болуы мүмкін. «Қарапайым адам» бастан кешкен және қарапайым санасымен қабылдаған әлемді тұтас бірлік ретінде көрсету, зерттеушіге қоғамдық тарихтың объективті және жүйелі бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, тарихты «адамиландырады», өткенді оның тасымалдаушысы, адам арқылы түсінуге мүмкіндік береді [9]. Күнделікті өмір тарихын зерттеу, «кішінің» ішінде – қоғамдық болмыстың – заттай, іс-әрекеттік, этикеттік және басқа формаларында, тарихи дәуірдің мәдени панорамасындағы эстетикалық идеалдарында және этикеттік нормаларында, барлығын осының ішіне енгізе отырып, элиталық мәдениеттің арнайы мамандарының туындылары мен идеяларының шығуы мен игерілуінен бастап қарапайым өмірдің ең төменгі құбылыстарына дейін қарастыру. Күнделікті өмір тарихын зерттеу әлеуметті ерекше жүйе ретінде қарастырудың ерекше құралы ретіндегі орыны осындай деуге болады.

Осылайша, күнделікті өмірді зерттеуде құрылымдық-функционалдық, құрылымдық-семиотикалық және микротарихи тәсілдер өзара үйлесім тауып, нәтижесінде келесі методологиялық ұстанымдар тарап шығуы тиіс: - фактілер жиынтығының статистикалық дұрыстығы; - зерттелетін құбылысқа жүйелік тұрғыдан қарау; - күнделікті өмір тарихы жүйесіндегі фактілердің өзара тепе-теңдігі; - зерттелетін фактілердің семантикалық талдауы; - зерттелетін құбылысты статистикалық және динамикалық модельдеу әдістерінің өара үйлесімі.

Н. Пушкарева күнделікті өмір ретінде қоғамдық өмірдің оқиғалық жағын, жеке ұсақ жағдайлар және адамдардың сыртқы әлем жағдайларына бейімделу әдістерін түсінеді. Зерттеуші атап өткендей, «ерлер мен әйелдер күнделікті өмір құрылымын жасау мен қайта құрудың үздіксіз процесіне белсене қатысып, өздерін қоршаған өмірлік әлемді бейімдеп алуға ұмтылады». Бұл тұрғыда күнделікті өмірді түсінудің неміс ғылыми дәстүрі, әсіресе А. Людтке ойлары белгілі бір қызығушылық тудырады. Неміс мектебінің тарихшылары күнделікті өмір тарихын тұрмысты сипаттау контекстінде емес, кеңірек зерттеу шеңберінде

түсінуге шақырады. Бұл жағдайда зерттеуде адам тәжірибесі, қабылдауы, елестетуі, іс-әрекеті тарихи дамудың құрылымдары және процесстерімен байланыста қарастырылуы тиіс. Күнделікті өмір тарихы индивидуалды және ұжымдық тәжірибемен тығыз байланыста және өзі жаңа тәжірибе туындатады. А. Людтке атап өткендей: «Күнделікті өмір тарихы адамдардың іс-әрекетін үнемі қалпына келтіруге, сезімдерін түсіндіруге бағытталған». А.К. Соколов пен С.В. Журавлевтің пікірінше, А. Людткенің еңбегі тарихи құраудың «төменнен» жасалатын логикасы жайлы тезисті дәлелдей алды. Бұл ой бойынша тарихты модернизациялық процесстердің күрделі өзгерістерінде лайықты орын таба алмай, өмір сүрген қарапайым адамдардың тарапынан жазу қажет. Дәл осы қоғамдық және жеке мәселелердің микродеңгейде өзара сабақтасуы халықтық әлеуметтік жад пен билік идеологемалары арасындағы алшақтықты аттап өтуге мүмкіндік беріп, әлеуметтік субъектілердің шынайы іс-тәжірибесін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қоғамдық болмыстың үздіксіздігі және үзілістігі, неміс зерттеушілерінің ойынша, жаңа тарихи танымның негізі болуы тиіс. Осы арқылы қоғамдық процесстерге билік көзімен емес, әлеуметтік іс-әрекет субъектілері, қатардағы азаматтардың тарихи шындықты қабылдау түсінігі тұрғысынан қарау қажет.

XX ғ. күнделікті өмірді мұқият және жан-жақты зерттеуге Германия тарихшылары 1980 жж. бастап көңіл бөліп, жаңа зерттеу бағытын «күнделікті өмір тарихы» деп атаған. Бұл бағытты ұстанушылардың назар аударатын басты пәні – басты тарихи оқиғалар емес, сол оқиғалардың «кішкентай адамдардың» өміріндегі көрінісі. Бұл адамдар әрдайым тарихты жасаушылар емес, тек қатысушылар, алайда олар әрдайым осы оқиғалар салдарын бастарынан өткеріп, уақыт бойында өмірлері мен өздері қоса өзгереді. Тарих ғылымының бұл бағытының сипаты, оның негізін қалаушылардың бірі, неміс ғалымы А. Людткенің «Что такое история повседневности? Ее достижения и преспективы в Германии» атты мақаласында берілген. Жаңа бағытты сипаттай келіп, Людтке былай дейді: «Барлығынан маңыздысы – адамды еңбекте және еңбектен тыс зерттеу. Күнделіктілікті сараптауда бастысы, тарихта атаусыз қалғандардың өмірлік мәселелері болып табылады... Индивидтер бұл зерттеулерде әрекет етуші тұлға, әрі өткеннің әлеуметтік-тарихи шындығын белсенді түрдегі туындатушы және өзгертуші болып табылады». Күнделікті өмір тарихы барлығын қамтитын жалпылауларға ұмтылмай, алдыңғы орынға адамдардың әлеуметтік тәжірибесін зерттеуді қояды. Күнделікті өмірді өндірістік және тұрмыстық деп бөлу кең тараған, яғни адам өмірін жан-жақты қамту қарастырылған [10]. 1980 жж. басында Германияда күнделікті өмір тарихы бойынша қызу пікірталастар жүріп, Людтке пікірінше, батысгерман беделді тарихшылары оның туындауына қарсылық білдірген. Керісінше, АҚШ, Ұлыбритания және қандай да бір деңгейде Францияда күнделікті өмір тарихына оң көзқарас қалыптасқан.

Күнделікті өмір тарихына жақын бағыт – тарихи антропология және мәдени антропология болып табылады. Л.В. Беловинский пікірінше, тарихи антропология күнделікті өмір тарихын зерттеу мәселелерін шешпеді. Күнделікті өмір тарихын зерттеуге маңызды үлес жаңа бағыт – микротарихтың қалыптасуы. Ол өткен әлеуметтік шындықты қазіргі заман ғылымында қалыптасқан микроталдау тәсілдері, ең алдымен әлеуметтану, әлеуметтік психология, экономикалық теория және мәдени антропология арқылы зерттейді. Бұл тұста зерттеу объектісін, өзгеріске түсетін тарихи ерекшелікті ескеріп, сәйкес теориялық және тәжірибелік құралдарды таңдау маңызды. Микротәсілдердің кең танымалдылығы макротарихтың кемшіліктеріне және тарихи өткеннің барлығын тар ауқымды және бұлыңғыр «бастаушы үрдістерге» әкеліп тіреумен байланысты. Италияда жоғары дамыған микротарих шағын және жекені зерттеу арқылы жаһандық үрдістерді түсінуге алып келеді. Құрылымдар емес, құрылымдардағы өзгерістер зерттелетін бағыт үшін «ұсақ-түйекті қарастыру емес, аса мұқият үңіліп зерттеу» сипаттамасы орынды. Жеке тарих жалпылама тарихқа ұласып, микро

және макросараптаудың жұптасуының идеалды түрі ұсынылады. Әлеуметтік құрылымдар қоғам емес адамдар туындататын және өмірін өзгертетін ереже, роль, қатынас және мәннің жиынтығы ретінде түсініледі. Бірақ, адамдардың шығармашыл әрекеті мен бастамашылдығы мәжбүрліліктен. Адамдар екітарапты күшке ие, ал құрылымдар – шартты. Микротарихтың бұл өзгермес қағидалары И.М. Савельева мен А.В. Полетаевтың жұмыстарында берілген.

Әлеуметтік тарихтың (жаңа) германдық нұсқасын Мартин Дингес ұсынып, өзінің нақты зерттеулерінде ғана қолданбай, «әлеуметтік-ғылыми тарих» жақтаушыларымен пікірталаста оны қорғаған. Сонымен қатар, өзінің бағдарламалық мақаласын «Одиссей» альманахының беттерінде жариялаған. Пьер Бурдьенің әлеуметтануын экономикалық, әлеуметтік және мәдениліктің қатарласуы мен «шынайы бөлектігі мен өзара теңдігі жайлы елесті шақырғаны» үшін сынай отырып, М. Дингес «күнделікті өмірдің мәдени тарихы» зерттеу бағдарламасын ұсынды. Оның ойынша, бұл бағыт әлеуметтік тарих пен тарихи антропология жетістіктерін біріктіре алатын еді. Сонымен қатар, «мәдениет жайлы интегралды түсініктерден шығып, мәдениетті өзге салалардан (экономикалық, әлеуметтік, саяси, діни) әсер қабылдаушы және құрылымдаушы медиум ретінле» топшылайды. «Күнделікті өмірдің мәдени тарихының» теориялық түпнегізі ретінде «жүріс-тұрыс стилі» әлеуметтанулық түсінігі негізінде қалыптасқан «өмір стилі» теориясы ұсынылады.

«Өмір стилінің» жалпы категориясын М. Дингес «жүріс-тұырыстың қоғам ұсынатын нұсқаларын таңдайтын индивидтар мен топтардың салыстырмалы түрде қалыптасқан шешім түрлері» ретінде анықтайды. Индивидтер, топтар немесе қоғам өмір стилін мақсатты бағытталған түрде өсіруі мүмкін, нәтижесінде өзінің әлеуметтік айырмашылығын белгілеп, өзінің бірігейлігін қалыптастыра алады. «Өмір стильдерін» олар «өмір сипатының уақыт пен кеңістікте құрылымданған, ресурсқа (материалды және мәдени), отбасы мен шаруашылық түріне, құндылық ұстанымдарына тәуелді» ретінде түсінеді. Ресурстар өмірлік мүмкіндіктерді, әр берілген жағдайда таңдау мүмкіндігін анықтайды; отбасы мен шаруашылық түрі экзистенциальды баспаналық, тұтынушылық ошақтың сипаттамасы болып табылады; құндылық ұстанымдары басты өмірлік мақсаттарды анықтап, менталдылықты қалыптастырады.

М. Дингес атап өткендей, өмір стилі теориясы әлеумттік құрылымдардың кешендік талдауын мүмкін ете түседі. Осы арқылы индивидтер мен топтардың құрылымды қалыптастырушы әсері бар жүріс-тұрысын, дәл осылай керісінше әлеуметтік құрылымдардың адамдардың жүріс-тұрысына әсері анықталады. Бұл жағдайда тұрақты нұсқалармен қатар жүріс-тұрыстың өзгермелі формаларын назардан тыс қалдырмаған жөн. Себебі, олар келесі тарихи өзгерістердің шығу нүктесі болып табылады. Нақты жағдайлардағы нақты тарихи объектілердің жүріс-тұрысын зерттеуде жүріс-тұрыс стилін қарастыру нәтижелі болса, өмір стилін талдау тікелей әлеуметтік топтар мен тұтас қоғамдарды зерттеуге алып келеді.

«Күнделікті өмірдің мәдени тарихындағы» жүріс-тұрыс стилі теориясының нәтижелілігін көрсету үшін автор оқырман назарын таңдалған стратегияның (жүріс-тұрыс стилі) қоғам шеңберіндегі ықпал етуді бөлу құрылымына әсер ететін кері іс-әрекетіне назар аударады. Неғұрлым кеңірек «өмір стилі» (ол әдетте жүріс-тұрыстың бірнеше стилінен құралады) категориясын қолдану әлеуметтік-мәдени репродукцияның механизмдерін, сонымен қатар құрылымдық өзгерістер процесін де табуға мүмкіндік береді.

Күнделікті өмір – қоғамдық болмыс процесінде бұрыннан бар мәдени нормалар, стандарттар және құндылықтардың іс-тәжірибеде жүзеге асырылуы және индивид пен әлеуметтің өмірлік тәжірибесі арқылы жаңаларының қалыптастырылуы. Ол мамандандырылған және қарапайым іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінің үндесуі арқылы көрініс тапқан. Бұл іс-әрекеттер құндылық бағдарларынан шығады. Адам осы жерде және қазіргі

уақытта бүгінгі күнді, сонымен қатар бүгінгі күнге таңбасын қалдырған өткенін тірідей күйдегі қабылдауда субъективті және объективті түрде бастан өткереді. Өткен мен бүгіннің бұл үздіксіздігі мен өзара шарттылығы болмыстың бейімделушілік-әрекеттілік және құндылықтық-мағыналық, конструктивті-жасампаздық және тұрақты-дәстүрлік аспектілерінде қалыптасады. Күнделікті өмір әмбебап құндылықтарға ие: күнделікті өмірден тыс өмір салалары жоқтың қасы [11]. Адам барда, күнделікті өмір де бар. Ол әлеуметтің ұжымдық өміріндегі «ойын ережелерінде»: мотивациялар, әлеуметтік стратегиялар, нормалар мен ережелер, бейімделу әрекетінің стандарттары, адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланыс пен ұйымдасуы, құқық, дәстүр, әдет, қабылдау және жүріс-тұрыс стереотиптері, талғам, бағалау, шығармашылық, еңбек, демалыс формасы және этнос, әлеуметтік-мәдени микротоп пен индивидтердің қоғамдық жүріс-тұрысының басқа реттеушілері арқылы қоғамдық болмыс процесінің әр тарихи сәтінде көрініс береді. «Өмір салты» бұл аспектілердің барлығын күнделікті өмір болмысының формаларында жүзеге асыру әдісі ретінде біріктіреді. Күнделікті өмір қоғамдық болмыстың іс-тәжірибесі. Ол элементарлы рефлексия арқылы қалыптасып, әдеттегі өмірдің рефлексивтелмеген бөлігімен бірге өз ерекшелігін алып жүреді. Мәдениет адамның күнделікті өмірінде ғана жүзеге асатындықтан, олар бөлінбейді және күнделікті өмір жайлы айтқанда үнемі мәдениетке айналып келуге тура келеді. Күнделікті өмірде әдеттегі және мамандандырылған мәдениет біріктірілген. Сонымен қатар, мәдениеттің мамандандырылған жоғары деңгейі – кәсіби мәдениет пен шығармашылық, әлеуметтік-мәдени қабаттардың бірқатарының еңбек әрекетінің бір түрі, демек күнделікті өмірінің бір бөлігі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Фрейд З. Психопотология обыденной жизни / пер. с нем. – М.: Аст, 2009. – 251 с.
2. Безгин, В.Б. История сельской повседневности. – Тамбов: ТГТУ, 2008. – 88 с. /С. 7.
3. Репина Л.П. Историческая наука на рубеже XX-XXI вв.: социальные теории и историографическая практика —М.: Кругъ, 2011. — 560 с.
4. Ноговицын О.Н. Феноменология повседневности: теория социального конструирования реальности: текст лекции. - Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский гос. ун-т аэрокосмического приборостроения, 2006. - 39 с.
5. Кром М.М. Повседневность как предмет исторического исследования (вместо предисловия) // История Повседневности. Сборник научных работ. (Серия «Источник. Историк. История»). Вып.3. / Отв.ред. М.М.Кром. СПб.: Изд-во Европейского ун-та, 2003.. С. 7 – 14
6. Хёйзинга Й. Осень Средневековья / Сост., предисл. и пер. с нидерл. Д. В. Сильвестрова; Коммент., указатели Д. Э. Харитоновича. СПб.: Изд-во Ивана Лимбаха, 2011. — 768 с.
7. Хайдеггер М. Бытие и время; Пер. с нем. В.В. Бибихина. — Харьков: «Фолио», 2003. — 503 с.
8. Шюц А. Избранное: Мир, светящийся смыслом / Пер. с нем. и англ. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. — 1056 с.
9. Бурдьё П. Социология политики: Пер. с фр./Сост., общ. ред. и предисл. Н.А. Шматко. — М.: Socio-Logos, 1993. — 336 с.
10. Бродель, Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм.XV – XXVIII вв. Т.1. Структуры повседневности: возможное и невозможное / Ф. Бродель. – М.: Весь мир, 2007. - 591 с.
11. Бергер П., Лукман, Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. /Т. Лукман, П. Бергер — М.: «Медиум», 1995. — 323 с.

2 СЕКЦИЯ.
СЕКЦИЯ 2.

ПРОБЛЕМА СМЫСЛА ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ТВОРЧЕСТВЕ ШАКАРИМА

Абдильдина Р., академик НАН РК, д.ф.н.
Заместитель директора Казахстанского филиала МГУ имени М.В.Ломоносова

Проблема смысла человеческой жизни, его нравственного выбора является центральной в философском учении Шакарима Кудайбердиева. На этот вопрос он отвечал как в своих философских исследованиях, так и в литературном творчестве – стихах, поэмах. Согласно Шакариму, смысл человеческой жизни заключается в духовном самосовершенствовании человека, что связано с основным принципом его философии, ключевой особенностью его понимания человека.

Философ задается в своем творчестве целью понять смысл существования человека, его назначение, найти то, ради чего человеку следует жить. Продолжая мысль Абая, Шакарим убежден, что для человека, душа которого бессмертна, телесные потребности – такие традиционные ценности, как материальное благополучие, власть и т. д. не могут являться смыслом жизни. Так как тело человека смертно, стремление к богатству и власти делают человека конечным и ограниченным, удовлетворяют только одну сторону его бытия – телесную, не являющуюся главной в человеке. Такой человек не является свободным, он зависим и далек от справедливого образа жизни.

Истинным смыслом человеческой жизни, по мнению мыслителя, является нечто более высокое, связанное не с его телом, а с вечной, бессмертной душой. Вопрос о смысле жизни, о предназначении человека мыслитель связывает с изучением человеческой души. «Удивляюсь тем, кто говорит, что нет души и нет жизни после смерти» – пишет он [1, с. 54].

В своей знаменитой работе «Три истины» Шакарим отводит душе особую роль в жизни человека и связывает ее проявление с божественным: «Причинные истоки всего существующего – в безмерности познания, могущества и искусности творца» [2, с. 93]. Философ утверждает, что душа является сущностью, которая способна к совершенствованию. Мыслитель убежден, что «если человек в полной мере уверует в посмертную жизнь души и в то, что совесть ее первейшая потребность, тогда ничто не сможет сделать его сердце черным и черствым…» [2, с. 76].

Бог создал человека с вечной, нестареющей душой, главными атрибутами которой являются совесть, любовь, разум, свобода, милосердие и воздержание. Шакарим убежден, что превосходство нравственности, знания, чистого труда над богатством, материальными потребностями и властью состоят в том, что, если власть, богатство – ограниченные, временные, телесные, невечные атрибуты человеческой жизни; то знания, труд, любовь, милосердие – вечные атрибуты, возвышающие человека. Подлинный человек, отвечающий своей сущности, должен стремиться к истинному смыслу, который ему дают атрибуты чистой души. Милосердный, честный, совестливый человек чувствует себя удовлетворенным и в земной жизни, и в будущей вечной жизни.

Известны пять знаменитых философских вопросов, с которыми Шакарим обращается ко всем образованным людям степи, всей интеллектуальной элите казахского народа и дает на них свои исчерпывающие ответы.

Первый вопрос: «С какой целью создал Аллах человека?» В работе «Три истины» Шакарим отмечает, что человек создан Богом с любовью, потому он должен любить Бога сильнее своей жизни, а также любить всех людей, поскольку все они созданы Богом, являются его любимыми творениями. Так как Бог создал человека с любовью, человек – высшая форма, зенит Божественного творения. Бог сотворил человека разумным, свободным, милосердным, способным к любви, к творчеству. Только человека Бог наделил бессмертной душой, нравственностью, справедливостью, совестью.

Человек – высшая форма и высшая суть божественного творения. Следовательно, он – наиболее адекватное божественное творение, он – «зеркало Божественного», он – богоподобен. Разумеется, человек не Бог, но он сотворен Богом наиболее адекватным образом, наиболее адекватным Богу образом. Наделив человека такими универсальными способностями, как разум, свобода и деятельность, Бог наделил человека своими лучшими, совершенными характеристиками. Бог в человеке созерцает как бы самого себя, и человека Бог сделал способным не только познать самого себя, но и способным познать Божественный замысел.

Второй вопрос: «Каков смысл человеческого существования?» Бог создал человека с любовью, наделил его совершенным телом и бессмертной душой. Но Бог не дал человеку его способности в готовом виде, он наделил человека всеми возможностями для того, чтобы человек мог иметь совершенные определения человеческой души: любовь, справедливость, разум, чистое сердце. Человек единственное существо, которое имеет возможность быть таким, каким его задумал Аллах. При этом Всевышний дал ему свободу развиваться, совершать поступки, свободу трудиться.

Следовательно, создав человека с любовью, наделив его высшими способностями, Бог оставил ему возможность для самосовершенствования. Если бы Аллах создал человека как животное или вещь, то он наделил бы его всем набором определений в готовом виде. К примеру, любое животное или вещь имеют все необходимые качества – какими они созданы, такими функционируют в этом мире. Только одному человеку Бог дал свободу, только человек имеет возможность стать тем, кем его задумал и хотел видеть сам Всевышний. Поэтому, если бы Бог с самого начала создал человека во всей его конкретности, то человеку не нужно было совершенствоваться, творить самого себя, тогда все люди были бы одинаковыми.

Таким образом, поскольку Бог дал человеку свободу, то, следовательно, смысл человеческой жизни, человеческого существования заключается в том, чтобы реализовать все потенции, заложенные в человеке.

Человек не рождается умным, нравственным, милосердным, хотя в возможности такая программа заложена в нем, все человеческие качества он приобретает в процессе своей деятельности. Следовательно, согласно философу, человек становится богоподобным тогда, когда он сам творит себя, а для этого он должен беспрерывно работать над собой, так как только в процессе этого труда он вырабатывает разум, совершенствует свое сердце. Таким образом, смысл человеческой жизни, человеческого существования, по мнению Шакарима, заключается в том, чтобы стать подлинным человеком, обрести подлинный смысл, реализовать все то, что в нем заложено.

Казахский философ отмечает, что на человека оказывает влияние масса обстоятельств, мешающих ему в сложном процессе человеческого, духовного становления. Это, прежде всего, его телесные, материальные потребности. Только подлинный человек сможет реализовать свое призвание, свое назначение в этом мире, на этом свете – назначение стать человеком, самосовершенствоваться и тем самым соответствовать Божественному замыслу.

Третий вопрос: «Есть ли у человека ответственность на этом свете или в потустороннем мире за то, что он совершил?» Шакарим Кудайбердиев считает, что благодаря бессмертию человеческой души все вопросы о нравственности, разуме, справедливости связаны с его душой. Если нет бессмертия души, то человек не будет чувствовать своей ответственности как за свои хорошие, так и за дурные поступки. Хорошим, красивым поступкам его душа и здесь в земном мире будет радоваться, человек будет получать удовольствие, за все же несправедливые, постыдные поступки он будет испытывать страдание, будет чувствовать угрызения совести.

Еще большую ответственность, по мнению философа, человек за свои деяния и поступки несет на другом свете. Тот, кто жил по совести, по справедливости, был милосерден, сдержан, совершал богоугодные дела, может без страха покидать этот мир, так как на том свете его ждут признание и удовлетворение. Человека же, совершавшего подлость, обман, спекулировавшего своей совестью, на другом свете ждут кара и наказание. Поэтому казахский мыслитель утверждает, что только разум, справедливость, чистое сердце, честь, милосердие, труд – смыслы и ценности, достойные человеческой жизни.

Четвертый вопрос: «Кто является хорошим человеком, кого можно назвать достойным человеком?» В ответе на этот вопрос Шакарим исходит из коренной постановки проблемы человека в своем философско-этическом учении. Поскольку он считает, что человек есть высшее творение Аллаха, а смысл человеческой жизни заключается в совершенствовании его души, то понимание достойного человека связаны именно с этими главными установками.

Согласно мыслителю, в человеке главное – его бессмертная душа, и задача состоит в том, чтобы человек мог максимально соответствовать Божественному замыслу. Хорошим человеком является тот, кто соответствует своей сути, а его суть – это разум, трудолюбие, справедливость, милосердие. Истинный человек, с точки зрения философа, это тот, кто развивает свой разум, знания, живет честным трудом, умеет любить, сострадать. Того, кто реализует в себе эти черты, тем самым, осуществляет свое подлинное человеческое предназначение можно назвать достойным человеком, и, соответственно, бездельника, вора, вруна, корыстного, бессердечного человека, отклонившегося от реализации своей истинной сущности, Шакарим считает недостойными людьми. Таким образом, «основой для хорошей жизни должны стать честный труд, совестливый разум, искреннее сердце».

Пятый вопрос: «Есть ли в человеческом обществе духовный, нравственный прогресс?» Казахский философ отвечает на этот вопрос положительно. Хотя он понимает, что процесс становления человеческого общества не был прямолинеен, были времена, когда происходило отступление от нравственных принципов, происходил духовно-нравственный регресс, но, в конечном счете, можно заметить, что нравственность в человеческом обществе постепенно развивается. Например, в давние времена в древних человеческих племенах был нормой каннибализм, для человеческого общества очень долгое время было характерно несправедливое отношение к женщине и т. д., разумеется, с тех пор безнравственность в обществе не была искоренена, но в целом нравственный прогресс в человеческом обществе очевиден.

Шакарим глубоко понял кантовское понимание человека как цели любого поступка и деяния [3, с. 210–223]. Человека, убежден мыслитель, нельзя использовать, он не может быть средством реализации чьих-либо интересов, он должен быть только целью. Идейная позиция мыслителя хорошо просматривается в его прощании с сыном Ахатом. Наставляя сына, философ говорит о том, что нельзя ни в коей мере использовать человека, людей в своих целях, лучше умереть. Люди проклянут тебя, предостерегает он Ахата, и их проклятия коснутся не только тебя, но и всех твоих близких, твоих потомков.

Шакарим Кудайбердиев в своем творчестве глубоко ставил и анализировал также вопрос о взаимоотношении нравственности и права. По мнению философа, нравственность внутренне связана с человеческой душой. Он прямо отмечает, что нравственность и такие нравственные категории как совесть, милосердие, честь, долг являются атрибутами человеческой души. Следовательно, проблема нравственности у казахского мыслителя связана с существованием Бога. Существование Бога, существование человеческой души непосредственно полагает существование нравственности. Поэтому нарушение нравственных постулатов, нравственный проступок, наказывает человека тяжелыми душевными страданиями.

Казахский философ убежден, что нравственные проступки наказывают человека и на другом свете, ибо в вечном мире с человека есть спрос за его прожитую жизнь, он держит ответ перед Богом. Поэтому нравственность у Шакарима связана с человеческой сущностью, человеческой душой, внутренним миром человека.

В отличие от нравственности право, по мнению философа, является формальной установкой, оно внешним образом связано с человеческой сущностью. Право, правовые нормы и законы устанавливаются людьми, государством, законодательной властью. Правовые нормы обязательны для всех граждан государства, и государство подвергает наказанию гражданина за правовые нарушения. Человек, исполняющий правовые нормы, законы, является законопослушным гражданином; человека же, нарушающего правовые нормы и законы – ждет кара со стороны государства. Государственное наказание — это не душевные страдания, это силовое, репрессивное наказание.

По своему характеру совершенные преступления бывают разные и заслуживают в зависимости от степени их тяжести различных форм возмездия. Поэтому в обществе детальным образом разрабатываются и принимаются законы, юридические кодексы, которые человек, живущий в данном государстве, обязан выполнять, в случае же их нарушения его ждет неминуемое наказание со стороны государства. Однако, люди, совершающие правовые преступления зачастую не испытывают душевных страданий, нарушая законы государства они надеются их избежать, в связи с чем в обществе так велико количество правовых преступлений.

Шакарим Кудайбердиев не противопоставляет нравственные принципы и законы правовым нормам. Однако в работе «Три истины» замечает: желание людей, уйти от нравственной ответственности, исполнения нравственного долга, прикрываясь законами государства, тем, что они являются законопослушными гражданами, является глубоко неверным и неприемлемым [2].

Проблемы нравственного совершенствования человека, поиска подлинного смысла человеческой жизни, такие важные духовные понятия как свобода, любовь, справедливость являются центральными и в литературном творчестве Шакарима.

В своих знаменитых поэмах «Калкаман-Мамыр», «Енлик-Кебек», «Лейли и Меджнун» и др. Шакарим со всей яркостью своего поэтического таланта описал проблемы нравственного выбора любящих людей, ставил вопрос о любви и нравственности, раскрывал противоречия, трагедию любви в столкновении с общественными нравами и обычаями, принятыми в казахском обществе [2, с. 108–193].

Шакарим Кудайбердиев – первый казахский философ, который писал о неравенстве женщины, о великой трагедии индивидуальной любви в обществе, где правят традиции.

В поэмах «Калкаман-Мамыр» и «Енлик-Кебек» ставится важнейший вопрос о противоречии между искренней любовью молодых людей и обычаями сватовства казахского народа. В народных традициях было принято, чтобы детей с малого возраста или даже до их рождения сватали родители, при этом не принимались во внимание мнения, желания самих

детей. Молодые люди были здесь как будто ни при чем, субъектом брака являлись родители, род. Такие правила и традиции, показывает в своих поэмах Шакарим, приводят к трагедии – к гибели молодых людей.

Молодежь, показывает философ, стремится иметь право на свой собственный выбор, личные чувства, желания, предпочтения и потому не принимает выбор родителей.

Шакарим Кудайбердиев в своих поэтических произведениях затрагивает проблему индивидуальной любви, связанную с субъектностью человека, индивида, личности, когда молодые люди имеют право выбора, право самостоятельного принятия решения. Философ показывает, что права личного выбора в казахском обществе нет, а всякое нарушение традиций и принятых норм и обычаев рассматривается как величайшее преступление, как подрыв общественных устоев. Правда, до признания свободы личности в выборе любимого, ее субъектности казахское общество в те времена еще не доросло.

В литературном творчестве Шакарим подводит итоги своих духовных поисков, ярко выражает свою индивидуальную авторскую позицию. В поэмах казахский философ снова и снова поднимает главную тему своего творчества – проблему нравственного совершенствования, проблему человеческого идеала. Он скорбит о бездуховности, утрате подлинных сокровищ человеческого духа, истинных ценностей в жизни своего народа.

Таким образом, в своем творчестве Шакарим – выдающийся казахский философ и поэт, в своем как философском, так и литературном творчестве выразил свое видение религиозно-философских идей, этико-философских воззрений о нравственном совершенствовании личности, воплотил свои размышления о сущности человека, его истинном предназначении, о смысле человеческой жизни, представляющие непреходящий интерес и значение для современных исследователей этих вечных общечеловеческих проблем.

Список использованной литературы и данных:

1. Алем: Альманах. – Алма-Ата: Жазушы, 1991. – Изд. 1. – 448 с.
2. Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы: Казахстан, 1991. – 80 с.
3. Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. История философии. – Алматы: Асем-Систем, 2010. – 536 с.
4. Шакарим. Мое время. – Астана: Аударма, 2010. – 408 с.

МҰСЫЛМАНДЫҚ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ САЯСАТТАНУШЫЛЫҚ ОЙДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдрасилова Г.З., ф.ғ.к.
Мирас университеті, Шымкент қ.

Еділбаева С.Ж., ф.ғ.д.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жұматаева Ж.А., магистр, аға оқытушы
Мирас университеті, Шымкент қ.

Айтеке К.А. магистр, аға оқытушы
Мирас университеті, Шымкент қ.

Аннотация

Мақалада әл-Фарабидің қоғамдық-саяси көзқарастары, оның бостандық, бақыт және ізгілік туралы ілімі, ғылымды игеруге үндеуі, адам мен қоғамды интеллектуалдық және адамгершілік жағынан жетілдіру туралы тұжырымдамасы, саяси көшбасшылық, ізгі қоғам идеясы, әділдік, теңдік, бейбітшілікті сақтау, әділетсіздікті айыптау және болдырмау идеялары талданды.

Отырар ойшылы өз зерттеулерінде қоғамдағы бақыт пен әл-ауқаттың әмбебап үйлесіміне негізделген кемел қоғам құру жобасын қарастырып, өз дәуірінің әлеуметтік-адамгершілік мәселелерін теориялық тұрғыдан шешуге тырысты. Саясаттың, мемлекет пен биліктің, қоғам мен мемлекеттің жан-жақты дамуын, оларды ұйымдастыру принциптері мен басқару формасын «Ізгілік қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында атап көрсетті.

Ойшылдың әлеуметтік-саяси философиясы мен идеялары жас ұрпаққа саяси тәрбие беруде құнды дереккөз бола алады.

Өзекті сөздер: әлеуметтік-саяси философия, этика, мемлекет, үйлесімді қоғам, «ізгі» және «надан» қалалар.

Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси ойдың дамуының ең маңызды кезеңі X-XII ғасырлар аралығындағы, Европалық Ренессанспен деңгейлес, мұсылмандық ғылым мен мәдениеттің өркендеу кезеңі болды. “Шығыстық Ренессанс” немесе “мұсылмандық Ренессанс” деп аталған бұл құбылыстағы ғылым мен мәдениеттің генераторы ислам болды және “Шығыстық Ренессанс” өзінен кейінгі европалық Ренессанстың пайда болуына үлкен ықпал етті. Мұсылмандық Ренессанс тудырған жаратылыстану, діни-философиялық, әлеуметтік-саяси және моральдық-құқықтық көзқарастардың дамуы адамзатқа әлемдік ғылым мен мәдениеттің дамуына үлес қосқан әл-Кинди, әл-Фараби, әл-Беруни, Ибн Сина, Ибн Бадж, ибн Туфейль, ибн Рушд, т.б. көптеген ой алыптарын берді.

VIII-IX ғасырларда Батыс Европа мәдениеті құлдырап жатқанда, VII ғасырдағы Аравияда, ортағасырлық Шығыста, Ислам діні пайда болып араб мәдениеті өркен жайды. Мұсылманшылық («мүсілім» — Алланың құлы) арабтардың жат елдік басқыншылар — парсылар мен абисиндіктердің шабуылдарына қарсы көтерілген тарихи кезеңіндегі ұлттық сана-сезімінің қалыптасуының рухани нәтижесі болды.

VII ғасырдың екінші жартысында исламды насихаттау мақсатындағы жаугершілік дәуір басталды. Бұл жолдағы арабтардың табысқа жетуіне Иран мен Византиядағы қандастарының көтерілістері әсер етті. Нәтижесінде, VIII ғасырдың бірінші жартысында Араб халифаты бұрынғы Рим империясынан да үлкен территорияны иеленді. Оның құрамына Аравия, Иран, Армения, Индияның солтүстік-батысы, Сирия, Мысыр, Палестина, бүкіл солтүстік Африка жағалауы және Пиреней түбегі кірді. Атлантикадан Қытайға дейінгі сауда жолы арабтардың қолында болды. Араб тілі Гибралтардан - Инд өзеніне дейінгі территориядағы ортақ тілге айналды. Ал солтүстікте араб керуендері Новгородқа дейін жол тартып жатты. Осы алғышарттар жиналып келіп, Ортағасырлық ғылым мен философияның күрт дамып өркен жаюына ықпал етті. Мысалы, арабтар ондық санауды, алгебраны, алхимияны, геометрияны дамытты. Ал христиандық ортағасырлық дәуір бл кезеңде адамзат мәдениетінен шет қалды.

Араб мәдениеті араб халифаты сияқты көпұлтты болды. Оның көркеюіне арабтармен қатар түркілер де, парсылар мен мысырлықтар да атсалысты. Екінші жағынан, араб тілінің негізінде ежелгі Шығыс мәдениеті мен антикалық мәдениет ұштаса дамыды. Бағдат қаласы маңызды Мәдени астанаға айналды. Мұнда Платонның, Аристотельдің, Гиппократ пен Галеннің, Эвклид және Птолемейдің шығармалары араб тіліне аударылып, басылды. X ғасырда Араб империясында діни астана - Меккеден кейінгі екінші рухани орталық

қалыптасты - Пиреней түбегіндегі Кордова қаласы Ислам мәдениетінің Ғылыми астанасына айналды. XII ғасырда Ислам мәдени дамуы өзінің шарықтау шегіне жетті.

Философияда аристотелизм ағымының ықпалы күшті болды. Ол екі бағытта өрледі. Біріншісі - әл-Кинди, әл-Фараби және Ибн Синаның (Авиценна) есімдерімен байланысты шығыстық аристотелизм. Екіншісі, ибн Туфейль және ибн Рушд (Аверроэс) дамытқан испан аристотелизмі болды.

Олар Аристотель философиясын араб тіліне аударып, оған талдау жасап, түсіндірмелер беріп, ұмыт болған Аристотель философиясын өркендетті. Алғашқы кезде арабтар Аристотель философиясының неоплатониктер бұрмалаған, еврей тіліндегі нұсқасымен танысты. Аристотельдің түпнұсқа еңбектері араб тіліне тікелей аударылғаннан соң ол бұрмалаушылықтардың ықпалы жойылды.

Аристотелизмге жол ашқан Әл-Кинди Аристотель философиясына түсініктемелер жазудың барысында көптеген жаңа тұжырымдар жасап, әл-Фараби үшін жолбасшылық рөл атқарды. Мысалы, оның себептілік байланыс, танымның үш сатысы туралы теориялары әл-Фараби үшін философиялық сараптаудың үлгісі болды. Әл-Киндидің пікірінше, танымның бірінші сатысына — логика және математика, екінші сатысына — жаратылыстану ғылымдары, үшінші сатысына — философия жатады. Яғни, Философияның нақты ғылымдарға арқа сүйейтінін айқын тұжырымдады.

Әл-Фарабидің философиялық шығармашылығы - жалғыз тұлғаның бір мемлекетте тұтас бір мәдени қабатты өсіруде қаншалықты шешуші рөл атқара алатынының сирек көрінісі. Фараби грек философтары Платон мен Аристотельдің саяси-этикалық идеяларын Шығыстың әлеуметтік өміріне пайдалана отырып қоғамдық құбылыстың біртұтас теориясын жасады.

«Муаллим Ассана» - (Аристотельден кейінгі) “Екінші ұстаз” - “Шығыс Аристотелі” Әл-Фараби Әбу Наср Ибн Мұхаммед – философ, энциклопедист, неоплатонизммен астасып жатқан шығыс аристотелизмінің негізгі өкілі. Олардың Аристотель екеуіне тән сипаттар: ғылыми қызығушылықтарының ауқымдылығы мен жан-жақтылығы, болмысты және ондағы адамның орнын философиялық тұрғыдан түсінуге ұмтылу, «жалпы қабылданған пікірге», халықтың практикалық даналығына жақындығы. Фараби - Аристотель ғылымы мен философиясын дамытты, Аристотель идеяларын және ұлы грек қойған міндеттер мен мәселелердің жиынтығын қабылдауды, талдауды жеңілдетті.

Әл-Фараби ортағасырлық Шығыс философтарының ішінде бірінші болып қоғамдық өмірдің құрылымын, ерекшеліктерін зерттеу ісін кешенді түрде күн тәртібіне мәселе етіп қойған ойшыл. Қоғамдық өмірді зерттейтін ғылымдарға әл-Фараби саяси ілімді (илм аль-мадания), юриспруденцияны (фикх) және мұсылман теологиясын (илм кәлам) жатқызады. Мемлекеттік басқарудың екі түрі болады, бір түрі шын бақытқа жеткізеді, екінші түрі жалған бақытқа жеткізеді. Өкімет басында қарапайым, дана әрі әділ басшы отыруы тиіс. Адам мәселесі азаматтық фәлсафаның хұзырында болуы тиіс. Азаматтық фәлсафаның адамдардың мінез-құлығын, ар-ұятын қамтитын бөлігі саяси фәлсафаға қарағанда маңызды. Себебі, ол теориялық фәлсафаның қағидалары аясында әлемнің, әлеуметтік ортаның не екендігін, адамның орнын, болмыстың мәнін ашып көрсетеді және қалай өмір сүрудің дұрыс жолдарын нұсқайды.

Әл-Фараби Аристотель мұрасын қайта тірілтті. Фарабидің бірнеше трактаттары («Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа апарар жол», «Бақыт жолдарының белгіленуі» және басқа да шағын бөлімдер) қоғам, мемлекет, билік түрлеріне арналды. Өз трактаттарында ол кең ауқымды әлеуметтік-саяси мәселелерді дамытты. Олар:

– қоғамдық бірлестіктердің шығу тегі, құрамы мен түрлері, адам қоғамының нысандары;

– мемлекеттің функциялары және оның формалары (монархия, аристократия және демократия);

– адамның қоғамдағы орны мен міндеттері, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы туралы мәселелер;

– мемлекеттің міндеттері мен мақсаттары, жалпыадамзаттық бақытқа жету жолдары мен құралдары;

- әміршінің бойында болуға тиіс жеке қасиеттер.

Әл-Фарабидің 940 жылы Бағдатта бастап, 948 жылы Қаирде аяқтаған «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы" трактатында Фараби этикасының орталық категориясы "Бақыт" ұғымы талданады. Қайырымды қалада адамдардың бақыт, ізгілік, әділдік пен сұлулыққа деген қажеттіліктері орындалады. Адамдар қауымы шынайы бақыт тапқан қала – ізгі қала. Бақытқа жету жолында адамдар бір-біріне көмектесетін қоғам – ізгі қоғам. Демек, бақытқа жету үшін адамдар өзара көмектессе, бүкіл әлем ізгілікке айналады.

Әл-Фараби: адам әрекетінің түпкі мақсаты – бақыт, ал оған тек саналы білім арқылы жетуге болады, деп сенді. Ойшыл қоғамды адам организміне теңейді. Әділ қоғам құрудың басты талабы азаматтардың тәрбиесіне байланысты. Әдепті қала – сау дене іспетті, оның барлық мүшелері тірі жанның өмірін сақтау үшін бір-біріне көмектеседі. Фараби ізгі қала туралы ілімді платонизм қағидалары бойынша жасады, дегенмен Аристотель ілімінің неоплатондық және конструктивті элементтері де орын алды. Басты ерекшелігі, Фараби өзінің «Азаматтық саясатында» Платонның ізгілік туралы ойларын исламдық дүниетаным тұрғысынан дамытты және түсіндірді. Адамға өмір сүру үшін және кемелдікке жету үшін өзі қамтамасыз ете алмайтын көптеген нәрселерді қажет ететін болғандықтан белгілі бір адамдар қауымдастығы қажет, деп тұжырымдады Фараби. Яғни, адам өз потенциалы мен қажеттіліктерін тек қоғамда айшықтайды. Фараби пікірінше, адамзат қоғамы – түрлі факторлардың жиынтығының нәтижесінде ғана пайда болатын адамдар қауымдастығы.

Фараби пікірінше, ізгілік пен әділеттілік үстемдік ететін ізгі қала тұрғындары шынайы бақытқа жетуге ұмтылады. Ізгі қала билеушілері ("әл-мәдина әл-фазила") - көшбасшы ретінде әрекет ететін философтар. Фараби ізгі қалаларды надан қалаларға ("әл-мадина әл-жахилия") қарама-қарсы қойды. Надан қала тұрғындары шынайы бақытқа ұмтылмайды, билеушілері мен тұрғындары шынайы бақыт туралы ойланбайды, олар тек физикалық саулыққа, ләззат пен байлыққа құмартады.

Фараби өмір сүрген уақыт Араб халифатының күйреуі мен саяси тұрақсыздығының, мемлекеттің қолдау-қорғауынан айырылған адамдардың өз отбасынан, көршілерінен, қала жұртшылығынан көмек-қолдау іздеген кезең еді. Сондықтан Фарабидің ойлары ең маңызды объектіге – адам және оның жеке мәселелеріне бағытталды.

Фараби қоғамды сапалық және сандық белгілеріне қарайі: жалпы – шағын – қалалық қоғам, халық – орта қоғам, ал адам қоғамы – үлкен және толық емес – отбасы, ауыл және қала жұртшылығы деп бөледі.

Фараби қоғамның құрылымын Әлемнің құрылымына ұқсас деп санады. Мемлекеттегі билеушінің қызметі денені емдейтін дәрігердің функциясына ұқсас. Бірақ әмірші тәнді емес, жанды емдейді. Фараби қажеттіліктер, жабдықтау және еңбек бөлінісі туралы жиі айтқанымен, қоғам - адамдардың рухани қауымдастығы деген идеяны бөліп көрсетеді.

Фараби әлеуметтік организмнің жасушасындағы үш қатынас түрін жіктеді, олар: күйеуі мен әйелі, қожайын мен қызметші, ата-аналар және балалар арасындағы қатынас. Фараби отбасыны ең жетілмеген қоғам деп атағанымен, генетикалық тұрғыдан оны бастапқы

жасуша ретінде қарастырды. Ол әрбір ұлтқа тән үш төл қасиет бар деді: табиғи мінез (адамгершілік, салт-дәстүр), табиғи сипат (психологиялық сипаттамалар) және ана тілі.

Яғни, әл-Фараби адамзат қоғамын бір-бірінен ерекшеленетін жеке топтарға бөледі, оларды жіктеудің белгілеріне табиғи сипатты, табиғи ерекшеліктерді және тілді, яғни сөйлеуді жатқызады. Сонымен, Фараби этногенезді географиялық факторлар нәтижесінде қалыптасқан табиғи жағдайлармен (табиғи болмыс пен сипат және тіл арқылы) негіздеді. Оның үлкен, орта және шағын қоғамдарында империяның, моноэтникалық елдердің және саясаттың заманауи аналогтары көрініс береді. Сонымен бірге, үлкен, орта және шағын қоғамдар, ойшылдың көзқарасы бойынша, адамдардың істері мен ой-пікірлерін (мінсіз қоғамда) жақсартуға барынша мүмкіндік береді және ең көп жетістіктерді қамтамасыз ете отырып толық автономды, саяси тәуелсіз бола алады.

Фарабидің саяси идеалдарына келетін болсақ, Фараби қалалық қауымдарды былайша жіктеді:

* Қажеттілік қаласы. Қажеттілік қаласының мақсаты - дененің өмір сүруі мен қорғалуы үшін қажет өзара көмек көрсету болып табылады;

* Айырбас қаласы – береке мен байлыққа жету үшін бір-біріне көмектесетіндер (адамдар);

* Жамандық қаласы – адамдардың нәпсілік ләззат алуда бір-біріне көмектесетін мекен;

Фараби ең мінсіз қала ретінде - әрбір азамат өз қалағанын жасай алатын ұжымдық, алқалы қаланы атайды. Оның тұрғындары тұрғындарды сол халықтың еркіне сай басқаратын билеушіні өздері сайлайды.

Фарабидің саяси мұраттары оларды ізгілік пен надан қалалармен салыстырғанда айқын көрінеді. Сонымен: 1) ізгі қала, 2) надан қала, 3) азғын қала және 4) жоғалған қала (соңғы екеуінің арасындағы).

Надан қалалардың ішінде әл-Фараби ізгілік жолына бұру мүмкіндігі жоғалмағандары бар деп сенді. Надандық қаласының тұрғындары ешқашан нағыз бақытқа ұмтылмайды. Надан қала тұрғындары нығметтердің ішінде тән саулығы, байлық, ләззат, нәпсіге еру, абырой мен ұлылық сияқты межелерді ғана біледі. Бұл тауарлардың әрқайсысы надан қала тұрғындарына бақыт сияқты болып көрінеді, бірақ ең үлкен бақыт осы тауарлардың барлығын біріктіруде. Азапқа қарама-қарсы игіліктер – дене аурулары, кедейлік, рахаттану, нәпсіге жете алмау және намыссыздық.

Қажеттілік қаласының тұрғындары дененің тіршілігіне қажетті нәрселермен шектеледі: тамақ, сусын, киім, жыныстық қатынас және олар тәндік ләззат жолында бір-біріне көмектеседі.

Айырбастау қаласында тұрғындар бір-біріне өмірдің мәні деп сенген береке мен байлыққа жетуге көмектеседі.

Қарапайым және кедей қаланың тұрғындары сезім мен қиялға әсер ететін, көңілді қоздыруға немесе тыныштандыруға бейім ләззатты ғана бағалайды.

Өршіл қала тұрғындары бір-біріне көмектеседі, бірақ тек мақтауға, мадақтауға ие болу, басқаларға танымал болу үшін, айналаға сөзімен де, ісімен де аталып, дәріптелу үшін, сәні мен салтанаты үшін тіршілік кешеді.

Күшті азаматтар өзгені бағындыруды аңсайды, ешкімге бағынғысы келмейді және олардың күш-жігері жеңіс әкелетін қуанышқа жетуге бағытталған.

Ерікті азаматтар өз қалауын еркін орындауға тырысады.

Фараби Қуатты қаланы надан қаланың ең төменгі түрі деп санады.

Философ ұжымдық қаланы кейде Еркін қала деп те атаған, бұл қала барлық қалалардың ерекшеліктерін біріктіреді.

Қоғамдық өмірдің тұтастығына тоқталған Фараби қала түрлерінің бір ғана күйде болмайтынын атап өтті. Қала тұрғындары бес санаттан тұрады:

1) ең лайықты (феодалдар),

2) ғылыммен, өнермен және рухани қызметпен айналысатын адамдар;

3) өлшеушілер (лауазымды және техникалық персонал),

4) жауынгерлер және

5) бай адамдар.

Фарабидің қалаларының теориялық прототипі Платонның мінсіз мемлекет теориясы – антикалық дәуірдің әлеуметтік утопиясы болды, алайда түпнұсқа мен прототип арасында біршама айырмашылықтар бар.

Әл-Фараби өзінің ойлауында дербестік танытып, өз сенімін батыл қорғап отырды. Оның философиялық көзқарастарының сипаты грек философиясы мен ғылымын қабылдауға қабілетсіз қоғамдық пікірге қайшы келді. Әл-Фарабидің батыл пікірлері оны "діннен ауытқушы" деп күдіктенуге әкелді. Догматикалық көзқарастағы теологтар арасында әл-Фарабидің білімнің рационалистік жолдарын ашуға және адамдардың жердегі өмірінде бақытқа жетуге ұмтылған бүкіл ойлау жүйесіне қарсы дұшпандық туындады. Ақыры әл-Фараби Бағдаттан кетуге мәжбүр болады. Фараби Бағдатта 940 жылы жаза бастаған іргелі еңбегі "Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы" трактатын 948 жылы Дамаскіде аяқтағаны белгілі.

Фараби әділетсіздікке негізделген қоғамдарды айыптады. Ол өмірдің барлық салаларында әділеттілікті тарату қажеттігін атап көрсетеді: «Әділет – бұл, ең алдымен, қоғамның барлық мүшелерінің қарамағындағы қоғамдық игіліктерді (дұрыс) бөлу, сондай-ақ адамдар арасында бөлінген игіліктерді сақтау. Мұндай игіліктерге әл-ауқат, байлық, беделі, әрбір адамның қоғамда алатын орны және субъектілердің өміріне байланысты басқа да игіліктер жатады. Қоғамның әрбір мүшесі осы игіліктерден өз үлесін еңбегіне қарай алуы керек. Егер кімде-кім бұл игіліктерді өзіне лайықтыны аз алса, онда бұл оған деген әділетсіздік болады. Игіліктерді бөлу кезінде біреулер көбірек үлес алса, онда қоғамның басқа мүшелеріне әділетсіздік жасалады».

Идеалды қала-мемлекетте заң, даналық пен әділеттілік орнайды, ал ең жоғары адамгершілік өлшем – адам, оның бақыты мен болашағы. Фарабидің бұл тұжырымдары ең жоғары құндылық адам және оның өмірі болып табылатын әділ де демократиялық қоғамның дамуы жағдайында ерекше өзекті болып табылады.

Фараби идеалды қоғам принциптерін мынадай ойлармен түсіндірді: адамның болмысы – ақыл, жеке адам білім мен жетілдіруге ұмтылуы керек; адам тек парасатты тіршілік иесі емес, сонымен бірге әлеуметтік, сондықтан жеке бақыт мүмкін емес, өйткені ол басқа адамдардың бақытына байланысты; бұл білім мен практикалық дағдыларды барынша игерген адамдар басқаратын ерекше қоғамдық ұйым – мемлекеттің қажеттілігін анықтайды.

Фараби алқалы басқару идеясын жақтды, яғни, антикалық демократиялық принципті ұстанды. Бақытқа жету – биік мақсат. Ағартушы қоғамның жетілмеген қоғамдардан ерекшелігі – азаматтардың бақыт жолында бір-біріне көмектесуі, қоғамда өзара сенім мен сүйіспеншіліктің орнауына ықпал ететін іс-әрекеттер жасауы». Фараби ағартушы әміршінің басшылығымен, мемлекетте ақылға қонымды заңдар болған кезде, жаратылысы жағынан бірдей адамдар жан-жақты кемелді бола алады, деп есептеді.

Фарабидің қоғамдық-саяси көзқарастары еуропалық азаматтық қоғам мен әлемдік ғылымның дамуында орасан зор рөл атқарады. Ал Фарабидің қоғамдық-саяси көзқарастарын зерттеу демократиялық реформаларды нығайту, құқықтық және зайырлы мемлекет құру, қоғамда келісім орнатудың қазіргі жағдайында өзекті бола түсуде.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:
1. Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін", Ұжымдық монография. Алматы, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. –460
2. Сагикызы А., Сатершинов Б.М., Молдагалиев Б.Е., Смагулов М.Н., „Synthesis of traditional and islamic values in Kazakhstan" // European Journal of Science and Theology. 2015. 217-229 pp.
3. Саяси ілімдер тарихы // З.С. Гаипов, Ш.М. Жандосова / З.К. Шәукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. Алматы, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 192 б.
4. Әл-Фараби. „Философиялық трактаттар". Алматы, Ғылым, 2015. - 395 б
5. „Платон философиясы" [Электрондық ресурс]. URL https://martebe.kz/platon-filosofiyasy/15.12.2018.
6. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, Ғылым, 1975, 400 б.
7. Курмангалиева Г.К., „Введение // Философия аль-Фараби и исламская духовность". Алматы, Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2005. –298 с.
8. „Арабо-мусульманская философия и культура" [Электрондық ресурс]. URL http://nataufik.com/politicheskij-ideal-al-farabi/". 18.10.2018.
9. „Аль-Фараби. Совершенный град", //Ибрагим Т.К., Ефремова Н.В. Мусульманская философия. Фальсафа. Антология. Казань, Аль-Фараби. Философские трактаты". Алма-Аты, 2009. –430 с.
10. „Политические и правовые идеи аль-Фараби" [Электрондық ресурс]. URL https://helpiks.org/7-22265.html 24.11.2018.
11. „Политические взгляды аль-Фараби" [Электрондық ресурс]. URL http://[allrefs.net/c13/4ep0e/p8/ 17.11.201.
12. Азербаев А.Д., „Онтологическое единство нравственности и политики в философии аль-Фараби". Диссертация. Астана, 2017. –150 с.

МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ»

Адырбекова Э.Т.
Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

«Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Адамның жанына дұрыс тәрбие керек».
М. Жұмабаев.

Ұлтымыздың еркіндігі мен азаттығы, теңдігі мен тәуелсіздігі жолында күрескен ақиық ақын, белгілі ағартушы, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаеавтың биыл туғанына 130 жыл. Ғасырдан астам ғұмыр өтсе де оның отты жырлары ғана емес, білім саласындағы өзіндік ізі, бала тәрбиелеу бағытында бізге «Педагогика» еңбегі арқылы берген зерделі ақыл-кеңесі әлі де қажетімізге жарауда. Мағжан Бекенұлының «Педагогика» еңбегі – мұғалімдерге арналған шамшырақ, бала тәрбиесінде көмегі зор құнды дүние. Айтпақшы, Алаштың ардақты тұлғасының «Педагогика» еңбегінің жазылғанына биыл бір ғасыр. Ұлтқа қызмет ететін тұлға тәрбиелегіміз келсе, Мағжанның құнды еңбегіне сүйенген жөн.

Ал енді ағартушы ғалымының «Педагогика» еңбегіндегі құнды ойларын зерделейтін болсақ, көкейіміздегі көп сұрақтың жауабын табамыз. Жалпы Мағжан Жұмабаев бала тәрбилеуді төрт бағытқа бөледі:

1. Ақыл тәрбиесі.
2. Құлық тәрбиесі.
3. Сұлулық тәрбиесі.
4. Дене тәрбиесі.

«Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның төрт құбыласы түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешім шығаратын, дәл табатын ақылды болса сұлу сөз, сиқырлы әуен әдемі түрден ләззат алып, жан толғанарлық болса жамандықтан жаны жиркеніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғаны. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» - деп тәрбие мақсатын айқындайды. Ақылы бүтін, сөзі

дұрыс, дене бітімі сұлу, адами ізгіліктерді бойына сіңірген бала тәрбиелеу ата-ана мен ұстазға жүктелген үлкен міндет. Ұстаздық жолға келген әрбір тәлімгер осы жауапкершіліктің үдесінен шығу қажеттігін түсінгені жөн.

Ол бала тәрбиесінде ата-анаға мынандай талап қояды: «Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбиелі қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек». [144 бет]

Ұстаздың осы сөздерін бүгінгі күн биігінен зерделейікші. Иә, шынымен де бала тәрбиесі ауыр өнер. Бүгінгі күні ақпараттық технология қарыштап тұрған қоғамда ата-аналар мен ұстаздар жас ұрпаққа дұрыс тәрбие берудің жолын таба алмай абдырап қалды. Ал озық мемлекеттердің білім мен тәрбие үрдісіне назар аударсақ, Мағжанның ойларының дұрыстығына көз жеткіземіз. Мысалы, әлем елдері бойынша көш басындағы Жапония мемлекеті ұлттық тәрбиеге ерекше назар аударады. Баланы өз тілінде оқытады, тәрбие үрдісінде бабаларынан мирас болып келе жатқан ізгілік, сыйластық, үлкенге құрмет, адамгершілік құндылықтарды сіңіруге тырысады. Мағжан да осы мақсатты діттейді. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». [6-бет] Ендеше, қазақ баласына өз тілінде білім берілуі керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жапония балаларына жетінші сыныпқа дейін өзге тілдер үйретілмейді. Ұлттық дәстүр бойға берік сіңетіні соншалық, олардың ұғымында өзге елде қызмет атқару үлкен ұят. Туған Отанды көркейту олардың басты мақсат, ұстанымы. Ақиық ақын, ағартушы ғалым Мағжан Жұмабаев та қазақ балалары ұлтына қызмет қылсын десек, тәрбие де сол халықтың тілінде берілу қажет екенін айтады. Ұлттық тәрбиеден жиреніп, шетелдік мамандардың білім беру саласындағы түрлі әдіс-тәсілдерін өзімізге енгізіп, балалардың басын қатырып жүрміз. Жазушы Дидахмет Әшімханов бір жазбасында: «Қазір халық алдындағы барлық проб¬лема түгел шешіліп бітті ме? Бітпесе, елім, жерім, тілім, дінім, салт-дәстүрім деп жанын жалаулатып жүрер азаматтар неге аз?! Неге соншама енжар-бұйығымыз?! Ұлттық қан, ұлттық сана, ұлттық намыс қалай салқындап қалған бойымызда?! Бұдан құтылар жол біреу, ол – отаншылдық сезімді ояту, бұрынғы өткен замандағы елді, халықты сүюдің үлгілерін насихаттау», деген екен. Бүгінгі күні қазақ балаларына ұлттық тілде білім мен тәрбие берілмеудің кесірі қаншалықты зор болатынына көз жеткізіп отырмыз.

Сөз орайы келгенде айта кететін жайт, жақында әлеуметтік желіде Жапонияда түсірілген бір сурет тарады. Онда осы елдің балаларының қоғамдық орындарда кезек күтіп тұрғаны бейнеленген. Жас өрендердің қолдарында кітап. Олар кітапты бас алмай оқуда. Жапондық қыз-жігіттерге қызыға әрі қызғана қарадым. Біздің қаракөздеріміздің де қолдарындағы смартфондар мен гаджеттерді кітап алмастырса ғой, алар асуымыз, шығар биігіміз асқақ болар еді. Ертегі естіп, жаңылтпаш жаттап, жеті атаны түгендемей өскен жастар жоғарыда айтылған жазушы сөзіндегі кейіпкерлер.

Мағжан Жұмабаевтың сөзінше, бала ізгі құлық пен жауыз құлықты айыра алмайды. «Оларды бала маңайындағы ересек адамдардың сөздері һәм істері бойынша ғана айырады. Солар бойынша ғана ізгі мен жауыз құлық туралы ұғым жасайды. Мысалы, бала атасының ұрлық қылғанын білсе, ұрлық қылу ізгі құлықтан саналады екен деп ұғады. Сондықтан

баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады». [127-бет]

Ақынның талабы баланың бірге ойнайтын жолдастары да дұрыс, ізгі құлықты болсын. Балаға ересек адамнан өзіндей бала жақын. Бала өз құрбысына еліктегіш, өз құрбысының тілін алғыш, құлқына, мінезіне сенгіш келеді. Өзінің ізгі, жауыз құлқын бала құрбылары арқылы жарыққа шығарып әдеттенеді. Сөгіседі, ұрысады, төбелеседі, ұрласады, өтірік айтысады. Осы себептерден тәрбиеші баланың жолдастарының дұрыс құлықты болуларына өте ықтият қылу керек. Қазіргі қоғамда біздің балаларымыздың досы кім? Әрине, ғаламтор. Көптеген ата-аналар балаларының ғаламтордан не көріп, не үйреніп жатқанына мән бере қоймайды. Ал балада талғам жоқ, көзге түскеннің бәрін сүзгіден өткізіп отыру оған жат, сондықтан интернет бетінде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған келеңсіз ақпараттарды көзбен шолып, ойға түйе береді. Жауыз, зұлым жастар неге көбейіп кетті деп, таңғаламыз. Жауабын Мағжанның «Педагогика» еңбегінен тауып отырмыз. Ендеше, жас балалардың ғаламторды пайдалану уақытын шектемесек, ертең кеш болатын түрі бар. Бұл мәселеге бей жай қарамау қажет.

«Педагогикада» көтерілген тағы бір мәселе бізді қатты ойландырды. «Жалпы нерв системасын, әсіресе миды сау қылып ұстап, оған зиян келтірмеске керек... Мысалы, балаға миға зақым келтіретін ойын ойнауға жарамайды. Және баланы басқа ұру жарамайды. Балаға насыбай атқызуға, шылым тартқызуға жарамайды. Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрсені ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі тұр». [43-бет] Бүгінгі қоғамда жастар арасында электронды темекші шегу, миға зақым келетін атыс-шабыс ойындар ойнау үйреншікті құбылысқа айналуда. Ал Мағжан Бекенұлы мұның бәрі баланың нерв жүйесін құртады деп осыдан бір ғасыр бұрын дабыл қаққан екен. Елімізде қаншама балалар компьютер ойындарынан кейін ессіз, есерсоқ қылықтарға бой алдырып, адам шошырлық іске барады. Егер әрбір ата-ана және ұстаздар жақсы бала, жақсы шәкірт тәрбиелегісі келсе, Мағжан ақынның «Педагогика» еңбегін оқуы қажет. Тіпті, оқу орындарында мұғалімдер арасында «Педагогиканы» жіліктеп түсіндірудің артықтығы болмас еді.

Білім мен тәрбие беру жүйесін заманауиландыру мақсатында соңғы жылдары шетелдік педагог-ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, өз тәжірибесінде қолданып жүргенін мақтан тұтатын әріптестеріміз аз емес. Көріп отырғанымыздай, Мағжан Жұмабаев бір ғасыр бұрын бала тәрбиелеудің нақты жолын көрсетіп, айқындап, дәлелдеп кеткен екен. Халқымыздың асыл перзенті Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеясына жаңаша көзқарас танытар болсақ, біз бала тәрбиесінде дұрыс жолмен жүрер едік. Небәрі қырық төрт жыл ғана ғұмыр кешкен ақынды ұлтымыз ұмытпайды, керсінше оның өшпес мұрасы жыл өткен сайын ұлықталып, жауһардай әлемдік деңгейде жарқырай көрінуде. Ендеше, Мағжан мәңгілік тұлға.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. М. Жұмабаев «Педагогика», «Marfu» баспасы, 2022 ж, 6-бет.
2. М. Жұмабаев «Педагогика», «Marfu» баспасы, 2022 ж, 144-бет.
3. М. Жұмабаев «Педагогика», «Marfu» баспасы, 2022 ж, 43-бет. 127-бет.

ИСМАИЛ ГАСПРАЛЫНЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Ақтайлақ Б.Б., гуманитарлық ғылымдар магистрі
Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері

Тарихтың жаңа кезеңінде Батыс елдерінің өндірістік революцияға қол жеткізе отырып, дамудың жаңа деңгейге көтерілуі олардың басқа өркениеттердің алдына шығып, жаһандық отарлау процессінің басталуына әкелді. Бұған дейін өзіндік өркениеттік ерекшелігі бар елдер еуропацентризмнің құрбаны болды. Жағдайдың бұлай өзгеруі Азия мен Африка құрлығындағы елдерге түрліше әсер еткені белгілі.

Сол кездегі Ресей империясының құрамында көптеген мұсылман халықтары өмір сүретін. Олардың көбісі түркі халықтары еді. XIX-XX ғасырларда Ресей империясының отарлау саясатының шарықтау кезеңі болып табылады. Патшалы Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде мұсылман халықтары арасында өмір сүру мен даму жолында екі түрлі таңдауы болды. Біріншісі – империяның отарлау саясатына көніп, діни және ұлттық бірегейліктен айырылу. Екіншісі – діни және ұлттық ерекшеліктерін сақтау үшін ғылым мен білімнің әлеуетін пайдалану болды. Екінші жолды ұстанушылар жәдидшілдік қозғалыстың негізін қалады.

Белгілі алаштанушы ғалам Д. Қамзабекұлының айтуынша: «Жәдидшілдік – Ресей империясының мұсылман аймақтарына ортақ, дәстүр мен жаңашылдықтың синтезді құбылысы. Оны қарапайым тілге аударсақ, «жаңару», «елдікті сақтау үшін жаңа бағыт ұстау» дегенді білдіреді. Бұл – бірыңғай саси сипатты қозғалыс емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар концепция әрі ағым» [1, 16 б.].

«Жәдит» термині арабтың «жаңа» деген сөзінен шыққан. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап еуразиялық кеңістіктегі мұсылмандар арасында жәдитшілдік қозғалыс пайда болып, кеңінен тарала бастады. Алғашқы кезде бұл қозғалыс тек білім беру жүйесін реформалауды ғана көздеді. Сол арқылы мұсылмандардың білім мен ғылымдағы артта қалуын жойғысы келді.

Жәдидшілдік қозғалыстың тарихы белгілі интелектуал ғалым Исмаил Гаспралымен тікелей байланысты. Себебі оның қызметі мен шығармашылығы мұсылман әлемінің жандануына бағытталды. И. Гаспралы өз маңайына сол заманның зияткер тұлғаларын топтастыра алды.

И. Гаспралы 1851 жылдың 21 наурызында Қырымның Бақшасарай маңындағы Авджика (басқа деректер бойынша Ұлы-Сала) ауылында дүниеге келді. Оның әкесі Мұстафа Әлиоғлы орыс офицері еді. Анасы Фатма-Сұлтан Темір-Ғазықызы болды. 1854 жылдың 19 сәуірінде Мұстафаның жаңұясы «дворян» мәртебесіне ие болды [2, 1 б.].

Әкесі Исмаилдың да әскери адам болғанын қалады. Сол себепті ол Воронеж қаласындағы кадет корпусында оқып, оны сәтті аяқтады. Дегенмен әскери қызмет жас Исмаилды қызығушылығынан тыс еді. Сондықтан ол Мәскеудегі әскери гимназиядағы оқуын тастап, Қырымға оралды. Мұнда ол біраз уақыт бастауыш сыныптардың мұғалімі болып жұмыс істеді [3].

И. Гаспралының өмір жолын талдаған кезде оның тұлғалық қалыптасуына Қазандағы әл-Курсави мен әл-Маржани мектептерінің әсері болғандығын байқаймыз [1, 21 б.]. Түркі-мұсылман әлеміне ортақ болашақ ғалым шығыстың білімімен шектелмей үлкен ізденіс жолына түсті. Ғалым ғылым мен білімді игеруде Батыстың жетістіктерін кеңінен пайдалану қажеттілігін ерте ұғынғаны анық. Ол Еуропаның дамыған елдерін шарлап ілім игерудегі табандылығын көрсете алды. 1871 жылы ол Францияға барып, мұнда атақты Сорбонна университетінде оқыды. Шетел тілдерін жақсы меңгергендігі оның Еуропада әртүрлі қызметтер атқаруына жағдай туғызды. Испания, Грекия, Мысыр, Түркия елдерін шарлап, бұл елдердің білім беру жүйесін, тарихын, тұрмысы мен дәстүрін зерттеді [4].

Францияда жүрген кезінде орыстың әйгілі жазушысы И.С. Тургеневпен тығыз байланыс орнатып, оның хұснихатшысы болды. Сөз жоқ, егер Гаспралы ағарған Батысты ғана түгендесе, тырнақша ішіндегі реформатор болатын еді. Сондықтан ізденіс пен тәуекел

оны Тунис, Египет, Афины және қайта Стамбұлға апарды. Ол осында жүріп Абдо-Афгани еңбектерімен жақын танысып, жас түріктер қозғалысы мүшелерімен болашаққа жоспар құрысты. 1875 жылы (кей деректе 1876 жылы) елге оралған соң өмірінің соңына дейін Ресейде мұсылман халықтарының құқығы аяққа тапталмауы үшін күресті. Бақшасарай халқы сыйлаған муддарис те, қала әкімі де болды. Мұсылман халқын шыңдап ағартуды ойлаған қайраткер әліппеден бастаған танымдық кітаптарға дейін өзі жазып, басқаларға үлгі көрсетті [1, 21 б.].

Қырымға оралғаннан кейін ол Бақшасарай мемлекеттік Думасының депутаты болып сайланды. 1879 жылдың 5 наурызында Исмаил Гаспралы 28 жасында Бақшасарай қаласының әкімі (голова) болып сайланды. Қаланың басшылығында болған кезінде И. Гаспралы өзінің басқару қабілетін толық көрсете алды. Оның басқару кезінде Бақшасарай гүлдену жолына түсті [5]. Қаланы басқару кезінде И. Гаспралы көптеген мәселелерді шешті. Бақшасарайдың Ресей мұсылмандарының орталығы ретінде дамуына жағдай жасады.

И. Гаспралы Бақшасарай қаласының басшысы болған кезден бастап жалпы түрік тіліндегі «Файдалы эглендже» (1879-1880), «Закон» (1881) сынды газеттерді шығаруға бірнеше рет талпыныс жасайды. Алайда Ресей үкіметі тарапынан бұған біршама кедергілер жасалынады. Ұзақ жылғы табандылықтың арқасында ғана, тек 1883 жылдың 10 сәуірінен бастап «Терджиман» газетін шығаруға рұқсат беріледі. Бұл мерзімді басылымның ерекшелігі оның түрік-славян тілдерінде шыққан Ресейдегі алғашқы газет болғандығы еді [2, 2 б.]. «Терджиман» газеті сол замандағы Ресей мұсылмандары үшін жаңа ойлау мен әрекетті әкелді десек артық болмайды.

«Терджиман» газеті (1883-1918) екі онжылдық уақыт бойы Ресей мұсылмандарының жағдайы мен мұқтаждықтары жайлы ақпарат тарататын бірден-бір және бірегей мерзімдік басылымдар болды. Тек XX ғасырдың басында ғана ұлттық басылымдардың («Айқап» журналы, «Шура» журналы, «Қазақ» газеті, т.б.) шыға бастауы жағдайды өзгертті. Соның өзінде де бұл ұлттық басылымдар «Терджиман» газетінің ізін жалғастырушы еді. И. Гаспралының берген бағыт-бағдары кейінгі буын арасында қолдау тапқандығының көрінісі еді [6].

Исмаил Гаспралының публицистикасын талдаған кезде онда көрсетілген мәселелердің қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпағанын аңғарамыз. «Терджиман» газетіндегі И. Гаспралының мақалалары көпқырлы және тақырыптық ауқымдылығы жоғары болған. Ал XIX-XX ғғ. өмір сүрген татар халқының белгілі ғалымы, әдебиеттанушы әрі қоғам қайраткері Дж. Валидидің айтуынша И. Гаспралының шығарған газетінің халық үшін маңыздылығы мен ықпалы жағынан ресейлік «Новое время» мерзімділік басылымын бірнеше мың есе артық болатын және тіпті ағылшындық «The Times» газетінен де артық еді [7, 174 б.].

Исмаил Гаспралы білімді өте жоғары бағалайтын. Ол мұсылман халықтарының жетістікке жетудің бірден-бір жолы ғылым мен білімді игеру ғана екендігін жақсы ұғынды. 1883 жылдың 17 сәуірінде шыққан газеттің №2 санында ол былай жазады: «Білім – адамның ең жақсы әшекейі. Білімнің күштілігі – оның арқасында әлжуаз адам баласы ғаламның әміршісі әрі сұлтанына айналады. Білімнің арқасында теңіз бір-бірімен байланыстырылып, шөл далаға су тартылады, ал суда құрлықтар жасалады. Қашанға дейін біз надандық түнегінде боламыз? Көзімізді ашайық; өзімізге қарап, жағдайымызды басқа халықтармен салыстырайық» [7, 175 б.].

Ғалымның бұл сөздері қазіргі таңда да өзекті болып отырғаны анық. Біздің заман ақпараттық заман екендігі белгілі. Сондықтан бүгінгі таңда да түрік баласы ғылым мен білімді игеруде өз табандылығынан айнымау керек. Бұған бізге И. Гаспралының өмірі де мысал бола алады. Түріктің ұлы перзенті бірнеше тілді жетік меңгерген, ал оның газеттегі публицистикасын талдаған кезде оның түрік пен орыс тілінің жілігін шаққан тіл білгірі

болғандығын аңғарамыз. Бұл жағынан ол түрік халқының арасынан шыққан алғашқы көптілді интелектуал екендігі анық.

Білім саласындағы И. Гаспралының жәдитшілдігі – Еділ зиялылары әл-Курсави (1776-1812) мен әл-Маржани (1818-1889) еңбектеріне табан тіреген. XIX ғасырдың 90-жылдары Қазандағы Мухаммадия, Маржания, Қасымия, Әмірхания, Әзімов, Уфадағы – Усмания, Ғалия, Хакімия, Хасания, Орынбордағы – Хұсайыния, Витка губерниясындағы – Иж-Буби медреселерінің жаңаша оқыту жөніндегі алғашқы тәжірибелеріне сүйенген ізденіс еді. Бұл ізденіс «ештеңе өзгермеуі тиіс» деп есептеген қадымшылар мен патша өкіметін шошындырды. Башқұрт ғалымдары А.Х. Вильжанов пен М.Н Фархшатов осы орайда былай деп жазады: «Жәдитшілдік мәдени өресіне өкіметке арқа сүйеген қадымшылдар шұғыл әрі табанды қарсы тұрды. Ал, патша өкіметі болса түрік халықтарының ұлттық талдауға деген талабын саяси сепаратизм ретінде қарады. Бірақ самодержавиенің репрессиялық шаралары мұсылман халықтарындағы жаңаруға бағытталған табиғи процесті тоқтатуға мұршасы жетпеді [1, 17 б.].

Исмаил Гаспралы әл-Маржанилардың ісін жалғасытырып, бүкіл Ресей бойынша мұсылмандардың жаңа әдісті (усули жадит) мектебінің жүйесін қалыптастырды. И. Гаспралы ескілікті ұстанатын мектептердің: сабақ берудегі ескі схоластикалық тәртіпті ұстануы; араб тілі мен діни мәтіндерді оқушыларға мүлдем түсініксіз жолмен – механикалық түрде оқытуы; оқушылардың үлгерімін мүлдем бақыламауы сынды бірнеше негізгі кемшіліктерін көрсете білді [8, 26 б.].

Қайраткердің 1884 жылы өзі ашқан мектепте араб әліппесін дыбыстап үйретуді бастады. Осы негізде ана тілін де дыбыспен оқытуды қолға алды. Сондай-ақ бұл тәжірибе мектебінің оқу бағдарламасына ол дүнияуи пәндерді ендірді. Сөйтіп, бір кезде Шығыс өркениетінде болған білім саласындағы дәстүрді жаңғыртты [1, 22 б.].

Ғалымның оқытуда ұсынған әдістері Ресей мұсылмандары арасында білім мен ғылымды игеруді біршама жеңілдетті. Оның ұсынған жаңа әдісі жеңілден бастап, біртіндеп қиынға көшу тәсілі еді. Сонымен қатар, жылына бір рет қоғамның алдында оқушыдан емтихан алу көзделді. «Жәдиттік» мектептерде тұңғыш рет қолөнерге баулу және орыс тілін оқыту қолға алынды. Мұның бәрі аталған мектептердің ескі мектептерден артық болғандығы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді [8, 27 б.].

«Орыс мұсылмандығы» (1881) атты іргелі еңбегінде И. Гаспралы: «Ресей қол астындағы ұлттарды езіп, жойып ешқашан өркениетке жете алмайды, оның ұлы миссиясы – ұлт құлдығын жою» дегенге саяды. «Мұсылмандарды қоғамдық және ақыл-ой тұрғысынан шеттету – қай мемлекеттің болсын надандығын көрсетеді. Ондай елден адам үдере көшеді», - дейді ағартушы [1, 22 б.].

Сонымен бірге Исмаил Гаспралы Ресейдің ұлыдержавалық мүддесі мен мұсылмандардың мүддесін тығырықтан алып шығар тұжырым да жасайды. «Қай саяси жүйе болсын, - дейді қайраткер, - бұл мақсатты көздейді. Ол мемлекет бірлігін күшейту. Оған жетудің екі жолы бар. Бірінші жол – биліктегі ұлт пен басқа ұлттарды қан-жынын араластыру. Мұны химиялық біріктіру десе болады. Біздің жағдайдағы ассимиляция, орыстандыру жүйесі осы жолға түскен. Екінші жол – имандылық жолымен бірігу. Бұл – ұлттық ерекшелік, еркіндік пен өзін-өзі билеу принципі негізіндегі иманды, рухани ассимиляция». Д. Қамзабекұлының айтуынша, Ш. Уәлихановтың да ойлары осыған ұқсас болған [1, 23 б.]. Бұл Ресей тарапынан отарлауға ұшыраған туған халқының тағдыры түрік оғландарының басты мәселесі болғандығын көрсетеді.

Қайраткер ұлтты қайта жасау немесе билеуші ұлттың бейнесіне келтіру негізсіз әрі қисынсыз, тіпті ақымақтық екеніне тарихтан әртүрлі мысал келтіреді. Ресейдің жауланған

халықтарды орыстандыру саясатының тарихи тұрғыда іске аспайтын әурешілік ретінде көрсетеді.

И. Гаспралы өзінің кең көлемді модернизациялық бағдарламасында түрік халықтарына ортақ тілді (жалпы түрік тілі) қолдану сынды идеяларын ұсынды. Ресей империясының отарлық саясатының шарықтаған шағында ғалымның түрік жұртына ұсынған концепциясы – «тілде, пікірде, істе –бірлік» болатын. И. Гаспралының бағдарламасы Ресей түрік-мұсылмандары арасында ұлттық санасының өсуіне жағдай жасады. Мерзімді басылым беттерінде Исмаилдың кең қолданған риторикасы – ұлттың оянуы, ағартушылық, модернизация және т.б. болды [9, 45 б.].

Ресей империясын мекендеген «жат халықтар» (орысша - инородцы) XX ғ. басына дейін ана тілінде білім алу мүмкіндігіне ие болмаған. Мүмкіндік алу үшін табанды күрестің басында да И. Гаспралы тұрды. 1881 жылғы Ресей мұсылмандарына қатысты еңбегінде ол: «Жоғары білім алу үшін Ресейге жалпы мемлекеттік тіл керек. Ал қарапайым білім алу үшін (мектеп пен төмен буынды кәсіптік мектепте) татар тілін пайдаланудың қандай зияны бар? Ана тілімен білім жан-жақты, жаппай таралар еді. Түсіндіруге рухы жақын тәлімгерлері қасында тұрар еді. Мен татар тілін мектепте жүргізуге кім кедергі жасайтынын түсінбеймін. Орыс тілі мен ғылымы империяның басқа халықтарының тілі есебінен қорғайтындай соншалықты әлжуаз емес еді ғой», - деп жазады. Әрқашан дәйекпен сөйлейтін қаламгер осы орайда мынадай кері мысал келтіреді: «Егер Ресейде орыс баласына білім мен тәрбиені ана тілінде емес, озық бағдарламалармен-ақ неміс тілінде жүргізсе, қандай практикалық нәтиже шығар еді? Орыс мұжығы тез ағарар ма еді? Жоқ болса, мұсылман мектебінде орыс тілінің маңызы бұдан да аз. Мектеп – ақыл мен имандылық тәрбиесінің ұясы. Бұдан басқаға ол қызмет ете алмайды, етпеуі тиіс» [1, 24 б].

Сонымен қатар, И. Гаспралы әйел теңдігіне байланысты көптеген мақалалардың авторы. Ғалым ұлт тәрбиесіндегі әйелдердің рөлін жоғары бағалаған: «Барлық адам әйелдің қолында өседі, ананың сүтімен адам баласы ар-намыс пен жақсы тәрбиені сіңіреді және бұл барлығына аян!». Ғалымның пікірінше әйелдің жағдайы ұлттың болашағының бірден-бір көрінісі болып табылады [10, 208 б.].

И. Гаспралы күн тәртібіне қойған жүйелі жәдит мектебі үкімет тарапынан бірден қолдау тапқан жоқ. Жаңа мектептер стихиялы түрде әр-әр жерде жүректі адамдардың бастамасымен және иманды байлардың қаржысымен ашылды. Кеңес Одағы Ғылым Академиясы Қазан филиалы Тіл, әдебиет және тарих институты әзірлеген көптомдық іргелі тарихи зерттеуде мынандай деректер бар: «1908 жылы 20 тамызда Ішкі істер министрлігінде 12 молдадан арыз-хабарлама келіп түскен. Олар жаңа реформаланған мектеп мұғалімдерін елді бұзушы, үкіметке қарсы, қиғаш пікірлі деп айыптап, қызметтерін тоқтатқызуды сұраған.

Бұл кезде мектеп, медреселердің көбі қадымшылдардың қолында еді. 1088 татар мектебінің 61 ғана жәдит мектебі болатын (5,6 □). Патша үкіметі қадымшылдарды қолдады. Осы уақытта Столыпин Халық ағарту министріне жазған хатында: «Қадымшылдар мектебіне тоқтау салу – пайдасыз ғана емес, саяси тұрғыдан қауіпті деп көрсетті» [1, 25 б.].

1908 жылы «Алем-и нисван» (Әйелдер әлемі) атты журнал да жариялады. Патша өкіметі тарапынан жаңа көзқарас қатаң бақылауға алынып отырған шақта жалғыз қайраткердің осыншама батыл істерді үзбей жүргізуі үшін тәуекелшілік қана емес, терең білім, сындарлы ой, көркем сабыр, адал жүрек қажет болса, ол қасиетті құдай И. Гаспралыға дарытқан еді. Сондықтан болу керек, 1908 жылы Париждің «La Revue du Monde Musulman» (Мұсылман әлемі) журналы И. Гаспралыны әлемдік Нобель сыйлығына ұсынды [1, 22 б.].

Исмаил Гаспралы өзінің өмірлік күш-жігерімен өзінің ізбасарларын жігерлендіріп, оларға дамудың жаңа мүмкіндіктеріне жол көрсетті. Ол өзінің мақсатына жете білді. Оның идеялары Ресей мұсылмандарының арасында ғана емес, Түркия, Иран, Үндістан елдерінде де

кеңінен тарады. Жәдитшілдіктің ұшқыны Қазақ жеріне де жетті. Нәтижесінде қазақ халқының жаңа буын интеллигенциясы дүниеге келді. Қазақ жәдитшілдігінің қалыптасып-дамуы өзіндік ерекшеліктері болғанымен, олардың бойынша Исмаил Гаспралының идеясы өмір сүрді.

Ресей империясының әр жерінде бас көтерулер орын алып, ислам дініне негізделген жаңаланған білім мен ғылымды арқау еткен зиялылар тобы пайда бола бастады. Мысалы, XX ғасырдың басында Қазақстанда – Алаш, Әзірбайжанда – Мусават, Қырымда – Милли-фирк, Татарстанда – Иттифак әл-муслимин, Өзбекстанда «жадидизм» атауымен ағартушылық, демократиялық, саяси бағыттар өз жұмысын бастады.

XX ғасырдың басындағы Ресейде орын алған тарихи оқиғаларға И. Гаспралының жолын жалғастырушы аймақтық жәдиттік қозғалыстар туған халқының ұлттық мүдделерін қорғауда жан аямады. Ресейдің саяси өмірінде олар елеп ескеретін күшке айналды [11].

Қорыта айтқанда, Исмаил Гаспралының мұрасы мен жәдитшілдік қозғалыс тарихын зерттеу бүгінгі таңда өзектілігін жойған жоқ. Себебі, И. Гаспралының түрік-мұсылман дүниесіне байланысты қозғаған мәселелері үлкен деректік әлеуетке ие.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы (зерттеу мақалалар). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», - 2017. – 408 б.
2. Нуруллаев Р., Имашева М. Исмаил-бей Гаспринский и его вклад в развитие политического движения мусульман Российской империи в начале XX века // European research. 2015. №4 (5).
3. Османова Ф., Халилов Э. Исмаил Гаспринский: выдающийся просветитель. – URL: https://ru.krymr.com/a/ismail-gasprinskyi-den-rozhdeniya-vydayuschegosya-prosvetitelya/29831697.html - (қаралды: 18.10.19).
4. Исмаил Гаспринский (1851–1914), общественный деятель, просветитель, писатель, издатель и редактор газеты «Терджиман» («Переводчик») - URL: http://gasprinskylibrary.ru/events/event/ismail-gasprinskiy-1851-1914-obshhestvennyiy-deyatel-prosvetitel-pisatel-izdatel-i-redaktor-gazetyi-terdzhiman-perevodchik/ - (қаралды: 19.10.19).
5. Камилова В. Д. Деятельность Исмаила Гаспринского на посту головы (главы) г. Бахчисарая с 1879 по 1884 гг // Вестник ЮУрГУ. Серия: Право. 2006. №13 (68). -91-95 бб.
6. Брилева Д.С. И. Гаспринский и газета «Терджиман» в журнале «Шура» (1908-1917) // Исламоведение. 2015. №2. – 5-16 бб.
7. Шукурджиева З.Ш. Проблематика газетных выступлений Гаспринского // Вопросы крымскотатарской филологии, истории и культуры. 2018. №5. – 173-179 бб.
8. Саттарова З.М. Джадидистская реформа образования И. Гаспринского // Вопросы крымскотатарской филологии, истории и культуры. 2015. №1. – 25-29 бб.
9. Тихонова Н.Е. Роль газеты «Терджиман» в процессе модернизации российских тюрок-мусульман на рубеже XIX-XX вв // Научная мысль Кавказа. 2019. №1 (97). – 42-47 бб.
10. Абдураманова С.Н. "Женский вопрос" в очерках "Кадынлар" и "Проблески культурного движения татар" И. Гаспринского // Вопросы крымскотатарской филологии, истории и культуры. 2018. №5. – 207-211 бб.
11. Базарбаев К.К. Национально-прогрессивное движение: взгляды джадидов на государственность // Молодой ученый. – 2011. - №3. Т.2. – 71-74 бб.

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ОЙШЫЛЫ ЗАРАТУШТРА МҰРАЛАРЫ

Аюбай К.Қ., аудармашы

Авеста – біздің өлкеміздегі сақтар дәуірінде дүниеге келген көне мұра саналады. Авестаның тұңғыш мәтіндері Зара-Туштра туып-өскен ортада ғаталар тілінде дүниеге келеді. Бірақ ол қабылданбай, Зара-Туштра ұзақ уақыт қуғынға ұшырап, ақыры Уш-Аспа елінен пана табады. Авестаның ғаталары мен діни негіздерін Зара-Тушра, өзге бөліктерін ізбасарлары толықтырады. Бұл үрдіс Ахменидтер дәуірінде тиянақталып, Авеста 21 кітапқа жинақталады. Алайда грек және араб шапқыны Авеста кітаптары мен дінін жойып жібереді.

Аман қалған азғана құпия топ Авестаның біраз бөлігін ауызша қалпына келтіріеді. Терминдер өзгеріске ұшырап, қалған бөліктері жоғалады. Соңғы уақытта еуропалықтар Авестаны аударып, оны веда және санскрит тіліндегі нұсқалармен толықтырады. Сөйтіп, Авестаны аудару, зерттеу ісі парсылық діни және еуропалық ғылыми екі бағытта қалыптасады. Қазір осы екеуін ұштастыра пайдалану үрдісі бел алып келеді. Осы негізінде түрлі нұсқаларды салыстырып, авеста тіліне жақындата аударып, өзіндік реңін жоғалтпай қазақ тілінде жеткізуге ұмтылдық.

Авестаны Р. Алшанов тұран катаклизмімен [1], У. Шәлекенов Орталық Азиядағы арилар өркениетімен [2], т.б. біраз ғалымдар түрлә бағытта қарастырып келеді. Б. Бүркітбаевтың «Ақбата» (Авеста) [3] атты кітабы Авеста мәтіндерімен жуыспайды. Авеста үзінділері қазақ тіліне аударылып, салалық антологияларға енгізілді [4-7]. Таяуда «Авеста: Иашт» кітабы қазақ тілінде жарыққа шықты [8]. Иасна аудармасының қолжазбасы дайын тұр. [9] Соңғы екі кітапта Авестаны аударудың тың тәжірибелері ұсынылған.

Авеста мәтіндерін цифрмен таңбалау амалы. Авеста мәтіндерін интернет арқылы алдық. Бірақ кітапқа сілтеме бергенде интернеттегі, қағаз кітаптағы және басылымдардағы беттер нөмірі сәйкес келе бермейді. Осы орайда Авестаның мәтін, тарау, шумақ, жол ретін цифрмен таңбалап беретіні байқалды. Біз сілтемелерді осы таңбалар бойынша беруді ұйғардық. Мысал, иаштан мына сілтеме берілсін [5:30.127]. Бұл сілтеме былай оқылады: «5:» – «5-иашт:» (Арду Сура жасасын); «30» – «30-тарау»; «127» – шумақ нөмірі. Иаштың барлық нұсқалары мен аудармаларында осы реттік цифрлар өзгеріссіз сақталады. Бұл шумақты кім қалай аударғанын қай тілде болса да, осы сілтеме арқылы анықтап алуға болады.

Авеста атаулары пахлауи, парсы, еуропа, орыс және өзге тілдерде бір-біріне ұқсамайтын формаларға айналған. Біз оларды авеста тіліндегі нұсқаларына жақындатуға ұмтылдық. Ондай сөзде жуан-жіңішке дыбыстардың араласуы жиі кездескенмен, атаудардың дені күрделі сөздерден тұрады. Олар түрліше жазылып жүр: құрамындағы әр сөз жеке дара; дефис арқылы жазылған қос сөз; біріккен сөз және бастапқы формасынан айырылған кіріккен сөз.

Бастапқыда атау құрамындағы әр сөз бөлек жазылатын. Алайда ешбір қосымшасыз тізбектелген бірнеше сөз бір ғана атау ма әлде сөз тіркесі ме, айыру қиын. Сондықтан оны қолайсыз көрдік. Біріккен және кіріккен атаулар иран-парсы тілдеріне тән. Бірақ біз үшін сөздің ішкі жігін, төркінін айыру қиын болған соң, тиімсіз санадық. Атауды дефис арқылы жазу көбіне еуропалықтарға тән. Онда екі сөздің де лексикалық мәні айқын. Ондай қос сөздің әр бөлігін қазақ тілінің үндестік заңына бағындырып жазуға болады: сөздің бастапқы буыны жуан болса, сол бөлік тұтас жуан, жіңіше болса – тұтас жіңішке жазылады. Біз осы форманы оңтайлы көрдік. Біріккен атаулардың жіктерін айқындай алмасақ, сол қалпында жазылады.

Үндестік заңына қайшы дыбыс тіркестерін икемдеу. Жуан дауыстымен тіркескен «г», «к» және «е» дыбыстары сәйкесінше «ғ», «қ», «а» дыбыстарына айналады. Мысалы, «гах – ғақа», «кауфа – қауфа». Парсы тіліндегі «у» [و] «о», «у» және «в» дыбыстарын білдіреді. Қазақ тілінде «о» дыбысы бірінші тек буынға тән болған соң, өзге буындарда ол «у» дыбысына айналады, ал сөз соңында түсіп қалады: «хаома – хаума», «маидьо-маиди». Парсы тіліндегі дауыссыз «у» еуропа, орыс тілдерінде «v/в» болып жазылып жүр. Біз оны кәдімгі «у» таңбасымен бердік. Жиі кездесетін «ви – уи» тіркесінде «и» түсіп қалады: «вахви – уаху», «аиви – аиу». Бірақ иазаттар мен дұға атауларында «уи» формасы сақталады: «Уиспарат».

Зара-Туштра есімі туралы. Авеста тілінде «Заратуштра», пахлауида «Заратушт», парсыда «Зардушт», гректе «зороастр», өзгелерде Зарад, Зарат, Зарас, т.б. формаларда кездеседі. «Заратуштра» атауы екі сөзден тұрады. Зерттеушілердің дені парсы тіліндегі

«зарат-уштра – кәрі түйе айдаушы» деп аударып, жамандықтан сақтау үшін қойылған халықтық ырым ат дейді. Бірақ Зара-Туштра қара халықтан емес, он екі атадан мағулық қасиет үзілмей келе жатқан дәулетті абыздар әулетінің ұрпағы. Ырымдап ат қоятын жалғыз тұяқ емес – бес ұлдың ортаншысы. Олай болса, Зара-Туштра есіміне «кәрі түйе» атауының қатысы жоқ.

«Зара» сөзінің «алтын», «сары» деген екі мәні бар. «Туштра» және «Тиштра» сөздері түбірлес. Сондықтан Авестаны тұңғыш аударған француз ғалымы Анкетиль Дюперрон «зара – алтын», «туштра – сириус», яғни, «Зара Туштра – Алтын Тиштра (Сириус – Сүмбіле)» деп түсіндірген. «Тиштра/Туштра» сөзінің мағынасы – сәуле, нұр. Қазіргі парсылар соған сүйеніп, пайғамбар есімін «Алтын сәуле, нұр», яғни «Құдайдың нұры» деген ұғыммен байланыстырып жүр. Бұған Тиштраның мына сөзі келетін сияқты:

«Ахура сені жаратқан,
Ғаламды мына оңдаушы,
Ратуы қолдаушы
Иесі сен болсын деп.
Ахура мені жаратқан
Аша өзі жасаған
Жақсы әлемді қорғаушы
Киесі мен болсын деп». [8, 5:21.89]

Екеуінің аттары мен миссиялары ұқсас: тәни тірлікке Тишра, рухани тірлікке Туштра рату. Мұнда «тиштра/туштра» сөзі діни миссияны білдіріп тұр.

Зара-Туштраны грек философтары халдей, ассириялық, вавилондық, т.б. деп, түрлі елдерге телиді. Зара-Туштраның өмір сүрген уақытын Аристотель 6000 жыл бұрын деп, Гермипп Александрийский мен Плутарх Трояның құлауынан 5000 жыл бұрын, Свида 500 жыл бұрын, Плиний Моисейден мыңдаған жыл бұрын болған десе, кейбір еуропалықтар оны б.д.д. 1000 жылдықпен шектейді. Парсы жазуларында б.д.д. 1200 жылы Бактрияны ассириялықтар жаулап алғанға дейін қауаилық соңғы патша Уишт-Аспа билегені айтылады. Демек, Зара-Туштра сол кезде өмір сүрген. Е. Блаватская «зороастр» атты бірнеше пайғамбар болған деп қорытады [10]. П. О. Шервё «заратуштра» – тарихи фигура емес, ежелгі иран ұрпындағы функция деген ойға келеді. [11]. «Десатир» (Дастурлар) кітабында ирандық он төрт пайғамбардың жетеуі – Заратуштра. Он үшінші орындағы Заратуштра – Уишт-Аспа патшаның замандасы, «Уи-Даиуа дат» кітабына түсіндірме жазған кейінгі автор [10]. Бұл жерде «заратуштра» кісі аты болумен бірге, діни миссия атауын білдіреді. Зара-Туштраның біреу емес, бірнеше болу себебі содан болса керек.

Зара-Туштра ілімінің туу, қалыптасу негіздерін Авеста кітаптары арқылы қарастырып көрейік. Зара-Туштраның даусыз шығармасы саналатын ең ежелгі мәтіндер – ғаталар ежелгі парсы тілінде емес, «авеста» тілінде пайда болған көрінеді. Соған қарағанда, ғаталар тілі сол замандағы тайпаларға таныс болған тәрізді. Бұл өңірді сақ тайпалары мекендегенін ескерсек, ол тіл сол тайпалардың біріне тән деуге болады. Зара-Туштра өзіне қарсы мағу Бандуаның өзі де, ойы да Ашаға жат екенін қадала айтады:

Бандуа ойы маған қарсы жасаған,
Жалған ілім аулақтатар Ашадан. [9, 49.2]

Аша (Рта/Арта) ведалықтарға тән. Алайда Арта/Аша ықпалы сақтарға жүрмеген. Олар өз тәңірлік ұстанымынан айнымаса керек. Өйткені, саяси билікті қысқа мерзімде ауыстыруға болады, ал діни нанымды ауыстыру ұзақ әрі өте қиын үрдіс. Сол себепті Зара-Туштраның тайпаластары байырғы нанымдарынан айнымай, оны елден қуады. Бұл туралы Зара-Туштра өзі былай дейді:

Қайда қашам? Қай жаққа адасқаным?

Абыз, сарбаз ортасынан аластады.

Тайпа, ру мен туыстар қараспады. [9, 46.1]

Зара-Туштра ұзақ жылдар бойы өз ілімін тарататын ел іздейді. Дәулетті мағулар әулетінен шыққан болашақ пайғамбар кедейлік пен әлсіздікке қарсы шарасы болмай, Ахура-Маздаға шағынады:

Мазда-Ахура, аз малым да адамым,

Әлсіздікке болмай тұр ғой амалым,

Көзің салшы қалай амал табамын? [9, 46.1]

Зара-Туштра сақ тайпалары ішінде діни қауым әулетінен шығады. Оның ілімін өз аталастары ішінен Маиди-Маха Спит-Ама ғана қабылдайды. Сол себепті бұл орта арилар қатарында аталмаған тәрізді. Есесіне осы дінді алғаш қабылдаған Маиди-Маха, Уишт-Аспа, Жам-Аспа, Фриан, Фраш-Уштраға ғаталарда арнайы шумақтар бірнеше жерде беріледі:

Зара-Туштра, кім ол ерлік жасаған?

Ол әрине, Уишт-Аспа Қауаи ашауан. [9, 46.14]

Тур Фриан ұрпағы көп көрінген,

Туыстары Ашаға шын берілген. [9, 46.12]

Фраш-Уштра хуаба бар ашауан. [9, 46.16; 49.8; 51.17]

Жар саламын, хуабалық Жам-Аспам [9, 46.17; 49.9; 51.18]

Маиди-Маха Спит-Ама Ізгі Дінге берілген. [9, 51.19]

Зара-Туштра он жыл тентіреп Уишт-Аспа көсемнен қолдау тауып, жаңа дінді сол елге енгізіп, мантран атанады. Жаңа ілімді шәкірттеріне ауызша үйретіп, олар солай таратады. Б.з.б. III ғасырда Авеста мәтіндер жазуға түсіріліп, кітаптарға топтастырылады.

Мазда-Иасна діні алдыңғы табиғи, мистикалық нанымдардан, политеистік діндерден жоғарылап, монотеистік сипатта болады. Жаратушы жалғыз құдай – Ахура-Мазда әуелі Спанта-Амаша – Мәңгілік Әулиелерді жаратады:

Ең бастапқы ратулар жасаған –

Спанта Амаш, Уоху-Мана Ашауан,

Хшатра Уар, Аша Уахиш жасаған,

Спанта Армаит, Харуатат, Аму-Ратат,

Геуш Ташан, Геуш Уруан жасаған. [9, 1.1]

Ахура-Мазданың көмекші мәнбейнелері әрі жебеуші күштері: Уоху-Мана – Жақсы Ой, мал жебеушісі; Аша Уахиш – Асқан Ақиқат, от жебеушісі; Хшатра-Уариа – Қалаулы Билік, металл жебеушісі; Спант-Армаити – Әулие Тақуалық, жер және әйел жебеушісі; Харуатат – Бүтіндік, су жебеушісі; Ама-Ратат – Тірлік Күші, Мәңгілік, өсімдік жебеушісі.

Содан соң өзге иазаттарды жасайды. Ешбір қозғалыс жоқ рухани әлем қалыптасады. Бұдан әрі Ахура-Мазда тәни дүниені – өсімдіктер мен тіршілік иелерін жасайды. Осы кезде бұл әлемге Анхра-Мани килігеді. Нәтижесінде дүние билігін Спанта-Мани (Жаратушы Рух, яғни Ахура-Мазда) мен Анхра-Мани (Жоюшы Рух) былай бөліседі:

Қос Рух баста егіздей – ой, сөз, ісі қарсы берілген.

Жақсы Ойлы таңдаған ақсылықты игі өрілген.

Жаман Ойлы таңдаған жамандықты ылғи терілген. [9, 30.3]

Ахура-Мазданың алты Мәңгілік Әулиесіне Анхра-Мани алты қарсыласын жаратады: Уоху-Манаға – Ақа-Мана, Аша Уахишқа — Индра, Спант-Армаитиға – Тара-Мата, Хшатра-Уариаға – Сауруа, Харуататқа – Тауруа, Ама-Рататқа – Заири.

Қос Рухтың қарама-қарсылығы тәни дүниені қозғалысқа келтіріп, тіршілік күресі басталады. Бұл күресте Ахура-Мазданы ашауандар жақтаса, Анхра-Маниды дружандар жақтайды. Ол иаштарда былай баяндалады:

Құдіретті жасаған,
Фрауаштар ашауан
Егер Маған келмесе,
Маған қолдау бермесе,
Мына жерге өсетін
Адам мен мал қонбас еді,
Тіршілікті кешетін
Ең үздіктер болмас еді,
Өсімдік те өсетін
Алуан түрге толмас еді.
Мына тәни дүние
Друғуға тиер еді,
Күш те оны сүйер еді,
Билік соған тиер еді. [8, 13:1.12]
Сонда олар келер еді,
Жер мен көктің арасын
Друғу рухы жеңер еді.
Жер мен көктің арасына
Биліктері енер еді.
Друғу рухы жеңген соң,
Әулие Рухқа жеңілген
Билік бермей жөнер еді. [8, 13:1.13]

Мұнда Ахура-Мазда Ең-Құдіретті болғанмен, өзге діндердегі құдайлардай Бәр-Құдіретті емес, Анхра-Манимен күресте Өзі жаратқан иазаттарға сүйенетіні көрінеді.

Мазда-иасна дінінің киелі тұғыры – жақсы ой, жақсы сөз және жақсы іс үштігі. Оған қарсы Анхра-Мани жаман ой, жаман сөз және жаман іс үштігін түзеді. Ашауан жақсылық үштігін жиып өтуі тиіс. Ол бес мезгіл дұғада қайталанып, санаға сіңіп отырады:

Берілемін жақсылықпен істеген
Жақсы ой, жақсы сөз, жақсы іске мен.
Жерінемін жамандықпен істеген
Жаман ой, жаман сөз, жаман істен мен. [9, 1.1]

Адамда жақсылық үштігі басым болса – оның жаны жұмаққа барады; жамандық үштігі басым болса – тозаққа түседі; екеуі тең болса – дүние соңына дейін аралықта күтеді. Яғни, адамның о дүниедегі жан тағдыры оның бұ дүниедегі бүкіл іс-әрекетін байланысты.

Зара-Туштраға дейінгі дәуірде құрбандыққа жылқы, сиыр, қой шалған. Мазда-иасна діні қанды құрбандықты құптамайды, тек заутра (қансыз құрбандық) тартуды ұсынады. Иазатқа Ахура-Мазданың да заутра тартуы кездеседі:

Ахура-Мазда Жаратқан
Заутра тартып саз анық,
Мантрамен таза нық
Ардуға тілек қылады,
Одан былай сұрады: [8, 5:5.17]
«Арду Сура сәт қылып,
Берші сондай сәттілік –
Зара-Туштра ашауан
Үйретіп соны ылайым,
Нағыз дінге бұрайын,
Ойын дінге бұрайын,

Тілін дінге бұрайын,
Ісін дінге бұрайын». [8, 5:5.18]
Ал иаштарда ашауан да, друғу да құрбандыққа жылқы, сиыр, қой шалады:
Хаушанха Парадат
Жүз жылқы, мың сиырды,
Мириад қойды құрбан ғып,
Ардуға шалып сыйынды. [8, 5:6.21]
Дахақ Ажи Бауриада
Жүз жылқы, мың сиырды,
Мириад қойды құрбан ғып,
Ардуға шалып сыйынды. [8, 5:8.29]
Иазаттар алуан бейнеде көркемдікпен беріледі. Арду Сура Анахиттың бу, бұлт, тамшы, шық, қақ, тоспа су, бұлақ, өзен, көл, теңіз бейнелері бар. Мысалы:
Уору-Қаша Хуқардан
Қуатпен құйып сел болған
Ұлылық, даңқ тел қонған,
Жердегі аққан бар суға
Көлемі оның тең болған. [8, 5:1.3]
Арду Сура Анахит
Уору-Қашқа құйғанда,
Бүкіл теңіз тасады,
Буырқанып ортасы,
Көкке толқын шашады,
Шамырқанып шеттері
Жағаға толқын асады.
Сағасы бар мыңдаған,
Көлдері бар мыңдаған.
Сол көлдердің әрбірін
Шабандоз шапса айналып,
Қырық күн жол өтеді
Сонша уақыт кетеді. [8, 5:1.4]
Арду Сура Анахит жамандық атаулыны жеңетін иазат бейнесімен көрінеді:
Сиқыршы, пері, мыстанды,
Қауаи-сатар қысқанды,
Қарапан, қайаз, аша-мауғын,
Друғу ұстаз аша жауын,
Паити-араны жау мығым,
Адамның, дәудің жаулығын –
Жеңеді соның барлығын. [8, 5:3.13]
иазат қанша құдіретті болғанмен, ол адамның сыйынуына мұқтаж. Егер адамдар сыйынбаса, бар мәнінен айырылып, керексіз болып қалады:
Заутар айтар дұғаны
Іштей көксеп тұрады.
Ашауанды берілген
Аңсап тілек қылады. [8, 5:1.7]
«Сыйынар кім таза құп
Сүтті хаума таза алып,
Маған арнап дұғасын,

Заутра сап саз анық?
Жақсы ой, сенім, ісімен
Берілгені үшін мен,
Кімге беріп жақсылық
Жарылқаймын жақсы ғып?» [8, 5:1.7]
Арду адамға мінсіз сұлу бойжеткен қыз бейнесінде көрінеді:
Арду Сура Анахит
Салтанатпен керілген,
Ағысымен берілген,
Куатты, сұлу бойжеткен,
Бегзада, таза тегімен,
Келбетінде өрілген
Бейнесімен көрінген.
Сұңғақ дене, түп-түзу,
Сымбатымен керілген,
Киімге кесте төгілген,
Алтын таспа балтырда,
Сандалға өрнек терілген,
Шашбауына жиектеп
Зерлеп алтын өрілген,
Бейнесімен берілген
Келіп солай көрінген. [8, 5:19.78]
Барасман бума қолына
Ұстай келіп еніп тұр,
Салтанатты қалпына
Жарасымын өріп тұр,
Алтын құйма төрт қырлы
Құлаққа сырға келіп тұр,
Мойында асыл алқасы
Ажарға өң беріп тұр,
Буынғанда қыпша бел,
Қаз омырау керіп тұр,
Сұлу сымбат келісті,
Көз суырып көрік тұр. [8, 5:30.128]

Текті жаралған иазат-арудың жүріс-тұрысы, киім киісі де ерекше:
Арду Сура Анахит
Иығына жамылған
Құндыз тонның ерегі –
Үш жүз құндыз тері еді,
Төрт түлеген шағында,
Терісі жақсы бабында,
Жүні жетік уағында
Алу үшін аңдаған,
Талғап бәрін таңдаған.
Иі қанық берілген,
Шебер тігіп өрілген,
Таңғажайып терілген –

Тұтас күміс төгілген,
Алтынменен шегілген,
Қарағанда құбылып,
Жымдас солай берілген:
Алтын менен күмісі
Кезектесе көрінген. [8, 5:30.128]

Арду Сура Анахит адам тілегін рухани тұрғыдан ғана орындап қоймайды, керек кезде қол күшімен көмектеседі. Мысалы:
Ардуға Сура сыйынған
Пауруа ақын дана еді,
Ол майталман теңізші
Болған өзі жан еді,
Жеңіскер сарбаз Траитауна
Көкке оны лақтырып
Қаршыға бейне дем берген –
Пауруа сол пәрменмен
Заңғар көкте сенделген. [8, 5:16.61]
Үш күн, үш түн самғапты,
Самғаудан бір танбапты,
Өз үйінің үстіне
Төмендей де алмапты –
Қайтар амал қалмапты.
Үшінші түн өткенде,
Таң шапағы өпкенде,
Арду Сура Анахит
Жұлдызы туып жеткенде,
Пауруа соған сыйынып,
Жалбарынды қиылып: [8, 5:16.62]
«Арду Сура Анахит,
Жәрдемге тез келе гөр,
Маған көмек бере гөр!
Ахура берген жеріме,
Ранха суға, еліме,
Тірі жетсем үйіме,
Түссем бағзы күйіме,
Дәстүрге сай тазалық
Сүзіп алған таза ғып,
Сүтті хаума таза алып,
Заутрамен саз анық
Мың мәрте сенің өзіңе
Сыйынайын таза құп». [8, 5:16.63]
Арду Сура Анахит
Оны мықтап құшады,
Төменге қарай ұшады.
Қас қағым сәт шегінде
Ахура берген жеріне,
Ранха суға, еліне,

Жұмысқа да алымды,
Сап-сау, күшті, қарымды,
Түсіріп бағзы күйіне,
Жеткізді аман үйіне. [8, 5:16.64]

Соғыста Митра бастаған иазаттар сап құрып, тұтас армия болып аттанады.
Жаратушы жаратқан
Мириад көз, мыңқұлақты,
Митраны ерен ғып,
Алданбайтын ешімге
Ақылды, шебер өрен ғып.
Қырағы,бәрін көретін,
Сөзді шешен өретін,
Шақырғанға келетін,
Қуатты, күшті күзетші
Тіп-тік түзу жүретін,
Қаруы сай ілетін, [8, 10:15.61]

Аша Уахиш жақсы нық
Көк арбасы жонында,
Соғысарба тізгіні
Ұстаған өз қолында.
Көк әлемі пырақтары,
Көлеңкесіз бірақ бәрі –
Ақ шұғыла түрге еніп,
Мөлдір, тұнық түрленіп,
Кеңістікте көсілген
Алып ұшып есілген;
Маздалық Уаңху Даина
Қолдаған оны тегінде;
Оның жолын ашатын
Упамана Дамаи да
Тәңірлік Жеңіс көгінде.
Қорқатын бәрі осыдан:
Друғулар жосыған,
Уарналықтар тосылған,
Дәу атаулы тосыннан,
Бәрі содан шошынған. [8, 10:17.68]

Митраның қолының ішіндегі ең жойқыны – Қабан бейнесіндегі Уарат-Ағна:
Ураtр-Ағна иазаты
Алдында ұшып баратын
Ахура-Мазда жаратқан
Бейнесімен сара тым:
Дүлей Қабан дара тым,
Зәресін жаудың алатын,
Азуы – ажал араны
Сестірместен жаратын,

Теңбіл тұмсық салымды,
Әбжіл дене алымды,
Тұла бойы қарымды,
Ашуланса – ажал ол,
Құтырынса – тажал ол,
Баз кештірер өмірден,
Алғы-артқы аяғы
Барлығы да темірден,
Шықшыт, құйрық, сіңірі,
Тамыры да темірден. [8, 10:18.70]

Жауға солай шабатын,
Оқтай зулап салатын,
Қашса қуып алатын,
Аясына баратын,
Қақ айырып жаратын,
Ерлігімен дара тым.
Оны місе көрмейтін,
Қаперіне ілмейтін,
Тірлік тіні – жұлынын
Үзгенінше жауының
Ойына түк кірмейтін –
Жеңгенін де білмейтін. [8, 10:18.71]
Сүйек, тері, жүнін де,
Қаны, миы, түгін де
Топырақпен аралас
Жерге илеп салатын,
Митраға қарсылас
Жарандардың санатын
Солай етіп жаратын. [8, 10:18.72]

Біз Авестаның дінтану, философия, тарих, әдет-ғұрып, тіл, әдебиетке қатысты жақтарымен таныстырдық. Авестаны түпнұсқадан аударып, терең зерттеп, ел игілігіне жарату болашақтың үлесінде деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Алшанов Р. Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар. Толықтырылған төртінші басылым. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, «Тұран» университеті, 2020. 466 – бет
2 Шәлекенов-Баласағұни У.Х. Орталық Азиядағы ариилердің өркениеті. – Алматы «Қазақ университеті» 2011. – 207 б.
3 Буркітбаев А. Ақбата. – Алматы: Айдана, 2002.
4 Қазақ халқының философиялық мұрасы. XV кітап./ Құрастырушылар Ә.Н.Нысанбаев,А.Г.Косиченко. Аударғандар: Б.Жұматаев, Н.Әшіров, Қ.Жамалов, Б.Сатершинов, М.Кенжебай – Астана: Аударма, 2007.
5 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Онтомдық. 3-том. Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. 1-мыңж.–XV ғ. соңы). Құраст.: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.
6 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Онтомдық. 1-том. Ежелгі Шығыс. Құраст.: Мәжитов С.Ф., Каженова Г.Т., Оспанов С.И., Смақов Ж.Ж. – Астана: Фолиант, 2005.
7 Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. 5 томдық. т.1 Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер Құраст.: О.Д. Бекжан, Т.Е. Қыдыр. –Алматы: Evo Press – 2019.
8 Авеста: Иашт/Ауд. Аюбай К. Аюбай М.–Алматы-Болашақ АҚ–2023, 320 б.
9 Авеста: Иасна/ Ауд. Аюбай К. Қолжазба. – 2023, 250 б.

10 Блаватская Е. Зороастр в «Истории» и Заратуштра в тайных анналах.// ru.teopedia.org›lib/Блаватская…истории…Заратуштра
11 Шервё.П. О. Заратуштра как основатель новой религии. Разбор аргументов П.О. Шервё.// https://bahmanjon

ҰЛЫ АПАТ ЖЫЛДАРЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ («АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ» ОҚИҒАСЫНА-300 ЖЫЛ)

Байшов Б.Б. философия докторы (PhD), аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Дүйсенбин Қ.Ә.
тарих пәні мұғалімі, №78 ЖББОМГ

Осыдан 300 жыл бұрын Қазақ елі тарихындағы халқымыз үшін ең ауыр кезеңнің бірі ретінде тарихта қалған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл оқиғасы» оқиғасы орын алды. Қазіргі таңда осы саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан ауыр зардаптар әкелген апаттың ізі суығанымен, оның болашақ тарих пен ұрпақ үшін берер сабағы мен тағылымы әлі де маңызды болып қала бермек. Аталған оқиғаның мәнін ашып көрсетуде сол тұстағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайын да ашып көрсету және сол арқылы жауынгер халқымыздың аталған зұлмат оқиғаның алдын ала алмағандығын болжамдауға болады.

В конце XIX века, первый исследователь антропологии казахов, выдающийся русский антрополог и этнограф А.Н. Харузин отмечал, что «из стран, изобилующих деформированными черепами, следует упомянуть Венгрию, отчасти Австрию, наши южные (казахские – М.А.) степи…, что центр этого обычая находился очевидно в наших (казахских – М.А.) степях и в Австро-Венгрии». В своем огромном труде (549 страниц) по антропологии казахов А. Харузин писал, «что голову киргиза (казаха-М.А) следует причислить к сильно брахицефаличным формам» (5).

(Казахов в XVII-XIX века и начала XX века официальная русская администрация именовала киргизами, киргиз-кайсаками, а кыргызов – каракиргизами, бурутами, дикокаменными киргизами – М.А.).

Об искусственной деформации голов древних скотоводов Средней Азии и Казахстана отмечает антрополог Л.Т. Яблонский. Он пишет: «Выделяются различные типы деформации. У подавляющего большинства искусственно уплощена область затылка и задней части теменных костей. Такой тип деформации хорошо известен на территории Средней Азии, особенно от эпохи раннего средневековья и прослеживается здесь до современности. Судя по этнологическим данным, уплощенность затылочной кости возникала в раннем детстве, вследствие обычая жестко фиксировать ребенка в колыбели. Отсюда и традиционное название этого вида деформации – «бешиковая» (от тюркского «бешик» - подвесная колыбель). …Бешиковая деформация, в отличие от других видов, не должна рассматриваться как признак, имеющий этническую нагрузку. Это признак культуры этноса, поскольку происхождение ее связано, скорее всего, не с попыткой обособить свой физический облик, а лишь традиционным способом укладывания в колыбель ребенка» (6).

На территории Казахстана советскими археологами были найдены древние искусственно деформированные черепа хуннов и усуней. Корифей антропологии Е.В.Жиров в своем научном труде «Об искусственной деформации головы» пишет: «В долине р. Таласа, в Казахстане, Гейкелем и Бернштамом были раскопаны курганные могильники с катакомбами начала н.э., которые Бернштам склонен приписывать гуннам. Процент деформированных черепов в них исключительно высок; на ряду с прекрасными коническими формами (рис. 28, 5) встречаются также переходные к низким, большинство черепов, кроме того, затылочно-деформировано... В первой половине I тысячелетия н.э. мы наблюдаем внезапный и блистательный расцвет обычаев, способствовавших искусственной деформации, которые вслед затем медленно отмирают. Наличный материал свидетельствует о продвижении этих обычаев в данный период с востока на запад.

Действительно, погребения с циркулярно-деформированными черепами располагаются в следующий хронологический ряд: 1) таласские могильники, 2) сарматские погребения Поволжья, Украины и Сев. Кавказа, 3) готские могильники, 4) средневековые могильники Сев. Кавказа и Закавказья, а также отдельные погребения на раннесредневековых некрополях в Западной Европе. Полагаю, что эта последовательность определена движением гуннов» (7).

В конце небольшого исследования о бесике и «бесиковой» деформации головы отметим, что затылочная и круговая (кольцевая) деформация у казахских малышей является

непреднамеренной, она возникает из-за долгого лежания ребенка на спине, голова деформируется под действием собственной тяжести и перетягивания лба платочком от дурного глаза, а также лобно-затылочная и теменная деформации, имеющие национальные черты.

История искусственной деформации головы у казахов имеет древние корни и вследствие не изученности необходимо полноценное исследование.

Список использованной литературы и данных:

1.Оспанбай А. Бесік тербеткен үйде береке бар. Түркістан, 15 желтоқсан 2016.

2. Такежанұлы Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. – Алматы. 2005, 84 бет.

3. Доброта Л. Древние корни бесика. Казахстанская правда. 7 августа 2015 года.

4. Орхон Б. Ритуал и символ казахского народа «бесик» или «колыбель младенца». В кн.: Сборник научных трудов. Под общ. Ред. Е.П. Ткачевой. _ Белгород: АПНИ, 2021. С. 12-14.

5. Анучин А. Киргизы Букеевской Орды (Антрополого - Этнологический очерк). Выпуск I. Известия Императорского общества любителей естествознания, антропологии и этнографии, состоящего при Императорском Московском университете. Т. LXIII. Труды Антропологического Отдела. Т. X. М., 1889. С. 431 (549 с.).

6. Яблонский Л.Т. К проблеме формирования краниологического типа древнейших скотоводов Средней Азии и Казахстана. Этнографическое обозрение, 1996, №6. С.45-52.

7. Жиров Е.В. Об искусственной деформации головы. // КСИИМК. Вып. 8. - М.: изд-во АН СССР, 1940. - С. 81-88.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ақпанбет Н.Н., PhD, аға оқытушы

XX ғ. 80-ші жылдардың екінші жартысында құдіреті күшті КОКП адамгершілікке жат тәсілдермен жастардың бейбіт шеруін қан-жоса етіп баса отырып, өзі жіберген өкілін Қазақстандағы ең жоғарғы лауазым орындарында қалдыра алды. Қолы қанға боялған Орталық өкілі Г.Колбин шын мәнінде генерал-губернатор миссиясын атқарды. Билік басына келгеннен кейін ол республика кадрларының жоғарғы эшалонын тазалаудан өткізді. Науқаншылдық пен асыра сілтеушілікке үйренген коммунистік наменклатура бұл жолы да істің анық-қанығына қарамай, бұрынғы басшылықта болғандарды негізсіз қудалауға ұшыратты. Жаңадан сайланған КСРО халық депутаттарының I съезіне оның Халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметіне сайланып, Қазақстаннан кетуіне дейін осылай болды [1, б. 311].

1989 жылдың маусымында Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Н.Ә.Назарбаев келді. Аумалы-төкпелі кезде келген жаңа басшылық алдында бірқатар жауапты шараларды іске асыру міндеті тұрды. Ең алдымен халықты «қазақ ұлтшылдығы» деген айыпты атақтан арашалауға күш салынды. Билік жүйесіне реформаторлық ағымға бейімдік танытатын бірқатар жастар келді. Н.Ә.Назарбаев кеңестік кеңістіктегі экономикалық, мәдени интеграцияның іске асырылуына ерекше назар аударды [2, б. 201].

1987 жылы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қазақ және орыс тілдері туралы қаулылары шықты. Осыдан бастап тіл мәселелері Қазақстанның ішкі саяси айтыстарында жиі сөз бола бастады. Жылдар бойы қордаланып қалған тілдің өзекті мәселелері баспасөзде үнемі көтерілетін болды. Нәтижесінде, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында 1989 жылдың 22 қыркүйегінде «Қазақ КСР-ның Тіл туралы» Заңы қабылданды. Көп ғасырлық тарихында қазақ тілінің мәртебесі алғаш рет Заңға сәйкес Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі, ресубликада орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып жарияланды.Бұл заң қазақ тілін дамыту ісіне жол ашты. Іс қағаздарын қазақша дайындайтын

және қазақ тілінде жұмыс жүргізе алатын хатшылар даярлайтын кәсіптік-техникалық училище ашылды.

1990 жылдың маусымынан 1991 жылдың маусымына дейінгі бір жылдың ішінде республика бойынша қазақ тілінде тәлім беретін 155 мектеп, 4 кәсіптік-техникалық училище, жоғарғы оқу орындарында факультеттер, бөлімдер ашылып, қазақ тілін үйрететін топтар құрылды. Сондай-ақ, Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлттық топтардың – украиндардың, ұйғырлардың, немістердің, татарлардың, түріктердің де жинақы қоныстанған жерлерінде ана тілдерінде сабақ оқытатын мектептер ашу қолға алынды. Көп ұлтты Қазақстанда тіл саясатының салауатты жүргізілуі қоғамның саяси орнықтылығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі еді [3, б. 54].

Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жете бастады. Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымысқы жүйесі, Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың шын ауқымы т.б. туралы шындықты біле бастады. Сталиншілдіктің сұмдықтары туралы оқып білген адамдар зұлымдық төркінінен хабардар болды[4, б. 55].

Дүние жүзінің тарихи даму сахнасында және КСРО-да болып жатқан оқиғалар Қазақстанда өріс алған жас демократия үшін күрестің одан әрі өрлеуіне, бұқараның саяси белсенділігінің артуына ықпал етті. Осыған орай 80-жылдардың аяғында Қазақстанда да жоғарыдағылардың бұйрығынсыз, компартияның рұқсатынсыз, халықтың қайнаған ортасынан шыққан саяси белсенді адамдардың ұйымдастыруымен түрлі қозғалыстар мен саяси бірлестіктер пайда бола бастады. Олардың ішіндегі алдына ізгі мақсаттар қойған ең ірілерінің бірі –«Невада-Семей» антиядорлық экологиялық қозғалысы болды [1, б. 312].

1989 жылдың көктемінде Алматыда бой көтерген бұл қозғалыстың ұйымдастырушысы және идеялық жетекшісі – белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов болды. Қозғалыс халыққа аса үлкен қасірет әкелген Семейдегі ядролық сынақ полигонын жаптыру міндетін алдына қойды. Ізгі ниеті мен алға қойған мақсатының айқындығы және ұйымдастырушыларының батылдығы мен саяси көрегендігінің арқасында “Невада-Семей” аз уақыт ішінде бұқара арасында кең танымал жалпыхалықтық қозғалысқа айналды. Полигонға қатысты құпияларды ашу, тұрғындар шеккен залалдың орнын толтыру мақсатымен қозғалыс белсенділері түрлі шаралар – митингілер, шерулер, республикалық және халықаралық шеңберде ғылыми мәслихаттар ұйымдастырды [5].

Алматы қаласында 1991 жылғы 21 желтоқсанда қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Декларацияда «БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Ресей КСРО-ның құқығын иеленуші болады» деген тармақ бар. Бұдан ядролық қаруды иеленуге қатысты да Ресейдің құқықтық мирасқорлықты қамтамасыз етуі туындайды, өйткені БҰҰ ҚК тұрақты мүшелері – бес мемлекет (АҚШ, Ресей, ҚХР, Ұлыбритания және Франция) 1968 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойғаннан кейін заң жүзінде құрылған «ядролық клубты» құрайды. 1992 жылы наурыз айында Мәскеуде бұрынғы кеңес мемлекеттерінің – Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь арасында сыртқы істер министрлері орынбасарларының деңгейінде келіссөздер болды. Бұл – КСРО ыдырағаннан кейін өткен жоғары деңгейдегі алғашқы дипломатиялық кездесу еді.

Сөйтіп, осы басқосудың нәтижесінде қабылданған Меморандумның негізгі тармағы бойынша «Ресей ТМД-дағы «бірден-бір ядролық мемлекет» болып табылады» деген мәмілеге келді қатысушы мемлекеттер. Кейіннен бұл ереже 1992 жылы мамыр айында қол қойылған Лиссабон хаттамасына негіз болды, ол Қазақстанның, Украина мен Беларусьтің ядролық қаруға ие болуға ықтимал талаптануынан бас тартуын заңдық тұрғыдан растады. Солай Қазақстан ядролық қарусыз мемлекетке айналды.

1990 жылы жазда азаматтық «Азат» қозғалысы, «Бірлік» қозғалысы және т.б. ұйымдар саяси сахнаға шықты. «Азат» азаматтық қозғалысы саны жағынан көп ұйым болды. 80-жылдардың аяғында қазақ тілінің жанашырлары әр жерде ұйымдасқан түрде әрекет ете бастады. Мұның арты республикалық Қазақ тілі қоғамын құруға алып келді [1, б. 313].

Сол жылдары қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып жүрген белгілі ақын Мұхтар Шахановтың қозғау салуымен Арал және Балқаш мәселелері бойынша комитет құрылды [6, б. 60].

КСРО-ның ыдырауы жағдайында республиканың қоғамдық саяси өмірінде де үлкен өзгерістер өрби түсті. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі «Қазақ КСР-нің Президенті лауазымын белгілеу туралы» Заңды қабылдаса, 1991 жылы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық Президент қызметімен бірге бірге вице-президент қызметіне сайлау өтті.

1991 жыл, 8 желтоқсан КСРО-ның таратылуы туралы шешім қабылдаған Беловьеже келісімі негізінде КСРО өмір сүруін тоқтатсымен Қазақстанның болашақ тізгінін өз қолына алған алғашқы қадамдары басталды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, біртұтас, бөлінбейтін, қол сұғылмайтын аумақтарға ие болатын, барлық мемлекеттермен өз қарым-қатынасын халықаралық құқық принциптері негізінде жүргізетін егемен мемлекет ретінде мемлекеттік тәуелсіздігін заң жүзінде бекітті. Республика халқының атынан сөйлеу құқығы тек Жоғарғы Кеңеске ғана емес, сол сияқты мемлекеттің басшысы – Қазақстан Республикаасының Президентіне де берілді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғары Кеңесі «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңды қабылдауымен халықаралық қоғамдастықта бұл акцияның әсері туралы мәселе пайда болды.

Ново-Огаревода 1991 жылы 23 сәуірде РКФСР, Украина, Қазақстан, Беларуссия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан басшылары кездесіп, нәтижесінде «9+1» деп аталатын жаңа Одақтық шарт дайындалды. Бұл одақ енді Кеңестік Егеменді Республикалар Одағы деп аталатын болды.

Бұдан кейінгі оқиғалардың бәрі осы одақтық шарттың жасалу және қабылдану мәселелеріне байланысты өрбіді. Әсіресе, Егеменді мемлекеттер одағы тұрақтылығының кепілдіктері туралы Россия Федерациясы мен Қазақстан басшылары бірлескен мәлімдеме жасайды. Тарихта тамыз бүлігі деп аталған бұл акцияны ұйымдастырушылар өздерін «Кеңес басшылығы» деп атап алдарына керегесі босап, шаңырағы шайқалған КСРО-ны қалпына келтіруді мақсат етіп қойғандарын мәлімдеді. 1991 жылы 19 тамызына қараған түні – КСРО президенті М.С. Горбачев Қырымдағы Фороста демалыста жүрген жерінде биліктен кетті [7, б. 260].

Сол жылғы 20 тамыз күні республика басшысы Н.Ә. Назарбаев жаңа мәлімдеме жасап, төтенше жағдай жариялау елдің негізгі заңына сәйкес емес, сондықтан да үш адамнан тұратын «басшылықтың» жарлықтары мен басқа құжаттарының заңды күші жоқ, сонымен қатар олар республикалардың мемлекеттік егемендік туралы декларацияларын аяққа басу болып табылады деп жариялады. Тек жоғары шенді әскерилер мен партиялық номенклатураның басындағы топтар ғана қолдаған, халық бұқарасы тарапынан қарсылыққа кезіккен ТЖМК 1991 жылғы 21 тамызда толық жеңіліс тапқан болатын. 1991 жылы 20 тамызда қол қойылуға келісілген жаңа одақтық шарттың енді қажеті болмай қалды.

1991 жылы тамыздың 23-інде Н. Назарбаев КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының құрамынан шығатыны жөнінде мәлімдеді. Кейіннен Қазақстан Компартиясының өзі де тұтастай КОКП-ның құрамынан шықты. 1991 жылы тамыздың 28-інде өткен Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумында сөз сөйлеген Н. Назарбаев: «КОКП өзінің орталық

басшылығы арқылы халықтық абройынан айырылды, - дей келіп, - біртұтас құрылым ретінде ол енді жоқ біздің Орталық Комитетте Қазақстан Компартиясы да бұрынғы күйінде қала алмайды»- деп көрсетті. Пленум Қазақстан Компартиясының төтенше съезін шақыруды ұйғарды. Төтенше съезд 1991 жылы қыркүйектің 7-сінде болды. Ұзаққа созылған айтыс-тартыстан соң съезд Қазақстан Компартиясын тарату, оның орнына жаңа партия құру туралы шешім қабылдады. Жаңа ұйым «Социалистік партия»депаталатын болды. Республиканың егемендігін жариялауға байланысты енді президентті бүкіл халық болып сайлау қажеттігі туды.

Осыған орай Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы қазанның 16-сында қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша президенттікке кандидаттарды тіркеу қарашаның 10-ына дейін, ал сайлау желтоқсанның 1-күні өтетін болып белгіленді». Нәтижеде республиканың президенттігіне жалғыз үміткер болып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ұсынған Н. Назарбаев тіркелді.

Республика тұрғындарының ішінде сайлау құқығы барлардың 88,23%-і дауыс беруге қатысып, олардың 98,78%-і Н. Назарбаевты жақтап дауыс берді. Желтоқсанның 10-ы күні Н.Ә. Назарбаев Республика сарайында салтанатты түрде ант беріп, Қазақстан Республикасының халық сайлаған Президенті ретінде ресми іске кірісті.

1991 жылы 10 желтоқсан күні республика атауын өзгерту туралы заң қабылданды. Бұдан былай Қазақ Кеңестік Социалистікреспубликасы Қазақстан Республикасы деп аталатын болды. Қазақ елі коммунистік тоталитарлық режим тұсында таңылған «кеңестік социалистік» айдарынан біржола құтылды. Бұл да тәуелсіздікке жетер жолдағы бір маңызды баспалдақ іспетті еді.

1991 жылдың желтоқсанына дейін бұрынғы КСРО-ның қарамағында болған республикалардың бәрі мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған болатын.

1991 жылдың аяғына қарай Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауға болатын қолайлы жағдай қалыптасты. Дүние жүзіндегі және бұрынғы КСРО-дағы саяси ахуал - 1991 жылғы тамыз бүлігі және оны ұйымдастырушылардың жеңілуі, КСРО-ның өмір сүруін тоқтатуы, ТМД-ның құрылуы, одақтас республикалардың жеке мемлекет болып бөлініп шығуы Қазақстанның да тәуелсіздігін жариялауын тездетті.Бұл жерде өзге республикалардың бәрінің дерлік, соның ішінде Ресейдің өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы шешуші рөл атқарды. Ақыры тамыз бүлігінен кейінгі төрт ай ішінде аса шиеленіскен саяси күрес үлкен тарихи маңызы бар ұлы оқиғамен аяқталды. 1991 жылы желтоқсанның 16-сында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы» қабылданды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызы өте зор.Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға болды. Ұлттық тіл, мәдениет, дәстүр, мораль қайта жанданып, сырттай кедергісіз, өзінің табиғи даму жолына қайта түсуіне жол ашылды. Ұлттық зиялы қауымының қалыптасуына және дамуына жағдай жасалды. Большевиктер билеген жылдарда еріксізден шет елдерге тентіреп кеткен Қазақстан азаматтарының тарихи отанына қайта оралуына жол ашылды. Қазақ ұлты қайта түледі. Әлем халықтарымен терезесі тең, іргелі ел болу құқығына қолы жетті [7, б. 261].

Қазақстанның тәуелсіздік алуының халықаралық маңызы да ерекше. Еуропаның шығысы мен Азияның батысында бейбіт сүйгіш және демократиялық жаңару жолын қалаған жаңа мемлекет пайда болды. Әлеуметтік қауымдастық жаңа демократияның күштерімен толықтырылды. Аумағында атом қаруы орналасқан мемлекет ретіндеҚазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы әр қадамына әлем саясатшылары көңіл бөліпотырды.

Қазақстанның атом қаруын таратпау ынтасы әлемде атом соғысын болдырмау үшін күреске қосылған маңызды үлес болды.

1991 жылдың желтоқсаны ірі саяси оқиғаларға толы болды. Олардың ең бастысы – КСРО-ның ыдырауы еді. Дүние жүзінің алтыдан бір бөлігін иемденіп, онда қоныс тепкен екі жүзге жуық ұлттар мен ұлыстарды 70 жыл бойы темірдей уысында ұстаған, жарты ғасыр бойы атом соғысы қаупімен дүниені тітіреткен алып империяның күйреуі көп күттірмеді. Желтоқсанның 8-де Минскіде бас қосқан үш славян мемлекеттерінің басшылары өзара келісіп, 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы шарттың өз күшін жойғанын жариялады. Көрсетілген ол құжатта: «Біз, Беларусь, Ресей, Украина 1922 жылғы Одақтық шартқа қол қоюшы яғни КСРО-ның құрылтайшылары болған мемлекеттер ретінде КСРО-ның халықаралық құқық субъектісі ретінде және геосаяси ақиқат тұрғысында өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдейміз» деп жазылды. Қол қоюшылар дайындаған бұл құжатта КСРО заңдарының күшін жойғандығы, одақтық орындардың жұмысын тоқтататындығы да атап көрсетілді.Сонымен қатар, аталған үш мемлекеттің басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Одағының (ТМД) құрылғандығы туралы мәлімдеді [8, б. 97-98].

1991 жылғы 13 желтоқсан күні Ашғабадта Орта Азия республикалары мен Қазақстанның жетекшілері бас қосты. Олар Белоруссияда үш славян республикалары басшыларының кездесуінен кейін пайда болған қолайсыздықтарды жеңе отырып, Минскіде қабылданған шешімдерді жақтайтындықтарын білдірді. Бұрын КСРО құрамында болған, кейін өздерінің тәуелсіздіктерін жариялаған республикалар – Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина басшылары 20 желтоқсан күні Алматыда бас қосты. 21 желтоқсан күні аталған тәуелсіз мемлекеттердің жетекшілері жергілікті уақыт бойынша 11 сағатта Қазақстан Президентінің резиденциясына жиналды. Сағат 15-те бұрын дайындалған құжаттарды талқылау аяқталып, 11 тәуелсіз мемлекеттің басшылары жергілікті уақыт бойынша 17 сағатта тәуелсіз мемлекеттердің жаңа ұйымын құрғандары туралы хаттамаға қол қойды.

Алматыдағы кездесудің нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) дүниеге келді. Бұрынғы Кеңес Одағын ойға түсірмеу үшін жаңа шартта «одақ» деген сөз «достастық» сөзімен алмастырылды.

Қорытындылай келгенде,жаңа мыңжылдықтың қарсаңында Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, егемен ел атанды. Тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған «мәңгілік ел» орнату туралы ұлы мұратын ақиқатқа айналдырып, төрт құбыласы тең, шекарасы айқындалған, қазығы берік толыққанды мемлекет қалыптастырды. Бұл-халықтың өршіл рухы мен өшпес жігерінің жеңісі еді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 327 б.
2. Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. – Алматы: Казахстан, 1996. – 624 с.
3. Жанақова Н. Қазақстандағы ұлттық тіл құрылысы: 070002: тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы: Рауан, 1997. – 151 б.
4. Шариязданов О.Қ. Социально-историческое аспекты идентификации культурных ценностей казахского народа в Республике Казахстан: теория, методология, историография: дис. ... канд. истор. наук: 07.00.09. – Алматы, 2010. – 164 с.
5. ҚР ПМ. Қ. 7. Т. 1. Іс. 55. П. 23.
6. Кенжеахметов С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі баспасы ЖШС, 2002. – 136 б.
7.Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 429 б.
8. Аяған Б., Ауанасова Ә., Сүлейменов А. Қазақстанның жаңа тарихы: кеңес жүйесінің дағдарысы және ыдырауы: 3 т. – Алматы, 2012. – Т. 1. – 320 б.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Алдабергенова Н.Г.
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Тарих мамандығы бойынша 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Көшенова Ғ.И.**, т.ғ.к., доцент

Алаш мұрасын зерттеу отандық тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі екені мойындалғаны ақиқат. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында осы тарихи проблемаға «Алаш мұрасы және қазіргі заман» деген арнайы бір тарауын арнап осы қозғалыстың мән-мағынасына тоқталды.

Ресейде патша билігінің құлауы нәтижесінде қазақтың ұлтжанды қайраткерлерінің ұйымдастырумен Қазақ жерінде Алаш автономиясы аталатын қазақтың ұлттық-территориялық мемлекеттілігі құрылып, 1917-1920 жылдары өмір сүргені және оны Кеңес үкіметі тарих сахнасынан күштеп кетіргені тарихтан белгілі [1].

Ресейдің Азиялық бөлігінде 1917 жылғы революциялар нәтижесінде 1917-1918 жылдары Кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталған бірнеше үкіметтер құрылып, алды бірнеше ай, ал кейбірі бірнеше жыл өмір сүргені белгілі.

Қазіргі ресейлік зерттеушілердің пікірінше большевиктерден азат етілген Ресейдің шығыс аймақтарында құрылған демократиялық «үкіметтер» ішінде екеуі жетекші рөл атқарды. Бірі - Самара қаласында құрылған Комуч (1918 ж. - қыркүйек-қараша), екіншісі - орталығы Омбыда орналасқан Сібір уақытша үкіметі (1918 ж. қыркүйек-қараша). Бұл екі үкіметтің де өздерін қорғайтын қарулы күштері (Халық армиясы, Сібір армиясы) болды.

Екі үкімет 1918 жылы қыркүйекте Уфа қаласында өткен біріккен кеңесте бірігу туралы шешім қабылдап, 5 адамнан тұратын Директория құрып, бұрынғы Уақытша үкімет тұсында министр болған эсерлер партиясының мүшесі Н.Д. Аксентьевті төраға етіп сайлайды.

Бірақ сол жылы 18 қарашада Омбыда казак әскерлері төңкеріс жасап Директорияны құлатып, билік тізгіні П.В. Вологодскийге көшеді. Бұл үкімет көп ұзатпай демократиялық жолмен барлық билікті адмирал А.В. Колчаққа тапсырады. Ал адмирал Колчак Сібірдегі билікті 1920 жылдың 4 қаңтарына дейін қолында ұстады [2].

Орталық Азияда орталығы Қоқан қаласында орналасқан Түркістан (Қоқан) автономиясы құрылып 1917 жылдың қарашасынан 1918 жылдың 11 ақпанына дейін, яғни 72 күн өмір сүрді.

Ресейдің ішкі аумағында 1917 жылы 29 қарашада Башқортстан автономиясы жарияланып 1919 жылдың 18 ақпанына дейін өмір сүрді. Бұл үкіметке 3. Уәлиди басшылық жасады.

Алашорда басшылығы әр кезеңде осы үкіметтермен байланыс орнатып, олардан қолдау табуға ұмтылады. Бұл үкіметтер Алаш автономиясын біртұтас ұлттық мемлекет ретінде мойындайды деп үміттенеді. Сондықтан Алашорда үкіметінің мүшелері осы үкіметтермен тікелей байланысқа шығуға тырысты. Қазақ қайраткерлері Алаш автономиясын сақтап қалу жолында көршілес әскери және саяси күштермен, мемлекеттік құрылымдармен дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізді [3].

Алаш басшылары жаңа құрылып жатқан қазақ мемлекетін қорғау үшін Ресей жеріндегі уақытша әскери үкіметтерден ұлттық әскер құру үшін қару-жарақ пен қазақ сарбаздарын әскери өнерге үйрететін мамандар алуды мақсат етті және бұл істе едәуір нәтижеге қол жеткізеді.

Алғашқы келіссөздерді Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер «Комучпен» (Комитет членов Учредительного собрания) жүргізеді және олардан едәуір көлемдегі қару-жарақтар алады. 1918 жылы 3 маусымда Самарада құрылған Комуч құрамына 10-ға жуық Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері кірді және бұл құрылым федерализм принципін ұстанды [4].

Комуч Алашорданы негізінде мойындады және 1918 жылы 25 қыркүйекте Алашорда туралы Декларация қабылдап, Қазақ үкіметімен байланыс жүргізетін арнайы уәкіл тағайындады.

Алашорда Башқұрт автономиясымен де одақтық қарым-қатынас жасауға әрекеттенді [5].

Алаш басшылығы сонымен қатар Орынборда атаман Дутовпен байланыс жасады, бірақ бұл әрекеті күткен нәтиже бермеді.

Омбыда орналасқан Уақытша Сібір үкіметі Ресей империясы құрамында болған отар халықтарға бүйрегі бұра қоймады. Ол үкіметтің құрамындағы М.Б. Шатилов басқарған «Бұратаналар ісі жөнінде министрлік» Алаш автономиясымен турлі мәселелер бойынша (земство, салық мәселесі, әскер жасақтау, сот билігі т.б.) бойынша жұмыстар жасады.

Алашорда басшысы Ә. Бөкейханов Сібір Үкіметіне «Алашорда мен Сібір үкіметі арасындағы уақытша қатынастар орнату туралы» төмендегідей ұсыныс жасайды:

1) Сібір үкіметі мен Алаш автономиясы бірін-бірі таниды..

3) Алаш территориясын мекендейтін барлық халықтар мойындайтын өкімет құрылғанша Алашорда қазақ-қырғыз халқының өкімет органы болып табылады.

4) Армия территориялық және ұлттық негізде құрылады ... ол соғыс кезінде Уақытша Сібір үкіметінің әскерилерімен ортақ командованиеге бағынады. Сібір үкіметі армияны қару-жарақпен, азық-түлікпен және әскери нұсқаушылармен қамтамасыз етуге міндетті. Алашорда Алаш территориясын большевиктік бандалардан тазартуды, Түркістан мен Жетісуға көмек көрсетуді өзінің бірінші міндеті деп санайды.

5) Банктер мен басқа да қаржы мекемелері әзірге Уақытша Сібір үкіметіне бағынады...

6) Таяу уақытта большевиктерден азат етілген автономиялық халықтар мен шет аймақтардың депутаттар конгресін федералдық өкімет құру мақсатымен шақыру қажет... Сібір, Алаш, Башқұрт және Түркістан федерациясын құру мүмкін.

Уақытша Сібір үкіметі Алашорданың ұсынысын төрт күн бойы талқылап төмендегідей шешімге келеді: Алашорда қазақ халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалсын, оған үй басы сайын салық жинауға рұқсат етілсін, Алашорда ұлттық сот құруға құқылы болсын, Ұлттық армия Сібірдің әскери мекемесі белгілеген тәртіп бойынша құрылады. Оның қолбасшысы мен әскери бөлімдердің командирлерін Алашорданың келісімімен Сібірдің әскери министрлігі тағайындайды [5, 196-197 б.]. Алаштанушы ғалым К. Нүрпейісов Сібір үкіметімен Алашорданың бұл келісімін Алаш автономиясын жартылай мойындау болды деп бағалайды [6, 181 б.].

Алашорданың әскери бөлімінің бастығы, капитан Х. Тоқтамышев Уақытша Сібір үкіметімен Алашорда әскерін құруға көмектесу жөнінде келіссөздер жүргізеді. Соның нәтижесінде Алаштың әскери құрамалары ақ гвардияшылармен күш біріктіріп Кеңес өкіметіне қарсы соғыс қимылдарын жүргізуге қатысады.

Бірақ Колчак пен Анненков әскерлері бейбіт қазақ ауылдарына зорлық-зомбылық жасағандықтан алаш қайраткерлері олардан бас тартып Кеңес өкіметімен жақындасуға бет бұрады.

Колчак Сібір үкіметінен билікті тартып алып Алашордаға бағынуды талап еткенде оның Батыс бөлімі бұйрыққа бағынбайтынын өз қарауындағы территорияда басқаруды бұрынғыша жүргізе беретінін мәлімдеді. Алашорданың Батыс бөлімінің орталығы

орналасқан Жымпитыға 80 әскерімен Колчактың өкілі генерал Лебедев келгенде Ж. Досмұхамедов билікті бермейді [3, 114-115 б.].

Алашорда мен Түркістан (Қоқан) автономиясы жетекшілері қазақ мемлекетін құруда бір бағыт ұстанады. Түркістандық үкімет басшылары М. Шоқай мен М. Тынышбаев Алаш съездеріне қатысса, Алашорда атынан М. Дулатов, Б. Құлманов және Т. Құнанбаев сияқты алаш өкілдері 1918 жылы 6-9 қаңтарда өткен Сырдария қазақтарының съезіне қатысады [5, 50 б.]. Алашорда мен Түркістан автономиясы жетекшілері Кеңес өкіметіне қары ортақ позицияда болып, соған сай әрекет жасады.

Дегенмен алғашқы кезде олардың арасында ұлттық мемлекет құру мәселесінде пікір алшақтығы да кездесті. Әлихан Бөкейханов Қазақстанның (Қазақ автономиясының) Түркістанмен (Қоқан автономиясымен) бірігуіне қарсы болды. М. Дулатовтың айтуынша Ә. Бөкейханов бұл мәселе туралы көзқарасын мына тұрғыда дәлелдеді: «Орта Азияның халықтары, солардың қатарында өзбектермен бірігуге болмайды. Оларда діни фанатизм мен кертартпалық ғұрыптар көп сақталынған. Орта Азия халықтары шариғат заңымен өмір сүреді. Олар мәдени тұрғыдан бізден бір саты төмен тұр. Сондықтан олармен бірігуден ешбір нәтиже шықпақ емес».

Түркістан (Қоқан) автономиясының құрамындағы өзбек өкілдері де Алашорда басшысы Ә. Бөкейханов туралы дұрыс көзқараста болмады. Қазақтардың Сырдария облыстық сьезіне қатысуға Қоқанға келген Алашорда өкілдеріне олар былай деген: «Сіздердің көсемдеріңіз кадет Ә. Бөкейханов барып тұрған орысшыл адам». Түркістан (Қоқан) автономиясының өкілдеріне Сырдария облысын Қазақ автономиясына қосу туралы пікір ұнамады. Ал Сырдария облысынан Екінші жалпықазақ сьезіне қатысқан М. Шоқай бүкіл қазақ жері Түркістан автономиясына біріктірілсін деген алғашқы өз ұсынысынан бас тартып, екі жақтың көзқарасын жақындастыруда жағымды рөл атқарды [7,126 б.].

Алаш автономиясының басшылары Кеңес билігімен де саяси ымыраға келу жолдарын қарастырады. Батыс Алашорданың 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен съезінде Кеңес өкіметімен келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге Жаһанша Досмұхамедов бастаған делегация жіберуге шешім қабылдайды. Оның бір себебі Кеңес өкіметің басшысы В.И. Лениннің Жаһанша Досмұхамедовпен оның орыс әйелі Ольганы (Янга) жақсы тануы да себеп болды [8, 73 б.].

Алаш үкіметінің тапсырмасы бойынша 1918 жылы наурыз айында Халел Досмұхамедов пен Жаһанша Досмұхамедов Мәскеуге барып Халық Комиссарлары Кеңесінін төрағасы В.И. Ленинмен, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинмен кездесіп Екінші жалпықазақ сьезінің қаулысын табыс етеді. Келіссөздердің барысында Алашорда жетекшілері Кеңес өкіметі басшыларының талап етуі бойынша Кеңес өкіметін «Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік үкіметі» деп тануға мәжбүр болады.

Зерттеушілер деректеріне қарағанда келіссөздер нәтижелі өткен. Алаштықтар Кеңес билігінен Алаш автономиясын мойындауды талап етті. Алаш үкіметі Кеңес өкіметі жанынан Қазақ комиссариатын құруды сұрады.

И.В. Сталин Семейдегі Алашорда басшысы Ә. Бөкейханов пен Х. Ғаббасовты телеграфқа шақырып: «... қазақ-қырғыз өкілдері жергілікті советтермен бірігіп, ұлт ниеттерін жарысқа шығаруға сиез шақыратын комиссия құру керек»-деп алашордашылардан осы мәселеге байланысты жауап қайтаруын өтінеді. Алаш делегациясы да ез тәуелсіздігін белгілі дәрежеде қамтамасыз етуге тиісті біраз талаптарды Кеңес өкіметіне қояды. Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар келіссөздердің аяқталғанын хабарлай келе Семейге жолдаған жеделхатында Кеңес өкіметі Қазақстанның әрбір облыстық кеңесінде тұтқындалған қазақ қайраткерлерін босату жөнінде нұсқау бергендігін, Алашорда ұсынған өзге шарттарға таяу

күндері жауап беретіндігін және РКФСР-дің Ұлт істері жөніндегі комиссариатының құрамында Қазақ бөлімін құруға қол жеткізгендіктерін хабарлайды [5, 137 б.].

Келіссөздер нәтижесінде Мәскеу алаштықтар сұраған 40 млн. рубльдің 12 миллионын береді. Бірақ орта жолда, Саратов қаласында Орал облыстық депутаттар Кеңесінің мүшесі большевик Д.И. Яковлев күтіп отырып, ақшаны тартып алады. Бұл оқиға алаштықтардың Кеңес билігіне деген наразылығы мен сенімсіздігін одан әрі өршітті.

Алаштанушы ғалымдардың пікірінше сол кезде Ресейдің Азиялық бөлігінде құрылған үкіметтер Алашорданы саяси күш ретінде танып өз жағына тартуға әрекет жасаған.

Кенес өкіметі Азамат соғысының алғашқы жылының қорытындыларын шығара келіп, кеңес өкіметін ұлт аймақтарында нығайтудың тиімді жолдарының бірі - ұлттық-мемлекеттік құрылысты тереңдету қажет деп санады. Бұл бағытта кеңестік негіздегі Татарстанның, Башқұртстанның және Қазақстанның автономиялық мемлекеттігін тез арада құру большевиктердің ұлт саясаты саласындағы маңызды міндеттерінің бірі деп анықталды. Бұл бағыт большевиктер партиясының VIII съезінде (наурыз 1919 жыл) бекітілді.

Кенес өкіметі ақгвардияшылар жағындағы уақытша үкіметтерден түңілген Алашорда үкіметімен байланысқа барып, өз жағына тартты. Ең алдымен мұндай байланысқа Алашорданың белгілі кайраткері А. Байтұрсынов басқарған тобы барды. 1919 жылы қазақ даласында большевиктердің нұсқауымен Қазақ АКСР-ін құруды ұйымдастыру мәселесімен айналысатын Қазақ революциялық комитеті (Қазревком) құрылады.

Ахмет Байтұрсыновтың ұсынысымен 1919 жылдың екінші жартысында Батыс Алашорда мен Қазревком арасында келіссөздер жүргізу мәселесі қаралды. Сол жылдың желтоқсан айында Қазревком өкілдері Жаһанша және Халел Досмұхамедовтармен келіссөздер жүргізуге келеді. Бірақ бұл келіссөздер барысында Алашорда үкіметі Қазревком тарапынан қойылған ұсыныстарға келіспегендіктен нақты жауап қайтармаған [5, 235 б.]. Дегенмен Азамат соғысы кезінде өздерінің басты саяси қарсыласы санағанымен Алашорда басшылығы Ресейдегі және Қазақстандағы саяси жағдайды ескере келе Кеңес өкіметімен ымыраға баруға мәжбүр болды.

Алаш автономиясы басшылары әрқашан екі лагерге бөлініп соғысып жатқан Ресейдің азамат соғысына қазақ азаматтарын қосып құрбан етуден барынша сақтанып, ұлт мүддесін қорғап әрекет жасады. Мәселен, 1918 жылы қарашада Қызыл Армиямен соғыстарда жеңіліске ұшыраған ақгвардияшыл күштердің қатарындағы Орал казактары Алашордадан әскерге қазақ жігіттерін беруді талап еткенде, Алаш жігіттері тек өз жерін қорғауға ғана ант бергендігін алға тартып Алаш басшылары одан бас тартады. Алашорда басшылары сыртқы күштермен қатынастарында қазақ өлкесін автономиялы басқаруға күш қолданбай, қантөгіссіз, конституциялық жолмен, саяси күрес әдісі арқылы жетуді мақсат етті.

Сонымен катар большевиктік күштермен, ақгвардияшылармен және Ресейдің Қазақ елімен шекаралас аймақтарындағы сол кездерде құрылып шамалы уақыт өмір сүрген үкіметтермен уақытша ымыраға келгенде ұлттың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылды.

Алаш көсемдері Ресейдегі алапат азамат соғысы жағдайында сан түрлі әдіс-тәсілдер қолданып кейінгі толқын қайраткерлерге мемлекет басқару ісінде, соның ішінде сыртқы қатынастар саласында ұлт кадрларына ұлт мүддесін қорғауды үлгі өнегесін, алғашқы тәжірибесін көрсетіп кетті.

Алашорда үкіметінің 1917-1919 жылдарда бұрынғы Ресей империясы аумағында өмір сүрген 5-6 үкіметтермен келіссөздер жүргізу өнері, осы іс-шараларды нақты іске асыруға бағытталған қаулы-қарарлар қабылдауы, Алашорда үкіметі мүшелерінің саяси сауатты және бұл үкіметтің сыртқы байланыстар қалыптастыруға қабілетті болғандығын айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:
1. Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 1-том. - Алматы. 1998. -720 бет.
2. Шишкин В.И. Из истории формирования Совета министров Временного Всероссийского правительства (октябрь 1918 г.) // Вестник НГУ. Серия: История, филология. Новосибирск, 2007. Т.6. Вып. 1 (история). С. 209-217.
3. Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі. -Алматы: «Арыс» баспасы. 2007. - 136 бет.
4. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. -Алматы: Издательский дом «Таймас». 2009. - 412с.
5.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. - мамыр 1920 ж. -Алматы: «Алаш» 2005. -Т. 2. -496 бет.
6. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек». 1995. - 256 бет.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. 4-том. 2007. -Алматы: Атамұра. 2010. - 688 бет.
8. Мажитов А.С. Жаханша Досмухамедов. -Алматы: Издательство «Арыс». -216 с.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-ФАРМАЦЕВТИКА ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Алшыкенова А.Т.
3 курс PhD докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **Г.Т. Мусабалина**

Қалалардың тарихи тағдырларындағы бұрылыстар кейде бізді таң қалдырады. Керуен саудасы дәуірінде ең үлкен, ең «даңқты» қала, бірінші дәрежелі әскери бекініс болған Испижабты жаулап алушылар қиратып, кейін шежірелерде Сайрам болып қайталанады.

Зұлым тағдырдың тауқыметін басынан өткерген Сайрам тағы да қуатты бекініс қабырғаларымен қоршалып, шұңқырға көмілді. Негізгі цитадельдің қорғанысын күшейту үшін оның айналасына далалық бекіністер орнатылады. Солардың бірі Шымкент деп аталды, яғни шым-шымнан салынған бекініс болды. Бекіністің нақты салынған күні белгісіз, бірақ Темірдің тарихшысы Шарафетдин Иезданың «Жеңіс кітабынан» біз мынаны білеміз: 1366 жылы Ташкенттен Сайрамға көшіп бара жатқанда әмір өзінің ілгері жылжыған колоннасымен Чимкент қаласының тұсында біріккен. Сайрамға жақындаған жерлерді жауып тұрған қалқан іспетті қаланың бізге жеткен алғашқы аты осы.

1864 жылы қыркүйекте бес мыңдық отрядты басқарған полковник М.Г.Черняевтың мақсаты қатты жабдықталған Чимкент бекінісін жаулап алу болды. Түркістан өлкесінің уездік қаласына айналған Чимкент өз жағдайына сай елтаңбасына ие болды: қалқанның көгілдір алқабында алтын бұтақты дермене өсімдігі бейнеленді. Бұл геральдика үшін жаңалық емес болғанымен, бірақ бұл бұтақтың жергілікті халық үшін маңызы жоғары және ащы шөп дермененің қала символына айналуы кездейсоқ емес [1, с. 116-118].

1867 жылдан бастап Шымкент әкімшілік орталығы Ташкент қаласында болатын Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария облысының уездік қаласына айналды. Осы кезеңнен бері Шымкентте айтарлықтай өзгерістер болды. Шымкенттің келбеті өзгерді. Жаңа қала өзінің дұрыс орналасуымен, еуропалық үлгідегі үйлерімен ерекшеленді, олардың ішінде уездік көпестер мен шенеуніктердің ғимараттары ерекше көзге түсті. Шымкенттің шаруашылық сипаттамасы Түркістан өлкесінің жөнсілтерінде (1901ж.) келтірілген: «Ол Ташкентті Сайрам бидайымен, таза сиыр сүтімен қамтиды. Одан Еділ тоқыма фабрикалары жүн, шетелдік былғары, шұжық және аспап жасаушылар ішек-қарын алады. Қала жылқы саудасымен әйгілі».

19 ғасырдың аяғында Шымкенттің сауда алаңдарында 19 өндірістік, 87 ер-тоқым, құрылыс, азық-түлік, 70 шағын дүкендер, 50 шайхана, 10 керуен сарай, 9 асхана және 27 ұн дүкені болды. Облыста тауар-ақша қатынастарының дамуымен ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін кәсіпорындар пайда болды. Ал 20 ғасырдың басына қарай Шымкентте 3 май зауыты, 5 тері өңдеу және 15 кірпіш зауыты, сондай-ақ 26 диірмен, 4 шағын мақта тазалау, 15 ұста және 15 сабын зауыты болған екен [2, с. 4].

Қазіргі таңда Шымкент қаласы еліміздің үшінші мегаполисіне айналып, өсіп, дамып жатыр, өнеркәсіп орындары көбейіп жатыр, бірақ тарихқа үңілсек қаладағы алғашқы кәсіпорындардың бірі – «Химфарм» АҚ екенін көреміз. Бұл тамаша зауыттың тарихы өзінің даралығымен таң қалдырады. Дәрілік антигельминтик ретінде қолданылатын жусан тұқымын барлығы дерлік біледі, бірақ оның қайдан шыққанын аз ғана адам білер. Осы уақытқа дейін жусан тұқымы алынатын өсімдік кездесетін аймақтар көп емес. Бұл өсімдіктің отаны Африканың, Үндістанның, Оңтүстік Американың кейбір аймақтары мен Сыр-Дария облысы Чимкент уездіндегі Арыс өзенінің жағасы болып табылады.

Чимкент уездінде өсетін бұл өсімдік жергілікті тұрғындар арасында дермене немесе жусан деген атпен белгілі, бұл өсімдіктің ғылыми атауы – композиттер тұқымдасына жататын artemisia maritima. Жусан тұқымының негізгі белсенді компоненті – сантонин. Жыл сайын мыңдаған фунт жусан тұқымын жинауды қырғыздар мен сарттар тамыз айында жүргізген, содан кейін олардан әртүрлі өнеркәсіпшілер сатып алып, Шымкентте сантонин зауыты ашылғанға дейін оны Еуропалық Ресей мен Сібірге жөнелтіп отырған. Жусан тұқымы тиелген түйелердің ұзын тізбегі жыл сайын Орынборға жетіп, әрі қарай осы өнімнің орталық базары болған Мәскеуге және Петропавлға жөнелтіліп, ол жерден Сібірге таралып отырған.

Жусан гүлдерінде шайырдан, майдан, қанттан басқа белсенді заттар бар: эфир майы (шамамен 2,5%) және 1830 жылы Ганбургте белгісіз химик ашқан сантонин ақ ұнтақ (2% дейін) болады. Тіпті ежелгі дәуірде халықтық медицина антигельминтикалық дәрі ретінде жусан гүлшоғырының кептірілген себеттерінен жасалған қоймалжың пастаны ұсынатын болған. Ақ ұнтақтың дәстүрлі емге қарағанда емдік әсері әлдеқайда жоғары болды. Фармацевт-аптекарь Феррейн бұл жерде қомақты пайданың иісі барын тез түсініп, белгісіз болып қалған ғалымнан өз жаңалығын сатып алып, көп ұзамай препараттың өндірісін бастады. Көп ұзамай дәрігерлер де, пациенттер де бұл ауыр аурумен күресуде өте сенімді қалқан екенін түсінді. Әлемде «сантонин безгегі» басталды, Англия мен Германияда сантонин зауыттары саңырауқұлақтай өсе бастады. Оларды шикізатпен қамтамасыз ету үшін Таяу Шығыста, Солтүстік Африкада, еуропалық Жерорта теңізінде және одан тыс жерлерде артемизияның табиғи қоспалары барынша қарқынды түрде игеріле бастады. Зауыттар шикізатты көп тұтынды. Бірақ дәрілік жусан, өкінішке орай, ешқашан дерлік өздігінен қалпына келмейді. Ағылшын және неміс фармакологтары мұны ескермеді, осыдан кейін дәрілік жусанның қалың гүлшоқтары толығымен жойыла бастады. Көп ұзамай ол Левант елдерінде де, Мағриб елдерінде де, Еуропаның оңтүстігінде де, Американың солтүстігінде де жойылды. Зауыттар тоқтап қалды. Міне, осы кезде тосыннан таң қалдыратын жаңалық естілді: жер бетінен жоғалып кетті деп есептелетін жусан Арыс пен Сырдарияның қосылуынан пайда болған үшбұрышты алқапта көптеп табылды. Бұл хабар Жерорта теңізінің жағасында және Ла-Манш жағалауында қандай «сантониндік дауыл» тудырғанын айтудың қажеті жоқ шығар...

Гамбургтегі сауда өкілдері ертерек қимылдап, Түркістан дерменесіне тез қол жеткізді. Қордағы дерменен өнімін пайдалану аса қатыгездікпен жүргізілді. Егер 1853 жылы неміс өнеркәсіпшілері алғаш рет дерменеге жол ашқан кезде 300 фунт кептірілген жусан тұқымы

экспортқа шығарылса, 15 жылдан кейін – 40 000 фунт, 12 жылдан кейін – 130 000 фунт болды. Түркістандық дерменені де дәл осындай аянышты тағдыр күтіп тұрды...

Дермене негізінен Арыс өзенінің жағасында, ақырында осы аттас совхоз құрылған жерлерде өсірілді - дейді өмір бойы химиялық фармацевтикалық зауытта еңбек етіп, тарихын жинақтаған химия ғылымдарының докторы, профессор Махмұд Ирисметов. – Дерменені негізінен қазақ әйелдері жинаған. Жусанның бастарын таяқпен ұрып, сындырып немесе орақпен сығып, содан кейін тұқымын білікпен бастырған. Сабақтары отын ретінде пайдаланылды, ал тұқымдарды сатушылар оңай сатып алды. Бір аршын мақта үшін он тиыннан бір фунт шикізат алды. Күндізгі уақытта жинаушылар екі-жеті пұтқа дейін жусан тұқымын дайындап үлгерді. Жергілікті халық өз еңбектері үшін тиын алса, дүниежүзілік нарықта бір пұт тұқым үш сом тұратын. Сонымен қатар, шикізаттың тек екі пайызы тікелей медициналық дәрі-дәрмектен тұрады, қалғаны босқа кетті.

Түркістан облысының мемлекеттік архивінде осы тақырыпқа қатысты қызықты құжат бар, ол - Орынбор бірінші гильдиясы көпес Н.П. Савинковтың Сырдария облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Н.И.Гродековке жазған хаты [3, с. 1-3]. Шамамен 1895 жылы жазылған бұл құжат, куәгердің жазбасы ретінде өте құнды. Дермене туралы сөз қозғаған автор сол кезде де «бұл өсімдік Түркістан өлкесінің айрықша байлығы болып табылады. Бұл жер шарының онсыз да ескірген флорасының өкілі... Қазіргі уақытта артемизия ботаникалық сирек кездесетін және біздің ұрпақтың көз алдында жойылып бара жатқан өсімдік болып табылады» деген. Бұл өсімдік қорлары алдыңғы жылдары көп мөлшерде «Орынбор арқылы Германияға экспортталатын» кезде шамадан тыс пайдаланылғанын айта отырып, Савинков: «Егер біз мұны жасамасақ, біздің замандастарымыз болашақ ұрпақ алдында үлкен жауапкершілікке ие болады. Бұл өте пайдалы өсімдікті сақтау үшін, кем дегенде, адам данышпандары сантонинді басқа затпен алмастырғанға дейін қамқорлық жасаңыз» деп орынды атап көрсетеді. Сонымен қатар, «Артемизияны сақтау, сантонинді одан әрі өндіру мәселесі бір минуттың немесе бір Түркістан өлкесінің мәселесі емес. Бұл халықаралық мәселе бір адамның, тіпті бір мемлекеттің мүдделерінен де маңыздырақ мүдделермен үндес. Бұл сәйкестік бүкіл әлемде белгілі ауруларды Түркістан дерменесінің құрамындағы өніммен емдеу қажеттілігі туындаған кезде жарамды болады» деп атап көрсетті.

Алайда, 1882 жылдың көктемінде Мәскеуде тұратын Пруссия азаматы, мамандығы бойынша химик және іс жүзінде сантонин өндірісімен етене таныс Вильгельм Пфафф кәсіпорын туралы ақпарат жинақтап, Н.И. Ивановқа Түркістан өлкесінде сантонин дайындауды бастау туралы ұсыныспен жүгінеді. Н.И. Ивановқа Пфаффтың дәлелдері үлкен әсер етіп, келесі жылы ол «Чимкенттегі Иванов және Савинков химия зауыты» атты серіктестік құрып, зауыт құрылысын бастайды. Зауытқа арналған машиналар Гамбург маңындағы Альтонадағы ағайынды Бургдорфтарға тапсырыс берілді, олар зауытқа барлық машиналарды жеткізуге міндеттеме алды, содан кейін зауытты іске қосты. Өнімдерді сатуды Гамбургтегі Биберс сауда үйі өз қолына алды. «1883 жылдың жазында облыстағы алғашқы ірі өнеркәсіптік кәсіпорынның құрылысын бастадық. Сонда да олар зауытты Арыс жағасында – дермене екпелерінің жанынан емес, қалада салуды ұйғарды. Ол Әулие-Ата – Ташкент тас жолының бойында тұрды себебі, осы арқылы құрылысшылар мен жұмысшыларды құрылысқа тарту мәселесі оңай шешілді. Аумағы 650 шаршы метрді құрайтын зауыттың бірінші корпусының құрылысында алпысқа жуық адам еңбек етті. Жергілікті жерден кірпіш құюға арналған балшық өндірілді, оны күйдіруге арналған бірнеше пештер де осында салынды.»

1884 жылдың көктемінде барлық машиналар мен аппараттар Чимкентке әкелінді. Мұндай ауыр жүкті тасымалдау екі кезеңде жүзеге асырылды. Құрал-жабдықтар Орынборға

Германиядан теміржол арқылы әкелінді. Бірақ Орынбордан Чимкентке дейін жеткізу өте қиын болды және ондаған мың рубль шығынды талап етті. Үлкен машина бөлшектерінің салмағына төтеп бере алатын алып дөңгелектері мен осьтері бар арнайы арбалар жасау қажет болды. Тасымалдау түйемен жүргізілді. Осындай қиындықтардан кейін зауыт 1885 жылы пайдалануға берілді. Кейіннен зауыт Савинковқа берілді және «Савинков және Никитиннің сантонин зауыты» атауымен жұмыс істеді.

Революциядан кейін 1918 жылы 19 сәуірде Чимкент уезінде орналасқан сантонин зауыты және онымен байланысты барлық өндірістер «Ресей Кеңестік Федеративтік Республикасының жұмысшы-шаруа үкіметінің ұлттық меншігі» болып жарияланды. 15 мамырда Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесі «Дермене алқаптарын мемлекет меншігіне алу туралы» декрет шығарды.

Көп ұзамай Чимкент сантонин зауыты В.И. Лениннің қызығушылығын оятты. 1921 жыл соғыс пен интервенциядан қираған Кеңес Республикасына тағы бір қорқынышты апат – құрғақшылық әкелді. Ресей губернияларындағы миллиондаған жұмысшылар мен шаруалардың отбасылары аштыққа ұшырады. Осынау қиын-қыстау кезеңде дүниежүзілік пролетариат жеңіске жеткен Қазан төңкерісі елімен өзінің таптық ынтымақтастығын тағы бір рет көрсетті. Сол кездегі «Правдада» В.И. Ленин айына екі рет Ресейдегі ашаршылыққа ұшыраған адамдарға көмектесу үшін шетелдік жұмысшылардың ақша жинауы туралы хабарламалар жариялады. Бірақ капиталистер өздерін мүлдем басқаша ұстады. Кеңес үкіметінің несие және азық-түлік туралы өтінішіне жауап ретінде Брюссель конференциясы қабылдауға болмайтын шарттарды алға тартты. Бірақ өндіргіш күштердің құлдырауы мемлекеттің сыртқы сауда балансының күрт төмендеуіне әкелді. Сыртқы сауданың одан әрі дамуы дүниежүзілік нарықта сұранысқа ие барлық тауарлық қорларды зерттеп, жұмылдыруды талап етті.

Экспортталатын тауарлардың ішінде - сантонин өндірісі ерекше орын алды. Шетелде оның бір келісі алтынмен 2000 рубльге бағаланды. Демек, жас мемлекетке қажет валютаның жиналуына Чимкент сантонин зауыты өлшеусіз үлес қоса алар еді.

Зауыттың басқарма мүшесі, химик Б.Т.Сеславин үкіметке Чимкент сантонин зауытының жұмысының жай-күйі туралы айтылған егжей-тегжейлі баяндамасында: «Бейнелеп айтсақ, зауыт халық шаруашылығы жүйесіндегі алтын жұмыртқа туатын тауық» - деп атап көрсетті.

В.И. Ленин өнімі маңызды экспорттық тауар және валюталық түсім құра алатын бірегей кәсіпорын – Чимкент сантонин зауытына үлкен қызығушылық танытты. Жұмысының тығыздығына қарамастан зауыттың жұмысын үнемі назарында ұстап отырды.

1921 жылы 15 қыркүйекте В.И.Ленин Сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары И.И. Радченкодан төмендегідей мәліметтерді тауып жіберуді талап етті:

1. Внешторгта, яғни сыртқы сауда айналымында қанша сантонин бар?
2. Қайда, қандай және кімге тиесілі қоймаларда сақталады?
3. Қанша, қандай бағамен және қайда сатылды?
4. Ол қандай ретпен және кім арқылы жүзеге асырылады?».

Келесі күні Владимир Ильич сыртқы сауда халық комиссариатынан сантониннің қоры мен өндірісі туралы мынадай анықтама алды:

«1. Мәскеудегі Бухарин кеденінде 600 пұт бар.

2. Түркістаннан осы күндері келіп, Бұхарин кеденіне (1921 жылы 1 қаңтарда бар қор) тапсырылуы тиіс – 125 пұт 15 қадақ. Мәскеуде барлығы 725 пуд 15 фунт бар.

3. Чимкент зауытында ағымдағы жылдың болжамды өнімі 152 пұт.

4. Ревел арқылы Лондонға барлығы 150 қорап, 7500 келі, шамамен 465 фунт жіберілді.

5. Бірінші партия Лондонда сатылды - 40 қорап. Килосы 73,5 стерлингтен сатылды.

6. Зауытта жусан тұқымының 1-1,5 жылдық қоры бар, өндірісі жалғасуда... Зауыттың 1921 жылғы сантонин өндірісі 245 фунтты құрайды».

Бұл куәліктің шеттерінде Владимир Ильич өз жазбаларын жасап, еліміздің экспорттық балансындағы Чимкент сантонинінің орнын анықтай отырып, арифметикалық есеп береді.

«600 + 125 фунт = 725 фунт.

7500:16=468 пұт.

468б. 5425 т. руб.

73,5 * 16 = 1176 фунт стерлинг пұт = шамамен 10 мың рубль алтынмен.

1176*725 = 852600 = шамамен 7 млн. рубль алтынмен.

1921 жылы 14 қыркүйекте Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының хатшысы Түркбюро РКП (б) Орталық Комитетінің төрағасына телеграф арқылы: «Ленин жолдастың нұсқауы бойынша мен сізден сұраймын сантонин өндіретін бір ғана зауыт, атап айтқанда Чимкент сантонин зауыты ғана ма немесе басқалары да бар ма, сондай-ақ осы зауыттардың жұмысы туралы мәліметтер керек. Хатшы Фотиева».

1921 жылы 5 қазанда Түркбюро РКП (б) ОК төрағасының орынбасары Ю.Х. Питерс зауыттың тарихы мен жұмысы туралы хабардар етеді. Зауыттың жағдайы туралы егжей-тегжейлі есеп В.И. Ленинге арнайы курьермен жіберіледі. 16 қазанда Еңбек және Қорғаныс Кеңесі қаулы қабылдап, соған сәйкес Чимкент сантонин зауыты жоғары ауылшаруашылық ғылымдарының тікелей басқаруына беріледі, ал сантонинді сату тек қана арнайы уәкілетті Сыртқы сауда халық комиссариатының құзырына беріледі.

Одан кейін де В.И. Ленин зауытқа көңіл бөліп, оның қызметіне қызығушылық танытуды тоқтатпайды. 26 қазанда Түркбюродан егжей-тегжейлі мәлімет алған Владимир Ильич өз хатшысына: «Менен сантонин туралы бірнеше қағаздар тауып, оларды Смоляниновқа немесе Горбуновқа асығыс оқуға беріңіз», - деп тапсырма береді. Сұрақ шұғыл болды және оны кейінге қалдыруға болмады. 1921 жылы 21 қарашада В.И. Ленин Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің «Чимкент сантонин зауытын басқаруды ұйымдастыру туралы» қаулысына қол қойды, онда зауыттың өндірістік қуатын барынша арттыру бойынша кең ауқымды мәселелерді шешу қарастырылды. 1922 жылы 16 қарашада «зауыт толық іске қосылған күні» жұмысшылар В.И. Ленинге оның бұйрығының орындалғаны туралы жеделхат жіберді. Түскен қаражатқа сол кездегі елге қажетті техникалар мен өнеркәсіптік құрал-жабдықтар алынды. Сантонин өндірісі Чимкент зауытының ғана атын шығарып қоймай, дүние жүзіне танымал болды. Өткен ғасырдың басында дәрі ретінде жасалған ол 148 жыл, яғни 1978 жылға дейін қолданыста болды. Басқа бірде-бір дәрі әлемдік медицинада мұндай ұзақ қолданыста болған емес [4, с. 208-222].

Кейіннен 1922 жылы апиыннан морфинді бөліп алу арқылы өңдеу бойынша алғашқы тәжірибелер жүргізіліп, 1923 жылы оның өнеркәсіптік өндірісі игерілді. 1924 жылы қалдықтардан кодеин өндіру, ал 1925 ж. - техникалық наркотин игерілді. 1925 жылы 5 маусымда «Сантонин» тресі тарқатылып, зауыт Бірінші мемлекеттік химия-фармацевтикалық зауыты болып аталды және оған Дзержинский есімі берілді. Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында зауыт тағы бір жаңалықты игеріп, шөгінділерден никотин алуды бастады. Бұл ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күресу үшін қолданылатын осы маңызды пестицидті шетелден әкелуден бас тартуға мүмкіндік берді. Өндірістің кеңеюінің келесі кезеңі кодеин, анабазин, дармин және шабдалы майларын өндіру болды. Дегенмен, сантонин кәсіпорынның негізгі табыс көзі болып қала берді.

Сыртқы сауда халық комиссариаты сантониннің әлемдік нарықта сатылуын ұлғайту үшін, тіпті жарнамалық шығындарға дейін көп жұмыс жасады. Зауыт сондай-ақ шағын жәшіктерге орауды ұйымдастыру арқылы сатуды жеңілдетуге тырысты. Бұл жұмыстар жақсы нәтиже берді және сантонинге сұраныс күрт өсті. Өнімді өткізуден түскен түсімдер

былайша бөлінді: алпыс пайызы барлық өндірістік, ұйымдастыру және сауда шығындарын, сондай-ақ комиссиялық алымдарды шегергеннен кейін Қазақ КСР кірісіне, ал қалған қырық пайызы КСРО қазынасына түсті. 1927 жылы Чимкент химия-фармацевтикалық комбинаты Қазақстандағы барлық кәсіпорындардың арасында ең жоғары пайдасы – 535 мың сом табыс әкелді.

Жиырмасыншы жылдардың соңында Қазақ Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен зауытты қайта құруға 1,6 миллион рубль бөлінді. Ол ірі күрделі құрылысты қамтыды: жаңа өндіріс ғимаратын салу, электр станциясының қуаттылығын кеңейту және үш есе ұлғайту, бу электр станциясын, механикалық шеберхананы, сумен жабдықтау және кәріз желісін, сонымен қатар қоймаларды салу. Қайта құру зауыттың республиканың дәрілік шөптерді өңдейтін негізгі кәсіпорны болып қана қоймай, сонымен қатар шетелге шығарылатын дәрілердің тізімін кеңейтуге мүмкіндік берді. [5, с. 3-4].

1928 жылы жаңа өндіріс ғимараты, механикалық шеберхана салынды, электр қондырғылары кеңейтілді, бірқатар әлеуметтік нысандар салынды. 1930 жылға қарай өнім ассортименті папаверин, тебаин, стриптицин, никотин және анабазин сульфаты сияқты 11 препаратпен толықтырылды.

Соғысқа дейінгі барлық бесжылдықтардың ішінде зауыт бірнеше рет қайта құрылды. 1940 жылға қарай жалпы өнім көлемі 29 есе, дәрілік заттардың ассортименті 10-ға дейін өсті. 1940 жылы эфедрин гидрохлоридінің өндірісі игерілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 335 зауыт жұмысшысы майданда шайқасты. Осы қиын жылдарда зауыт дәрі-дәрмек өндірісін 24 атауға дейін ұлғайтты. Чимкентке эвакуацияланған Мәскеу алкалоидтар зауытының базасында майданға қажетті ауруды басатын дәрілер: морфин гидрохлориді, омнопон, кодеин, фосфат және басқа препараттар өндірісі жолға қойылды. Зауыт жұмысшылары эвакуацияланған Киев таңу материалдары зауытының құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, 26 миллион дана таңғыш пен сөмке жасап, майданға жөнелтті.»

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңес халқы химия өнеркәсібін қалпына келтіріп, дамыта бастады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен мамандандырылған медициналық өнеркәсіп министрлігі құрылды. IV бесжылдықта дәрі-дәрмекке деген қажеттіліктен өндірістің артта қалуын қысқа мерзімде жою туралы Кеңес үкіметінің Коммунистік партиясының директиваларын басшылыққа ала отырып, зауыт бірқатар дәрі-дәрмек өндірісін айтарлықтай кеңейтті. 1946 ж. зауыт жоспары 1945 жылмен салыстырғанда, сантонинді босату - 3 рет; эфедрин - 2,5 есе; никотин қышқылы - 1,5 есе ұлғайту көзделді.

1950 жылы айтарлықтай күрделі шығындарсыз эфедрин, сальсолин және гиосцимин өндірісі екі есе өсті. 1952-1954 жылдары зауыт ұжымы кеңестік денсаулық сақтау үшін маңызы зор балаларға арналған туберкулезге қарсы салузид препаратын шығарудың бастапқы материалы – наркотин өндірісін екі есеге арттыру мәселесін сәтті шешті. Бұл жұмыс 30 жыл бойы зауытпен тығыз байланыста болған ВНИХФИ ғылыми қызметкері, инженер-химик М.Д.Рязанцевтің жетекшілігімен жүргізілді.

Зауытты одан әрі дамыту КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1960 жылғы 14 қаңтардағы «Қазақстан халқына медициналық көмек көрсетуді және денсаулығын қорғауды одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысы негізінде жүзеге асырылды. Онда басқа да шаралармен қатар өндіріс көлемін 1,7 есе ұлғайту және номенклатураны 32 позицияға жеткізу мақсатында зауытты кеңейту мен қайта құру қарастырды. Қайта құру кезінде 3 өндірістік ғимарат салынды. Елімізде алғаш рет 1962 жылы қуаттылығы жылына 11,2 тонна болатын №1 ғимаратта майлы дақылдардың көкнәр дәнінен морфин өндіру игерілді. Сол ғимаратта синтетикалық кодеин, дионин және басқа да

морфин туындыларын өндіру ұйымдастырылды. Кейіннен осы өндірістік ғимаратта тағы 5 дәрі, оның ішінде 4 синтетикалық дәрі шығару игерілді. 1967 жылы 11 шағын өндіріс орындарын, тәжірибелік зауытты және орталық және аналитикалық зертханаларды орналастыруға арналған үшінші өндірістік корпус пайдалануға берілді. Өндірістік және өнеркәсіптік құрылыспен қатар мәдени-тұрмыстық нысандардың құрылысы жүргізілді: әрқайсысы 280 орындық 2 балалар орталығы, «Дзержинец» пионер лагері, 1973 жылы зауыттық амбулатория құрылысы аяқталды.

Зауыт ұжымы Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан зауыт жұмысшыларын қасиетті түрде еске алады. 1967 жылы зауыттың кіреберісі алдында қаза тапқан жауынгерлерге арналған мемориалдық ескерткіш ашылды.

1980 жылы кодеинге деген қажеттіліктің төмендеуіне, өндірістің болмауына байланысты цехта мия тамырының сығындысынан глицирам, 1988 жылы промедол өндірісі ұйымдастырылды. 1965 жылы пайдалануға берілген екінші өндірістік корпуста саласодин өндіруге арналған, республикада алғаш рет кортикостероидты гормоналды препараттарды шығаруға арналған отандық база құрылды.

1986 - 1990 жылдары өнімнің 14 жаңа түрін шығару игерілді. Трибузопин, белладонна және термопсис сығындылары, танацехол, промедол, аллапинин, фитострин, антраценнин және т.б жаңа аппараттық схемалар іске қосылды. Гипсофилин, фитостерол, сенна сығындысы, танацехол, целанид, соласодин, эфедрин, глицин, т.б. кеңейтілді.

1991 - 1994 жылдары өнімнің 10 жаңа түрін шығару игерілді: зефир шөптерінен мукалтин, валериана тұнбалары, аралия, жолжелкен, аналық, қырмызы, мия тамыры сиропы. Шикізат пен энергетикалық ресурстардың қолжетімділігін ескере отырып, зауыт 60-қа жуық өнім түрін шығара алды, оның 20-сы әлемде теңдесі жоқ, ал 29-ы халықаралық және британдық фармакопеялардың, сондай-ақ, АҚШ, Жапония және Германия фармакопеяларының сапа талаптарына жауап берді.

Зауыт өнімдерінің 60 атауының ішінде:

37 - өсімдік тектес дәрілік заттар,

5 - синтетикалық есірткі заттары,

8 - дәрілік шөптердің сығындылары мен тұнбалары,

10 - басқа өнімдер. [6, с. 1-10].

Осылайша, зауыт ұзақ уақыт бойы тек фармацевтикалық заттарды өндіруге мамандандырылды. Болашақ дәрі-дәрмектің шикізаты дайын дәрілік заттар шығарылатын Ресей, Беларусь, Украина, Балтық жағалауы республикалары мен алыс шетелдердегі кәсіпорындарға жеткізілді. Сондықтан, Ф.Е. Дзержинский атымен аталған №1 зауыттың өзі ғасырдан астам тарихына қарамастан, қарапайым тұтынушыларға іс жүзінде белгісіз болып қала берді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өзімізде фармацевтика саласын дамыту қажеттілігі туындады. Бұл әсіресе дайын дәрілік формаларды өндіруге қатысты болды. Сондықтан компания басшылығы «Химфарм» АҚ базасында (зауыт 1993 жылы атауы өзгертілген) дайын дәрі-дәрмектерді шығаратын заманауи ірі өндіріс орнын құру бағдарламасын әзірлеп, сенімді түрде жүзеге асырды. Шетелдік серіктестермен, ирландиялық Donnadale Limited компаниясымен ынтымақтастық, ең заманауи жабдықтарды тез игеруге мүмкіндік берді. Зауыттың толық қайта құру бағдарламасы әзірленді. Басқаруға ғылыми көзқарас, кәсіпқойлық пен жоғары технологияға баса мән беру – мұның бәрі зауытқа субстанцияларды өндіруші «SANTO» атты жаңа брендпен халықаралық стандарттарға сәйкес келетін дайын дәрілік заттарды шығаратын заманауи фармацевтикалық кәсіпорын құруға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта зауыт заманауи препараттармен шығарылатын дәрілік заттардың тізімін дамытуды және кеңейтуді жалғастыруда. Зауыт 20 га аумақта орналасқан, негізгі

және қосалқы өндірістердің жұмыс істеуі үшін барлық қажетті аумақтар, сонымен қатар одан әрі дамыту үшін резервтік аумақтар бар. Барлық қажетті көлік-энергетикалық коммуникациялар, жеке қазандық және құдық бар.

Зауытта белгілі бір дәрілік формаларды шығаруға маманданған 4 негізгі цех бар:

1. таблеткалар, капсулалар, түйіршіктер - 29%;
2. ампулалардағы инъекциялық ерітінділер;
3. бальзамдар, тұнбалар, сироптар, сулы, майлы және спирттік ерітінділер;
4. инъекцияға арналған антибиотиктерді флакондарда стерильді түрде беру;
5. өсімдік шикізатынан алынған және химиялық синтезге негізделген фармацевтикалық заттар.

Сонымен қатар, зауыт жақпа, линимент, гель түріндегі жұмсақ дәрілік формаларды шығаратын жаңа желілерді іске қосуда. Жаңа цехтарда жетекші еуропалық компаниялардың ең заманауи, жоғары технологиялық жабдықтары қойылған.

2004 жылы «Химфарм» АҚ ұлттық фармацевтика өнеркәсібінің тарихында бірінші болып ISO 9001 сериясының халықаралық және қазақстандық стандарттарына сәйкестігіне екі тәуелсіз сертификаттаудан өтті. Бұл стандарттар өндірістің барлық кезеңдерінде және персоналды оқытуда сапаны бақылауды реттейді, сонымен қатар шикізатты жеткізушілер мен түпкілікті өнімнің дистрибьюторларын таңдау кезеңдерінде. 2003-2005 жылдары «Химфарм» АҚ сынақ зертханасы заманауи еуропалық және американдық жабдықтармен жаңартылған.

Қазіргі таңда компанияда 1000-нан астам адам жұмыс істейді. «Химфарм» АҚ брендтердің үлесін үнемі ұлғайтуға ниетті, оны бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді жарнамалық қолдауы бар сауда өкілдерінің өсіп келе жатқан және жоғары кәсіби командасы белсенді түрде алға жылжытады.

Халықты тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілдік бағдарламалары шеңберінде дәрілік көмек көрсету үшін негізгі болып табылатын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі айқындаған өмірлік маңызды дәрілік заттардың тізбесіне 120-дан астам атауы енгізілген. Компания өз қызметінде фармацевтика саласының ең озық жетістіктеріне және бақылаушы органдардың ең қатаң талаптарына сәйкес келетін сапаға кепілдік беретін өндіріс шарттарын ұстанады. Зауытта болған әрбір адам ұжымның ұйымшылдығына, зауытта орнаған достық пен жылы атмосфераға таң қалары сөзсіз... «Химфарм» АҚ заман көшіне ілесе отырып, болашаққа жарқын сеніммен қарайды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Подушкин Н.П. «Шымкент қаласы қашан дүниеге келді?»// Шымкент. Тарихи-ақпараттық жөнсілтер. Шымкент, 1998. 116-118 б.
2. Историко-археологическая справка о городе Шымкенте и городище Шымкент. // «Панорама Шымкента» газеті, 12.07.2002. 4 б.
3. ТОМА, №1129, қор, 3 тіз., 110 іс, 1-3 б.
4. Насыров Р.Р. «Оңтүстік Қазақстан»// Алматы: Қайнар 1988. - б. 208-222.
5. Любовь Доброта, «Сладкий сок внутри отравы» мақаласы, // "Казахстанская Правда" газеті, 10.10.2006ж.
6. ТОМА, №192 қор, КСРО Медициналық өнеркәсіп министрлігі Дәрі-дәрмек, биопрепараттар және медициналық бұйымдар өндіру жөніндегі қазақ мемлекеттік "Қазфармбиоөнеркәсіп" концернінің Дзержинский атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Шымкент химия-фармацевтикалық зауытының тарихи анықтамасы.

Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Берікқызы Ә.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ университетінің 2 курс магистранты
Ерменбаева Г.К.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақстан тарихы кафедрысының доценті

1956 жылы КОКП ОК XX құрылтайында Л.И. Брежнев Президиумның (Саяси бюроның) мүшесіне кандидат және КОКП ОК хатшысы болып сайланды. Д.А. Қонаевты алғаш рет КОКП ОК мүшесі етіп бекітті Республика алдында қуатты индустриялы база мен энергетика, ірі ауылшаруашылық өндіріс, мәдениет пен ғылым деңгейін көтеру, жаңа қалалар салу, оларды абаттандыруды қолға алу сияқты үлкен міндеттер тұрды. Бұл жылдарда елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттігі пісіп-жетіліп келе жатты. Экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмді, валюнтаризмді және өктемдікке әуестікті жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. Д.А. Қонаевтың қызметі КОКП ОК - Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев, ал, Қазақстан Компартиясының ОК - Скворцов, Шаяхметов, Пономаренко, Брежнев, Яковлев, Беляев басқарған кезеңде жүріп жатты. Аталған басшылардың әрқайсысы Дінмұхамет Ахметұлының өмірінде белгілі із қалдырды. Олардың қызметінде оңтайлы да, қолайсыз да сәттер болатын.

Д.А. Қонаев 1964 жылы екінші рет Қазақстан ОК бірінші хатшысы болып келді. Сөз жоқ, оның алдында күрделі міндеттер тұрды. 1964-тен 1986 жылға дейін Қазақстан Компартиясының бес құрылтайы өтіпті. Оның әрқайсысында кезекті бесжылдықта халық шаруашылығын дамытудың негізгі қорытындылары шығарылды. Республика табыстары аталып өтіп, сонымен бірге экономиканы дамытудағы кеткен кемшіліктер мен әттеген-айлар тасада қалған жоқ. Алайда, тап осы кезеңде өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста, транспорт пен байланыста, ғылым мен мәдениетте, халыққа білім беруде, денсаулық саласында, саудада, тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсетуде біраз табыстарға қол жеткізілді. Бұның бәрінің аясында республикадағы экономиканы басқарудағы Қонаев тәсілдерін қарастыру қызықты көрінеді. Төменде біз сол туралы сөз қозғаймыз.

Д.А. Қонаев Қазақстан сияқты сондай көпсалалы және көпұлтты республикада басшылықта болып, ең алдымен кесіп-пішілген саясат негізінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісінде, әрбір облыс, қала, аудан, мекеме, кеңшар, ұжымшарлардың мәдениетінде басты бағыттарды дұрыс айқындау үшін оған ғылыми тұрғыдан келді. Бұған терең зерттеу барысы мен өнеркәсіпті дамыту барысын жан-жақты дәл талдау, қоғамдық-саяси және мәдени өмірдегі оқиғалар мен мағлұматтарды жинақтап қорыту арқылы қол жеткізілді.

Д.А. Қонаев республиканың жаңа басшысы ретінде одақ үкіметіне мәселе қойып, қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті қаражат-қаржы бөлгізді. Сондықтан ол сол жылдары Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау, Қостанай-Лисаковск, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және басқа өнеркәсіп аймақтарын дамытуға оның өтінішімен бағытталған мол қаражатты игеруде тыңбай еңбек етті. Қазақстан ауыр, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жаңа өнімдерін шығара бастады. Кен, көмір, мұнай, фосфорит өндіру өсті. Түрлі-түсті металдар, шойын, болат, прокат, минералды тыңайтқыштарды өндіру ұлғайды. Республиканың экономикалық картасында ондаған жаңа қалалар, жаңа құрылған кеңшарлар, мыңдаған шақырым теміржол тартылып, электртасымалдау желілері пайда болып, элеваторлар, зауыттар мен фабрикалар салынды [1,б. 149]. Сонымен бірге өндіріс орындарымен, мәселен, Шымкенттің қорғасын зауыты, пресс-автоматтар зауыты, химфарм зауыты, цемент, текстиль комбинаты, шұлық фабрикасымен жете танысу өндірістегі қатаң кемшіліктерді көрсетіп, бірқатар мәселелерді жергілікті жерде шешуге тура келді. Бұндай

жағдайлар басқа облыстарда да орын алды. Қалалар мен елді мекендерді абаттандырумен тікелей шұғылдану керек еді.

Жеті жылда (1959-1965жж.) Қазақстан экономикасының мүмкіндігі екі есе артты. Тым қысқа мерзімде жаңа экономикалық аудандар құрылды. Қостанай даласында ғажап шикізат қоры Соколов-Сарыбай таукен байыту комбинаты өсіп шықты.

Шымкент фосфор тұздары зауыты, Гурьевтің талшықты спирт зауыты, Қарағанды металлургиялық зауытында қуатты слябинг сияқты ірі нысандар пайдалануға берілді. Шығыс Қазақстанда жаңа мырыш зауыты өнім бере бастады. Бірінен кейін бірі нысандар іске қосылып жатты [2, б. 7].

Алайда жаңа жағдайда одан әрі өнеркәсіп өндіріс орындарының мүмкіндігін арттыра түсу қажет еді. Бірақ, ол үшін маңызды мәселелерді шешу керек болатын, ал, атап айтқанда: жоспарлауды жетілдіре түсіп, елімізде өндіргіш күштерді одан әрі дамыту мақсатында өндіріс ошақтарын экономикалық көтермелеуді күшейту қажеттігі туды.

Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясының күш-жігері мен бүкіл еңбекшілердің күресін сол кемшіліктерді жоюға бағыттады. Орталықтан мол қаржы бөлдіріп, Республика өнеркәсібін арман қарай дамутыдың жаңа қуатты міндеттерін айқындады. 1965-1970 жж. алдыңғы қатарға түрлі-түсті және қара металлургия, көмір, химия, мұнай, сонымен қатар жеңіл және тамақ өнеркәсібі шықты.

Мұнай және газ өнеркәсібінде 1975 жылы мұнай өндірудің көлемі 30 миллион тоннаға дейін жеткізілді. Маңғыстауда газөңдеу зауыты салынып, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда мұнайөңдеу зауыттарының алғашқы кезегі беріліп, Омбы-Павлодар-Шымкент мұнай құбыры құрылысы аяқталсын.

Машина жасау өнеркәсібінде Павлодар трактор, Талдықорғанда аккумулятор зауыттары мен Целиноградта «Қазақауылмаш» зауытының құрылысы аяқталып, ауылшаруашылық мәшинелерін шығару 2,5 есеге өседі. Топырақ тозуға қарсы техника малшаруашылығында және азық дайындайтын мәшинелерді шығаруға баса назар аударылсын» - деді [3, бб. 82-83].

Бұл жылдары Д.А. Қонаев республика экономикасының өсуін қадағалауын әлсіреткен жоқ және соның арқасында халық тұтынатын тауарлардың түрлері кеңейіп, көбейді. Еңбекшілердің сұранысын тікелей қанағаттандыратын жеңіл, тамақ және ет-сүт өнеркәсібі тез өркен жайды. Бұл ірі, әрі осы заманғы салалардың үлесі республиканың жалпы өнеркәсіптік өндірісінің 40% құрады.

Атап айтқанда, 1960-1970 жылдары Қазақстан КСРОдағы осы заманғы еңбек құралдарымен жабдықталған жоғары дамыған индустриалды-аграрлы шаруашылығы бар ірі экономикалық аймаққа айналды. Халық шаруашылығы динамикасының жинақтау, топтау көрсеткіші тұтас еліміз бойынша ұлттық табыс 1960 жылға қарағанда 1970 жылы 199 % ден 214% өсті. Бұл жылдары республика өнеркәсібіндегі негізгі өндірістік қор 364% өссе, ауыл шаруашылығында (мал басын қосқанда) 210%, транспорт пен байланыста – сәйкес келгенде 247% және 319% [4, б. 82].

Партия және Кеңес органдарының ұйымдастырушылық құрылымын ҚКП XIV съезіна баяндамасында Д.А.Қонаев Республика еңбекшілері алдына жаңа міндеттер қойды: 1976-1980 жж. өнеркәсіп өндірісінің көлемін ең кемі 40-44% көбейтіп, қара және түрлі-түсті металлургияны, мәшине жасауды, көмір, мұнай, химия, тамақ және жеңіл өнеркәсіпті одан әрі өркендеуді қаматамасыз ету.

Съезд қарарларында атап өтіледі:

Түрлі-түсті металлургияда шикізат базасын шапшаң дамыту міндетін шешу. Жезқазған мен Қарағайлы комбинаттарының Шығыс Қазақстан комбинатындағы кеніш пен

фабриканың, Жәйрем кенішінің құрылысын аяқтап, Аннен кенішінің құрылысын жалғастыра беру.

Электркуатын өндіруді 70,4 миллиард киловатт-сағатқа жеткізіп, Екібастұз ГРЭСінің алғашқы энергоблогын іске қосып, Екібастұз ГРЭСінің екіншісін бастап, ал, сонымен қатар Шульба СЭС-і құрылысын жүргізу. Алматы ТЭЦ-2 мен Қарағанды ТЭЦ-3, Целиноград ТЭЦ-2 және Павлодар ТЭЦ-3 қуатын іске қосу.

Химия өнеркәсібінде Жаңа Жамбыл мен Қаратау фосфор тұздарының алғашқы кезегін, Маңғыстау пластамасс зауыты, Гурьев химзауытының өндірістік қуатын, Қаратау мен Шилісай тау-кен-химиялық комбинаттары, Қостанай химиялық талшықтар зауыты іске қосылсын. 1980 жылы минералды тыңайтқыштар өндірісі 3,8 миллион тоннаға арттырылсын.

Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, Гурьев мұнай өңдеудегі жаңа қуаттары мен Қарағанды резинотехникалық заттар зауыты айдалануға берілсін [5, бб. 221-223].

1976 жылғы кейбір мағлұматтар мынадай: Шойын қорыту республикада жылына 4 миллион тоннаға жетті. Көмір өндіру 1970 жылмен салыстырғанда біржарым есеге артып, жылына 92 миллион тоннадан асты. Мұнай өндіру сегізінші бесжылдықтың аяғына қарай қарағанда екі есеге дерлік артып, шамамен жыл сайын 24 миллион тоннаны құрады. Республикада «үлкен химия» жасалды – 1970 жылға қарағанда екі есе көп, демек, жылына 6 миллион тонна минералды тыңайтқыштар өндіріле бастады [6, б. 25].

Өстіп, Қазақстан өнеркәсібі, зерттеліп отырған уақытта, орасан қаражат жұмсалып, орталықтың көрсеткен материалдық-техникалық көмегі һәм Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ұйымдастырушылық таланты арқасында, қызу қарқынмен дамыды. Өзінің экономикалық әлеуеті, экономиканың негізгі салаларының даму деңгейі, оның бүкілодақтық еңбек бөлінісінің мағынасы жағынан Қазақстан Одақта РСФСР мен Украинадан кейін үшінші орынға мықтап табан тіреді.

Д.А.Қонаевтың сөзі бойынша, «алып зауыттар, комбинаттар, керемет құрал-жабдықтары бар фабрикалар, кеніштер мен көмір қималары, қуатты электростанциялар мен мұнай құбырлары, әлемдегі ең ұзын су тартқыштар, каналдар, осы заманғы көлік трассалары мен теміржолдар, бірінші классты ұшақтары мен аэропорттары бар авиациялық бағыттардың сан тарау тараптары, жүздеген жаңа, жылдан жылға абаттандырылып келе жатқан қалалар мен жұмысшы кенттері – бұның бәрі және көптеген басқа жәйттер жаңа өмрге Ленин партиясы, бауырлас кеңес халықтары одағы, кеңес адамдарының қажырлы еңбегінен қайта туған Қазақстан келбетін айқындайды [7, б. 230].

Д.А.Қонаев мұнай мен газ өндіруге және мұнай мен газ өнеркәсібінің өркендеуіне көп көңіл бөлетін. Бұл тұста кен барлаушыларын атап өткен жөн, олар бірқатар мұнай мен газ орнын тауып, соның арқасында оны игерудің ірі аймақтары анықталды және ең алдымен бұл Батыс Қазақстандағы Маңғыстау түбегі. Өзен – Гурьев – Құйбышев. Транқұрлықтық мұнай құбыры тартылып, Қарсақ, Таңатар, Прорва кен орындары ашылып, пайдалануға берілді. Маңғыстау түбегіндегі жаңа мұнай кеніштерін игеру еліміздің мұнай балансындағы Қазақстанның еншісін недәуір арттырды. Республикада тек жалғыз ғана 1972 жылы 1960-1966 жылдарға өндірілген мұнайға пара-пар өнім шығарылды. Д.А. Қонаев жуық арада Маңғыстау он миллиондаған тонна мұнай өндіретін болашағы зор ауданға айналатынына сенді. Ал газдың орасан байлығы бұл ауданды газ өндіретін өнеркәсіптің қуатты шикізат базасына айналдырып, Орта Азия – Орталық газ құбырын қоректендіріп отыратын сенімді қайнар көзі деп қарауға болатын еді.

Құрылысқа ерекше назар аударылды, республикада ол 60 – 80 жж. үдемелі түрде жүргізілді. Республиканың кәсіптік - техникалық училищелері жыл сайын 25 мың құрылысшылар мен монтажшылар, ал ЖОО мен техникумдар - құрылысқа шамамен 11 мың

инженер мен техниктер әзірлесе, 250 мың жұмысшы өз мамандағын тікелей құрылыста жүріп оқып жетілдірді. Қазақстанда өз еңбегімен республиканың келбетін өзгерткен құрылыстың тамаша мамандары - өз ісінің шеберлері, өндіріс жаңашылдары өсіп шықты [8, б. 78].

Әсіресе, Алматы кісі танымастай абаттанды. Бұрын бұл 48 мың адамы бар шағын қала еді. 30 жылда (1955 - 1985 жж.) Алматыда ірі ғимараттар, гүлденген даңғылдар, көшелер, алаңдар, гүлзарлар пайда болды; көрікті үйлер, әсем әкімшілік ғимараттары салынып, ең үлкен және әйбат алаңдарда көрнекті төңкерісшілер, аса белгілі оқымыстылар, мәдениет өкілдеріне ескерткіштер қойылды. Өнеркәсіп, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық нысандар, әкімшілік ғимараттары мен тұрғын үйлер құрылысы кең қанат жайды. Абаттандыруда, көгалдандыруда, тұрғын үйлер салуда, коммуналдық шаруашылықта Д.А. Қонаевтың атқарған қызметі зор. Ол әрбір ірі нысандардың жоспарын көріп, бекітті.

«Димаш Ахметұлы жасампаздықты сұлу, шапшаң және сапалы салуды жақсы көретін, - деп еске алады бұрынғы ҚПК ОК істерінің меңгерушісі А.Г. Статенин. Қазақстан халқы мен республика үшін оның еншісінде жүздеген, мыңдаған изгілікті істер тұр. Өз қатысуымен ол зорламай, ал кез келген кісіні изгілікті іске - халық үшін жасампаздыққа жұмылдыра алатын.... Д.А. Қонаевты республиканың нағыз бас сәулетшісі деп атайтын. Алматыдағы немесе басқа қалалардағы қайсы бір болсын маңызды жоспарды міндетті түрде оған таныстыруға әкеліп, құптаттыратын [9, бб. 92-93].

Отыз жыл бедерінде әлеуметтік және тұрмыстық сипаттағы көптеген сәнді нысандар салынып, даңғылдар мен көшелердің қайта жөнделгені аз емес. Жаңа алаңдағы (қазір Республика алаңы) Үкімет үйі (1958 ж.) ғажайып ғимарат болып табылады, 1980 жылы Қазақстан Компартиясы ОК жаңа үйі салынды, ғылым Акдемиясы, Достық үйі, 3 мың адамдық Республика Сарайы және басқа сәулет өнерінің туындылары ғаламат құрылыстың қатарына жатады.

Қалада тұрғындардың көбеюімен осы заманғы «Арман», «Целинный», «Байқоңыр» жаңа кинотеатрлары, қазақ және орыс драма театрлары, Орталық концерт залы, ұлттық үлгіде салынған цирк, Алматы мақта - мата және үй құрылысы комбинаттарының Мәдениет Үйлері пайда болды.

Спорт ғимараттарынан қалалық Орталық стадион, Спорт Сарайы, «Динамо» қоғамының жүзу бассейні, «Медеу» жоғарғы таудағы мұз айдыны ерекше орын алады. Айтпақшы, «Медеу» конькиде шапшаң жүгіруден және қысқы спорттың басқа түрлерінен бүкілодақтық және халықаралық жарыстар өткізетін әмбебап, әлемдегі ең таңдаулы мұз стадионы болып қалды.

Д.А. Қонаевтың қолдауымен балалар мен жасөспірімдерге арнап 800 орындық театрлық - концерт залы, обсерваториясы, спорт залы, бассейні, қысқы бауы бар пионерлер Үйі салынды.

Қаланың мәдени өмірінде 1970 жылы 20 оқу залы бар ұлттық кітапхана үйінің пайдалануға берілуі айтарлықтай оқиға болды. Жоғарғы оқу орнына арналып жаңа үйлердің құрылыстары аяқталды. 1985 жылдың аяғына қарай Ұлттық университет – «ҚазМуқалашығының» басты нысандары пайдалануға берілді. Саяси ағарту Үйі ашылды.

Халықаралық және ауданаралық қатынас үшін ірі теміржол вокзалы, барлық жағдай жасалған аэропорт, автокөлік стансалары салынды. Қала қонақтарын қарсы алуға аса жайлы мейманханалар дайын еді: «Қазақстан» (1000 орынды, биіктігі 107 метр 25 қабатты), «Достық», «Алматы», «Отырар», «Алатау», «Жетісу», «Түркістан» және басқалар.

Ірі сауда кәсіпорындары: Орталық универмаг, Универсам, «Ресей», «Қазақстан», «Мәскеу» қаланың көркін кіргізді. Сонда мемлекеттік кооперативтік және жеке сауданың кешені болып, қала ортасындағы «Көкөніс базары» Орта Азия мен Қазақстандағы осы

заманғы және көрікті базарға айналды. Қалада көп тұрғын үй тұрғызылды, «Самал», «Ақсай», «Алмагүл», «Айнабұлақ» және өзге де ықшамаудандар игеріле бастады.

Көктөбе баурайында қарайтын алаңы бар Телеорталық, сонымен бірге бірнеше залды көрікті ҚазТелеорталық үйінің бой көтеруі үлкен оқиғаға ұласты. Қала сыртында жергілікті шипасу негізінде осы заманғы тартымды «Алатау» шипажайы және басқалар салынды.

Қаланың басты даңғылдары мен көшелері қайта жөнделіп шықты. Жұмыс істейтін емханалардың жүйелері кеңейді. Олардың ішінде: 750 орындық емхана қаланың батыс бөлігінде, Қазақ КСР денсаулық сақтау министрлігі төртінші басқармасының емханасы, урологиялық корпус, онкологиялық пен туберкулез институттары. Тамаша нысандардың бірі сумен емдейтін «Арасан» сауықтыру кешені.

Сөйтіп Іле Алатауы етегіндегі ғажап қала абатталған Алматы барлық қажеттілікпен қамтамасыз етіліп, кез - келген деңгейдегі мемлекет басшысын қабылдауға мүмкіндік туып, сонымен қатар көптеген мемлекет қайраткерлері, мәдениет, ғылым мен спорт өкілдерінің қатысуымен халықаралық шаралар өткізуге қуатты базасы бар еді.

Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің көптен бері қауіпті мінез танытып келгені мәлім. Өз жолындағының барлығын таптап кететін сел ағыстары кезең - кезеңмен пайда болуына байланысты қалаға қауіп төніп тұратын. Қардың күшті еруі нөсер жаңбырмен сәйкес қосылып, жоғары тауда мұздақ көлдерін түзіп, орасан су қоймалжың қойтастарымен араласып, ылдиға қарай жөңкілетін. Тас аралас лай тасқынының толқындары он және одан да көп биіктікпен ойға көз ілеспес шапшаңдықпен ұмтылатын. Бұл қирататын зұлмат күш ұдайы қалаға қауіп төндіретін еді. Міне бұнда да тағы бір мәрте Д.А.Қонаевтың қала мен оның тұрғындарының аман - есендігі үшін жеке қамқорлығы белең берді. Оның тікелей жауапкершілігі және басшылығымен бөгет құрылыс туралы шешім қабылданды. Кіші Алматы шатқалында бағытталған жарылыспен оталғышы бар 5291 тонна оқ - дәрімен биіктігі 60тан 100 метрге дейін селқорғау бөгеті пайда болды. Ол шатқалмен керемет үйлесіп, «Медеу» биік мұз айдынымен бірге қалалықтар мен туристердің сүйікті және көп келіп демалатын орны болып, Алматының әсем кешендерінің біріне айналды [10, бб. 237-242].

Д.А. Қонаев әркашан халықтың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін назарда ұстап, адамдарды тұрғын үйлермен, мектептермен, ауруханалармен, емханалармен, сауда, тұрмыс нысандармен қамтамасыз етілуін қадағалады.

Ол ұдайы бейімделмеген, тозығы жеткен жайларда тұратындардың бәріне жақсы жабдықталған үйлер берілетін уақыт жеткенін айтатын.

Тұрғындардың үлкен тобы сонау сегізінші және тоғызыншы бесжылдықтарда қоныстойларын жасап, үй ауыстыру жалғасып жатты. Қонаев партия және кеңес органдарынан бірде бір отбасының жертөлелер мен ескі үйлерде тұрмауына бар шара қолдануын талап етті. Бұл жәй мәселе емес еді. Оны шешетін қала билігі ғана емес, сонымен қатар, іскерлікпен, жоспарлы түрде, пәтерлердің әділ бөлінуін қатаң қадағалап отыратын министрліктер, ведомостволар болатын. Бұнда басқалай болуы мүмкін емес [11, бб. 421,422].

ҚКП XV съезіндегі есепті баяндамасында Д.А.Қонаев он бірінші бесжылдықта халықтың тұрғын және мәдени - тұрмыстық қажетіне шамамен 7 миллиард рубль босатылатыны қарастырылғанын атап айтты. Ол мынандай есеп-қисапты атады: 30 миллион шаршы метр тұрғын үй тұрғызылды, ал, бұл республикада 3 миллион 215 мың адам, әрбір бесінші дерлік тұрғын қоныстойын тойлады деген сөз, тура айту керек, қуандыратын көрсеткіш [12, б. 86]. Дүние жүзінің бірде бір елі тұрғын үй және мәдени - тұрмыстық құрылыстың көлемі жағынан теңесе алмас еді.

Д.А.Қонаев сонымен қатар 80 жылдары алда тұрған орасан міндеттерге тоқталып, болашақ бесжылдықтар одан сайын еліміздің материалдық -техникалық базасын күшейтетіні

туралы айтатын. Қонаев стратегиялық ұмтылыстардан алдағы бесжылдықтарда ұдайы халықтың әл-ауқаты артатынын көретін. Бұл үшін барлық негіз бар еді. Бұрынғы бесжылдықтарда КСРОның ұлттық табысы 400 миллиард рубльге көбейіп, 717 миллиард рубльге өнеркәсіп өнімдері, тоғызыншы бесжылдыққа қарағанда ауылшаруашылық өнімдері 50 миллиард рубльге көп өндірілді. Бұрынғысынша экономикалық саясаттың жуан ортасында халық өмірінің деңгейін одан ары жақсарту тұрды. Бұл мақсатқа бұрынғыға қарағанда онбірінші бесжылдықта 329 миллард рубль артық бөлінді. Төлемдер мен жеңілдіктерге тұтынудың қоғамдық қорынан 134 миллиард рубль көбейді [13, б. 26]. Қазақстанға келсек, жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы оныншы бесжылдықта 13,5%, колхозшылардың еңбек ақысы 19% өсті . Республика азаматтарының бар әл - ауқатын жақсартуға шамамен 8,3 миллиард рубль жұмсалды. Бұрын қазақстандықтар бұндай қаржы - қаражатты бірде бір бесжылдықта білген емес [13, б. 86].

Көпшілік сұранысына қажетті өнімдерді шығару қуаты да айтарлықтай кеңейді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде оның өсімі миллиард рубльге жетті. Егер оныншы бесжылдықтың басында жоғарғы категориялы тауарлары 77 миллион рубльге шығарылса, оның аяғында жарты миллиард дерлік өнім жөнелтілді. Сонымен, Қонаев табыстар толастамасын деп сақтандырды. Халық үшін қосымша игілік өзінен өзі келмейді. Оны жалпы тынымсыз еңбекпен, кемшіліктер мен олқылықтарды жою барысында қамтамасыз етуге болады [14, б. 22].

Жылдан жылға бөлшек саудадағы тауар айналымы одан сайын жоғарғы қарқынмен дамыды. 1979 жылы оның деңгейі 1940 жылғымен салыстырғанда 21,6 есе өсті. Республика халқын ұзақ мерзім пайдаланатын және мәдени - тұрмыстық жағынан бағытталған тауарлармен қамтамасыз ету анағұрлым жақсарды.

Жеке басқа пайдаланатын жеңіл автокөліктерді сату да өсті. Ал, небәрі қырық жыл бұрын Қазақстанға алғаш рет жарым мың велосипедтер мен мың радиоқабылдағыштар әкелінген болатын.

Республикада іс жүзінде қоғамдық тамақтандыру жүйесі жаңадан құрылды. 1928 жылы өлкеде небәрі 176 дәмхана мен шайхана болатын. Ал, 1979 жылдың аяғында - дастархан мәзіріне бір мезгілде 710 мың кісі отыра алатын шамамен 16 мың жаңа технологиялық және су жаңа сауда технологиямен қамтамасыз етілген 16 мың қоғамдық қәсіпорын болды [14, бб. 148, 149].

Қазақстанның экономикадағы табыстары, дау жоқ, барлық еліміздің игілігі үшін жоспарлы және ұйымшылдықпен жүзеге асқан Одақтық басқа республикалармен экономикалық ынтымастықта болуына ықпал етті. Қазақстан 80 жж. ортасына қарай түгел одақтық және автономиялық республикалармен айналым төлемінің шегі 88% болса, сонымен бірге шетелдермен 12% шегінде экономикалық байланыс жасады.

Д.А.Қонаев Қазақстан негізінен еліміздің біртұтас халықшаруашылық кешеніне энергетикалық байланыстармен кіретін болғандықтан әсіресе энергетиканы бөліп қарайтын. Әлдеқашан айтып өткеніміздей, сирек ұшырысатын Екібастұз көмір кенорнының негізінде тұтас жылу электрстансаларының шоғыры жасалып, ол қуатпен Батыс Сібір мен Орал аудандарын, ал тым қашық ЛЭП арқылы - еліміздің еуропа бөлігін қамтыды. Өз кезегінде химия өнеркәсібінің, Шымкент және гидротүйіндерінің электрқуатқа өсіп келе жатқан сұранысы Өзбекстан мен Қырғызстаннан түсетіндердің есебінен қанағаттандырылып отырды.

Біздің республикадан жыл сайын 50 миллион тонна көмір жөнелтілсе, 72%, Оралға және Украина металлургия кәсіпорнына баратыны 3,5 миллион тонна еді. Жыл сайын 18 миллион тоннадан астам Қазақстан мұнайы Ресей федерациясының мұнайөңдеу қәсіпорындарына келіп түссе, 2 миллион тоннасы Бакуге бөлінді; Ресей кәсіпорындарына

Гурьев мұнайөңдеу зауыты шамамен 1 миллион тонна мазут жіберді. Сонымен бір мезетте Павлодар мұнайөңдеу зауытының сұранысы Омбыдан келетін мұнай құбырымен Батыс Сібір мұнайының есебінен жабылып отырды. Қазақстан өзінің отын -қуат балансын Өзбекстанның Бұхара табиғи газ кенорнының есебінен қамтамасыз етті. Жыл сайын Алматы, Жамбыл, Шымкент, Ақтөбе мен Қостанай облыстарының өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық қажетін өтеу үшін Бұхара – Алматы мен Бухара - Орал газқұбырымен шамамен 5,5 миллиард текше метр газ отын тасымалданатын.

Қазақ КСРінің басқа одақтас республикалар және шетелдермен тауар айырбасында қара және түрлі-түсті металлургия өнімдері маңызды орын алады. Соколов - Сарыбай тау-кен байыту комбинатынан Төменгі - Тағыл, Магнитогорск, Шелябі, Кузнецк және басқа Ресей федерациясының металлургиялық кәсіпорындарына 7 миллион тоннадан астам темір кені концентрат күйінде және 8,5 миллион тонна экатыштар жіберілетін. Жыл сайын РСФСР мен Украинаға, Орта Азия мен Қапқаз сырты республикаларына, Балтық бойы мен Молдавияға ірі партиялармен Балқаш пен Жезқазғанның тау-кен металлургиялық комбинаттарынан шақпақталған мыс және оның прокаты, сонымен қатар Өскемен қорғасын - мырыш және Лениногор полиметалл комбинаттарының, Ақтөбе және Жармақ ферросплав зауыттарының өнімдері жөнелтіліп жататын. Сонымен бірге Қазақстан одақтық республикалар мен шетелдерге сары фосфор, фосфор кендерін, полисткрол, хром ангидридін, полипропилен, полиэтилен, карбид кальциін, каучук шығаратын. Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігі жыл сайын Ресей федерациясына 250 тоннадан аса натрий триполифосфатын, 14 мың тонна фосфор қышқылын және 10 мың тонна жуатын заттар артып жіберетін. КСРО кәсіпорындарында Жамбыл «Химпром», Ақтөбе және Гурьев химзауыттарының өнімдерін білетін.

Халық шаруашылығының барлық салаларындағы өрелі өркендеу көп бағыттағы экономика, ғылым мен мәдениет мамандарын дайындауды керек етті. Бұл аса өткір мәселені шешу үшін Д.А. Қонаевтың бастамасымен қосымша ондаған жаңа оқу орындары ашылды. Республикадағы жалпы, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарындағы білімнің деңгейі ұдайы өсті. Алыс 1940 жылы әлі міндетті жетіжылдық білімге, 1959 жылы сегіз жылдыққа, сөйтіп, 1980 жылға қарай жалпы орта білім алуға көшіп, республиканың тоғыз мыңнан астам мектептерінде 3 миллион оқушы оқыды [14, 130 б.]. Егер төңкеріске дейін бірнеше ондаған қазақ жоғарғы білімді болса, онда 1970 жж. республикада 700 мың дерлік дипломды мамандар еңбек етті: әйтсе де мәселе тек қана санда емес.

Қорыта келе, Д.А. Қонаев өз кезегінде Қазақстан экономкасының гүлденуіне ерекше назар аударғандығын көреміз. И. Сталиннен бастап Кеңес Одағының бірнеше басшыларымен қызметттес болып, 50-жылға жуық саналы ғұмырын ел экономикасы мен оның дауына үлес қосқан қоғам қайраткері ел болашағы үшін жұмыс жасады. Әсіресе 1959-1965 жылдар аралығында республиканың өндіріс орындарын іске қосу мен оны жетілдіру ісінде аса белсенділік танытты. Сонымен бірге жол төсеніштері, газ құбырларын тарту, мәдениет ошақтарын қалыптастыру ісінде ерекше еңбек ете білді. Ол туралы тіпті замандастары естеліктер қалдырып, Д.А. Қонаев әр бір салынған мекеме мен нысан үшін ерекше күш салғанын және оның тыңғылықты да әдемі болғандығын жіті бақылағандығын атап өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Ахметбеков Д. Жиырмасыншы ғасыр адамы / Д. Ахметбеков // Қостанай таңы. - 2009.- 9 қаңтар. - 4 б.
2. Төлепбаев Б.А., Төлепбаева К.У. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер. -Алматы; «Елтаным», 2011 -216 бет
3. Қазақстан тың жерлерін игерудегі халық қозғылысы (құжаттар жинағы).
4. Алматы, Мемсаясибаспа. – 1959. - 348 бет; Казахстанская правда. - 1984.20 қаңтар.
5. Қазақстан ғалымдарының библиографиясы. - Д.А. Қонаев. – Алматы, 1978. - 48-78 бб.

6. Төлепбаев Б.А., Төлепбаева К.У. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер. -Алматы; «Елтаным», 2011 -216 бет
7. Елу жыл ел ағасы / құраст. және ред. басқарған С. Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 2002. - 464 б.+ [32] б. фот.
8. Ахметбеков Д. Жиырмасыншы ғасыр адамы / Д. Ахметбеков // Қостанай таңы. - 2009.- 9 қаңтар. - 4 б.
9. Қазақстан коммунистік партиясының XV съезі. – Алматы: Қазақстан. – 1981. - 293-294, 301 бб.
10 Моторико М.Г. Тың – Отанға. – Алматы, 1974. - 5 бет.
11. Қазақстан х/ш Кеңес өкіметінің 50 жылында дамуы. – Алматы: Ғылым. 1967. - 78 бет.
12. Коваль В.И., Коршунов В.И., Осипов В.П. - Шындық күші мен өтіріктің әлсіздігі. - Алматы, 1982, 176-177 бб.
13. Адырбек К. Қонаев және Желтоқсан оқиғасы / К. Адырбек
14. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. —Алматы: «Санат», 1992.-228 бет

СХОДСТВО И РАЗЛИЧИЯ СВАДЕБНЫХ ТРАДИЦИЙ МЕСТНОГО НАСЕЛЕНИЯ И КАЗАХСКИХ РЕПАТРИАНТОВ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Дүйсенғалиұлы А. – магистрант 2 курса
Исторического факультета ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва
Научный руководитель – д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана
Ковальская С.И.

Введение. Во второй половине XX - начале XXI века репатриация стала одной из важнейших проблем многих стран мира. Среди стран мира, которые выработали самостоятельную репатриационную политику лидируют такие государства как Германия, Израиль, Венгрия, Россия. Каждая из них ведет масштабную политику репатриации и призывает своих соотечественников возвращаться на историческую родину. Казахстан также стал вырабатывать собственную стратегию политики репатриации с первых лет обретения независимости.

Начальный этап становления казахской диаспоры и ирредены связан с историей казахско-джунгарских войн и имперским периодом демаркации русско-китайских пограничных линий. Дальнейшее пополнение казахской диаспоры за рубежом было вызвано вынужденными прчинами, порожденными различными экспериментатми советской политики в области внутренней политики и экономики. Казахская диаспора на сегодняшний день проживает практически по всему миру – в России, Узбекистане, Турции, Афганистане, Монголии, а также в Западной Европе, США, на Ближнем Востоке и других странах. Изменившаяся геополитическая ситуация повлияла на возвращение на историческую родину национальностей, мигрировавших со своей родины по разным причинам или оторванных от родины в результате насильственного переселения, политикой призыва соотечественников к независимости отдельных государств и т.п. В связи с углублением процесса переселения населения из одной страны в другую, возросла важность его изучения. В настоящее время важное место занимает изучение политических и социально-экономических условий культурной жизни диаспоры, репатриантов, этнических групп, сохранение и изменение этнокультурного наследия, анализ межнациональных и межэтнических процессов, выявление их значения и последствий для будущих поколений.

В Казахстане на сегодняшний день создано немало трудов, посвященных истории формирования казахской диаспоры за рубежом и судьбам репатриантов. Пионером в этой области стали М.К. Козыбаев и Г.М. Мендикулова, под руководством которой сформировалась самостоятельная научная школы диаспорологии в Казахстане. Кроме того, сильнейшая историко-демографическая научная школа, представленная А.Н. Алексеенко и

рядом других авторов также внесла неценимый вклад в изучение истории казахской диаспоры и процесса их возвращения на историческую родину [1]. Безусловно заслуживают внимания труды российских ученых по истории казахской диаспоры, а также работы западных авторов, в которых изучена непростая судьба казахского народа в условиях эмиграции [2].

С первых дней Независимости Республики Казахстан миграционный процесс в стране активизировался. Большое значение имеет изучение политики репатриации до и после принятия специальных программ и миграционного законодательства по инициативе государственной власти. Необходимо изучить количественные и качественные условия квоты иммиграции и ее назначения, показатели заселения в населенные пункты. Существует необходимость масштабного исследования процесса адаптации и интеграции репатриантов в казахстанское общество на уровне отдельных регионов.

Изучение сходства и различий в традициях свадеб местного населения и казахских репатриантов – позволяет изучить вопросы культурной и социально-экономической адаптации казахских репатриантов. Исследование проводилось не территории Мангистауской области. В период с 1991 по 2023 год в Республику Казахстан было переселено 1 113 196 кандасов. В Мангистаускую область переселено 164 375 кандасов. Подавляющее большинство казахских репатриантов, переселившихся в Мангистаускую область - это соотечественники из Узбекистана и Туркменистана: 80 558 кандасов из Республики Узбекистан, 69 095 кандасов из Туркменистана [3].

Поскольку наши соотечественники, иммигрировавшие из Туркменистана и Узбекистана, составляли подавляющее большинство репатриантов казахов в Мангистауской области, сравнивались свадебные традиции местных казахов и наших соотечественников, иммигрировавших из этих двух стран.

В текущем году, прибыв в Мангистаускую область, статус кандаса получили 132 семьи или 1022 человека. (За аналогичный период 2022 года 155 семей или 1068 человек получили статус кровных). По стране прибытия кандасов: из Республики Узбекистан - 74 семьи или 640 человек (62,6%), из Туркменистана – 51 семья 306 человек (30%), из Исламской Республики Иран – 4 семьи 33 человека (3,2%), из Российской Федерации – 3 семьи 40 человек (3,9%), из Турции – 1 человек, из Украины – 1 человек, из Кыргызстана – 1 человек. Большая часть Кандасов находится в Мунайлинском, Бейнеуском районах и городе Актау [4].

Мунайлинский район выбран в качестве места проведения полевых исследований, так как это административная единица, в которой находится большая часть кандасов Мангистауской области. Для проведения исследования был выбран населенный пункт Баянды Мунайлинского района. Исследование проводилось среди местных жителей села Баянды и кандасов, прибывших в населенный пункт из Узбекистана и Туркменистана. Полевое исследование было посвящено теме «Опыт адаптации казахских репатриантов на исторической родине на примере Мангистауской области». Полевое исследование проводилось с 3 по 23 июня 2023 года. Материалы данного полевого исследования и результаты исследования были использованы при написании данной статьи.

Методология научного исследования.

Задачи полевого проекта:

1. Провести интервью с казахскими репатриантами, проживающими в Мангистауской области. Интервью помогут выявить их опыт адаптации, проблемы, с которыми они сталкивались, и успешные стратегии, которые они использовали.

2. Провести наблюдение за жизнью и деятельностью казахских репатриантов в Мангистауской области. Это позволит получить более полное представление об их повседневной жизни, взаимодействии с местным населением и интеграционных усилиях.

3. Провести анализ данных, собранных из интервью и наблюдений. Анализ позволит выделить основные темы, тренды и успешные адаптационные практики, которые могут быть полезными для других казахских репатриантов и организаций, занимающихся процессами адаптации.

Для реализации цели и задач полевого проекта, связанного с исследованием адаптационных практик казахских репатриантов в Мангистауской области, были использованы следующие подходы и методы:

1. Качественные интервью: проведение структурированных или полуструктурированных интервью с казахскими репатриантами позволит узнать их личный опыт адаптации, вызовы, с которыми они столкнулись, и эффективные стратегии, которые они использовали. Интервью проводились индивидуально и в группах, чтобы получить различные точки зрения и обогатить данные.

2. Наблюдение и участие: Проведение наблюдения за жизнью казахских репатриантов в Мангистауской области позволило получить более глубокое понимание повседневной жизни репатриантов, их взаимодействие с местным населением и включение в общественные и культурные события. Участие в различных мероприятиях может помочь установить доверительные отношения и получить более непосредственные наблюдения.

3. Анализ данных: Собранные данные из интервью и наблюдений должны быть систематически анализированы. Применение качественного анализа содержания и кодирования позволит выделить основные темы, тренды и успешные адаптационные практики. Этот анализ поможет выявить общие закономерности и специфические особенности адаптации казахских репатриантов в Мангистауской области.

4. Сравнительный анализ: Для более полного понимания адаптационных практик и контекста Мангистауской области, можно провести сравнительный анализ с другими регионами Казахстана или с другими странами, где также проживают казахские репатрианты. Это позволит выявить различия и сходства в адаптации и выделить уникальные факторы, способствующие успешной адаптации в Мангистауской области.

Обоснование этих подходов и методов основывается на их способности предоставить глубокое понимание адаптационных процессов казахских репатриантов в Мангистауской области. Качественные интервью, наблюдение и анализ данных позволили получить детальную информацию о личном опыте и стратегиях адаптации. Сравнительный анализ и рецензирование литературы позволили сопоставить полученные результаты с другими исследованиями и более широко контекстуализировать их.

Автором статьи было проведено 50 интервью с казахскими репатриантами, а также получены стандартизированные анкеты для сбора количественных данных. Первый опрос был проведен среди репатриантов (100 респондентов), чтобы определить их проблемы адаптации. Второй опрос был проведен с целью выявления у местных жителей (100 респондентов), родившихся в Казахстане, их мыслей и отношения к кандасам. Общее количество часов наблюдения зависело от продолжительности и методологии исследования. Было проведено не менее 100 часов наблюдения.

Сондай-ақ, Алатау округының бастығына Қытай және Орта Азия хандықтарында болып жатқан саяси жағдайлар туралы мәліметтерді түрлі жолдар арқылы жинап, жоғарғы басшылыққа хабарлап отыру жүктелген [8, 1-3 п].

Патша өкіметі Англия, Түркия сияқты мемлекеттердің Орта Азия мен Шығыс Түркістанда жүргізген іс-әрекеттерін де Алатау округы арқылы бақылауда ұстаған. Жалпы алғанда, патша өкіметі Алатау округын Шығыстағы барлау орталығына айналдырған.

Сонымен қатар патша өкіметі Жетісу өлкесіне Орта Азияға басып кіретін әскерлерді шоғырландырды. Онда олардың оқ–дәрісі мен азық-түлік қорын жасап, жүк көліктерін жасақтады. XIX ғасырдың ортасында Ресейдің Алатау округындағы қарулы күштері тұрақты әскерлері мен тұрақты емес (казактар) әскерлерден тұрды. Алатау дуан бастығының жыл сайын беріп отырған мәліметтеріне сүйенсек, онда өлкедегі әскер құрамы мен соғыс техникаларының саны артып отырған [9, 17-18 п].

Орыс әскерлерінің Орта Азияны жаулау үшін Алатау округында орналасуы Жетісу қазақтары мен қырғыздарға көптеген қиыншылықтар әкелді. Өйткені орыс әскерлерінің бүкіл жабдықтарын таситын жүк көліктерін, азық-түлігі мен аттарын, жем-шөбін қамтамасыз ету жергілікті халықтың міндетіне кірді [10, 11 п].

Барлық билікке ие болған патша әскери әкімшілігі қазақ халқының ұлттық намысын аяққа таптап, орыстардың алдында құлдық ұру психологиясын қалыптастырды. Қазақ халқының орыстардан төмен, бұратана халық екенін сезінуге тәрбиелеуді мақсат етті. 1862 жылы Жетісу өлкесіне арналып шығарылған «Ереже» сот жүйесіне де ықпалын тигізді. Ғасырлар бойы қалыптасқан жүйелі билер сотына шектеу қоюға ұмтылып, оны орыс әскери әкімшілігінң бақылауына беруге тырысты. Алатау дуандығындағы орыс әкімшілігінің барлық сатыларында шексіз озбырлық, заңсыздық пен пара алушылық кең қанат жайып, қазақтардың құқығы көпе-көрнеу аяққа тапталды. Атап айтқанда, Алтын емел пикетінің бастығы Мамырхан сұлтанның баласы Сұлтанғазыдан 3 түйе, 1 сиыр, 3 қой және 15 лақты ұрлап алып, оны наймандардан көрген, ал қоңыр бөріктілердің бір ауылынан жақын келіп қоныстанғаны үшін 10 қой заңсыз салық алған [11, 1 п].

Сондай-ақ Кіші және Үлкен Алматы станицалары, Қастек және Іле бекіністері, Қаскелең қонысы және Шеңгелді пикетінің бастықтары пішен шабындықтарын бүлдірдіңдер деген сылтаумен маңайында отырған қазақ ауылдарына тыныштық бермесе, жаңағы Алтын емел пикетінің бастығы урядник Хлыновский Тезек және Мамырхан сұлтандардың ауылдарын пикет маңынан қуып жіберуге әрекет жасаған. 1862 жылы 9 қыркүйекте Алатау округ бастығының Семей облысының әскери губернаторына берген №1033 мәліметінде Алатау округына қарайтын барлық пикет бастықтары аттарына беретін пішенді 2 жыл бойы

қазақтарға тегін шаптырғанғандығы айтылған [12, 69-72 п]. Ал Іле көпірінің бастығы Антонов өзеннің арғы бетіне өткен әр қазақтан 1 қойдан алса, Туғанбай бидің баласынан 40 қой, бірнеше жылқыға дейін заңсыз алған [13, 12 п]. Алатау округында пара алушылық пен қазына мүлкін талан-таражға салу кеңінен етек жайды. Мысалы, әскери старшина Бутаков Алматы дүкенінің 450 четверть ұнын, 1357 сом күмістей ақшасын өз пайдасына жаратқаны үшін, дүние-мүлкі тәркіленіп, ісі әскери сотқа берілген [14, 63 п]. Шеңгелді пикетінің бастығы Мөңке Бектібаев деген қазақтың малын пикет маңында ағып жатқан суға жолатпай қойған. Малдары шөлден қырыла бастаған соң, пикет бастығына 2 шапан, 3 қойды сыйға берген. 4 күн өткен соң орыс шенеунігі тағы да 1 кілем мен 1 қойын алып, аттың күміс жүгенін беруін талап еткен. Бектібаев күміс жүгенді беруден бас тартқан кезде, одан пішенді таптадың деген сылтаумен түйесін тартып алған [15, 6 п]. Алатау округының шенеуніктері қазақтармен қатар Ресейден ауып келген орыс шаруаларынан да пара алып отырған. Тарск дуандығынан ауып келген орыс шаруасы Е. Васильев заседатель Петровқа 30 сом күміс ақшасын «сыйға» берген [16, 2 п]. Округтағы пара алушылықтың асқынғаны соншалық дуан бастығы Колпаковский шенеуніктерге қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болады. Ол өзінің көмекшісі Тургеневты пара алғаны үшін орнынан алып, Омбыға қуып жібереді [17, 5 п].

Алатау округының бастығы Г.А.Колпаковскийдің Жетісу өлкесінде орыс билігін орнатудағы еңбегі «ерекше». Жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін жақсы білген Колпаковский ең бірінші кезекте Ресейдің отаршылдық жүйесінің «адал» қызметшісі болды. Е.Марков ол туралы былай дейді: «генерал Колпаковский нағыз дарынды және тәжірибелі отарлаушы болды. Ол қысқа уақытта қазақтың шөл даласын бай және ірі отырықшы елге айналдырды. Қазір Түскістан Жетісу өлкесіне Ресей ретінде қарайды» [18, с.508].

Г.А. Колпаковский патша өкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыруда жергілікті халықты қатаң жазалауға дейін барған. Оның Ұлы жүз қазақтарының аға сұлтандарына жіберген ескертуінде: «Мен сендерге бұйырамын, қазақтардың қару ұстап жүруіне тиым салыңдар. Егер кім де кім қарумен ұсталса, сол жазаға тартылады. Қазіргі уақытта бүкіл Алатау округы әскери жағдайда тұрғандықтан, қазақтар өкіметке қарсы қылмыстар мен опасыздықтар жасайтын болса, онда олардың ісі ерекше әскери сотқа беріліп, табан астында атылады» делінген [19, 11 п]. Ол әсіресе, Ұлы жүздің шапырашты руларының Ұзынағаш соғысы кезіндегі қоқандықтарға қосылып, Іле көпірі мен орыстардың станицаларына шабуыл жасап, шөптерін өртеп жібергенін кешірген жоқ. Шапыраштылардың биі Нұрбота мен Сұраншы батырға жазған хатында былай жазылған: «Шапырашты халқының қоқандықтармен байланыс жасауы өкініштi-ақ, бірақ олар сол үшін жазасын тартады» [19, 3 п].

Өлкедегі отарлық жүйені және жергілікті тұрғындарға бақылауды күшейту үшін патша өкіметі Алатау округында полиция мекемесін ашуды жөн көреді. Патша өкіметінің Жетісу өлкесін полициялық бақылауға алуы, империялық мүддеден туындап, отарлық саясаттың келесі бір қадамына аяқ басты. «Патша өкіметі,-деп жазды Г. Сапарғалиев, - өз отарларында, әсіресе, Қазақстанда қатал полициялық тәртіп орнатты. Оның далалық облыстар мен Түркістан өлкесін басқару туралы шығарған барлық заңдары басынан бастап аяғына дейін полициялық негізге сүйенді» [20, с.21].

Алатау округындағы полициялық бақылау қызметі өлкені отарлаудағы аса маңызды құралдардың біріне айналды. Оның міндетіне азаматтық және әскери мәселелерді атқару, қамауға алғандарды бақылау, әкімшілік және шаруашылық істер кірді. Полициялық қызметтің басшылығына әскери адам капитан Былинскийдің тағайындалуы полициялық қызметтің негізгі мақсатын айқындаған еді [21, 3 п].

Патша өкіметінің Жетісу өлкесін отарлаудағы орыс билігінің ықпалын арттыратын, талай рет сыннан өткен тағы бір құралы марапаттаулар, атақтар беру, жоғары қызметтерге

қою, құрмет көрсету және тағы басқалар арқылы ықпалды сұлтандар мен билерді, ру басшыларын отаршылдық өкімет жағына тарту болды. Ресей өкіметі аға сұлтандарға келгенде ештеңеден аянбаған. Мәселен, жалайыр руының билеушісі Сүйік Абылайхановқа 8-класты сұлтан шенін, алтын медаль және алтын сапты қылыш, дулаттардың билеушісі Әли Әділовке подполковник атағын, екі алтын медаль, бір бриллиантталған медаль, албандардың аға сұлтаны Тезек Нұралиевке поручик атағы мен алтын медаль берді [22, 3-12 п]. Патшалық билік бұл аталған Абылайхан ұрпақтарын қандай мақсатта және не үшін сыйлағандығын, әрине, жақсы түсінді. Біріншіден, Жетісулық Ұлы жүз руларының атынан Ресей империясы құрамына ену жөнінде тілек білдіріп, оған Орталық Азия кеңістігіне тереңдеп ене түсуге қол ұшын бергендігі үшін, екіншіден, Жетісу аймағындағы Қытай мүддесін жақсы түсіне отырып, жергілікті билеуші топты өзіне тартып, дәмелендіре түсу еді.

Ресейдің Жетісу жеріне енуі Қоқан хандығы мен Кенесары хан бастаған азаттық қозғалысымен және Қытай ықпалымен бір мезгілде күрес жүргізді. Осындай шиеленісу орын алған жағдайда патша өкіметі жергілікті билеуші тобын өзіне қарату мақсатын көздеп, оларға шен-шекпен мен сый-құрметті үлкен «мәрттікпен» таратумен болды. Мәселен, қырғыз манаптары Қазыбек Таштамбеков пен Қалығұл Әлібеков және Асық Шалов 1847 жылы Кенесары ханды өлтіргендері үшін алтын және күміс медальмен марапатталса, болыс басқарушысы Ноғайбай Дәулетбақов 1864 жылы орыс әскеріне көлік бергені үшін құрмет қағазын, ал 1865 жылы Әулиеатаны алуға қатысқаны үшін прапорщик әскери атағын алады. Сұлтан Құтан Сұлтанбеков 1863 жылы Пішпек қамалын алуға қатысқаны үшін үлкен алтын, 1864 жылы Әулиеатаны алуға қатысқаны үшін үлкен күміс медаль алады. Ал 1867 жылы оған қырғыз бен Ұлы жүз қазақтарының арасындағы даулы мәселелерге арналған Тоқмақ съезінде белсенділік танытып, Ресейдің мүддесін жақтағаны үшін прапорщик әскери атағын береді. Оразалы Қожамжаров деген қазақ 1862 жылы Ұзынағаш шайқасына Ресей жағында қатысқаны үшін күміс медаль және мақтау қағазын, 1864 жылы Әулиеата бекінісін алуға қатысқаны үшін 3-разрядтағы шапан, сол жылы Түркістан мен Шымкент бекіністерін алуға қатысқаны үшін әскери орден, ал 1865 жылы Ташкентті алуға қатысқаны үшін алтын қылышпен марапатталады. Жетісулық қазақ Мәке Боқтыбаев 1847 жылы Омбыдағы Батыс Сібір әкімшілігіне барып, Ұлы жүз қазақтары атынан Ресей бодандығын қабылдауға әзір екендігін білдіргені үшін алтын медаль, құрмет шапанын және жүзік, 1861 жылы орыс әскери бөлімшесі жорығына атсалысқаны үшін құрмет қағазын, 1864 жылы прапорщик атағын алады. Оның үлкен інісі Дәуітәлі Боқтыбаев 1855 жылы орыс билігіне жасаған қызметі үшін құрмет шапанын, ал 1856 жылы прапорщик атағын, кіші інісі Ахметжан Боқтыбаевқа 1864 жылы Әулиеата бекінісін алуға қатысқаны үшін күміс медаль беріледі және тағы басқалар [23, 76-77 б].

Сонымен қатар, Алатау округының әскери әкімшілігі патша өкіметінің билігін мойындамаған немесе өздерін қолдаудан сәл бас тартқан және әскери күштер үшін қажетті көлікпен, тамақ өнімдерімен, жұмыс күшімен, мал азығымен және басқа да көптеген қажетті дүниелермен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды уақытылы орындамағаны үшін қазақтарды қатаң жазалап отырған [7, с.258].

Патша өкіметі Ұлы жүз қазақтарының билеушілерін қаншама рет марапаттап, сырттай өзінің оларға достық пиғылын көрсеткенімен, ал іс жүзінде қазақ билеушілеріне ешуақытта сенімділік көрсеткен емес. Оны генерал Капцевичтің қазақ даласында орналасқан әскер бөлімдерінің басшыларына берген нұсқауынан көруге болады: «Қазақтардың тұрақсыз мінез-құлқын білгендіктен, әрдайым естеріңде болсын, олар өте қу, зұлым, қашанда кек алуға дайын тұрады, рахымшылығы жоқ, жақсылық істегенді тез ұмытатын халық. Сондықтан оларды өзара қырқысудан әлсіресе де және қару жарағы нашар болса да, күшін елемеуге болмайды. Қазақтардың арасында ақылды адамдар баршылық. Оның ішінде сұлтандар мен

билердің және ру басшыларының көпшілігі ойларын ішінде сақтап, тұйық болып келеді. Бұл қасиет олардың ақылын көрсетеді. Сол себептен өмірі еркіндікте болып, басқару мен тәртіпті білмейтін қазақтардың арасында тұрған біздің әскерлер әрқашан сақ болсын» [24, 1 п].

Капцевичтің бұл нұсқауын оның орнына келген генерал - губернаторлар да берік ұстанды. Қазақ билеушілеріне күдікпен қараған Сібірдің генерал - губернаторлары Алатау округындағы орыс әскери-әкімшілігіне Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз билеушілерінің үстінен қадағалауды және ыңғайға келсе бір-біріне айдап салу туралы қайта-қайта нұсқаулар берумен болды. Мысалы, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың дуан бастығы Колпаковскийге жіберген құпия нұсқаулары қазақ билеушілерінің қандай бақылауда болғанын аша түседі. Ол нұсқаулардың бірін атап көрсететін болсақ, онда былай делінген: «Герасим Алексеевич, өкініштi-ақ, Сіздің Диханбай, Андас және Әшекелерді тез-ақ босатып жібергеніңіз. Оларды әлі де тұтқында ұстау керек еді. Амал қанша, болар іс болды. Ендігі Сізге берер ақылым, бұл көшпенділердің сыртынан аңду қиын болса да, қатаң бақылауға алыңыз. Егер көктемде қоқандықтар тағы да әрекет жасап, біздің жерлерімізге шабуылдайтын болса, оларды дереу тұтқындап, аманат ретінде ұстап отырыңыз» [6, 43 п].

Округ бастығына аталған сұлтандарды қадағалауды тапсырған генерал-губернатор оларды бір-біріне айдап салуды жөн көрген. Мәселен, округ бастығына берген №1655 нұсқауында: «Сіздің қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарына жүргізіп отырған саясатыңызға байланысты бір-екі нұсқау берсем деймін. Соңғы жағдайлар көрсеткендей, дулаттар сенімсіздік көрсетіп отыр. Оған басты кінәлі мұсылман фанатиктерінің Әли сұлтанға тигізген ықпалы, ал ол басқаларға таратуда. Сондықтан оның беделіне қарсы Тезектің беделін қойыңыз. Ол үшін Тезекті әр түрлі сылтаумен марапаттап, ерекше пейіл аударыңыз. Сол кезде Әли сұлтанда қызғаныш пайда болып, Тезек екеуінің арасында араздық туады. Жалпы алғанда Әли сұлтанға қарсы болғандарды қолдай беріңіз. Осындай мақсатпен дулаттармен болып жатқан дау-жанжалда бұғыларды қолдаңыз» [25, 110 п].

Батыс Сібір генерал-губернаторының нұсқаулары бойынша іс-әрекет жасаған Алатау округының бастығы Колпаковский Ұлы жүз қазақтарының билеушілерін бір-біріне қарсы қоюда шеберлік көрсетіп, Сібір әкімшілігінің көңілінен шықты. Колпаковскийдің «қызметі» сонда, ол сол уақыттағы Жетісу өлкесіндегі қазақ-қырғыз руларының арасындағы барымта, жер дауы, жесір дауы, руаралық жанжалдар және тағы басқа келеңсіз жағдайларға араласып, көбінесе өзі қолдап отырған. Әсіресе, бір руды екінші румен араздастыру, бір рудың малын екінші ру арқылы барымталау, қазақ руларын қырғыздарға айдап салу немесе керісінше әрекет жасау оның күнделікті тіршілігіне айналған. Мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ, жоғарыда көрсетілген жағдайларды дәлелдей түседі. 1862 жылы 2 ақпандағы Аблез сұлтанның Копаковскийге жазған хатына жүгінсек, онда былай делінген: «Мен қырғыздарға 200 жігітімді барымтаға жіберген едім. Олар біраз малды олжалап аман-есен кейін қайтты. Сұлтанбектің ұлы Қотан 200 жылқына айдап кеткен еді, бірақ ботпайлар қайтарып ала алды» [5, 62 п]. Округ бастығының бұйрығын орындаған Аблез сұлтан орыс билігін мойындаудан бас тартқан қазақтың рулары мен қырғыз руларына барымталар жасап, мазаларын кетірумен болған.

Колпаковский қырғыздарға Аблезден басқа да қазақтарды жіберіп, малдарын олжалатып отырған. Мысалы, қырғыздардың мына шағым хатына жүгінсек, онда «Орыс бастығына құрметті қырғыздар Жанғараш, Сұлтанай, Байтық, Құршыдан. Орыс бастығы бұйырыпты, екі аяқтыға сауда жоқ, төрт аяқтыға қайту жоқ. Содан бастап Күнту 200 жылқы, одан кейін Қашай 250 жылқы айдап кетсе, астық жинап жатқанда қашқарау Қышан 300 жылқы айдап, 40 егіншіні өзімен бірге алып кетіп, құлдыққа сатып жіберген. Сұлтанай 750 жылқыны айдап бара жатқанда тұтқынға түседі. Сол кезде Сіз хат жазғаннан кейін, оны жолдастарымен босатып жіберіп, енді тыныштық орнайтын шығар десек, артынша Әділ мен

Қазыбек келіп 250 жылқымызды, Ақтыбай мен Нұрбай 80 жылқымызды айдап кетті» [5, 10 п].

Міне осы келтірілген фактілер орыс әкімшілігінің біріншіден, Жетісу жерінде саналы түрде жеке ықпалды тұлғалардың беделін әлсіретіп, оның іс-әрекетін орыс билігінің ыңғайына көндіру болса, екіншіден, Жетісу өлкесіндегі қазақ-қырғыз халықтарының, әсіресе, қазақ руларының ауызбіршілігін ыдырату, бір-бірімен араздастырып, орыс билігіне қарсы келетіндей күш қалдырмаудан тұрса, үшіншіден, Алатау округ бастығын ерекше билікпен қамтамасыз етіп, өлкені жеке-дара билеуіне жол беріп, қазақтардың соңғы тәуелсіздік ошағын сөндірді.

«Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (Грант № АП19676769) қаржыландырады»

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Материалы по истории политического строя Казахстана / Сост. М.Г. Масаевич. – Алматы: АН КазССР, 1960. – Т.1. – 441 с.
2 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 532с.
3 Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – Москва: Наука, 1980. – 280 с.
4 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 177-іс.
5 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 491-іс.
6 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 33-іс.
7 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1906. – Т.3. – 496 с.
8 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 11-іс.
9 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 17-іс.
10 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 227-іс.
11 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 94-іс.
12 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 141-іс.
13 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 156-іс.
14 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 189-іс.
15 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 514-іс.
16 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 427-іс.
17 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 370-іс.
18 Марков Е. Россия в Средней Азии. СПб., 1901.-541 с.
19 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 402-іс.
20 Сапаргалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. (1915-1917 гг.) - Алматы: Наука, 1966. -375с.
21 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 63-іс.
22 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 20-іс.
23 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). - Астана: Елорда, 2004.- 216 б.
24 ООММ. 366-қ., 1-т., 112-іс.
25 ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 50-іс.

THE BANKING SYSTEM OF CENTRAL ASIA IN THE XIX - EARLY XX CENTURY ON THE EXAMPLE OF PETROPAVLOVSK

Ismoilova P. Kh.
Lecturer, Department of History of Uzbekistan, Ferghana State University

The primary manifestation of the banking system in Central Asia can be attributed to the pre-revolutionary period. The reason for the bank's emergence in the Central Asian region was that the agrarian industry, particularly cotton farming, was developing in these areas. The development of industry, the transformation of cities into centers of economic life, the creation of joint-stock companies, and other changes in the economic system largely accelerated the expansion of the

network of banking institutions and strengthened the role of money in the development of the economy as the main means of buying and selling.

The development of the banking system in the Central Asian zone was gradual. At the beginning appeared district loan banks. It is reasonable to note that the development of cotton cultivation depended only on dekhkan * farms. However, dekhkans could not develop their farms without credits. The loans they received from local moneylenders were ruinous for them because of high-interest rates. Therefore, in the late 60s of the XIX century, tsarist officials concluded that to turn Central Asia into a source of raw materials, it was necessary to provide dekhans with small, affordable, government credit [1, 21]. However, in pre-revolutionary Kazakhstan, banks lent to the livestock sector and the bread trade [2, 123]. It was for this purpose that district loan banks were established. Khotamov N.B. emphasized in his paper that the district loan banks were unable to meet the growing credit needs of small producers [1, 22]. Nevertheless, this experience attracted the attention of Russian trading firms operating in Central Asia. Subsequently, these trading firms were more in need of free capital, which facilitated the opening of Russian banks. The need to establish a Russian State Bank in Central Asia was raised by Russian trading firms themselves, which were already operating in various parts of the region.

The beginning of the penetration of banking capital into Kazakhstan and the creation of a credit network in its territory dates back to the end of the XIX century [3, 23]. The first bank specifically the City Public Bank on the territory of modern Kazakhstan appeared in 1871 on 18 March in the city of Petropavlovsk, which was a part of Akmola province [4, 174]. N. Sadyrberkuly noted that the reason for the appearance of the first bank in Petropavlovsk was the development of the city's industry based on the processing of agricultural raw materials. The presence of large wholesale transactions and intercity trade forced Petropavlovsk merchants in 1865 to apply for the opening of a bank branch in the city. 1865 on opening a bank branch in the city [5, 312]. Thus, provincial Petropavlovsk, due to its advantageous economic and geographical position, eventually turned into a significant commercial and industrial center.

The fixed capital at the foundation of the bank was 40000 roubles, which was subsequently increased to 94,672 roubles as of 1 January 1895. Additionally, the reserve capital on 1 January 1895 was 23,000 roubles. [4, 175]. In a short time, the Public Bank quickly justified the expediency of its establishment with its solid capital and its large turnovers, which doubled and tripled annually.

For more than 10 years, the director of the city public bank was Alexander Alekseevich Andreev, a burgher from Yuryev-Polskii, Vladimir province. Andreev moved to Petropavlovsk in 1885 and joined the shop of a factory-trading partnership. "The Ovsyannikov brothers and A. Ganshin and his sons". The Ovsyannikov brothers and A. Andreev came from Yuryev-Polskoye, where the brothers had their manufactory. [6] From this, it can be assumed that this banking institution was in line with the economic policies of Russia. The Petropavlovsk City Public Bank became the original pioneer of banking in the Steppe region.

In 1885 Bibizuleikha Bayazitova, granddaughter of Ibatulla Bayazitova, who built a mosque in Petropavlovsk in 1857, donated 4 thousand rubles in favor of the mosque. This money was deposited in the Petropavlovsk public bank. From this amount were to take interest annually and spend it on the needs of the second mosque: repair, purchase of firewood and candles, and external improvement [7, 9]. Thus, from the mentioned information it is clear that in this bank it was possible to make a deposit and receive dividends.

As time passed, other branches of banks started to be founded in Petropavlovsk as well. The branch of the State Bank of Russia in Petropavlovsk appeared in 1881, and the branch of the Siberian Trade Bank in 1905 [4]. It is worth noting that the Siberian Trade Bank, established in 1872, was also the first joint-stock bank to open a branch in the Steppe region. Russian Commercial

and Industrial Bank (founded in 1889), which had large investments in lending for trade turnover. In 1904 it opened a branch in Petropavlovsk.

The Petropavlovsk branch of the State Bank with the authorized capital of 50 thousand roubles in the first year of operation was allowed to carry out the following operations: exchange and change of credit tickets, accounting of interest-bearing securities and coupons for up to 6 months, acceptance of amounts from treasuries, acceptance of deposits, loans on the security of interest-bearing securities (shares, bonds), acceptance of payments on term documents, purchase and sale of government securities.[6]. The Petropavlovsk Treasury of the Omsk Treasury Chamber was assigned to Akmola province. The operations of the Petropavlovsk branch of the State Bank grew from year to year.

By the beginning of the XX century, in the Petropavlovsk branch of the State Bank loans were used by 178 traders and industrialists for the amount of 1873 thousand rubles. 1873 thousand roubles, 2 times more than in 1900. The greatest specific weight, by the number of opened credits, is credited from 1 to 5 thousand roubles. - 117 loans, and in terms of the amount of open loans large clientele from 20 to 50 thousand roubles. - 20 loans for 740 thousand roubles, from 50 to 100 thousand roubles - 3 loans for 245 thousand roubles. 245 thousand roubles. In other credit institutions, the largest amount of loans was given by the cattle and meat trade - 41.5 percent of the total amount.

There were many merchants from Tashkent, Omsk, Lepsinsk, Karkaralinsk, and Pishpek among those who gave credit. Merchants of Kazakh nationality were credited by an insignificant number of 20-21 persons or 11.5 % of the total clientele. [5, 312-13]

Interestingly, the issues of insolvency of the borrowers of the Petropavlovsk Bank were also reflected in the periodical press. Hence, for example, in one of the newspapers one can find information about public auction in connection with the insolvency of the borrowers: “The Petropavlovsk City Public Bank announces that at noon on 19 February 1913 at the board of the bank the real estate belonging to Lieutenant Colonel Boris Alexandrovich Ossovskii, which is pledged to the bank, will be sold at a public auction for non-payment of payments due to the bank” [8, 119]

Overall, Petropavlovsk in the XIX - early XX centuries turned into a major economic and cultural center of the Kazakh steppe. The city was located at the crossroads of important trade routes connecting Central Asia, Siberia, and the inner provinces of the Russian Empire. The Petropavlovsk City Public Bank was the first specialized financial and credit institution in modern Kazakhstan. The bank brought modern financial services to the region and facilitated and improved the activities of local merchants while laying the foundations for the future development of the entire system. Moreover, the banking system represented one of the most important and integral structures of the market economy and national economy of the Steppe region. Thus, banking institutions, carrying out monetary settlements, provide crediting of the economy, acting as intermediaries in the process of capital redistribution. They significantly increase the overall efficiency of the production process, and contribute to the growth of public labor productivity.

The list of references and sources:

1 Хотамов Н. Б. Начало сева американского сорта хлопка в Средней Азии и роль российских банков для его развития //Историк (Муаррих). – 2023. – №. 1 (33). – С. 21-34.

2 Юшков К. М. Деятельность банковских кредитных учреждений российской империи в Средней Азии с 90-х гг. Xix В. По 1914 г //Проблемы истории, филологии, культуры. – 2005. – №. 15. – С. 122-125.

3 Фридман Ц. Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане //издательство" Казахстан", Алматы. – 1974. – С. 166.

4 Голубев А.К., «Русские банки. Справочные и статистические сведения о всех существующих в России государственных, частных и общественных кредитных учреждениях», Лештуковская Паровая Скоропечатня.

5 Садырбекулы н., Ковшова т. П. О страницах истории банковской системы СКО //будущее науки-2016. – 2016. – с. 311-314.
6 http://www.prospektsk.kz/
7 Шаблей П. С. Мусульманская благотворительность в Петропавловске в XIX–начале XX в //Гасырлар авазы-Эхо веков. – 2022. – №. 2. – С. 6-21.
8 Гермизеева В. В., Петин Д. И. Социально-экономическое развитие степного края в 1907-1914 гг. В зеркале официальной Омской периодики //Вестник Томского государственного университета. – 2022. – №. 481. – С. 114-126.

FORMATION OF THE URBAN POPULATION OF NORTHEASTERN KAZAKHSTAN IN THE 19th – EARLY 20TH CENTURIES (BASED ON THE EXAMPLE OF THE CITIES OF SEMIPALATINSK, UST-KAMENOGORSK AND PAVLODAR)

Kaliaskarova G., 2nd year PhD doctoral student
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Doctor of history sciences, professor **G. T. Musabalina**

During the years of power modernization, major changes took place in the socio-demographic structure of the population of Northern Kazakhstan, which began with mass peasant migrations from the central regions of Russia in the late XIX - early XX centuries. The urban population of North-eastern Kazakhstan was formed mainly through labor migrations, as well as through the so-called special settlers, and was quite heterogeneous in ethnic terms. The main characteristic of socio-demographic processes was the mass migration movement to Northern Kazakhstan from Russia, Ukraine, Belarus and other republics [1, p. 65].

Let's pay attention to the fact that two factors had a significant impact on the process of urban development. Firstly, the industrialization of the economy and the development of its various spheres contributed to an increase in jobs in cities, which contributed to the influx of labor from rural areas. Secondly, collectivization and mechanization of agriculture freed hundreds of thousands of people from manual labor, which also replenished the number of urban residents.

Many modern cities of Kazakhstan were originally erected as military-defensive fortresses. Over time, some of them were transformed into industrial centers (Ust-Kamenogorsk, Pavlodar) with the predominant settlement of the Russian ethnic group in them. Others, performing the functions of trade, cultural or administrative centers (Semipalatinsk, Shymkent, Kzyl-Orda), concentrated in themselves, along with the Russian population, a significant share of the Kazakh ethnic group [2. p. 53]. The functions of the city determined the specific ratio of representatives of various ethnic groups in it.

In the XVIII century, the territory of modern North-Eastern Kazakhstan was included in the sphere of interests of the Russian Empire and became one of its national outskirts. The need to expand the borders of the empire and protect the Siberian lands leads to the emergence of new fortresses and outposts in the region, a significant part of which are subsequently transformed into cities. Semipalatinsk and Ust-Kamenogorsk fortresses were founded at about the same time – in 1718 and 1720, and had a similar military and defensive purpose. In the future, Semipalatinsk becomes the center of transit trade between Russia and China, Mongolia, and some Central Asian khanates. Ust-Kamenogorsk, remaining aloof from active trade relations with neighboring states, for a long time carried only a defensive load. Only with the development of local industry by the middle of the XX century, positive trends are emerging in the economic life of Ust-Kamenogorsk. The city of Pavlodar, although it received the status of a city in 1861, also traces its history back to 1720, when the Koryakovsky outpost appeared in a number of military fortresses of the Russian

Empire on the Irtysh, so named because it was built next to warehouses of salt mined on Lake Koryakovsky [3, p.15]. During the second half of the XVIII century, the Irtysh fortification gradually lost its military and strategic importance. The Koryak outpost becomes one of the centers of salt production in Siberia [4, p.70].

The rapid pace of trade development in Semipalatinsk stimulated transformations in the economic, social, cultural and other spheres of city life throughout the XIX century. Thanks to trade, Semipalatinsk is expanding, whole shopping zones appear in it, including merchants' houses (combined into streets), shopping malls and squares, shops, banks, exchanges, assay chambers and so on. The city is ahead of other settlements, in particular, Ust-Kamenogorsk, both in terms of the number of retail facilities and the availability of health, education and cultural institutions. In other words, Semipalatinsk became the administrative, commercial and cultural center of the region by the beginning of the XX century.

In comparison with Semipalatinsk for socio-economic transformations Ust-Kamenogorsk, due to its remoteness from the caravan routes and the main commercial and industrial centers, was characterized by a significant lag. When laying the fortress, the Russian government intended to use it only as a support base, thus not building long-term plans for expansion and economic development. The features of the choice of the location and shape of the fortress, which were not adapted to the terrain and residence, can partly serve as confirmation of what has been said.

The Koryak outpost was transformed into the village of Koryakovskaya. The advantageous location of the village on the banks of a large navigable river, the proximity to the districts where lead, copper, and silver mining developed, the intersection of trade routes with the nomadic steppe - all these circumstances were very beneficial for the economic development of the village. It was the growth of the merchant class from the middle of the XIX century that contributed to the change in the status of the Cossack village. On April 4 (16), 1861, Koryakov received the status of a "minor city with the name of Pavlodar, in honor of the newborn Grand Duke Pavel Alexandrovich." Later, the city became the county center of the Semipalatinsk region [5, p.25].

Further economic and political processes in the cities of the region under consideration, due to their geographical features, significantly influenced the evolution of the social and ethnic structure, demographic processes in general.

At the end of the XIX century, Kazakhstan was an agrarian region. According to the First General Population Census of the Russian Empire in 1897, the population in it was 4 million 333 thousand people, the vast majority of whom were residents of rural areas — 3,882,350 people, or 93.6%. Slightly more than 6% of residents of Kazakhstan lived in 22 cities.

20.2 thousand people lived in Semipalatinsk . The national composition of the population of Semipalatinsk at the turn of the XIX–XX centuries is characterized by ethnic mosaic. Russians, Kazakhs, Tatars, Uzbeks, Kalmyks, Jews, Poles, Germans and other ethnic groups were represented in it. The largest share in the population of Semipalatinsk, according to the census of 1897, belonged to Russians – 42.3% [6]. 14] The development of trade and the higher socio-economic status of Semipalatinsk contributed to the influx of population to the city from different regions, the growth of "Asian elements" in it. As a result, by the beginning of the XX century, Semipalatinsk became "one of the largest cities of pre-revolutionary Kazakhstan" in terms of the number of inhabitants [7, p. 11].

Ust-Kamenogorsk was characterized by moderate population growth rates. So, in a little more than a hundred years, from 1720 to 1825, the number of inhabitants of the fortress increased by only 671 people. At the time of the first All-Russian population census, the number of residents of the city was 8,721 people, that is, it increased by 7,417 people in comparison with 1825. [8, p. 264]

7.7 thousand people lived in Pavlodar at the time of the census. In the process of joining Russia, and then the resettlement movement, a multinational population structure gradually developed in Kazakhstan. There were several sources of replenishment of the number of citizens of the South Siberian suburbs. The Russian urban population grew as a whole at the expense of employees of the administrative and bureaucratic apparatus, military personnel from the local garrisons, Cossacks and exiles. The increase in the number of Russians was also facilitated by the resettlement movement of peasants from the inner provinces In Russia, some of them settled in the city. The next factor in the growth of the number of citizens is the development of trade, which led to an increase in the number of Tatars, Sarts (Uzbeks), Kazakhs and some other ethnic groups. According to the First General Population Census of the Russian Empire in 1897, more than 60 nationalities lived in Kazakhstan, of which Kazakhs made up the majority — 3,392.7 thousand people, or 81.7%, Russians - 454.4 thousand (10.9%), Ukrainians-79.5 thousand (1.9%), Tatars - 55.9 thousand (1.34%), Uighurs - 55.8 thousand (1.34%), Uzbeks - 29.5 thousand (0.75%), etc.[9]

It has already been noted that since the second half of the XIX century, urbanization processes have been observed among the Kazakhs, when elements of withdrawal and settling of some part of it began to manifest among the nomadic population. However, guided by the above statistical data on the number and specific weight of Kazakhs, the formation of urbanization trends can be attributed only to Semipalatinsk. Here the most prosperous part of the urban Kazakhs engaged in trade. The impoverished and ruined nomads (jataks) also moved to the city due to the loss of livestock. In some sources of the studied period, cattle breeding is considered as a type of economy associated with risk and being excessively dependent on weather and climatic conditions [10].

Thus, the statistical data presented above on the ethnic composition of the urban population of North-Eastern Kazakhstan of the period under review allow us to state the following. Despite the dominance of the Russian ethnic group in these, it is still possible to trace differences in the ethnic ratio of the urban population. In Ust-Kamenogorsk and Pavlodar, the Russian population was the overwhelming majority. The weak representation of Kazakhs in the structure of the city's population, as well as the relatively low growth rates of its population, do not allow us to fully say that urbanization here had the features of an established trend. Socio-economic and political processes characterizing the subsequent Soviet period consolidated these features of the ethnic ratio [11, p. 55].

The formation of the foundations of the planning framework of cities was largely influenced by the development of transport infrastructure – land, river and railway tracks. Often the first streets were built up parallel to the river bank or coincided with caravan roads and highways that passed through cities. Ust-Kamenogorsk, Omsk streets in Semipalatinsk testify to the existing transport connection between these cities by means of caravan roads or postal routes. The development of transport also influenced the emergence of workers' settlements near railways and wharves. The region of North-Eastern Kazakhstan was a large economic and industrial center with a pronounced agrarian orientation, which influenced the peculiarities of the formation of cities and urban culture, as well as the formation of a special contingent of the urban population, most often of migrant origin.

At the moment, it is difficult to predict the choice of options for the further formation of urban space in Kazakhstan. At the same time, there is no doubt that urbanization is becoming the leading trend in the development of modern Kazakhstan.

The list of references and sources:

1 Asylbekov M.H., Galiev A.B. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.) – Алматы, 1991. – 288 с.

2 Alekseenko A. N.. Место встречи Усть-Каменогорск: два мира, два образа жизни в по- исках взаимодействия и сотрудничества. Алматы: Курсив, 2016. 141 с.
3 Sokolkin E.D. Павлодар – Алма-Ата, 1982 – 96 с.
4 Наш Павлодар. – Алма-Ата, 1970.– 70 с.
5 Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Павлодар, 2003.–652с.
6 Adilbaeva A. S. Социально-экономическое и культурное развитие городов Восточного Казахстана в конце XIX – начале XXI в.: Автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Семей, 2010. 45 с.
7 Kasymbayev Zh. K. Города Восточного Казахстана в 1861–1917 гг. (социально-экономический аспект). Алма-Ата: Гылым, 1990. 184 с.
8 Shcherbik G. A. Усть-Каменогорские предания. Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2003. 264 с.
9 The first General Population census of the Russian Empire. St. Petersburg: Center. stat. com. Ministry of Internal Affairs, 1905. Vol. 84. 152 with
10 Overview of the Semipalatinsk region for 1906. Semipalatinsk: Type. region. board., 1907. 121
11 Masanov N. E. Interaction of migration systems of Kazakhstan, Russia, China and Central Asia Asia // Modern ethnopolitical processes and migration situation in Central Asia Asia. M., 1998. pp. 55-66.

СЫРДАРИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОҚАН ЖӘНЕ ХИУА ХАНДЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ 30-40 ЖЖ.)

Махамбетжанов Д.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1- курс магистранты

Сейтказина К.О. т.ғ.к., доцент
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ресей империясының саясаты Қазақстанда Сырдария мен Әмудариясы және Орта Азиялық хандықтарды басып алу үшін әскери база ролін, сонымен қатар керуендердің жүруін қамтамасыз етуге қажетті бекіністерімен Орта Азиялық хандықтардың иеліктеріне бағытталды. Қырым соғысында жеңіліс тапқаннан кейін патшалық Ресей Орта Азиядағы жаңа жерлерді басып алу арқылы, шығындардың орнын толтыруға тырысты. Патша әскерлері Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария, Барсұқ және Үстірт аудандарын басып алды. Бұл территориялар орыс бекіністерімен қоршалды, Қырым соғысы кезінде 1853 жылы Ақмешіт басып алынып, екі бекініс салынған болатын: бірі - №1 форт деп аталған (Қазалы) Сырдарияның басталар жері Қазалы тармағы, екіншісі – Ақмешіт жерінде [1].

Бекіністер салу арқылы патша үкіметі жылдан-жылға Бұқар, Хиуа, Қоқан хандықтарының шекараларына жақындай отырып, Орта Азияға ішкерілей ену үшін жоспарлар жасады. Мұның жолында кіші жүз қазақтарының ірі руының қоныстары орналасқан: шөмекей, төртқара рулары. Олар Ресей сияқты өздерінің иеліктеріне Арал және Сырдария территориясын қосуға тырысып, Хиуа мен Қоқанға қарсы үздіксіз күріс жүргізіп, өздерін тәуелсізбіз деп санады. Перовскі жорықтарының сәтсіздігінен күш алған Хиуа Сырдарияға қарсы қозғалысын бастады, яғни Сырдария Кіші жүз қазақтарына әскери шапқыншылық пен бекіністер салуды мақсат етті. Шекті, шөмекей руларының қазақтары солтүстік Ресейден, Оңтүстіктен Хиуа мен Қоқандар жағынан қыспақта болды. Осы кезеңде Хиуа мен Қоқандағы феодалдық құрылыс тауар-ақша қатынасының дамуымен ыдырады. Феодалдық қатынастардың ыдырау процесі ішкі себептердің және сырттан енген сауда капиталистерінің тегеурінінің әсерімен жүрді. Феодалдық мемлекеттікке тән Хиуа мен Қоқан хандықтарының басып алу әрекеттері, тонаушылық, варварлық сипат алды және жоспарлы экономикалық ілгерілеушілікке қарағанда әлсіз әскери қатынас Ресейге қарағанда күштірек Хиуа мен Қоқан хандықтарының мұндай әрекеттері олардың шекараларына бұл территориялар тікелей жанасқандықтан көрінеді. Бағындырған қазақтарға қатысты Хиуа мен

Қоқан хандықтарының барлық саясаттары күштеу мен зорлық-зомбылықты, тонауды көздеді[2].

Отаршылдық саясатының мұндай жеңісімен рухтанған Мұхаммед Рахым ішіндегі алауыздыққа тиым салып, солтүстіктегі көршілерінің бірі болған Сырдария қазақтарын жаулап алуға кірісті. Ол үшін Әмудария мен Сырдарияның арасына тез арада бекіністер салдырды. Олар Дәуқара теңізінің төңірегіне, Жаңадария мен Қуаңдария бойларына орнатылды. Бекіністерді салуды ертедегі ірі-ірі қоныстарды пайдаланып, олардың үстіне жаңа әскери бекіністерді тез арада салып шықты. Сондай жолмен Мехтерқала, Қылышқала, Қорғанша және тағы сол сияқты Жаңақала бекінісін салады . 1820 жылдардан бастап Хиуа хандығы Жаңадария, Қуаңдария және Қызылқұмнан өтіп, Қосқорағаннан (қазіргі Жосалы станциясы) Арал теңізіне дейінгі аралықтағы Сыр бойын мекендеген кішкене - Шектілердің: Жиеней; Жолшора, Асан, Үсен, Құрманай, Құттық руларына және Төртқара, Қарасақал, Жанқабыл, Керейт, Жанқылыш, Шөмекей руларына дүркін-дүркін шабуыл жасап, барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Олар екі-үш мыңдаған әскерімен Арал теңізінің Солтүстік-Шығыс жағындағы Ақирек, Атанбас және Қамыстыбас көлдерінің жағасына дейін барып, қазақтардың ауылдарын шауып қайтып тұрды. Бұндай жорықтар, әсіресе малы жоқ, тек егіншілікпен ғана айналысып отырған қазақ диқандарын жоқшылыққа, қайыршылыққа ұшыратты. Азын-аулақ малы бар шаруалар Қарақұм, Ырғыз бойына барып, Жанқожаның төңірегінде болды. Жанқожа жаудың иегінің астында отырмады, себебі, шапқыншылық кезінде жақын жерде отырып, аз уақыт ішінде сарбаз жинап алуға мүмкін емес еді. Хиуа ханы алдына екі мақсат қойған: біріншіден, Сырдың төменін басып алу; екіншіден, Ресейдің Бұхарамен жүргізіп жатқан саудасын тоқтату және оның Орта Азияға жақындауына тосқауыл жасау. Осы мақсаттарды алдына қойған Мұхаммед Рахым алдымен өздеріне жақын орналасқан қазақтарға ауыр салықтар "зекетін салған. Жергілікті тұрғындар «Біздер Ресейдің қол астындағы халықпыз, Хиуаға салық төлемейміз» деп зекет төлеуден бас тартқан. Себебі Кіші жүз бұл кезде Ресейдің қол астындамыз деп есептеген. Мұны көрген Мұхаммед Рахым салықтар салып, оларды жинау үшін дүркін-дүркін өзінің нөкерлерін (әскерлерін) жіберіп тұрады. Хиуадан келген салық жинаушыларды қазақтар ұстап алып, оларды Орынбор генерал губернаторына жөнелтіп тұрған. Бұған шыдай алмаған Мұхаммед Рахым қазақтардың экономикалық және әскери ахуалын, феодалдардың арасындағы алауыздықты пайдаланып, оларға бірнеше шабуыл жасайды. Біріншісі, 1807 жылы болады, мұнда қазақтар көп адамдарынан айырылып, Қарақұмға дейінгі қыстауларынан ығыстырылды. Бұдан кейін Мұхаммед Рахым үш рет - 1812, 1816 және 1820 жылдары қазақтар қонысының ойранын шығарды. 1820 жылғы шапқыншылық елді неғұрлым жұтатып тастады, онда бірнеше жүз қазақ қаза тапты, 1000 әйел тұтқынға алынды, 65 мың қойды, 15 мың түйені, 7 мыңнан астам жылқыны айдап әкетті [3].

Кіші жүз қазақтарының арасында Хиуа үкіметінің агенті болған Қайыпқали Есімов Хиуа ханына қызмет жасады. Хиуа ханымен сатып алынған сұлтандар оған қазақ халқын тонауға көмектесті. Олар хан үшін зекеттер мен ұшырлар жинап, Сырдария қазақтарына және тонауына қатысып, Шекті, Шөмекей қазақтары мен Хиуаға бағынбаған басқа да рулардың арасындағы өзара рулық қақтығыстарды тудырып отырды. 1847 жылы Жанғазы Хиуа бекінісі Жаңақаланың бастығы болған. Еңбекші бұқара феодалдарды жек көрді. Сондықтан олар халық арасында беделге ие болмады және Кіші жүздің феодалдық топтарынан да қолдау таппады.

Перовскийдің 1839 жылы Хиуаға жасаған белгілі экспедициясынан кейін Хиуа ханы өзінің солтүстік-батыс шекарасы үшін қатты мазасызданатын болған. Ол жаңа әскери жорықтың қайталануын күн сайын күткен. Шынында да патша үкіметі жорықты қайталауды

ойластырған еді. Генерал-адъютант Перовский хабарының соңғы бетіне Николай І-нің өз қолымен жазған шешімі осыны дәлелдейді: "Аянышты! Өте аянышты, бірақ құдай маңдайларына жазған істен қашып құтылмақ емес, оған мойынсұнулары керек. Енді алғаш сәті түскен бойда-ақ экспедицияны қайталау үшін кідіріссіз шара қолдану қажет".Хиуаның ауыр езгісін көрген қазақтар оның билігінде қалғысы келмеді. 1839 жылы Хиуа экспедициясына қатысушы Н.Иванов былай дейді: "Жергілікті қазақтар Хиуа жорығын құптай отыра: "Егер ол тұтқындалатын болса Аллақұлдың өз басы аман қалатыны рас па?" - деп сұрады. "Жоқ" деген жауапты естіген соң олар: "Бұл жақсы болғанымен қасқырды еркіне жіберуге болмайды. Жауды аяған - жаралың деп, өз ойларын білдірді[4].

1834 жылы Ново-Александров қамалынан Хиуаға жіберілген армян Тұрпаев та осыны айтады. Жолда кездескен қазақтар өздерінің Хиуа шенеуніктерінен қиянат көріп отырғандарын білдірген. Тұрпаев: "Қазақтар Хиуа ханының өздеріне жасаған қиянатын айтты, соның бұйрығымен бұдан үш жыл бұрын бұлар тоналыпты, сол жылы 400 қазақ бауыздалған, 40 әйелді күң етіп алып кеткен. Оның үстіне бұлар астық және тауарлар тасыған кезде өкіртіп салық салады, түйе басынан 5 сомнан кейде одан да көп ақша алады десті, орыс үкіметін мақтап, тек соған ғана бағынғысы келгендерін айтты" - деп жазды [5].

Хиуада дипломатиялық сапармен болған Данилевскийдің мәліметіне сүйенсек, хиуалықтар көшпелі қазақтардан 1 миллион сом ассигнация көлемінде салық жинаған, ал жыл сайын хан қазынасына 3 миллион сом көлемінде түсіп отырған [6].

Қоқандықтар Байқадам жинаған салықтарын бізбен бөліссін деп өздерінің өкілдерін жібереді. Ақырында келіспеушіліктің нәтижесінде Байқадам 6- 7 қоқандықты өлтіріп, олардың бастарын хиуалықтарға тапсырады. Осы кезде Жанқожаның ағасы Ақмырза төртқара руының бірсыпыра ауылдарының биі еді. Ол Хиуа бектеріне алым салық, яғни қой беруден бас тартты. Қарамағындағы ауылдарды қамқорына алып отырды. Бірақ осынысы үшін хиуалықтар оны Сырдария өзеніне суға батырып жіберген[7]. Сол үшін Ақмырзаның туыстары және қазақтардың әр түрлі тобынан жиналған топ 1836 жылы күзде Троицкіге шыққан хиуалық керуенді тонап, 150 түйені тартып алған. Бұл қорлыққа шыдамаған Жанқожа ту Қырдан арнайы жалғыз келіп, Ақиректе бұның жолын тосын жатқан түрікпен Аман балуанды (кейде Айтмұхаммед деп атайды) жекпе-жекте бауыздап өлтіріп, кегін алады [8].

Өздерінің қазақтарға жасаған шексіз зұлымдығына қарсы шыққан Жанқожа бастаған кішкене шектілерді оңайлықпен бағындыра ра алмайтындығын білген хиуалықтар өз үстемдігін Сыр бойына берік орнату ниетімен, 1839 жылы Сырдың сол жағасынан 14 шақырым, ортағасырлық Жәнкент қаласының орнынан оңтүстік-батысқа қарай 9 шақырым жерден бекініс салады. "Бесқала немесе өзінің бастығы Бабажанның атымен аталған бұл бекіністің салыну мақсаты - Сырдың екі жағында көшіп жүрген, Хиуа хандығына зекет төлеуден бас тартқан кішкене-шектілерді әскер күшімен бағындыру еді. Сондай-ақ, қазақтар әр он бес малдан бір бас зекет, әр он қап астықтан бір қап астық үшір төлейтін болды. Онымен қоймай, енді Бабажан бекке кезектесіп қырқылмаған бір жорға қозы тауып беріп отыру күнделікті салық түріне айналды, халықтың малы мен дүние мүлкі талауға түсті [9]. Бекініс салып, әскер ұстаған хиуалықтар енді алым салықты бұрынғыдан да күшейтті. Мұндай айуандыққа төзе беруден шаршаған, ар намысы аяққа басылған Сырдың халқы енді Жанқожаға қайта-қайта хабар жіберіп жатты. Бұдан артық төзудің мүмкін еместігін біліп, батыр Бабажанның бекінісі Бесқаланы қоршап жатқан 2000-нан астам қазақтарға 1842 жылдың күзінде Қаракесек руының қолбасшысы Ақтан батыр 500 сарбазымен келіп, көтерілісшілермен бірге бекіністе шабуыл жасаған. Көтерілісшілер Хиуаның бекінісінің күл-талқанын шығарады. Одан кейін Қоқанның салық жинаушысы Имағамбетті Бабажанды Жанқожа батыр өлтіріп, оның ұлы Майқараны тұтқынға алады. Осы жағдайдан кейін патша

үкіметі кішкене-шекті руының батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлын Қоқан және Хиуалықтарға қарсы соғыстағы ерлігі және патшаға адал қызметі үшін мынадай сыйлықтармен марапаттайды: 1) 1846 жылы Орынбор шекаралық басшысы тарапынан қаптал шұғалы шапан (шекпен), оқа және 200 сом күміс ақша берілді. 2) 1847 жылғы қызметі үшін Анненский лентасымен ынталандырды (4 наурыз 1847 жылғы осы жөніндегі қатынас қағаз). 3) 1848 жылы хиуалықтарға қарсы ұрыста көзге түскені үшін есауыл шені берілді.

1847 жылғы 4-маусымда Жанқожа Нұрмұхаммедұлы Сырдың оң жағалауындағы Қарақұм, Борсық қазақтарының және Райым бекінісіне дейінгі аралықтағы көшпенділердің басшысы болып сайланды. Осы сыйлықтарды беру үшін Орынбор шекаралық комисияның басшысы Ладыжинский өзінің көмекшісі, шенеунік Бигловқа Жанқожаны Орал бекінісіне шақыруды тапсырады. Биглов үкімет алдындағы қызметі үшін батырды мадақтау туралы хабарлайтын және сыйлықтарды алып кету үшін бекініске келуін сұрайтын хатын екі қазақ жігітіне апарып беруді тапсырады. Жанқожа Ресей алдындағы еңбегі туралы айтылған хатты жіберілгендерге төрт рет оқытады және барудан бас тартады. Бигловқа жазған жауабында Жанқожа: "Сіз жіберген адамдарды көріп, сіздің сөзіңізді тыңдадым және берген сыйлықтарыңызға разымын. Бірақ, бұндай ілтипатқа бөлене алмаймын. Мен орыс үкіметіне ешқандай қызмет атқарған жоқпын, сондықтан бұл сыйлықтарды ала алмаймын. Бекініс басшысы, майор комиссия мүшесі Салих мырза бұл заттарды алмағаным үшін мені кінәләмаңыз. Орыс жағына менің жаман ойым жоқ [10].

Сырдарияның төменгі ағысына қарай ресейліктердің жылжуы Хиуа үкіметін қатты алаңдатты. Хиуа билеушілері бұл аумақтағы барлық Сырдария қазақтарын бағындырып, өзеннің төменгі ағысын тірек қылғысы келді. Әрине, бұл әрекет сәтсіздікке ұшырады, өйткені экономикалық, мәдени және әскери жағынан артта қалған Хиуа күшті қарсыласқа қарсы тұра алмады. Мұнда, яғни Сырдарияның төменгі ағысында және Арал теңізінің жағалауындағы Үлкен және Кіші Борсыққұмында Кіші жүздің бірнеше ірі рулары Шөмекей, Төрткара, Шекті және Каракесек рулары болды. Қоқан басып алған аумақтардағы қазақтардың жағдайы, әсіресе, Ақмешіт бастығы Якуббек тұсында ауыр болды. Оларға Жанқожа бес жүз қазақпен шабуыл жасап, тонап, малдарын ұрлап кетті. Қазақтар бекіністен тапқан барлық мүлікті айналадағы халыққа таратты. Осыдан кейін Жанқожа тағы да өзінің көшпенді халқы орныққан Ақирекке оралды.

Орта жүзде Қоқан хандығына қарсы күресті Кенесары Қасымұлы басқарды. Кенесары Қоқан үкіметіне соншалықты қарсы болды. Өйткені, Кенесарыға қоқан бекінің билігі мен езгісінен арылғысы келген бұқараның талаптары үлкен көлемде көтеріліс жасауға мәжбүрледі. Екінші жағынан, Кенесарыны әкесі Қасым мен ағасы Саржанның өлімі үшін Қоқаннан кек алу ниеті де соққы беруге итермеледі. Сонымен бірге Кенесары Қасымұлы Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы Қоқан билігін жою оның хан ретіндегі беделін көтеріп, мұндағы билігін күшейтеді деп үміттенді. Созақты қоршау аяқталғаннан кейін Жанқожа Кенесарадан осы аймақтан кетуін сұраған. Бұл туралы Мұсабай жыраудың дастанында: «батыр Жанқожа Созақтан кейін басқа қалаларды алып, қайтып оралды, бірақ кетер алдында Кенесары ханға: енді қайтыңыз, бұл қарапайым халықтың ішкі және қоғамдық істеріне араласпаңыз және әскердегі барлық қазақтарға жақсылық жасайтын жақсы адамдардың істеріне араласпаңыз». Мұнда, Жанқожаның сұлтанға қарсы көзқарасы көрінеді. Көп ұзамай екеуінің арасында алшақтық байқалды. Батыр мен сұлтан арасында туындаға түсініспеушіліктер осы келіспеушіліктерді толықтай рәсімдеуге және түпкілікті ажырауларына себеп болды.

Жоғарыда келтірілгендерге сүйенсек, Жанқожа Хиуа мен Қоқанға қарсы күш іздеп, Ресейге қарай бет бұрды. Осы кезеңде Хиуа мен Қоқан Сырдария қазақтарына Ресейге қарағанда үлкен қауіп төндірді. Сондықтан Хиуа мен Ресейдің Сырдария территориялары

үшін күресте қазақтар көбінесе орыс билігінің жағында болды. Райым бекінісінің бастығы полковник Ерофеевке жазған хаттарының бірінде Жанқожа былай деп жазды: «Егер сіз көмек бермесеңіз, мен өзімнің қазақтарыма кепілдік бермеймін [10].

Сырдария өзенінің сол жағына қарай кейбір рулар өтеді, содан кейін біздің халық қырғынға, тонауға ұшырай бастайды. Мен өтінішімді қайталаймын - мені жаулардан қорғаңыз, орыстардан басқа, менің достарым қалмады». Бірақ батыр Ресей империясының қолшоқпары болғысы келмеді. Батыр Ресеймен қарым-қатынасын шекара билігі қалағаннан гөрі басқаша қарастырды. Жанқожа патша үкіметін Хиуаның агрессивті әрекеттеріне қарсы сауда қатынастары мен әскери одақпен ғана шектеуді көздеді. Батыр тіпті вассалдық қарым-қатынас туралы ойлаған жоқ. Мысалы, Раим бекінісі салынып жатқан кезде батыр шекара билігіне былай деп жазды: «Біз орыстардың қазақтар даласында бекініс салғанына таң қаламыз. Бейбітшілікпен - біз тынышпыз. Саудагерлерді жіберіңіз» [10].

Бірақ патшалық Ресей Сырдария жағалауында мықтап тұрып, Сырдария даласына жаңа бекіністі әскери желісіне зеңбіректерінің орналастырып, қоныстандарды. Жаңа жаулап алушылардың отаршылдық езгісі осы жерде барлық күшпен көріне бастағанда, Жанқожа батыр патша үкіметіне қарсы шықты[11].

Қорытындылай келсек, қазақ жерінің оңтүстік бөлігі XIX ғасырда отарлаушылардың мүдделі аймақтарына айналғаны анық. Аталмыш аумақта мекендеген жұртымыз үшжақты қыспақта қала отырып, күрестерін жүргізе берді. Күрес басында халық арасынан қолдау тапқан Кенесары хан және Жанқожа батыр секілді азат рухты қаһармандар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Якунин А., Шахматов В., Восстания в Казахстане в 50-х годах XIX века. А., 1940, с. 70-71.
2. История Узбекской ССР, том 1, Ташкент, 1967, с. 666.
3. Қазақ-қоқан қарым-қатынастары (XVIII-XIX ғ.ғ.)-Қызылорда, «Тұмар» 2006 – 212-213 б.б.
4. Иванов Н., Хивинская экспедиция 1839-1840 г. Очерки и воспоминания очевидца. СпБ, 1879, с. 85.
5. «Дневник переводчика армянина Турпаева, посланного в 1834 году из Ново-Александровского укрепления в хиву» и «Туркестанский сборник» 1867, т. IV
6. Данилевский Г.И., Описание хивинского ханства. Записка ИРГО кн. 5, 1851, с. 156-157.
7. Казахско-русские отношения XVIII-XIX вв., А., 1964, с. 278-279 ; Ресей империясы сыртқы саясат мұрағаты (РИССМ). Бас мұрағат қоры 1-9, 5 іс, 356-362 Б.
8. Қаназ М., Жанқожа, А., 2001, 231 бет.
9. Оспанов Ә., Хан Сырлыбай, А., 2001, 112 бет.
10. Рязанов А.Ф., Кенесары Қасымов көтерілісі, 3 бөлім, 84 бет (ҚРҒА.ОҒК).
11. Шоинбаев Т.Ж. Восстание сырдарьинских казахов под руководством Жанхожи Нурмухамедова (1856-1857). А., 1949, 29 -52 б.б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИЦИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ныгметова Ж.Т.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «8D02202-Тарих» ББ докторанты
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

Этникалық репатрианттар мәселесі Тәуелсіздік жылдары кеңінен орын алды. Бұның басты себебі Қазақстан Республикасының 1991 жылдан бастап шетелдегі қазақтарды өз отанына қайтуға жан-жақты қолдау көрсетуінен, ұзақ уақыт сыртқары аумақтарда тұрған қазақтардың атамекендеріне оралуға құштарлығымен тікелей байланысты. Тәуелсіз Қазақстанға қандастардың оралуы, олардың жаңа ортаға бейімделуі, интеграциялануы тәрізді күрделі мәселелерді күн тәртібіне шығарды. Бұл отандық ғалымдарың өзекті мәселелерге зерттеу жүргізуіне түрткі болды.

Әлемдегі маңызды мәселелердің бірі этникалық миграциялар болып табылады. Этникалық миграция бірінші орында этникалық фактордың ролі үстем болатын хылықтың көшіп-қонуы [1, 335]. Репатриация деп эмигранттардың тарихи отанына қайта оралуын айтамыз. Бұл термин реэммиграция ұғымымен қосарлана қолданылуы, синоним ретінде пайдалануын көреміз [1, 238].

Этникалық репатриация - бұл Қазақстанның жаңа мемлекет пен қоғамның қалыптасуында көпқабатты циклдық дамушы процестердегі миграциялық саясатының компоненті болып табылады. Нақтырақ, этникалық репатрианттардың келуі мемлекеттің ең басты стратегиялық саясаты, идеологиясы деп айту керек. «Репатриация» ұғымына түсінік бергенде шетелдердің аумағындағы өмір сүретін отандастарды өзіндік тарихи Отанына көшуін көрсетеді.

Тұжырымдай келе, этникалық репатриация дегенміз - бір этностың сыртқары аумақтарындағы диаспораларының тарихи отанына қайта оралуын көрсететін ұғым.

Алғашқы 1997 жылы қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы заңындағы шет елден оралған этникалық репатрианттарға «оралман» термині белгіленеді. Ол заңнамаларда «репатриант» немесе «оралман» – саяси қуғын актілерінің, заңсыз реквизициялар, күштеп коллективизациялау, әрекеттердің себебінен тарихи мекенінен басқа да жерге қуылған, сондай-ақ азаматтығынан айрылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен, өз еркімен қоныс аударғандар байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары» деп көрсетсе, ал 2003 жылдың наурыз айында «Халықтың көші-қоны» туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп Заңның 1 бабына сай оралман: қазақ ұлтты және азаматтығы жоқ, Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келеген шетелдік азаматтар болып табылады [2] деп анықтама берген. Кейін, «Халықтың көші-қоны» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477 – IV заңына сай («оралман» термині ҚР 13.05.2020 № 327-VI Заңымен «қандас» мәтініне өзгертіліп қолданысқа енгізілді), осы Заңда этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелерін айтамыз. Репатрианттардың елге оралу мәселесін айқындайтын бір құжат «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдасамы» [3]. Осы құжат репатрианттардың көшу бойынша сұрақтарын шешуге бағытталып, сондай- ақ, олардың жаңа этникалық ортада бейімделу мәселелерін қамтыды, алайда қабылданған құжаттар халықаралық заңдылықтардың қойған базалық талаптарына толығымен жауап бере алмады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстанда миграциялық үдерістердің күшейгенін атап өтуіміз керек. Қазақстаннан 2 миллионға жуық адам сыртқа кетті. Ал миграциялық өсім алыс шетелдерде және ТМД аумағында өмір сүріп жатқан қазақтардың тарихи отанына қайта оралуының нәтижесінде ғана жүзеге асты. Қазақстан Республикасында «Иммиграция туралы Заң» қабылданып, репатриацияға жыл сайын квота бөліне бастады. Мәселен, 1993 жылы 10 мың отбасы, 1994 жылы 7 мың отбасы, 1995 жылы 5 мың отбасы, 1996 жылы 4 мың отбасы, 1997-1998 жылдары 3 мың отбасыдан, ал 1999 жылы тек 500 отбасыға квота бөлінді [4].

1991 жылы басталған реэмиграция үдерісі нәтижесінде ТМД елдерінен, Моңғолия, Иран, Қытай, Түркия елдерінен этникалық қазақтардың отбасылары Қазақстанға көшіп келе бастады. Ресейдегі қазақ диспорасы негізінен Қазақстанмен шекаралас аймақтарда мекендегендіктен миграциялық үдеріске үлкен үлес қоспады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 74,3 мыңға жуық этникалық қазақ оралған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи отанына оралған қандастарымыз жұмысыздық, баспананың жоқтығы тәрізді қиындықтарға тап болды. Бұл жерде бюджеттен бөлінген

қаражаттың миграциялық қызметтің шенеуніктерінің жемқорлығы нәтижесінде қажетті тұтынушыларға дейін жетпеуін де айтуға болады. Сондай ақ, реэмиграциялық үдеріс саны жағынан да сапасы жағынан еңбек ресурстарының шығынын өтей алмады. Этникалық репатрианттардың аздаған бөліктерінің кері оралу үдерісі негізінен тұрмыс-тіршілігінің қиындығына, экономикалық дағдарысқа және бейімделудің күрделілігіне байланысты болды [5]. Аталған еңбектерде Қазақстанның этнодемографиялық тұрақсыздығын қалыптастырудағы репатрияцияның ролін көрсетіп, өсудің немесе ұлғайюдың этногенетикалық факторларына сүйенеді. Сонымен қатар аталған еңбектерде Қазақстан аймақтарының әлеуметтік мәдени кеңістігіне көші қон және иммиграциялық үрдімтердің әсерін, этносаралық өзара әрекеттестікке, этноәлеуметтік құрлымға, бейімделу стратегияларына және т.б. мәселелер қарастырған. Авторлар көшіп кету мен көшіп келу арақатынасына назар аударған.

Алыс шетелдерден тарихи отанына келуші этникалық репатриантардың мәселесі Қазақстан Республикасының иммиграциялық саясатынның кемшіліктерінен туындады. Ол әсіресе 2000 жылдарға дейін анық байқалды. Осы уақыттарда туындаған бірнеше мәселелерді атап өтуге болады:

• Шетелдік азаматтықтан шығуға байланысты тиімді үкіметаралық келісім-шарттардың және қазақстандық азаматтықты беруге байланысты жылдам механизмдердің болмауы;

• «Миграция туралы» Заңның үкіметтік актілер және қаулылармен қабыспауы;

• Ауыр экономикалық жағдай, мемлекеттік көмектің аздығы, тұрғын үймен қамтылмауы, жұмыссыздық;

• Орыс тілін білмеуден тілдік кедергінің қалыптасуы және бейімделу орталықтарының жоқтығы;

• Миграциялық қызметтердің жемқорлығы.

Бұл мәселелер Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы барысында шешімін таппады және таяу және алыс шетелдерден репатрианттардың жаңа толқынын қабылдауға кедергі келтірді.

Тәуелсіздікткің екінші он жылдығында қандастар бірнеше көші-қон мәселелеріне байланысты өз тараптарынан қоғамдық бірлестіктер, ақпараттық сайттар құра бастады. Құзырлы органдарга жеткізу мақсатында, қандастардың тыныс тіршілігіне қатысты 2006, 2008-2009, 2011, 2012 жылдары «Асар» қоғамдық бірлестігі және Дүние жүзі қазақтары қауымдастығның филиалдары республикалық, облыстық деңгейде, аудан қалааралық конференция, дөңгелек стол, семинар, тренингтер өткізіліп,өзекті мәслелерді талқыға салып, сараптап оны шешу жолдары мен ұсыныстарын, билік құзырлы мекемелерге уақтылы жеткізіп, мәселенің оң шешімін табуға өз қолғабыстарын тигізіп келеді. Осы жылдары «Қайран елім» сайтын ашып әлемнің 20-дай еліндегі қандастармен қарым-қатынас орнатып, көш, қандастар тыныс тіршілігіне қатысты барлық жетістіктер мен мәслелер бойынша жұртшылықпен күнделікті байланысқа шығып, пікір алмасып отырды [6, 37-44].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі N 859 қаулысына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі құрылды:

1. "Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы" Қарағанды қаласы.

2. "Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы" Шымкент қаласы.

3. "Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы" Оңтүстік Қазақстан облысының Ақсукент ауылы [7].

Аталған қалаларда орталықтар өз жұмыстарын бастап кетті. Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, ал осы заңда оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы - оралмандардың және олардың отбасылары

мүшелерінің уақытша тұруына және оларға бейімделу қызметтерін көрсетуге арналған орын деп анықтаған, осы орталыққа орналасуына байланысты оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығына жолдама алған кезде үш күннің ішінде сонда қоныстануға және оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болудың белгіленген кезеңі аяқталғаннан кейін өздеріне берілген үй-жайды босатуға деген баптары кездеседі. Ал оралмандарды уақытша орналастыру орталығы туралы заңның 15-1-бабында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы мемлекеттік мекеме нысанында құрылады. Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету тәртібі мен уақытын уәкілетті орган айқындайды деп көрсеткен [8].

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитеті Қарағанды қаласында 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғаш рет Бұхар жырау даңғылында «оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды. Осы мерзімнен бастап шет елден келген қандастарымызға атаулы көмек, әлеуметтік бейімдеу мен әлеуметтік қорғау сияқты кешенді жұмыстарды ұйымдастыруда. Отанына қайта қосылу үмітін үзбей сонау Россия, Қытай, Монғолия Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен қандастарымыз келіп орналасты. Орталықтың негізгі мақсаты отандастарымызды қоғамдық ортаға бейімдеу, олардың әлеуметтік бағдарламалар мен еңбекпен қамту бөлімімен жұмысқа тұруына, СТК, ӘЖК алу және тұрғылықты тіркеуге тұруына көмектесу мамандардың көмегімен жүзеге асырылуда. Орталықта оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне тұрмыстық-техникалық, төсектік керек жарақтармен, 35 бөлме, оқу залы, оқу бөлмесі жаңа жиһаздармен жабдықталған, барлығы 150 адамға арналған орын тұруға ұсынылған. 2008 жылда орталыққа 1005 оралман отбасын қабылдау жоспарланса, осы аралықта орталықта 931 адамға бейімделу қызмет түрлері көрсетіліп, ал қазір 20 отбасы бала шағасымен тұрып жатыр. Орталықта көрсетілетін қызмет түрлеріне тоқталсақ қыс мерзімінде 6 айлық, жазғы мерзімде 3 айлық бейімделу және кіріктіру уақытында отандастарымызға келесі қызмет түрлері көрсетілді:

• орталық мамандарынан кәсіби көмек көрсету;

• дәрігерлік тексерістен өту;

• бейімделудің жеке тұлғалық бағдарламасын жүзеге асыру;

• оқытушылардың көмегімен мемлекеттік және тілегі бойынша орыс тілін, Қазақстан тарихы курстарын оқу;

• Қазақстан заңдары мен нормативті –құқықтарын үйрену;

• психологиялық және заң жағынан консультациялар беру;

• отбасы мүшелерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

• жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен іс қимыл жасалады.

Орталықтың жұмыс жасап жатқанына көп уақыт болмаса да, оралмандардың бейімделу қиыншылықтары азаяр емес. Атап айтатын болсақ: тұрғын үй алу, еңбекке орналасу, еңбек нарығына сай кадрларды дайындау мен қайта даярлау, жеке бизнестерін ашуда шағын несиелер алуда, жер учасклерін алуда, оралман балалардың мектептегі бейімделуі, қарым-қатынас қиыншылықтары сол сияқты бірнеше мәселелерді атауға болады [9].

Оралмандарды әлеуметтік қолдау жүйесі қосымша жетілдіруді талап етеді. Әлеуметтік төлемдердің негізгі бөлігі тұрғын үймен қолдауға және көші-қон квотасына енгізілген отбасылардың көшуіне бағытталады. Тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігі де бүгінгі күннің талабына сәйкес келмейді, осының салдарынан оралман отбасылардың шамамен жартысының тұрғын үйі жоқ.

Көші-қон мәселелерін шешумен айналысатын мемлекеттік басқару органдарының іс-қимылдарын үйлестіру және оны ұйымдастырудың кешенді тәсілі жоқ.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша еңбек жасындағы этникалық көшіп келушілердің үштен бірі еңбек қызметімен қамтылмаған.

Шет елдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің арасында имидждік және ақпараттық-насихат жұмысының тиімділігі төмен.

Оралмандар кәсіптік білім алу, балаларды мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруда да қиындықтарға тап болып отыр.

Міне, мұның бәрі осы көші-қон Бағдарламасын әзірлеуге себеп болды.

Бағдарламаның негізгі бағыттарын айқындауда, көшіп-қонушыларды қабылдауды, қоныстандыруды және бейімдеуді ұйымдастыру; көші-қон процестерін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мүддесінде пайдалану бөлігінде этникалық көші-қонды реттеудің халықаралық тәжірибесі (Израиль, Германия) пайдаланылды.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасында 2009-2011 жылдары жүзеге асырылатын «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның мақсаты өңірлерді демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамыту және Бағдарламаға қатысушылардың әлеуетін іске асыру мүддесімен этникалық көшіп келушілерді, Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген Қазақстанның бұрынғы азаматтарын және еліміздің қолайсыз аудандарында тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуы мен кірігуіне жәрдемдесу болып табылады.

ҚР аранайы қаулысымен шеттелегі қазақ отбасыларының елімізге көшіп келуіне арналған квота 2015 жылға дейін беріліп келді.

Қазақстандағы ауқымды этникалық репатриация үдерістері көшіп келушілердің социомәдени бейімделуін зерттеу қажеттілігін туындатады. Бұл мәселеге қатысты отандық тарихшылар тарапынан біршама зерттеулер жүргізілді. Ендігі кезекте этникалық репатрианттардың бейімделуінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Учебное пособие Т.Н.Юдина. Миграция: словарь основных терминов. Москва РГСУ 2007.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы заңы.–Алматы, 1998. URL: http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000204
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы турал» тұжырымдамасы – 1998, 16 900\\ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесі. – URL: http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/
4. Казахстанская правда. 10.12.1999
5. Гужвенко Ю. Восточный Казахстан: этносоциальные отношение в 1990-е начале 2000-х годов. М.: Восточная литература, 2009.-198с.
6. Амантай Ә. ҚР көші-қон үрдісі: жетістіктер мен кемшіліктер, алдағы мақсаттар \\ Қазақстан қоғамының дамуына қандастарымыздың қосқан үлесі. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген республикалық ғылыми практикалық конференция матераиалдары, 08.06.2012. – Павлодар 2012ж.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметі 2007 жыл 29 қыркүйек N 859 қаулысы
8. «Қазақстан Республикасы көші - қон саясатының 2001 - 2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылға арналған іс шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазакстан Республикасы Үкіметі 2006 жылғы 27 қыркүйек № 925 қаулысы.
9. «Основные показатели деятельности управления комитета по миграции по Карагандинской области» г. Караганда 2007г.

ҚАЗАҚЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР

Сайлаубаева Н.Е

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Қазақ халқы ежелден табиғат аясында тіршілік етіп, жыл мезгіліне орай көшіп-қонып өмір сүрген. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен отырар күзеуде бай», - деп ұлы Абай айтқандай, туған жердің өсімдігін жойып, топырағын тоздырмас үшін бабаларымыз жайлаудан жайлауға, жайылымнан жайылымға көшіп отырған [1]. Сол себепті, ұлы дала ұрпақтары ықылым заманнан қазірге дейін табиғатты қастерлеп, қадір тұтып келе жатыр.

Жалпы қазақы экологиялық қағидалар- табиғатты аялау жөніндегі ұлттық салт-дәстүрлер қағидасы. Қазақ халқы табиғат аясында тіршілік етіп, мезгіл ауанымен көшіп-қонғандықтан табиғатты қастерлеп, қадір тұтқан. Адамзат баласы да өзге жан-жануар, өсімдік секілді тіршілік етеді деп ұққан. Табиғатқа зиян келтірмеген, оны қорғау шараларына үлкен маңыз берген. Бұған: «Көкті жұлма, көктей соларсың», «Бұлақ көрсең, көзін аш» делінетін ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ереже іспетті қанатты сөздер куә. Қазақ ешқашан жасыл желекті, көкті таптамаған, құмырсқа илеуін бүлдірмеген, құс ұясын бұзбаған, жас балапандар мен хайуан төлдеріне тиіспеген, өсіп тұрған талды, ағашты жұлмаған. Экология ортаға өсімдік пен жан-жануарлардың тигізетін пайдасын жете түсініп, ұрпақтарын жастайынан табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға баулып, өнегелі тәлім-тәрбие берген [2].

Адам баласы жан-жануар, өсімдік тәрізді тіршілік иелерінің бар екендігін ұғына білген. Сондықтан табиғатты аялай біліп, қадір-қасиетін жете түсініп, қоршаған ортаға кері әсер етпейтін іс-әрекетер жасамаған. Табиғатпен тығыз байланыста ғұмыр кешкен қазақ халқының дүниетанымы кең, ой-өрісі озық болған. Қоршаған орта және табиғатты қорғау шараларына ерекше мән берген. Бұл ретте бағзы заманнан бүгінгі ұрпаққа келе жеткен қанатты сөздер ата-бабаларымыздың кең даланы қастерлегенін айғақтайды. Барлық балалар «Көкті жұлма, көктей соларсың», «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген қанатты сөздерді естіп, мән-мағынасын біліп өсті.

Қазақ халқы ешқашан жасыл желекті, көкті таптамаған, құмырсқа илеуін бүлдірмеген, құс ұясын бұзбаған, жас балапандар мен хайуан төлдеріне тиіспеген, өсіп тұрған талды, ағашты жұлмаған. Өйткені, өзімізді қоршаған ортаға өсімдік пен жан-жануарлардың тигізетін пайдасын білгендіктен, келешек ұрпаққа табиғатқа байланысты өнегелі тәлім-тәрбие беріп отырған. Арғы ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз ауыз әдебиетінің үлгілері өлең-жырлар, шешендік сөздер, музыка және бейнелеу өнері туындылары табиғатпен тілдесу, табиғатпен сырласу аясында дүниеге келген.

Қазақ халқында табиғатқа байланысты «Тұған жер - алтын бесік. Жер -ырыстың кіндігі. Көлдің көркі -құрақ, таудың көркі-бұлақ»- деген мақал-мәтелдер бар. Сонымен қатар «Қошқар мен теке» ертегісі, Ақан серінің «Құлагері», Кененнің «Ақ ешкісі», «ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» (жұлдыздар) жұмбағы, зар заманды бейнелеген «құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер» жыр жолдары. «Жаз болса жердің жүзі жайнап тұрған, ән шырқап бұлбұл құстар сайрап тұрған» (Жаз болса), «Басынан биік таудың мұнар кетпес» (Әпитөк), «Сіз дария болғанда мен қоңыр қаз»... (Шилі өзен), «Ертістің жағалауын жағалаймын...» (Қамажай), «Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан» (Гаухар тас) тәрізді әсем әуендер табиғат құбылыстары мен адамзат тіршілігінің біте қайнасқан қосындысын көрсетеді. Қазіргі таңда қазақ халқының экологиялық қағидаларының қалыптасу тарихы бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе мерзімді басылым беттерінде кеңінен қозғалып отырған тақырыптың бірі. Өйткені, болашақ ұрпақ қамы үшін адам мен табиғат мәселесінің қазіргі таңда насихатталуы аса қажет. Өкінішке орай, қазіргі таңда қазақ халқының экологиялық қағидаларының ұрпақ бойында толыққанды көрініс тапппауы қынжылтады**.** Осы бетте жалғаса берсе, ғұлама ғалым

Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, адам азып-тозады, қоғам іріп-шіриді, қауымның қор болып өлуіне бастайды.

Өскелең ұрпақ бойына ата-бабамыздан қалған «судың да сұрауы бар», «ақты төкпейді», «топырақты шашпа», «көкті жұлма», «күлді баспа», «кендірменен мал байлама, жыңғылменен мал айдама», «шаңдатпа», «өртеме», «түтіндетпе», «былғама», «бүлдірме», «ластама», «күлді көміп таста», «су сеуіп сыпыр», «қораны тазала» деген қастерлі ұғымдарды қалыптастырып, сіңдіру керек. Құстарға қатысты тыйым қағидалар қатарында, «айдындағы аққуды ақылды мерген атпайды, ақ еркесін айдынның атуға қол батпайды» деген тыйым сөздер бар. Яғни, аққуды атпа, - деуі қазақ халқы аққудың «киелі, қасиетті» құс деп санауында. Оған тимей, қайта оның көл маңында көбірек жүруін қалаған. Себебі, тазалық пен сұлулықтың символы ретінде қарайтын аққу өзінің ұясын кез келген көлдерге сала бермейді. Ол ұя салуға ну қамысты, суы таза әрі тұщы ірі көлдерді таңдар алады және ол маңда адамның болуын уната бермейді. Сондықтан да халқымыз оның кез келген батпақты шалшық көлде кездесе бермейтін аса талғампаз, тәкәппар қанатты екендігін қадірлейді. Аққудың көркі, мінез-қылығындағы ерекшеліктер сонау дәуірден бері халықты таңдандырып келеді. Оның су бетінде маңғаздана жүзгені, ұшқанда қанатын қағып көтерілуі, табиғаттың берген әсем бір құбылысы болып табылады. Тіпті, қазақ халқы адам бойындағы жақсы қасиеттерді осы құсқа балаған.

Жалпы табиғатты қорғау-баршамыздың міндетіміз. Халық табиғаттағы қастерлейтін жерлерді «Әулие бұлақ, Әулие ағаш» деп, қарлығаш, аққу, ұлар, тағы басқа құстар мен жануарларды жақсылықтын жаршысы, бақыттың басшысы, тіршіліктің иесі деп таныған. Осыған орай, олардың ұясын бұзбауға, балапандарын жәбірлеп, өздерін өлтіруге мүлдем рұқсат етпеген, балапандайтын, төлдейтін кездерінде құстар мен жабайы андарды аулауға тыйым салған.Әрбір қоғамның даму сатысында азамат баласының табиғат пен саналы қарым-қатынас жасауының, яғни өзі тіршілік еткен ортасын қорғау мақсатында, жас ұрпақты тәрбиелеуде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар. Ғұлама ойшылдарымыз Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, С.Бақырғани, М.Қашқари сонау ықылым заманда табиғат-қоғам-адам арасындағы дамудың өзара байланстығын және оның біртұтастығын өздерінің ғылыми дүниетанымына арқау етті. Олар табиғатты жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезім тәрбиелеудің негізі екендігін тани білді. Халқымыздың ақын жыраулары мен билері Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қорқыт ата, Асан қайғы, Қазыбек, Төле, Әйтеке билер және тағы басқалары барлық кезеңде де өз туындыларында табиғат олардың өзекті мәселесіне айналғанды.

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өсиет-өнегесі ғасырдан ғасырға жетіп отырды. Тарихта аты әйгілі үш жүздің бірі Төле бидің «Қарлығаш әулие» атанғаны белгілі. Халық даналығында халқымыздың табиғатқа жанашырлық қасиетін аңғартатын аңыздың бірі Төле бидің атымен байланысты. Онда:

«Жалбарынар жайым жоқ жан алдында.
Балапандар бар қанша қарауымда.
Сол жетімдер ұшуға жарағанша,
Сыртқа шықпай тұрамын қарауылда.
«Қарлығаш би» атандым сол үшін де,
Осылармен бір менің өресім де,
Батыр болсаң, жайратып жүре бер, сен,
Жалғыз шалды кездескен жол үстінде»- [3] деп адам баласының жан дүниесін толғандыратын ой тастайды**.**

Қазақ халқының экологиялық қағидаларын қалыптастыруда алдымен отбасының алатын орны ерекше. Одан кейін өскелең ұрпаққа білім беріп отырған ұстаздар қауымының

қосатын үлесі зор деуге болады. Оқушыларды жердің қадірін, байлығын бағалай білуге, туған табиғатты сүюге және қамқорлық, жанашырлық сезімге баулуда мектеп мұғалімдерінің берері мол. Өйткені, Отанын, туған жерін сүйетін ұлтжанды азаматтар тәрбиелеуде танымдық ой әрекеттерін дамытатын тәрбие сағаттарының маңызы зор.

Жалпы жер табиғат-күллі тіршілік атаулының құтты қоныс- мекені екен. Жер бетіндегі барша адамзатқа ауа, су, жер ортақ болып табылады. Сондықтан әрбір адам баласы жердің қадірін, байлығын бағалай білуі керек. Ежелгі түркі жазба ескерткіші-Күлтегін жырында жер адамзатқа, халыққа берілген басты құндылық, мүмкіндік мағынасында қарастырылады.Онда:

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері (шығыста) – Қадырқан қойнауына дейін,
Кері-Темір қақпаға дейін жайлаған [4,3 б.].

Қорқыт атаның кеңестері далалықтардың қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарды. Қорқыт атаның мақал мен мәтелдері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Оның табиғат туралы қанатты сөздерінде «Қара тауларың құламасын, саялы ағаш сынбасын» деген ұғымдар-айналадағыңды аялай біл деген ұғым жатыр.

Қазақтың көне дәстүрі бойынша жер-адамзат, жалпы тіршілік иелері мен өсімдіктер, жан-жануарлар киелі саналған. Ал, аспан денелері жарығын жерге шашқан, жылу берген, жаңбыр төктірген жақсылықтар жасаушы болып есептелінген. Аспанның түсі көгілдір болғандықтан арғы ата-бабаамыз оны «Көк», «Көк тәңір» деп кеткен. Ал «тәңір» деген сөз ескі тибет тілінде «аспан» деген мағына берген. Сондықтан қазақ халқы күллі табиғатты, тіршілік атаулының жаратушысы аспанды «көк тәңірі» деп түсінген болатын. Тәңірге тәу етудің жоралары көптеп саналады. Солардың бірі аспан денелері күнге, айға тағзым ету болып табылады.

Қазақ халқы жаңа шыққан көк шөп, ағаш-бұталарды өмірдің жалғасы деп есептеп, көк шөпті жұлуға, шыбықты сындыруға, ағаш-бұталарды қиратуға қатаң тыйым салған. Қазақ халқының экологиялық қағидаларының тәрбиелік мәні-сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Бүгінгі ұрпақ бойының санасына сіңіп келе жатыр. Қазақтың әрбір экологиялық қағидаларының негізінде қоршаған ортаға, табиғатқа, тіршілікке, адамгершілікке толы фәлсафалық түйіндер бар. Мәселен, күні бүгінге дейін әліде маңызын жоймаған кейбір ырым-тиымдарға айтатын болсақ, «Көк шөпті жұлма, көктей соласың» - деген сөз бар. Бұл сөздің түпкі мәні табиғатқа зиян келтіремеу, адам өмірі мен табиғатты қорғауға байланысты айтылған. Ал, енді «Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба» - деген сөз тіршілік иесіне деген қатыгездік, зұлымдықты болджырмауды меңзеп тұр. Сонымен қатар тіршілік иесі құсты, жәндікті қорғау жөнінде айтылған. Сондай-ақ «Суға дәрет

сындыруға болмайды», «Суға түкірмейді» -деп тіршіліктің көзі суды қорғаудың қажеттігін білдіреді.

Қазіргі таңда барша адамзатқа ортақ, әрі ғаламдық проблема- экологияға қарсы күресу, табиғатты аялау мен қоршаған ортаны және табиғатты қорғау міндеті тұр. Сондықтан әрбір адам баласы табиғат қорғау керек. Бұл бағытта экологиялық мәдениетті одан әрі қалыптастастыруды жетілдіруі керек.

Экологиялық мәдениет-жалпы дүние-жүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі. Адамзатгың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталады.

Қоршаған ортаға немқұрайдылықпен қараудың күйінішті тәжірибесі, химиялық ластанудан, шудан, дірілдерден, электрмагниттік соулеленуден, радиациядан және тағы басқалары болған ауруларды зерделеу экологиялық мәдениет және санитариялық мәдениет ұғымдарын біріктіре ұғыну қажет екенін түсінуге себеп болды. Жалпы мәдениеттің бұл маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның атмосфера ауасына, табиғи суларға, жердің топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық қарекетінің санитариялық- экологиялық тұрғыдан мақсатқа сай болуын талап етеді [5]. Сондықтан адам баласы қоршаған ортаны қорғаудағы артықшылықтарын ұтымды пайдалана білуі тиіс.

Табиғаттағы тұрақтылықты сақтаудың басты факторы ретінде қолданылатын тұрақты дамуға негізделген экологиялық мәдениет-сау табиғи орта мен салауатты өмір салтының, жарқын келешек пен белсенді қоғамның кепілі екені баршаға аян. Қорыта келгенде, қазақ халқы туған жердің табиғи болмыс-бітімін ежелден танып-түсіне білді. Адам баласы өзін қоршаған ортамен тіл табысып, түптен келгенде сол ортамен біте қайнасып тұрмыс-тіршілігін қалыптастырды. Ендеше халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ғибрат болған экологиялық қағидаларды бұданда жоғары деңгейде дамыту біздің ортақ борышымыз .
Сондықтан бүгінгі ұрпақ санасына қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, сол арқылы туған жердің табиғатының байлығын сақтау, туған жерді сүюге тәрбиелеу аса қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1.«Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия. / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, V том.
2.«Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. V том.
3.Тарихи тұлғалар»-Алматы. «Алматы кітап» баспасы, 2011.-113 бет.
4.Күлтегін. Тонықөк. Астана, Аударма. – 2002. 96 бет.
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау. /Жалпы редакциясын басқарған-А.Қ.Құсайынов. - Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІ

Толегенова С.Б.
Астана қаласы №64 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі

Қазақ халқының ішкі өміріне де Ресей мемлекетінің белсенді саясатының ықпалы болғаны анық. Бұл әсіресе, мәдениет пен білім беру саласында айқын сезілгені белгілі. Қазақстанның осындай ықпалды өңірлерінің бірі - Бөкей ордасы еді.

Ішкі орда немесе Бөкей ордасы XIX ғасырдың басында Жайық пен Еділ өзендерінің арасында қалыптасты. Хандықтың аумағында Кіші жүзге жататын қазақтар өмір сүрді. Ресей империясының әкімшілік құрылымға әсері зор болғандықтан сондықтан 1845 жылы Ішкі Ордадағы хандық жойылғаннан кейін «Ішкі (Бөкей) ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес» құрылды. XIX ғасырдың ортасында білім беру жүйесіндегі реформалар жүріп жатты. 1867-1868 жылдардағы Қазақстандағы реформалардан кейін Орда Орынбор генерал-губернаторының қарамағында болған Торғай облыстық басқармасына бағынышты болды. Әкімшілік жағынан Орда бес бөлікке және екі округке бөлінді. Бұл айақтағы бір ерекшелік Басқұншақта тұз өндірісінің дамуы болды. Халықтың негізгі шаруашылығы мал өсіру болатын. XIX ғасырдың аяғында Ордада 263 мыңға жуық адам өмір сүрді. Осыншама адамдар үшін аймақта тек екі дәрігер ғана болды: бірі - Хан ставкасында, екіншісі - Жаңа Қазан ауылында. Қазақстанның басқа бөліктерінен айырмашылығы Ішкі Орданың географиялық және оқшауланған жағдайы, сондай-ақ жергілікті халықтың орыстармен тығыз қарым-қатынасы хандықтың экономикасы мен мәдениетінің дамуына із қалдырды [1**].**

Бұл жағдай Батыс Қазақстандағы халыққа білім беру жүйесінің дамуына әсер етпей қоймады. Бөкей ордасы өзінің тұрмыс-тіршілігі мен дамуы жағынан Батыс Қазақстандағы ұйымдасқан өлке болды. Сол тарихи кезеңде болған қайта құруларға қарамастан Бөкей ордасы қазақ халқына тән патриархалдық-феодалдық қоғам болып қала берді. Бөкей ордасы мен Ресей арасындағы мәдени байланыстар бұл өлкенің білім беруіне әсер етті. Әсіресе мәдениеттің, өнердің, әдебиеттің, ғылымның қарқынды дамуы XIX ғасырдың ортасына сәйкес келеді. Хандық билікті басқаруға байланысты Ресеймен тығыз байланыс орнату, хандықтың мегаполиспен экономикалық және саяси мәселелерде сыртқы байланысының күшеюі іс жүргізуді, келіссөздерді жүргізе білетін сауатты адамдардың дайындауға деген қажеттілікті тудырды.

Осыған байланысты білім беру мекемелерінің желісін дамыту қажеттілігі де туындады. Бөкей ордасы ішкі өмірді ұйымдастырудағы белгілі бір өзгерістер мен даму бағыттарына қарамастан, патриархалдық-феодалдық қатынастар, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты, халықтың рулық-тайпалық жіктелуі үстемдік еткен қазақ қоғамына тән әлеуметтік-экономикалық формация болып қала берді. Осының аясында Бөкей ордасы мен Ресей арасында мәдени байланыстар дамыды. Қазақстанның басқа жеріндегі сияқты Бөкей ордасында да сауатты адамдарға деген қажеттілік алдымен ішкі басқару жүйесінде туындады, ол жазбаша іс жүргізудің енгізілуіне, оның барлық басқару іс-әрекетіндегі маңызының қарқынды өсуіне байланысты болды.

Хандықтағы ішкі басқару құрылымын ретке келтіру, әрбір старшындық, рулық-тайпалық бөліністердегі мал мен жер иеліктерінің есебін белгілеу, хан қазынасының пайдасына халықтан алым-салық салудың тұрақты жүйесін орнату, істерді жазбаша тексеру шараларын енгізу, көрші провинциялардың өкілдерімен сауда және экономикалық қарым-қатынаста құжаттаманың рөлін арттыру, мерзімді есеп беруді енгізу және ішкі басқаруға бағыну туралы ақпарат - мұның бәрі қазақ қоғамындағы басқарудағы бұрынғы сипатын өзгертті [2]. Бұл ретте Бөкей хандығында іс жүргізу жақсы жолға қойылғанын, Жәңгір ханның бұл іске ерекше көңіл бөлгенін айта кеткен жөн. Батыс Қазақстан облысындағы алғашқы зайырлы мектеп 1841 жылы хан ордасында (Бөкей ордасында) құрылды. Мектепте екі сынып болды: орыс және татар, біріншісінде 13 оқушы, екіншісінде 12 оқушы білім алды. Оқушылардың үлкені 22 жаста, ең кішісі 9 жаста болды. Ұйымдастырылған сыныптарда (орыс және татар) мектеп оқушылары мен сырттан келетін еріктілер оқыды.

Әдетте көшпелілер арасында оқу қазақтар топ-тобымен көшіп-қонып жүрген жайлауда, отырықшы елді мекендерде оқу мешіттерде немесе жеке блиндаждарда жүргізілетін. Мұндай мектептерде 10-15 оқушыдан аспайтын. Оқу бағдарламасына келсек,

ол араб әліпбиін жаттау, оқу мен жазу, дұғаларды жаттау, оларды орындау ережелері мен Құраннан кейбір үзінділерден тұрды. Әр жұма сайын молдалар шәкірттерінен «жұмалық» (жұма) – апталық сыйлық алатын. Студенттердің ата-аналары молдаға көбірек заттай құрбандық шалатын. Ордадағы татар молдаларының саны жыл сайын көбейгенімен, сауат ашу нашар дамыды. Бұл формада татар діни мектептері Бөкей Ордасында XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін дерлік өмір сүрді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ балаларын мұсылманша сауаттылыққа үйрету жөнінде азды-көпті нақты деректер бар. 1861 жылы барлық мұсылман мектептері, ооның ішінде Бөкей Ордасында 1300 оқушысы бар 55 мектеп болса, 1866 жылы 3141 оқушысы бар 93 мектеп, 1872 жылы 3821 оқушысы бар 154 мектеп болды. Халық ағарту министрлігі 1870 жылғы бұйрықтар жиналысында «өзге ұлттарға арналған» мынадай міндет қойды: «Отанымыздың шегінде тұратын барлық өзге ұлттарды оқытудың мақсаты оларды орыстандыру және орыс халқымен біріктіру болуы керек». Сол 1870 жылы (26 наурыз) патша үкіметі шетел мектептері туралы арнайы ереже шығарды. Бұл ереже «өзге ұлттардың мектептерінде» міндетті түрде орыс тілінде оқытуды енгізді. Бірақ кейбір татар молдалары бұл ережеге теріс қарап, тіпті қарсылық танытты. Соның салдарынан Орынбор мүфяты молдаларға өздерінің мектептеріне орыс тілін енгізу туралы циркулярлық жарлық жібереді, содан кейін молдалар оны енгізуге мәжбүр болды. Ал бұл мектептерде қазақ тілі ешқашан енгізілмеген болатын.

Мектеп оқушыларының барлық жағдайын мектеп қамтамасыз етті, орыс сыныбында орыс тілін, татар сыныбында шығыс тілдерін оқыту басым болды. Әсіресе, балаларды оқытуға қатысты қиын жағдай хан штабының интернатында болды. Жәңгір ханның айналасындағы көмекшілерінің балалары үшін ашқан мектепте білікті мұғалімдер жетіспейтін еді, олардың орындарына аудармашылар, мал дәрігерлері және басқа да орыс тілін аз білетін қызметкерлер жұмыс жасайтын еді. Орта Азия орталықтары – Бұхара, Хиуадан, еліміздің батыс және солтүстік өңірлерінен ішкі Ресейдегі татар медреселерінен балаларды оқытуға молда ұстаздар шақырылды. Қазақ балаларының орыс және татар тілдерін білмеуі олардың оқуын қиындатты.

Татар молда-мұғалімдерінің қызметі оқу бағдарламасына татар тілінің енгізілуіне әкелді, сонымен қатар ресми іс-қағаздар да осы тілде жиі жазылды. Балаларды орысша сауаттылыққа үйрету қажеттілігін Қазақстанның көптеген белгілі билеушілері мен прогрессивті қайраткерлері (Жәңгір хан, Ы.Алтынсарин) тарихи және саяси тұрғыдан дәлелдеді.

Бөкей Ордасы батыс аймақтағы ағарту ісін тарататын орталыққа айналды – билеуші Жәңгір хан бұл аймаққа Қазан мен Орынбордан молдаларды шақырды, өз кезегінде жергілікті дворяндардың балалары Қазан, Уфа, Орынбор және Астрахань қалаларындағы медреселік діни білім беретін оқу орындарына оқуға жіберілді. Ордадағы мешіттерді күтіп-баптау зияратшы молдаларға жүктелді.

Жәңгір хан жергілікті мектептер мен молдалардың қызметіне өте құлшыныспен қарады: мешіттер салуға қаражат жиналды, олардың жандарынан мектептер ашылды, білім беру орындарына жіберілген молдалардың біліімн тексеру мақсатында арнайы комиссия құрылды. Жәңгір ханның қазақ хандары арасында халық ағарту ісін белсенді насихаттаушылардың бірі бола отырып, ол бір жағынан өз хандығының экономикалық және әлеуметтік-саяси мүддесін түсінсе, екінші жағынан өз хандарының арасындағы артта қалушылықты жою қажеттігін түсінді. Өзінің қарамағындағы адамдарға арналған білім беру ұйымдарының желісін енгізіп, олардың балаларын оқуға тіпті мәжбүрлеп берді.

Жәңгір ханның айтуынша бойынша қазақ халқын ағартудың тағы бір жолын дінтану мектептері – мектептер мен медреселерді көптеп ашу арқылы шешуге болатын еді. Патша

үкіметі үшін діни бағытты ұстанған мектептер өткір мәселе ретінде қарастырылды, өйткені қалыптасып келе жатқан орыс мектептеріне қарағанда татар дінбасыларының ықпалы әлдеқайда күшті болды. бұл ретте Жәңгір ханның халық ағарту ісі мен оқу-ағарту жүйесін дамытудағы рөлі мен орны туралы ерекше айта кеткен жөн. Ханның көрегендігі, сайып келгенде, жергілікті мешіттердегі татар, бұхаралық молдаларының бәрін жергілікті халықтың арасынан оқытылған молдаларымен алмастыруды көздеді. Мектеп бағдарламасына жаратылыстану және орыс тілі сауаттылығын оқытудың енгізілуі де ханның ашқан жаңалығы болды [3].

XIX ғасырдың ортасында Бөкей Ордасында молдалар басқаратын көптеген бастауыш мектептер болды, оларда Құранмен қатар орыс тілі де оқытылды. Бастауыш мектептердің ашылуы стихиялық сипатқа ие болғанын, яғни қазақтың көрнекті өкілдері мұндай мектептерді негізгі халқы отырықшы, қалалық өмір салтын ұстанған жерлерде ашқанын айта кеткен жөн. Бұл мектептерде мұғалімдік қызметті негізінен Бұхардан, Ташкенттен, Қазаннан немесе Уфадан келген молдалар атқарды. Балаларды оқытатын молдалардың өздері шала сауатты болды, білім беру жүйесіз жүргізілді, молданың оқу жоспары да, арнайы бағдарламасы да, тіпті өзінің оқуы да, жазуы да жеткілікті дәрежеде болмады. Балалар араб әліпбиін үйренді, рухани кітаптардан қарапайым мәтіндерді оқи алатын еді, кейбір мәтіндерді тек жаттап алатын еді. Бұл мектептерде оқу ұзаққа созылмады, жылына 3-4 ай шамасында ғана болып, сабақ негізінен «мұғалімнің» қалауы бойынша басталып, жалғасын тапты.

Мешіттердегі мектептердің қызметі екі жақты сипатта болды, білім беру мен оқытудың ескі әдістері, оқытудағы жүйесіз тәсілдер, бір жағынан Құран догмаларын зерттеу және діни ілім жүргізілген болса, бір жағынан уақыт талабына сай жаңа талаптарға көшу қиындық тудырды. Ондай мектептердің жағдайын былайша суреттеуге болатын еді: «Осы молдалардан 5 жастан асқан ұлдар оқи алмай қалды. Көпшілігі мүлде әріп жазуды білмеді. Соған орай, осы уақытқа дейін сол кездегі білім алған көптеген оқушылар оқи аласа да, ештеңе жаза алмайтын еді» [4]. Мектептерде білім берудің басқа сипаты жергілікті басқару жүйесі мен патша-хан істерінде қызмет көрсетуді ескере отырып жүргізілді. Мектептерде орыс тілі мен жаратылыстану ғылымдарына кіріспе оқытылды. Білімге деген озық көзқарастың болғаны сонша, орданың әрбір бай, беделді адамдары дерлік үй жанында мектептер ашып, оларда 10-нан 70-ке дейін адам оқыды.Жаңа жүйеге көшуге тырысқан мектеп ашушылар орыс мұғалімдерін шақыруға тырысты. И.Ф.Бларамберг өз еңбегінде Бөкей ордасында «сауат ашу және орыс тілін үйрену жыл сайын үлкен табыспен тарала бастайды» деп атап көрсетті. Дегенмен, дворяндар ұйымдастырған және рулық бөлімдер мен аумақтарға таратылған бұл мектептер тек орыс тілі сауаттылығының бастапқы сатысы мен ең негізгі идеясын берді. Мұндай мектептерде 5-7 жыл оқыған жастар іс жүзінде жергілікті басқару жүйесінде жұмыс жасауға сәйкес келмеді және Ресей губернияларының мектептерінде, әсіресе арнайы училищелерде оқуын жалғастырды.

Бұл жағдай көреген, озық ойлы Жәңгір ханның ордасында орталық мектеп ашуының алғы шарты болды. Жәңгір хан алға қойған екі мақсат іс жүзінде орындалды, біріншіден, мектеп жас жігіттерді Ресейдің арнайы оқу орындарына, оның ішінде жоғары оқу орындары мен кадет әскери училищелеріне дайындық курстарына қабылдауға дайындау, екіншіден, мектеп бітірушілер жергілікті және хандық басқарудағы кеңселік қызметті жүзеге асыруы керек еді. Хан ордасында жаңа мектеп салу, кейін оның шәкірттерін толықтыру өте қиын болды. Бұл жағдайды біріншіден, мектеп ғимаратының халықтан алынатын алым-салықтан түскен қаржыға салынуы, екіншіден, дворяндардың балаларын бұл мектепке беруден бас тартуы қиындата түсті. Ал 1841 жылы ашылған мектеп 30-40 бос орынға бар болғаны 12 оқушы алынды. Мектеп бұл орындарды тек екі жылдан кейін ғана толтыра алды.

Жәңгір ханның өзі балаларын жаңа мектепке беру үшін көп күш жұмсады, туған-туыстарына, сұлтандар мен ру билеушілеріне жазылған жеке хаттары жағдайды жақсартуға көмектесті. Жәңгір 1841 жылы 10 сәуірде ата-баба билеушісі әрі туысы Жұқа Нұралиевке жазған хаттарының бірінде: «Сіз өз туыстарыңыз бен достарыңыздың және соңынан ергендердің барлығының тиісті күш-жігерін жұмсап, ақыл-кеңесін жұмсайтыныңызға сенімдімін. Қазір ғылым соншалықты үлкен пайда әкеледі, онсыз біздің немерелеріміз жақсы өмір сүре алмайды, бұдан былай орысша сауатсыз және орысша білмейтіндер мүлде ру басқару және басқа қызметтерге тағайындалмайды, бұл өте пайдалы және бізге қырғыздан келген дәрігерлердің болуы тиімді, кез келген күш-жігер, ақшалай шығындар, егер олар жастарды тәрбиелеуге басқа кез келген игі, тіпті мейірімді істерге жұмсалса, жүз есе көп жеміс береді, ақшаны одан да жақсы пайдалану мүмкін емес. Құдайдың заңы мен оның ақиқаты туралы білім алу және ғылымдарды дамыту арқылы халыққа адал қызмет ету» [5].

Жәңгір ханның балалары Пажеский корпусында арнайы білім мен тәрбие алды. Патша үкіметі олардың атын Шыңғыс деп өзгертіп, князьдік құрметке тағайындады. Бірінші ұлы әкесі қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болды. Екінші ұлы Ибраһим Шыңғыс патша жарлығымен гусар полкіне алынып, генерал Перовскийдің адъютанты болды, 1853 жылы Хиуа жорығына қатысады. Ханның үшінші ұлы-Ахмет Керей 1879 жылы 15 тамызда Самара губерниясы мен Жаңа-Өзен уезінің ақсүйектер кітабының V бөліміне енгізілді. Гвардия полковнигі болды. Жәңгір хан пайдаланған іс-әрекеттердің барлығы оң нәтиже беріп, 1850 жылдардың ортасында Орталық мектепте 30 адам оқитын болды, бұдан бөлек мектептерде оқуға ниет білдірушілер жыл сайын көбейе берді. Бастапқыда мектеп ханның табысы есебінен ұсталса, ордадағы хан билігі жойылғаннан кейін халықтан түсетін алым есебінен мектеп ұсталды. Мектептегі тәрбие ең ұйымдасқан және жүйелі болды. Сабақтар қазан айының басында басталып, мамыр айына дейін жалғасты. Мектепте араб, татар және орыс тілдері, арифметика мен грамматиканың бастапқы ережелері, география, тарих және мүлдем ерекше пән – шешек ауруына қарсы егу ережелері оқытылды. Студенттерге өз білімдерін көрсету мақсатында әкелері мен туыстары қатысқан емтихандар ұйымдастырылды. Әдетте жиындарға ханның өзі де қатысты. Бұл әдеттен тыс оқиға болды, ханның ордасында ақсүйектер жиналып, қабылдаулар мен ойын-сауық шаралары ұйымдастырылды.

Ауқатты қазақтардың балалары Ресей империясының орта немесе жоғары оқу орындарына түсіп, олар үшін арнайы стипендия тағайындалды. Тіпті Жәңгір ханның тұсында 1824 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Орынбор қаласындағы Неплюев кадет корпусында 1841 жылы Бөкей Ордасының «ақ сүйекті» қазақтарының асыл балалары үшін 10 шәкіртақы тағайындалды. Стипендиаттарды қолдауға сол орданың қаржысынан жыл сайын 1300 сом бөлінді. Қазақтың ауқатты отбасыларының балалары кадет корпусының Азия бөліміне жіберіліп, шәкірттері әскери білім алды. Курс біткеннен кейін қазақ шәкірттері әскери қызметке қабылданбай, әскери сапта пайдаланылмай, ордадағы әртүрлі әкімшілік қызметтерге тағайындалды. Бірақ Бөкей ордасы үшін олардың саны өте аз еді. Орысша сауатты қазақтар – кадрлардың үлкен тапшылығы сезіле бастады. Кеңес төрағасы 1860 жылы патша әкімшілігіне берілген қазақтардың білімін көбейту үшін Қазан университетінде медицина және камералық факультеттер үшін 10 степендия және империяның техникалық-шаруашылық және экономикалық училищелері үшін 25 степендия белгілеу туралы өтінішхат берді. Бірақ бұл өтініш қанағаттандырылмады.

1865 жылға дейін дерлік уақытта қазақ балаларын Орынбор кадет корпусына жіберу жалғасты. 1866 жылы Неплюев кадет корпусы әскери гимназияға айналды, соған байланысты стипендиаттарды қабылдау тоқтатылды (төменгі сыныптарға қабылданғандар алынып тасталды). Неплюев корпусында курсты бітірген 20-ға дейін адам болды. 1868 жылы

Орынборда азаматтық гимназия ашылды, онда қазақтар есебінен Орал және Бөкей Ордасы қазақтарының балалары үшін 30 шәкіртақы құрылды. Оның ішінде 1871 жылы Бөкей қазақтарының балаларына 8 шәкіртақы бөлінді.1878 жылы Бөкей Ордасы қазақтарының өтініші бойынша Астрахань губернаторы Орынбор гимназиясындағы қазақ шәкіртақыларын Астраханға көшіру мәселесін көтерді. Бірақ Ішкі істер министрлігі бұған келіспеді. 1872-1882 жылдар аралығында Орынбор гимназиясын үш Орда стипендиаты бітіріп, оның бірі көп ұзамай қайтыс болды, екеуі Санкт-Петербург пен Қазан университеттерінің филология факультетіне түседі. Кейіннен олар ордада уездік билеушілер қызметін атқарды. 1875 жылы Бөкей Ордасы қазақтарының қаражаты есебінен тағы үш шәкіртақы тағайындалды: біреуі Астрахань ерлер гимназиясының мектеп-интернатында және екеуі Орынбордағы қазақ қыздарына арналған балалар үйінде шәкіртақы болды.

Мектептің алғашқы мұғалімі, сонымен қатар мал дәрігері болған Константин Олдекоп орыс тілінен, арифметикадан, географиядан сабақ берді. Ол сабақ берумен қатар «оқушылардың жүріс-тұрысына, имандылығына қадағалап, қамқорлық жасауды» жүзеге асырды. Шығыс тілдерін, сондай-ақ діни сауаттылықты Садриддин Әминов оқытты. Оқулықтармен қамтамасыз ету және ең озық оқулықтар негізінде оқыту білім деңгейін де, оған деген көзқарасты да сипаттады. Бұл мектепте оқушылар Востоковтың «Орыс тілінің қысқаша грамматикасы», Бурнаковскийдің «Арифметика», Шульгиннің 2 томдық «Географиясы», Галаховтың «Қысқаша хрестоматия», Устряловтың 2 томдық «Орыс тарихы» кітаптарынан білім алды. Осындай ұйымдасқан мектеп және мектеп оқушыларының дайындығы түлектерге Ресейдің орта арнаулы оқу орындарына және кадет корпусына түсуге мүмкіндік берді.

Ресми деректер бойынша 1872 жылы Бөкей Ордасындағы мұсылман мектептерінің саны 157, ал, ол жердегі білім алып жатқан оқушылардың саны 3821 болған. Одан кейінгі жылдары мұндай мектептердің саны азая бастады. Сонымен, 1888 жылғы Орда мектептерінің инспекторының мәліметі бойынша Ордада 1262 ұл және 102 қыз бала оқитын 52 мектеп болған. Бөкей Ордасындағы мұсылман мектептерінің орда құрыла бастағаннан бастап жойылғанға дейінгі көрінісі осындай болды. Бұл мектептегі білім беру «орыс мемлекеттілігінің» негіздерімен айқындалды. Бұл тіркес, белгілі болғандай, «автократия, православие және ұлт» дегенді білдіреді. Рас, Бөкей Ордасында жергілікті жағдайға байланысты біршама жеңілдіктер жасалды. Бөкей Ордасында бірінші орыс мектебі 1841 жылы 6 желтоқсанда ашылып, сол кезден бастап орысша білім беру басталды. Бұл мектепті ұстауға алғашында хан Жәңгір хан қазынасынан шағын қаржы бөлді. Бұл мектепте қазақ балалары үшін интернат үйі ашылды. Мектепке штабта тұратын татарлар мен орыстардан да келуге рұқсат етілді [3].

1896 жылы Бөкей Ордасында 24 орыс-қазақ мектебі болды, оның ішінде екі кластық училище – 2, бір кластық ауылдық училищелер – 6, старшиндық мектептер – 14, жекеменшік мектептер – 2, медреселер мен мектептердің жанында 2 орыс сыныбы болды. Оларда барлығы 708 оқушы білім алды. Оның ішінде: қазақтар – 629, орыстар – 64, татар – 15, қыздар – 35 оқушы болды. 1885 жылы 7 старшындық мектеп, 1896 жылы тағы 7 мектеп ашылды. Алғашқы жоғарғы мектептер Шұңғай, Қаракөл, Толубай, Сүйінәлі, Күйгенкүл, Есенбай шаруа қожалығының елді мекендерінде және Әбі заставасында ашылды. Ішкі Ордадағы жоғары оқу орындары екі жылдық болды. Ішкі Орданың әр бөлігінде болған учаскелік бір сыныптық орыс-қазақ мектептері 4 жылдық болды және 1875 жылғы 4 шілдедегі Нұсқаудың § 13 тармағына сәйкес бір кластық мектептерге сәйкес келді. Ішкі Ордада өзіндік халық ағарту жүйесі қалыптасты.

XIX ғасырдың ортасынан бастап құрылған балаларды оқытудың қарабайыр жүйесі негізінен орыс тілін үйренуге бағытталған болатын. XX ғасырдың басына дейін аралықта

әртүрлі деңгейдегі бірнеше мектептер ұйымдастырылды: Хан ордасында және үлкен Ганюшкинде екі сыныптық орыс-қазақ ерлер мектептері, 7 учаскелік және 1 ордалық бір сыныптық әйелдер мектептері, 14 жоғары, 2 ауылдық және мектебі мен медресе жанында орыс тілінде 3 сынып ұйыдастырылды. Осылайша, Ордадағы 300 мың қазақ халқына 29 оқу орны ғана болды. Оның үстіне бұл мектептердің жағдайы өте нашар, олар мүлде қараусыз қалған жағдайда болды.

Бұл мектептерді ішінде жақсы ұйымдасқаны екі кластық Хан Ордасында училище болды, ол мұғалімдер мектебін алмастырды да, олар негізінен барлық төменгі қазақ оқу орындарына педагогикалық кадрлар дайындады. Бұл мектептегі педагогикалық кадрлардың дайындық деңгейі, әрине, барлық талаптарға сай емес еді, мамандары жартылай сауатты болды, олар орыс тілін нашар меңгергенімен қатар, басқа пәндерден: арифметикадан, жаратылыстанудан да әлсіз болды. Бұған Ішкі Қырғыз Ордасының инспекторының Жарғылық мектеп түлектерінің нашар даярлық фактісін растайтын мұрағаттық материалдары дәлел. Олай болса, мұғалім Жұманиозовтың 1900 жылғы есебінде оқушылардың жыл бойғы қозғалысы былай көрсетілген: 1899 жылы 1 желтоқсанда 13 оқушы; содан кейін тағы 23 адам оқуға келді. 1902 жылы Ордадағы мектептің жанынан курсанттар үшін педагогикалық практикаға арналған бастауыш мектебі бар педагогикалық курстар ашылды, ал 1905 жылы ол төрт жылдық қалалық мектепке айналды және 1872 жылғы Ереже бойынша жұмыс істеді.

Барлық жерде ашылған оқу орнының келесі түрі – ерекшеліктерімен ерекшеленетін аудандық бір сыныптық мектептер болды. Олар екі жылдық мектептер сияқты мемлекет қазынасының бюджетіне қарасты орталық мектептер ретінде танылды да, өздерінің мектеп-интернаттары болды. Түлектер оқуын жалғастыруға құқылы болды және негізінен бірінші класы жоқ Ордадағғы мектептің екінші сыныбына оқуға түсті. Халыққа білім беру жүйесінде аудан мектептері ерекше орын алды, бірақ соған қарамастан үкімет бұл мектепті ұйымдастыруға тиісті көңіл бөлмеді, соның салдарынан олардың көпшілігі қаржылық жағынан өте кедей болды.

1903 жылғы училищелер 1867-1868 жылдардағы реформалардың басында белгіленген нормативтік құжаттар мен мемлекеттік қаражаттың негізінде жұмыс істеді. Осыған байланысты мектеп-интернаттарының тұрмыс жағдайы толыққанды білім алуға мүмкіндік бермеді. Қазақ балаларының күнделікті тамағына 10 тиын берілсе, жыл бойы мұғалім мен оның отбасына бар болғаны 120 сом ғана берілді. Астрахань губерниясының үшінші инспекторы Алексей Андреевич Воскресенскийдің берен мәліметтеріне қарағанда, интернатта тұратын оқушылар жартылай аш жағдайда, айналасы лас әрі суық жағдайда өмір сүрді. Жәрдемақыны көбейту жергілікті шенеуніктердің басты мәселелерінің біріне айналды. Сонымен, 1903 жылы 16 мамырда инспектор мемлекеттік мектептердің директорына қаржы бөлуді көбейту немесе интернаттағы оқушылар санын 20-дан 10 оқушыға дейін қысқарту туралы мәлімдеме жасады.

Бұрын шекара басқармасы қазақ халқының арасында хандар мен сұлтандардың қолдары арқылы отарлау саясатын жүргізсе, енді сол саясатты жалғастырып, сұлтан мен Бай төрелерінің балаларынан құрылып жатқан қазақ зиялыларына сүйенді. Білім ала отырып, олар өздері үшін маңызды мансап құруға мүмкіндік алды - ресми және экономикалық. Саяси-қоғамдық өмірде біршама биік орынға қол жеткізген бұл білімді қазақтар капиталистік қатынастардың жалпы арнасына енген онсыз да қалыптасып келе жатқан орыс буржуазиясының өкілдерімен сөз байласып отырды.

Осылайша, оқу мерзімі 2 жылдан 4 жылға дейін өзгерді. Алғашқы кезеңде аудан мектептері мүлдем оқымаған балаларды қабылдаса, қазір оларға аудандық аудандарға баруға құлықсыз жоғары мектеп түлектері келді. Жалпы, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың

басында Бөкей ордасында білім беру бағыты шектеулі болды және Ресейлік патша үкіметінің саясатына байланысты болды деп толыққанды айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Аспандияров Б. Образование Букеевской Орды и ее ликвидация. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2007. – 400 с.

2 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. Из-во «Наука» КазССР, Алма-Ата, 1982.169 с.

3 Иренов Г.Н., Иренов К.Н. Жангир хан – апологей административ-но-экономических и ссоциально-культурных преобразований в Букеевской Орде. // Вестник ПМУ. Гуманитарная серия. №3, 2000. 51-59 стр.

4 Храпченков Г.М.Становление и развитие русско-национальных школ Средней Азии и Казахстана в конце XIX - нач. XX вв.: автореф. дис.д.п.н. Алма-Ата, 1988.

5 Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX в. Алма-Ата:«Казахское государственное издательство политической литературы», 1962. - 506 с.

4 СЕКЦИЯ.
СЕКЦИЯ 4.

КЕҢГІРДЕГІ АЛАША ХАН МЕН ЖОШЫ ХАН МАЗАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САЛДЫРҒАН АЛШЫН ХАН ТУРАЛЫ

Бейсетаев Р., б.ғ.к,
Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Орталығы, а.ғ.қ.

Аңдатпа. Еңбекте ұлы көсем Алаша хан мен Жошы ханның мазары және оларды салдырған Алшын туралы мәселелер қарастырылды. Заманында үстем саяттың ызбарынан, олар туралы аузымызды аша алмадық. Шыңғыс хан мен Жошы хан туралы талай аңыз бен әңгіме қазақ халқының жадында сақталған. Екі ханның мазары, Жошы ханның тұңғыш ұлы Алшын және оның есімімен "Кіші жүз Аланның" "Кіші жүз Алшын" аталуы туралы баянымыз сол аңыздарды талдау түрінде келтірілді.

Кілт сөздер: Ұлы Дала, Ұлы тау, Алаша хан-Шыңғыс хан, Жошы хан, Алшын хан, Алаша хан мазары, Жошы хан мазары, Кіші жүз Алан, Кіші жүз Алшын.

Ұлттық тәрбие туралы айтқанда ұлттық дүниетаным, ұлттық менталитет және жалпы ұлттық руханият туралы ойлаймыз. Осы аталған ұлттық ұғымдардың түп негізі – ұлттық тіл, ұлттық сана. Сана – адамның ана тілі мен ұлт тарихы негізінде қалыптасады, сол ана тілінің негізінде қызмет атқарады. Ал, дүниетаным ұлттық санаға негізделген, ол да ана тілі арқылы қалыптасады. Жалпы, адамзаттың руханиаты ана тілінің және ұлттық тарихтың негізінде қалыптасады. Қазір балаға беретін алғашқы және шынайы ұлттық тәрбие ана тілі мен ұлттық тарихтың басты тарауы – ұлттық шежірені үйретуден басталуы – шарт. Жалпы алғанымызда, қазақ жастары үшін ұлттық тарих – Ұлы Дала тарихы. Міне сондықтан болар, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – үнемі өзекті мәселе.

Осы еңбекті жазудағы негізгі мақсатымыз ұлы хандардың мазарын салған адамды анықтау. Оның бүгінге дейін адам танымастай бұрмаланған есімі "Орда еженнің" орнына шынайы есімі Алшынның мағынасын ашу және "Кіші жүз Аланның" "Кіші жүз Алшын" аталуын бүгінгі және келешек жастарымыздың назарына ұсыну.

Ұлы Даланың көшпелілері – қазақ халқында ерекше рухани дәстүр қалыптасқан: қазақ шежірешілері тарихты ұлы көсемдер мен қол бастаған батырлардың өнегелі өмірі мен олардың ұлағатты істері арқылы баяндады. Шежіреші қарияларымыздан ауызша айтылған, тастағы жазба ескерткіште сақталған аса құнды тарихи деректер халқымыздың өткен өмірін қайта жаңғыртуда шынайы негіз бола алады. Қазақтың шежіресі – Ел тарихының бастауы. Сол тарихты жасаушының бірі – Шыңғыс хан, бірі – Жошы хан.

Шыңғыс хан негізін қалаған алып Империя – Мәңгү Ел, Жошы хан негізін қалаған, Ұлытауда шаңырақ көтерген алып мемлекет – «Ұлұқ ұлұс» аталды. Бұл атау XIX ғасырда орыс, басқа славян, батыс жылнамаларында хан ордасының алтынмен көмкерілген ордалық кигіз үйіне орай «Алтын орда» деп аталды. Ұлық ұлыс мемлекеті Қазақ Ордасының бастауы. Еліміздің осынау ұзақ әрі шынайы тарихын қағаз бетіне түсірген ұлы Шыңғыс хан мен Жошы ханның тікелей ұрпағы Әбілғазы баһадүр хан [1, 200 б.] болды.

Шыңғыс хан мен Жошы хан мазары

Шыңғыс хан (1162-1228) – адамзат тарихынан құрметті орын алған тұлға. Шыңғыс хан есімі XIII-XXI ғғ. арасында әлемге кең тараған. Ұлы империя құрған көсем, басқаруға оңтайлы әскери құрылым құрған даңқты қолбасшы болғандығын дүниежүзі мойындайды. Сондықтан болар, ЮНЕСКО шешімімен Шыңғыс хан «Екінші мыңжылдық адамы» құметті атағына ие болды. Оған Лонданда ескерткіш қойылды.

Ғұмырында Шыңғыс ханға үш рет есім берілген. Бірінші – туғанда ата-анасының жас сәбиге қойған қазақша есім – Темүршын; екінші – 1206 жылы Қарақорымда қаған сайлағанда туған елі құметтеп қойған лақап аты – Шыңғыс хан; үшінші – 1225 жылы Ұлытауда қаған (қандардың қаны, бұл арада арнайы таза қазақша «қан» деп жазып отырмыз, қазақта «хан» сөзі жоқ – Р.Б.) сайланғанда елі құметтеп қойған лақап аты – Алаша хан.

«"Моңғол-татар үстемдігі", "Моңғол шапқыншылығы", "Шыңғысхан жорықтары" деген әлемге әйгілі, ағынан қарасы молырақ тарих шежірелерде Шыңғысхан қалай баяндалса, суреттерде солай салынғанын қазақ зиялылары жақсы білсе керек... Бұл суретті Тұран халықтарының шеберлері салған. Негізінен ислам дініндегі түрік елдерінің мұрасы. Қытайда – Құбылайдың, Тұранда Шыңғыс ханның даңқы зор. Ал Еуропада Алтын Орданың абыройы үстем болған» [2, б. 12-13], – деген И. Қабышұлы дерегі шынайы.



1-сурет. Тұрандықтар салған Шыңғыс ханның суреті.
(И. Қабышұлы дерегі)

Қазақ ортасында ежелден биік тауға немесе биік шыңға кемеңгер көсем не ел қорғаған батыр ұлы бабаларымыздың есімін беретін жақсы дәстүр бар. Сол ортағасырлық тілімізге сай, бабамыздың Шыңғыс аты қос сөзден тұрады: «Шың + құс», айтылуы (Шыңғұс). Шың

сөзінің мағынасы бүгінде баршаға аян – тау бигі. Қос сөздің екінші бөлігі – бұл көпшілік ойлағандай қосымша «ғыс» емес, түбір сөз «құс». Шың да, құс та күнделікті қолданыстағы сөздер. Бүгінде ауызекі сөйлеу тілімізде де жиі қолданылады (2-ші суретті қараңыз).



2-сурет. Көне түріктің түсінгіндегі Шыңның басындағы Қыран

Көнедегі аңызға сай, алып Байтеректің басында, ал одан кейінгі заман аңызы бойынша заңғар биік Шыңның басында шың құсы – қыран отырады. Ол – Ел мен Жердің сақшысы, қорғаны. Көне бабаларымыздың түсінгінде Шың құсы – Қыран. Көне түріктің наным-сеніміне, дүниетанымында алып байтеректің немесе биік шың басындағы қыран – ел сақшысы, жер қорғаны. Ежелгі бабаларымыздың ғарыштық дүниетанымы мен түсінігі «Әлем құрылымы мен адам тіршілігінің гармониясына» негізделген, осылай қабылдаған және осылай түсінген [3, б. 211]. Сонымен, Шыңғыс – Түрік Елі Империя құрғанда көсеміне қоятын құрметті есім. Бұл ат Мүде, Атилла және Темүршың заманында үш рет қайталанды. Соңғы рет 1206 жылы Темүршыңды Қарақорымда хан сайлағанда елі құрметтеп қойған есімі.

Шыңғыс хан барша қазақ ру-тайпаларының басын қосып, тұтас ел құрғанда құрметтеп қойылған құрметті лақап есімі – Алаша хан – біріктіруші хан.

О. Әлжанов жазған аңызда «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» дейтін ел аңызында («Дала уәлаятының газеті», 1897, № 13-14, 18) мына ой-пікірлер бар: «Қазақ халқы да Алаша ханды өзі ер, әділ, ақылды болған соң жақсы көріпті» [4, б. 18]. Немесе М. Жүсіп дерегі: «…Қазақ халқы өзіне ұнаған соң, Алаша хан мұнда қалған. Қазақ сол уақытта көшпелі екен. Ер, өзі шешен, зейінді адамды өздеріне бастық қылып қойып, қазақтар соның айтқанына ұйиды екен. Біраздан кейін Алаша хан ерлігін де, шешендігін де, зейіні барлығын да көрсетті. Алаша хан жауды әрқашан жеңе берген. Әрі-беріден соң өзін қазақтар хан қойған» [5, б. 27]. Ел әңгімелері белгілі бір айғақты айшықты әрі әсірелеп жеткізетіндігі мәлім. Қайткенмен де шындықтың өзегі бары ақиқат.

Академик Қ.Сәтбаев өзінің «Ер Едіге» атты еңбегінде (Мәскеу, 1927) осынау жырды «тіл сақтау», «тіл байыту» және тарихилық тұрғыдан таразылай отырып:

Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда,
Қазақ-қалмақ, ноғайлар, Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып, Айдын көлдей дүр болған,
Еділ-Жайық, Оралды, Өрлей, қойша жайылған…

деген сияқты ескі өлеңдер, тегінде Алаша хан деп ел аузы атақты Шыңғыс ханды айтып жүруі де мүмкін» деген дұрыс жорамал жасайды. Сондай-ақ, оқымысты-геолог «ел аузындағы ескі сөз көпшіліктің ар-иманының айнасы», «ескі сөзде қашан да мықты із-таңба» бар деп тұжырымды ой өрбітеді [6, б. 88].

Жошы хан (1186-1227) – әскери қолбасшы, даңқты мемлекет қайраткері. Алшын Орда, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттерінің, Орта Азия, Қазақ және Қырым хандықтарының билеушілері Жошы әулетінен өсіп-өнгендер. Жолбарыс жүректі Жошы 1208-1215 жылдарда Қытай елімен арадағы шайқаста қаһармандықтың озық үлгісін танытқан. В.Г. Тизенгаузен: «Жошы өте жігерлі, батыл, айбарлы еді» [7, с. 13], – деп жоғары баға берді.

Көріпкел шежіреші Мәшһүр Жүсіп: «Алаша ханның Жошы хан деген жалғыз баласы болыпты. Құлан қуамын деп, бала астындағы аты желігіп, құланның әңгісіне еріп, қазасы сонан болып, бала аттан жығылып, құлан теуіп өлтіріпті.

Алаша хан, Жошы хан, Ақсақ құлан жосыған.
Құлан теуіп өлтірді, Бұйрығын ақтан келтірді,

– дейтұғын сөз сонан қалған» [5, б. 157-159], – деп аңыздан дерек келтіреді.

Өзбек хан заманында (1313) тілге реформа жасалды. Реформаға дейін көп сөзіміз "ш" дыбысы арқылы жасалған. Мысалы: "баш", "таш", "жошұған", т.б. Реформадан кейін бұл сөздер "бас", "тас", "жосұған", т.б. болып айтылды. Қазіргі "жосұған" сөзі ертеде "жошұған" болып айтылған. Тұлпардың шабуына байланысты мағынасы – көсіле шабу, шырқап шабу, сұңқардың ұшуы туралы – самғау деп айтылады. Қазақтың ауыз-екі сөйлеу тілінде бәйгеге қосқан тұлпар туралы: "Жануар жарты жолдан асқан соң бауұрын жазып жосұдұ (шырқады)" делінеді. Бұл арада түсінікті болу үшін арнайы сөздің дыбысталуына сай жазып отырмыз.

Осы талдаудың нәтижесінде Жошы хан есімінің бүгінгі тілімізде айтылуы – Жосұ деуге негіз бар. Сөздің мағынасы – көсіле шап, шырқа шап, сілте. Бұйырық райдағы сөз. Бұған Жошы ханның өнегелі өмірі мен ел алдындағы еңбегі шынайы дәлел.

Зардыхан Қинаятұлының Жошы дегеннің моңғолша «Зочин», «сырттан келген қонақ» дегенінің ешбір қисыны жоқ. Шыңғыс хан да, Өлөң ана да, Бөрте де түрік тілінде сөйлеген. Олар ұлдарының есімін мәнжүр тілінде "моңғолша" қоймаған болар. Бұл орайда шежіреші Қайрат Дәукеев: «Жалпы айтқанда, Зардыхан Қинаятұлының Шыңғыс хан мен оның ұлы Жошы хан туралы жазбаларында бір үлкен «жасырын сыр жатыр» [8, б. 1-5], дейді.

Жошы туралы Әл-Джузджани былайша жазады: «Туши (Жошы хан) Шыңғыс ханның үлкен ұлы еді. Ол ерекше батыл, жаужүрек, нағыз ер және жауынгер болды. Оның қабілеті мен күшінің орасан болғаны сондай, тіпті одан әкесінің өзі де сескенер еді [9, б. 1096]. Сол заманда өмір сүрген шығыс тарихшыларының айтуынша, Жошы күш-қайраты мол, ержүрек, өткір әрі ақылды адам болған. Тұңғыш баласының ақылдылығы мен ерекше батылдығын Шыңғыс хан жоғары бағалаған. Шыңғыс хан онымен үнемі ақылдасып отырған.

Ұлық ұлыстың атасы Жошы хан қайтқаннан кейін Шыңғыс ханның үлкен немересі, Жошы ханның тұңғыш ұлы Алшынның әкесіне арнап салдырған көк күмбезді мазары Ұлытауда Қаракеңгір өзенінің жағасындағы биік төбенің басында тұр. Жошы хан мазарынан 30 шақырымдай жерде Алаша хан мазары орналасқан. Бұл екі мазар да ұлы Дала төрінде – Кеңгір өзенінің жағасындағы биік төбенің басында мәңгі орын алған (3-суретті қараңыз)..



3-сурет. Ұлытаудағы Кеңгір өзені бойындағы тарихи ескерткіштер:
Алаша хан мазары (сол жақта) және Жошы хан мазары (оң жақта)

Мазар Шыңғыс ханға арнап салынған. Ол порталды-күмбезді Қарахан сәулет өнері үлгісіне жатады. Ішке кіретін қақпасы арка түрінде келтіріліп, өн бойы әдемі өрнекпен өрілген. Мазардағы кірпішті өріп қалау тәсілі, шығыстық үлгідегі қасбеті, ондағы ою-өрнек – барлығы ортағасырлық дәстүрлі Қарахан сәулет өнері. Бұл мазарды Шыңғыс ханның үлкен немересі Алшынның өзінің ұлағатты атасына арнап салдырғаны ауызша шежіреден белгілі.

Ғұлама Әлкей Марғұлан 1946 жылы Жошы хан кесенесіне алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл кесененің ішінде қазба жұмысын жүргізгенде екі қабір анықталды. Бірінші қабірден темір шегемен бекітілген ағаш табыттың қалдықтары табылды. Қабірдің түбінен үстіңгі жақ сүйегі жоқ адамның бас сүйегі шыққан. Ең бастысы, адамның сүйегін жинағанда бір қолдың сүйегі жетіспеді. Қабірге орта жастағы ер адам жерленген екен. Қабірден жабайы жануардың сүйектері, түйенің бас сүйегі, былғарының бөлшегі, мата және ту табылды. Академик Ә. Марғұлан қабірге жабайы жануарлардың сүйегінің қойылуына мән бере отырып, бұл факті: «Жошыны аң аулап жүргенде жабайы құланның айғыры теуіп өлтірді деген тарихи деректі қуаттайды» [10.1, б 157-159] – деп жазған еді. Ғалым қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректердегі мәліметті салыстыра келе, «Бұл мазарда Жошы хан мен оның әйелінің бірі жерленген» деген шешімге келді. Академик Ә. Марғұлан тағы: «Кесене 1228 жылы марқұмның жылдығына дейін тұрғызылған» [10.2, б. 325-403], деп жазған болатын. Сонымен қоса, мазардың жоғары жағы күмбезді болып келуі шығыстық Қарахан заманындағы үлгіде салынғанының дәлелі.

Екі мазардың салынуы, кімге арналғандығы және кім салдырғаны туралы көнекөз шежіреші қариялардың шежіре-дастандары мен ғылыми зерттеулерге сүйенген сан-түрлі қарама-қайшы пікір-тұжырым бар. Солардың көбі арнайы бұрмаланып жазылған. Мысалы, өлкетаушы-шежіреші Дәукеев Қайраттың дерегі: «Қазіргі таңда Жошының меркіттің баласы екенін айттырып жүргендер, әрине, қазіргі маңғолдардың көсемдері. Өйткені, Жошыдан тараған төре біткеннің бәрі қазақ елінде. Сондықтан, олар біздің төрелердің түбін меркітке тартып, Шыңғыс қағанымыздан аулақ етпекші болған. Осыдан кейін, Жошыны меркіт дегеннің бетіне түкірерсіздер деп сенемін... Шыңғыс ханды өлтіріп, коммунизмнің буымен өздеріндегі төрелердің бірін қалтырмай қырып тастап, енді, Жошыны меркітке жаздырып былықтырып отыр» [8, б 1-5], – деп шындығын жазған болатын.

Қайрат Дәукеев: «Шыңғыс қаған – Жошы хан тарихын арнайы бұрмалап жаздырып жүрген, «қазіргі моңғолдардың көсемдері» деп айтқандай, Моңғолиядан келген Зардыхан Қинаятұлы: «Жошы қазақ топырағында жерленгендігінде сөз жоқ. Мазарға келсек, ол Жошы ханға арналып тұрғызылғанына біз күмән келтірмейміз. Бірақ онда Жошы ханның сүйегі

жоқ», деп Әлкей Марғұланның еңбектерін оқымағандығын көрсетті. «Қабірге орта жастағы ер адам жерленген екен», деген Әлкей Марғұланның сөзін: «Екіншіден, Мазардан 1946 жылы Марғұландар тапқан сүйек 70-72 жас шамасындағы ер адамға тән. Ал Жошы 46 жасында о дүниелік болған адам», деп арнайы бұрмалаған. Ал, сол Зардыхан Қинаятұлы Жошы ханның 42 жасқа тақап қайтыс болғанын білмеген де.

З.Қинаятұлы: «Үшіншіден, Мазардың жер асты және жер үсті архитектуралық конструкциясы, қолданған құрылыс материалы XV-XVI ғасырларға жатады» [11, б. 4], деп Жошы мазарын оның тұңғыш ұлы Алшынның 1228 жылы өзі басқарып салдырғанынан хабары жоқ. Сонымен қоса, ол өзінің академик Ә.Марғұланның «кесене 1228 жылы, маркұмның жылдығына дейін тұрғызылған» деген жазуын оқымағанын да білдіреді.

Бұл – бұл ма, Зардыхан: «Төрт мың моңғол әкелген моңғолдың ұлыстық жүйесі жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымына айтулы өзгеріс әкеле қойған жоқ. Керісінше, мықты билік жүйесі арқылы олардың ұлт, ел болып ұйып қалыптасуына ықпал ете жүріп, өздері сол халықтың саяси-элитасына айналып сіңісіп кетті», деп жазып өзі Шыңғыс ханның кім екенін білмейтінін дәлелдеп берді.

З.Қинаятұлының: «Шыңғыс ханның шапқыншылығы», «Шыңғыс ханның ұрпақтары Орталық Азияда аталарының қиратқандарын қалпына келтіріп, әрқайсысы өз иелігіндегі елдің, жерінің іргесін бекітіп, дамыту үшін жүргізген жанкешті күресі», «Орталық Азияда ғасырлар бойы қалыптасқан түркілік өркениетке, жергілікті халыққа үлкен қасырет әкелді. Бұл қасіретке Жошының да қатысы бар», деп жазуы оның Қазақстанға Шыңғыс хан мен Жошы хан тарихын бұрмалау үшін арнайы келген адам екендігін өзі дәлелдеп отыр.

Қазақстандық тарихшы Т. Омарбеков Алшын Ордасын Ежен Ордасы деп, және оның тарихын көп бұрмалады [12, б. 1-3]. Төменде Т.Омарбековтің дерегін келтірейік.

«Жошының Ордасы Ертіс бойында болғанын, сондықтан да Еженнің Ордасының да осында орналасқанын айтуға тиістіміз... Наймантаудың биігінде жаңадан қалыптасып келе жатқан Алаш қауымдастығына мұрындық болған Жалайыр, Қыпшақ, Қаңлы, Қоңырат, Қаракесек (Қарлұқ), Найман, Керей, Үйсін тайпалары Майқы (Байқы) бидің бастауымен Шыңғысты тағы да хан көтеріп, Наймантауды осыдан бастап Шыңғыстау атандырған еді.

... Моңғолияға қайтар жолында да, Шыңғыс осы Ертіс бойындағы ставкасында аялдап, өзінің ұлдарына берілетін аймақтарды нақтылай түсті. Жошының да осында, өзінің Ордасына жақын аймақта қайтыс болғаны сөзсіз. Ақ Ордадағы ықпалды қожалардың әсерімен кейініректе орнатылған Жошының қазіргі кесенесінде оның өзі емес, едәуір қарт кісінің жатқанын академик Ә.Марғұлан жүргізген қазба көрсетіп кетті» .

Шыңғыс ханның үлкен немересі Алшын хан туралы

Алшын Ордасы – Жошының үлкен ұлы Алшынның басшылығындағы, Ұлұқ Ұлұстың (Жожы ұлысы) сол қанаты, 1225 жылы Орда Базарда Шыңғыс ханның өзі құрды. Халқы – Кіші жүз Алан елі. Шыңғыс ханның ұйғаруы бойынша, міндеті «қағанның жерін қорғау» болды. Олар келе-келе Кіші жүз Алшын аталды.

Алшын хан – әкесі – Жошы хан, шешесі – Кочу қатын, Шыңғыс ханның немересі.

Еуропа жазбаларында олардың тілдерінде дыбысталуына сай, Алшын ордасы: "Орда алчен", "Орда ечен", "Орда ичен", "Орда ежен", т.б. түрлі аталды. Осы жазбаны Ресей ғалымдары оқып, бұны Жошы ханның үлкен ұлының аты "Орда ежен" деп қабылдаған. Сол жазбаларды біздің кәсіби тарихшыларымыз қайталап жүр. Әбілғазы баһадүр жазбасындағы Алшынды елемейді [1, 200 с.], ал ел аузындағы Алшынды – аңыз дейді.

Алшын хан (туған жылы белгісіз – 1253 жылы дүниеден озған) – Алшын Ордасының негізін қалаған хан (1225-1253), қолбасшы Шыңғыс ханның тұңғыш немересі, Жошы ханның үлкен ұлы, қазақ хандарының атасы. Алшын хан 1236-1242 жылы Ұлұқ Ұлұстың батысқа

жасаған барлық жорығына қатысты. Жошы ұлысы екі қанатқа бөлінгенде сол қанатын Алшын, оң қанатын Батыр хан (оның да есімі бұрмаланып Бату хан аталады – Р.Б.) басқарған. Осының негізінде XIII ғасырдың ортасында әскери-саяси иеліктер түрінде қалыптасып, соңынан олар дербес мемлекеттерге айналды.

Жошы ұлысының сол қанатын билеген Алшын, кейін інілері Ұлық ұлыс құрамына енетін, ішкі-сыртқы саясаты тәуелсіз Алшын Орда, Ақ Орда құрды. Алшын өзінің Ордасын әкесі Жошының орталығына жақын жердегі Ертіс жағасына орналастырды. Бұл дерекке 1246 жылы Плано Карпини Қарақорымға бара жатқан сапарында «оның ордасы Алакөл маңында болды» деген жазбасы дәлел. Алшын өзінің беделінің күштілігіне қарамастан, әкесінің орнына өзінің тете інісі Батырдың Ұлық ұлыс тағына отыруын қолдады.

Қарақорымда Күйікті ұлы хан көтерген құрылтайға Жошы әулетінің атынан қатысты. Осы Жыйында Шыңғыс хан ұрпақтарының үлкені ретінде Мөңке екеуі бірігіп, көтеріліске шыққандардың ісін тексеріп, жазаға тартты. Алшынның саяси рөлі тек Жошы ұлысында ғана емес, бүкіл Мәңгі Ел империясында да жоғары болды. Рашид әд-Диннің айтуы бойынша, Ұлығ ұлыс билеушісі ресми түрде Батыр болғанымен, Мөңке хан Шыңғыс хан империясы атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында Алшынның атын Батырдан бұрын қойған. Алшын өлген соң орнына оның төртінші ұлы Күнқыран келді.

Алшын Ордасы, Ақ Орда хандары: Алшын хан → Күнқыран хан → Қоңыш хан → Баян хан → Сасы бұқа хан → Ерзен хан → Мүбәрәк Қожа хан → Шымтай хан → Ұрыс хан → Тоқтақия хан → Темірмәлік хан → Тоқтамыс хан → Құйыршық хан → Барақ хан...

Алшын Ордасы Сасы Бұқа хан тұсында 1309 жылы Ақ Орда аталды. Ұрыс ханның тұсында 1361 жылдан бастап тәуелсіз мемлекет болды.

Ғалым Т. Омарбеков: «Ал енді Ақ Орданың алғашқы ханы Еженге келер болсақ, оны көтеріліс жасаған өзінің нөкерлері, төңірегіндегі оғландарымен бірге өлтірді. Батысты бағындырып қайта оралған Батудың Шығыс қыпшақтары жерінен аулаққа, Еділ бойына орнығуы және Моңғолиядағы ұлы хан Үгедейдің қайтыс болуынан кейінгі саяси шырғалаң, 1242 жылы Шыңғыс ұрпақтарының «Ясса» заңын орындауын қатал қадағалап отырған қаһарлы Шағатайдың да дүниеден өтуі Еженнің жауларын ашық бас көтеруге итермеледі. Батуға батыс жорығынан наразы болып келген Үгедей ұлы Күйік өзі ұлы хан болу үшін Батудан да, Еженнен де қолдау табарына сенімді болмағандықтан, осы тұста Еженнің Ордасына таяу маңда Емілде қоныстанып, оған қарсы әрекеттерді жандандырды.

Еженнің қайғысы Батудың қабырғасын қайыстырып кетті. Ол Еженге ас берген соң, қалың қолмен оны өлтіргендерге аттанды. Қарсыласуға шамалары келмеген жаулар қашып құтылды. Осыдан соң Бату Еженнің Ордасындағы рулар мен тайпаларды өзінің ұлысына қаратты және бұл аймақтарды өзінің бектеріне бөліп берді.

Т. Омарбеков тағы: «Сонымен осы айтылған қисындарды тұжырымдай келе тағы да айтарымыз: Алаша хан кесенесінде әкесі Жошымен қатарласып, әкенің қара шаңырағына ие болған және інісі Батының (Батудың) Алтын Ордасына бағынышты сол қанаттағы кіші орданы билеген, сондықтан да Аласа (Алаша) хан атанған Жошының үлкен ұлы Орда (Ордана) Ежен жатыр» [12, б. 5] .

Заманында Шыңғыс ұрпағы Әбілғазы Баһадүр хан Жошы ханның үлкен ұлының аты «Алшын» болғанын атап көрсеткен болатын. Шындықты жазатын Ресей беделді ғалымдары А.Левшин, Ш.Уәлихановтың дерегі бойынша және Н.Аристов Рашид әд-Дин шығармасына сілтеме жасап, «Алшын» сөзі «Алаша» немесе «Алаш» сөздерінен шыққан болар деген. Олар Алшын сөзінің шығу тегін іздеген, демек «Алшын» сөзі болған деуімізге негіз бар. Біздің қолымызға жеткен жазбаның шынайысы – Әбілғазы шежіресі. Ресей аудармашыларының қоспасы да бар, Әбілғазы заманында "моңғол", "моңғолия" сөздері болған жоқ.

Ал, Т. Омарбековтың: «Бұдан туындайтын қорытынды біреу: Орда-Еженнің қосымша атын «Алшын» деп көрсетіп отырған... Әбілғазы шын мәнінде оның інісі Батының (Батудың) Алтын Ордасына бағынышты сол қанаттағы кіші орданы билеген, сондықтан да «Алаша» («Аласа») деп аталғанын айтып отыр», деген тұжырымы, бұрмалаудың нәтижесі. Әсіресе, Т.Омарбековтың «... Аласа (Алаша) хан атанған Жошының үлкен ұлы Орда Ежен», деген тұжырымы, бұрмалаудың шырқау шегі деуіміз керек.

Алшын хан туралы шынайы дерек Әбілғазы ханның «Түрік шежіресінде» деп білеміз [1, 200 с.]. Әбілғазы хан: «Мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр» [1, б. 14], – деп өзінің орасан зор жазба шежіре-дерек жинағанын айтып отыр. Шынында, бұл шежіре-баянның құндылығы сол, шығыс елдеріне қатысты мол мәліметтермен, сондай-ақ қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы жайындағы деректерінің құндылығымен ерекшеленеді.

Тарихта Жошы хан мен ұлдары Алшын мен Батырдың Шыңғыс ханға, елге сіңірген еңбегі қағанның басқа ұлдарының еңбегінен асып түсті. Ұлы Далада құрылған Ұлық Ұлыс ханы Жошы мен оның асыл ұрпақтары Азияның көптеген мемлекетінің шаңырағын көтерді. Кіші жүз Алан елі, Кіші жүз Алшын елі атанды. Олар бүгінгі күні өздерін Алшынбыз дейді. Жошы хан мен оның ұрпақтары Еуразияның саяси тарихында айтулы орын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 200 бет. ISBN 9965-670-43-9
2. Қабышұлы И. Шыңғысхан: аңыз бен ақиқат. // Қазақстан-zaman, № 17 (424) 25 сәуір, 2003. б. 12-13.
3. Бейсетаев Р. Қ.Салғараұлы зерттеуіндегі «үш Шыңғыс» ұғымы және көне түріктердің тәңірлік дүниетанымы. / «Ұлы дала өркениеті: тарих, тұлға, дәстүр» Қойшығара Салғараұлының 80 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция матер. 17 мамыр 2019. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕНУ басп., 2019. – 320 б.
4. Әлжанов О. Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз. //«Дала уәлаятының газеті», 1897, № 13-14,18. Әдеби нұсқалар (1888-1894). Құраст. Ү.Сұбханбердина. – Алматы: 1989. – б. 396-397. немесе қара: Әлжанов О. Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз. //Қазақ тарихы. 2005, №2. б 28.
5. Көпеев М.Ж. Шығармалары. 8 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 452 бет.
6. Сәтбаев Қ. «Ер Едіге». – Москва: 1927. Б. 88.
7. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских источников. Т. 2: – М.-Л.: 1941. – С. 13.
8. Дәукеев Қ.З. Жошы хан меркіт емес. Abai.kz; Сонымен: Интернет дерек. Қоңыраттың қаны басым Шыңғыс ханның заты қазақ. Интернет дерек: Ұлт порталы.
9. Джузджани. Табакат-и-Насири". / Извл. из: Rawerty. Tabakat-i-Nasiri, translated by... 2 vols. – London: 1881. – С. 1096.
10. Марғұлан Ә.Х. Шежіре, қазақ шежіресі. / Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 том. – Алматы: 1978. – 595 б. б. 231-232.; Сонымен: Алаша хан, Жошы хан мазары туралы. / Ә.Марғұлан. Шығармалары. 9 т. Орта ғасыр сәулеті. – Алматы: Болашақ, 2011. – 472 б.;
11. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004. – 344 б.
12. Омарбеков Т. Жошы ұлысындағы Ежен Ордасы (Ақ Орда). // Ана тілі. 18 тамыз, 2011 жыл.; Сонымен: Алаша хан кесенесінде Жошынның үлкен ұлы Орда Ежен жатыр! egemen.kz: https://egemen.kz/.../244927-alasha-khan-kesenesinde...

УЛУГ УЛУС В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И ЕГО ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ЕВРАЗИЙСКОГО ПРОСТРАНСТВА

Жаксыбаева А.А., магистрант
Мухамадеева И.А., к.и.н., профессор
Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова

История образования Золотой Орды восходит к 1269 году, когда на территории нынешней Жамбылской области был проведен так называемый Таласский курултай, на котором было принято решение о разделе Монгольской империи. В результате чего Улус Джучи (Золотая Орда) обрел полную независимость. В долине реки Талас, где-то на стыке современного Казахстана и Кыргызстана, правители улусов Джучи, Чагатая и Угедея – а именно Менгу Тимур, Борак и Хайду – признали друг друга суверенными правителями, заключив союз против великого хана Хубилая на тот случай, если он не признает их самостоятельность.

Золотая Орда была полиэтничным и поликонфессиональным евразийским государством, которое было широко известно своей политикой толерантности по отношению к различным этносам и религиям. В то время как на кострах инквизиции в Европе сжигали иноверцев и еретиков, в Великой степи проживали мусульмане, христиане, буддисты, иудеи. Золотоордынские правители, воздвигая большие города, обеспечивая бесперебойное безопасное функционирование торговых путей, создали условия для диалога цивилизаций Запада и Востока, обмена товарами, знаниями, идеями и ускорили глобальное развитие [1, с. 87].

Все историки, занимавшиеся историей средних веков, отмечали, что казахи воспринимают себя как часть золотоордынского мира. По мнению ряда ведущих специалистов, этногенез казахского народа в основном состоялся как раз в золотоордынский период, и на момент распада Орды недоставало только современного названия «қазақ», которое появилось позже, в связи с рядом политических обстоятельств. Однако уже тогда существовал практически единый кочевой народ Дешт-и-Кипчака, от которого напрямую происходят современные казахи, ногайцы и каракалпаки – три этноса, чрезвычайно близкие друг другу [1, с. 117].

Волжские и крымские татары, башкиры также по праву считают себя наследниками Золотой Орды. Чокан Валиханов в свое время писал: «По преданиям своим киргизы (дореволюционное наименование казахов со стороны российской имперской администрации) почитают себя потомками татар Золотой Орды». Разумеется, термин «татары» у Чокана Валиханова также употреблен в его дореволюционном, расширительном значении. Последним из существовавших наследников Улуса Джучи было Казахское ханство, 550-летие которого мы отметили в 2015 году. А Жанибек и Керей, основатели Казахского ханства, а также все последующие его правители, вплоть до последнего хана – Кенесары, принадлежали к Урусидской ветви династии Чингизидов.

Их предок Урус хан – один из золотоордынских правителей XIV века, которого некоторые казахские историки отождествляют с легендарным Алаша ханом. Основной пласт казахского фольклора, во многом общий с фольклором казанских и крымских татар, башкир, ногайцев и каракалпаков, также восходит к золотоордынской эпохе. Прежде всего, вспоминаются образы эмира Едиге и Асана Кайгы – советника Азь Жанибека, великого ордынского правителя, которого в русских летописях называли «добрый царь Джанибек». Первый собственно казахский историк, как известно, Кадыргали Жалаири. Его книга «Жамигат-таварих» – первый казахский исторический труд, эта книга показывает прямую связь Казахского ханства и Золотой Орды, дает внутренний взгляд на ее историю. Ярко отразилось влияние Золотой Орды на духовной культуре Казахстана – именно от Орды, от ханов Берке и Узбека мы унаследовали наш традиционный ханафитский мазхаб суннизма, с его рациональным подходом и толерантностьюПравительство РК утвердило план мероприятий по подготовке и празднованию юбилея «Ұлық Ұлыс». Как ранее подчеркнул Глава государства Касым-Жомарт Токаев, Золотая Орда входит в культурный код казахов.

По его словам, «необходимо использовать историю и наследие Улытау для воспитания молодого поколения в духе патриотизма и любви к Родине» [2].

У Золотой Орды есть целая россыпь прямых наследников. Это Крымское, Астраханское, Сибирское, Казахское, Казанское, Хивинское, Бухарское, Касимовское ханства, а также Ногайская Орда. Также преемниками золотоордынских кочевников считаются каракалпаки и польско-литовские татары. Из всех постордынских ханств дольше всех просуществовало Крымское ханство — до конца XVIII века, а осколки Казахского — до середины XIX века. Хивинское, Кокандское и Бухарское ханства представляли собой интересные государственные образования. Элита в них была золотоордынского происхождения, в то время как минимум половина населения — потомками населения улуса Чагатая. Таким образом, Казахское ханство было одним из множества наследников бывшего Улуса Джучи, который и принято называть Золотой Ордой, но не единственным или главным его наследником [3, с. 175].

Как мы сегодня хорошо знаем, тоталитарный режим в свое время сделал все возможное и невозможное, чтобы стереть из нашей коллективной памяти эту славную страницу истории, законная гордость за которую могла направить развитие национального сознания казахов в «нежелательную» для советского проекта сторону – как минимум развеять миф о казахах как о народе, якобы не имевшем письменности и государственности до 1917 года, а также помочь осознать общность исторических корней казахского и других тюркских народов. Казах-ордынец по определению не мог быть «младшим» братом.

Как известно, в 1944 году в СССР было фактически запрещено научное исследование Золотой Орды (удивительно, что нашли на это время в разгар мировой войны!). Тогда же был объявлен «реакционным» и запрещен золотоордынский историко-героический эпос «Едиге» – общее достояние казахов, ногайцев, казанских и крымских татар, каракалпаков и башкир. Ряд известных казахских историков впоследствии подверглись преследованиям – в том числе такие столпы казахстанской науки, как Алькей Маргулан и Каныш Сатпаев. Золотоордынский период был исключен из учебников истории для школ и вузов, активно насаждалась антинаучная концепция «татаро-монгольского ига», от которого якобы «совместно пострадали» предки всех народов СССР. К счастью, от этого ложного концепта сегодня отказались в том числе в России [4, с.104].

Следует отметить, однако, что даже в советское время ростки правды пробивались – если не через науку, то через литературу. Знаменательным событием стала в свое время историческая трилогия Ильяса Есенберлина «Золотая Орда», пробудившая у общества интерес к этому пласту истории, хотя и в пределах разрешенных тогда рамок.

В независимом Казахстане ордынская тема также не сразу получила развитие. Отчасти можно считать даже естественным тот факт, что до освоения средневекового пласта отечественной истории мы дошли не сразу – на самом деле, накануне и непосредственно после распада СССР наиболее актуальной была переоценка более близких к современности периодов. И все же исторический момент настал в положенное время.

В 2019 году в своем Послании народу Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев анонсировал празднование 750-летия Золотой Орды. Ранее, выступая на Международном туристическом форуме «Ұлытау-2019», Глава государства назвал Улытау «золотой колыбелью казахского народа, свидетелем почитаемой казахстанцами истории». При этом Касым-Жомарт Токаев отдельно упомянул историческую роль Джучи-хана, основателя Золотой Орды и ее правящей династии, власть которой сохранялась в казахской степи до середины XIX века [2].

В настоящее время в Казахстане по решению Президента Касым-Жомарта Токаева открывается Научный институт изучения Улуса Джучи, задачей которого является

комплексное изучение ключевых проблем политической, этнокультурной, социальной и военной истории Казахстана периода средневековья и нового времени включительно (под Улусом Джучи здесь подразумевается весь исторический период от Джучи-хана до Кенесары – последнего из джучидских правителей Казахстана).

В целом можно сказать, что сегодня в Казахстане уже начала формироваться собственная школа ордыноведения, наша страна постепенно становится одним из центров научного исследования Улуг Улуса в мировом масштабе. К слову сказать, крайне важно объединение усилий ученых разных стран, история государственности которых связана с Золотой Ордой, – общее наследие логичнее всего исследовать сообща [5].

История улуса Джучи (Золотой Орды) сталкивалась с различными проблемами, связанными с исторической памятью, включая сохранение, интерпретацию и манипулирование историческими повествованиями. Вот некоторые проблемы и сложности, связанные с исторической памятью в контексте улуса Джучи:

1. Фрагментарные записи: Исторические записи об улусе Джучи часто фрагментированы и разбросаны по различным источникам и языкам, включая персидский, арабский, монгольский и русский. Такая фрагментарность затрудняет построение последовательного и всеобъемлющего повествования об истории региона.

2. Избирательная память: Историческая память может быть избирательной, когда различные группы и нации подчеркивают конкретные аспекты истории улуса Джучи в своих собственных интересах. Например, современные Россия, Украина и Казахстан могут по-разному интерпретировать эту историю, что приводит к противоречивым повествованиям.

3. Манипулирование в политических целях: Политические лидеры и правительства время от времени манипулировали исторической памятью в политических целях. Память об улусе Джучи, который охватывал части современной России, Украины и Казахстана, использовалась для оправдания территориальных претензий, национализма или регионального доминирования.

4. Этническая и религиозная сложность: Улус Джучи был многокультурным и многоконфессиональным царством. В регионе проживали различные этнические группы, включая монголов, тюркские народы, а также местное славянское и финно-угорское население. Управление исторической памятью об этом разнообразии может быть непростой задачей, поскольку оно предполагает признание и уважение вклада различных групп.

5. Колониальная и советская эпохи: В колониальный и советский периоды предпринимались усилия по подавлению или искажению исторической памяти об улусе Джучи, особенно в отношении его монгольского и исламского наследия. Это оказало длительное влияние на то, как понимается и запоминается история.

6. Утрата культурного наследия: Со временем большая часть материальной культуры и исторических артефактов, связанных с улусом Джучи, была утрачена или уничтожена из-за войн, вторжений и пренебрежения. Эта потеря влияет на способность устанавливать связь с историческим прошлым и понимать его.

7. Переосмысление и ревизионизм: Историки и ученые на протяжении многих лет пересматривали историю улуса Джучи, предлагая новые интерпретации и прозрения. Однако эти изменения иногда могут привести к противоречиям и дебатам по поводу "истинной" исторической памяти.

8. Недостаток образования и осведомленности: В некоторых регионах может наблюдаться недостаток образования и осведомленности об истории улуса Джучи, что приводит к частичной или искаженной исторической памяти среди населения в целом.

9. Примирение и сотрудничество: Достижение сбалансированной и инклюзивной исторической памяти, признающей сложности и вклад всех групп в улусе Джучи, может

оказаться непростой задачей. Это требует усилий по примирению и сотрудничеству между современными нациями и этносами, которые разделяют это историческое наследие.

Таким образом следует отметить, что историческая память улуса Джучи сопряжена с проблемами, связанными с фрагментацией, манипуляциями и интерпретацией. Для решения этих проблем важно продвигать более инклюзивный, сбалансированный и междисциплинарный подход к пониманию и сохранению исторического наследия этого значительного средневекового королевства. Это может способствовать лучшему пониманию богатого культурного и исторического наследия региона.

Представление о Казахстане как о «сердце континента» – не просто географическом центре Евразии, но также средоточии торговых путей и центре обмена культурными ценностями, – сегодня также воспринимается через призму глубины истории Великой степи.

Достижениями современной генетики подтверждена правдивость древних родословных-шежире, возводящих историю многих казахских родов к славной эпохе Улуг Улуса.Золотая Орда – это не просто государство, но именно цивилизационная матрица, с которой тесно связана история почти всех народов того пространства, которое мы сегодня называем «евразийским» или «постсоветским».

В этом состоит принципиальное отличие Золотой Орды от «классических» империй, известных из истории XVIII–XX столетий, политика которых основывалась на эксплуатации и разрушении национальных культур [6, с.201]. Напротив, Улуг Улус сыграл в истории глубоко созидательную роль, дав «путевку в жизнь» целому ряду государств и народов огромного континента.

Это была мозаика культур, не уничтожавших, а дополнявших друг друга при направляющей роли отлаженного и эффективного государственного механизма, основанного на принципе меритократии и гармоничном сочетании стройной властной вертикали с уважением к человеческой личности [7, с.356].

